

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

ӘОЖ: 370.1934

Қолжазба құқығында

**АЛТЫНБЕКОВ АЛПАМЫС ИБАДУЛЛАЕВИЧ**  
**ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ**  
**ӘЛЕУМЕТТІК - ТӘЛІМДІК ОЙЛАР**

6D010300 - Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші:  
Педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор И.Р.Халитова  
Шетелдік ғылыми кеңесші:  
Түркия, Анкара университетінің  
профессоры, психология докторы  
Салахеддин Өгулмүш

Қазақстан Республикасы  
Алматы -2014

## МАЗМҰНЫ

	<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>3</b>
	<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>4</b>
	<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>5</b>
	<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>7</b>
<b>1</b>	<b>ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘЛІМДІК ОЙЛАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ.....</b>	<b>14</b>
1.1	Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-тәлімдік ойларын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері.....	14
1.2	Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-тәлімдік ойларының қалыптасуына ықпал еткен алғышарттар.....	27
<b>2</b>	<b>ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ МҰРАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘЛІМДІК ОЙЛАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАРЫ МЕН ЖҮЙЕСІ.....</b>	<b>40</b>
2.1.	Шәкәрім Құдайбердіұлы мұраларының әлеуметтік-тәлімдік ойларының педагогикалық- психологиялық астарлары.....	40
2.2	Шәкәрім Құдайбердіұлы мұраларындағы әлеуметтік-тәлімдік ойлар жүйесі.....	55
<b>3</b>	<b>ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘЛІМДІК МҰРАСЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНЕ ЕНДІРУ.....</b>	<b>86</b>
3.1	Білім беру жүйесіне енгізілетін «Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік педагогикалық ойлары» таңдау курсының мазмұны мен әдістемесі.....	86
3.3	Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойларын тәрбие үрдісіне ендіру жолдары .....	116
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>128</b>
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>131</b>
	<b>ҚОСЫМША</b>	

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚазКСР	-	Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚР	-	Қазақстан Республикасы
КСРО	-	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ЖҚ	-	жалпымәдени құзыреттер
КҚ	-	кәсіби құзыреттер
РСФСР	-	Российская Советская Федеративная Социалистическая Республика
СӨЖ	-	Студенттің өзіндік жұмыс
АҚШ	-	Америка Құрама Штаттары
ЖОО	-	Жоғары оқу орны
б.	-	бет
бб.	-	беттер
Р.	-	Ағылшын тілінде - бет
С.	-	страницы
А.А.	-	Алпамыс Алтынбеков

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР:**

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы, 17 қаңтар.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана.- 2010

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жж арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана.- 2010

«Қазақстан-2050» стратегиясы. Астана.- 2013

«Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасы.

Астана.- 2013

Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы.-Астана.- 2013

Қазақстан Республикасының «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» №1080 бұйрығы. 2012 жыл, 23 тамыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Білім** – объективті дүниені бейнелейтін адам баласының мол тәжірибесі. Білім арқылы жеке адам табиғаттың және қоғам құбылыстарының объективті жақтарын зерттейді, түсінеді, ұғады. Әлеуметтік ғылыми дүниетаным қалыптасуының және дүниетаным дамуының үлкен тірегі.

**Әлеумет** (латын сөзі- ортақ) - әлде бір мәнді қарым-қатынастағы адамдардың өмір сүру жағдайларының бірлігімен сипатталатын тұрақты да үлкен қауым.

**Жамағат - ел-жұрт** – ол отбасынан ағайын, туыс, жекжаттан бастап, ел-жұрт мағынасына дейін қамтиды.

**Қауым** - рулық-туыстық байланыстар негізінде пайда болған әлеуметтік ұйымдастық. Қауым ортақ мүдделер, ортақ құқықтар мен міндеттері біріктірген әрі бірыңғай заңдарға бағынатын адамдардан құралады. Рулық, отбасылық, көршілік болып жіктеледі.

**Жұртшылық** - белгілі бір себеппен бөлшесінен қарызға батып, оны төлеуге жағдайы жоқ туысқан адамға рулас ағайын-туғандарының көмек көрсетіп, қарызынан құтылуына көмектесуі болып табылады.

**Әлеумет** - ұғымының қазіргі заманғы мағынасы “қоғам”, “қауым” сөздерінің ғылыми ұғымдарымен мәндес.

**Әлеуметтік педагогика** - жеке тұлғаның тәрбиесі мен қалыптасуына әлеуметтік ортаның әсерін зерделейтін, әлеуметтік ортаның нақты шарттарын есепке ала отырып жеке тұлғаға тәрбие беруін оңтайландыру бойынша іс-шаралар жүйесін әзірлейтін педагогиканың бір саласы.

**Әлеуметтендіру** - жеке тұлғаның тәрбиесі мен қалыптасуына әлеуметтік ортаның әсерін зерделейтін, әлеуметтік ортаның нақты шарттарын есепке ала отырып жеке тұлғаға тәрбие беруін оңтайландыру бойынша іс-шаралар жүйесін әзірлейтін педагогиканың бір саласы.

**Түзету** – баланың дамуы мен мінез-құлқындағы кемшіліктерді түзетуге бағытталған педагогикалық, психологиялық, емдік шаралар жиынтығы.

**Елжандылық** – тарихи тамыры терең әлеуметтік, саяси, психологиялық құбылыс. Ол ұлттардың арасындағы демократиялық дүниетанымға, адамгершілікке, бөтенді жатырқамайтын қазақы ұлттық менталитет пен дәстүрге негізделген. Қазақ жерін барлық ұлттардың шынайы Отанына айналдыру, тілін, дінін дамытып, өркениет жолына салатын идеология мен саясат.

**Көзқарас** – жеке адамның табиғи және әлеуметтік құбылыстарды түсіндіру туралы пайымдауы, ой тұжырымы.

**Құндылық** – ұмтылыстар мен мақсаттардың, ал абсолюттік мағынасында – болмыстың әні.

**Рух** – ой мен сананың шоқтығы, адамның психикалық белсенділігінің көрінісі, адамның сана – сезімі мен қимыл әрекетінің озық болжампазы, тарихи тәжірибенің идеалды түрі.

**Руханилық** – жеке тұлғаның таңдалған мақсатқа талпынысы, сананың құндылық сипаты, әлемді және бәрінен бұрын өзін тануға ұмтылысы.

**Сана** – объективті шындықты тілдік мағыналар жүйесіне психикалық бейнелеудің жоғары, тек адамға ғана тән түрі.

**Сенім** – терең, тиянақты ойланып айтылатын идеялардың жиынтығы.

**Таным** – адам қызметінің қоршаған дүниені және ондағы өзін тануға бағытталған арнайы түрі.

**Шығармашылық** – шынайылығымен және қоғамдық-тарихи қайталанбастығымен белгіленетін іс-әрекет.

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі.** Заманымыздың басты мәселесі, өсіп келе жатқан жас буындарды уақыт талабына сай білімді де тәрбиелі азаматтар етіп қалыптастыру болғандықтан елбасы Н.Ә.Назарбаев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері мен ұстаздары алдында сөйлеген сөзінде «Біздің міндет - қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, интеллектіге, Отан мен халыққа қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту» [1] деп атап өткен болатын. Бұл оқыту мен тәрбиелеудің қай саласына болмасын қаратыла айтылған сөз деп ұғыну керек.

Бүгінгі таңда әлемдегі барлық елдерді дерлік өсіп келе жатқан жас ұрпақтың тағдыры алаңдатууда. Бір ғана ел емес әлемдік статистикада мінез-құлық ауытқулары, психиканың бұзылуы, жүріс-тұрыс ерекшеліктері қалыптан тыс адамдар, жастар мен балалардың саны күн сайын артып бара жатқаны белгілі. Оның басты факторлары қорғашан ортадағы қарым-қатынастың әлеуметтік ықпалы яғни адамдардың бір-біріне ықпалы, экологияның бұзылуы, ақпарат құралдарындағы материалдардың әсері екендігі айтылып та, жазылып та келеді. Тіпті, жастар бойындағы асқан дарындылық пен ерекше қабілеттер де қалыптан тысқары құбылыс болып саналады.

Бүгінгі күннің басты мәселесі, осындай түйткілдерді шешудің ұтымды жолдарын табуда қазақ халқының ұлттық мұралары мен ауыз әдебиетін, ырым-тыйымдары мен қазақ топырағында өмір сүрген ғұлама, ғалымдардың еңбектеріндегі адам және оның хал-жайына қатысты ойларын жастар тәрбиесінде пайдалану жолдарын қарастыру болмақ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылдың 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» [2] деген әдіснамалық тұжырым ұсынылды. Демек, мұндай тұжырымды идеядан дүниетанымы жоғары, белсенді азаматтық ұстанымы бар, биік деңгейлі, әлеуметтік тұрғыдан адамгершілік және көшбасшылық қасиеттері қалыптасқан тұлғаларға деген қоғамдық сұраныс туындайды.

Олай болса, жастар мен балалардың қоғамдық ортада өз орнын табуы, ел қатарлы өмір сүруі, қабілетті, дарынды болса оны ел пайдасына жұмсауға бейімдеу сияқты әлеуметтендіру шараларын ғылыми-педагогикалық тұрғыда жүзеге асыру жолдарын іздестіріп табу – Елбасы алға қойған дүбірлі міндеттерді іске асырудың бір жолы болып табылады. Осы тұрғыда алып қарағанда ұлт қайраткерлерінің әдеби, ғылыми шығармашылығында қалыптасқан әлеуметтік-педагогикалық ой-пікірлері мен тағылымды өнегесін зерттеп, олардың қағидаларын жас ұрпақ тәрбиесіне пайдалану педагогика ғылымдағы өзекті мәселелердің бірі болумен қатар, жас ұрпақ тәрбиесіне арналған мемлекеттік бағдарламалар міндеттерімен де астасып отыр.

Ұлт қайраткерлерінің арасында шығармашылық мұрасындағы педагогикалық ой-пікірлері мол әрі тағылымды ой қалдырған ірі тұлғалардың бірі – ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы деп білеміз. Оның шығармашылығында қоғамдық-әлеуметтік мәселелер көтеріліп, адамдардың бойындағы мінез-құлық, жүріс-тұрыс, іс-қимыл ерекшеліктері, олардың жетістіктері мен кемшіліктері жайлы ойлар тұнып тұр. Ақын оларды әлеуметтік мәселе деңгейіне көтеріп, ой қозғайды. Оны осындай ойларға жетелеген қозғаушы күш – адам бойындағы кемшіліктер мен мінез-құлық ауытқуларының қоғамдық ортаға және жекелеген адамдарға зиянын тигізбеуі, адамдық жолмен өмір сүруді насихаттау, соған халықтың назарын аудару, әсіресе жастар мен балаларды қалыпты ортаға бейімдеу, тәрбиелеу мүддесі болатын.

Ақынның өлеңдерінде көтерілмеген әлеуметтік-педагогикалық мәселе жоқ десе де болады. Мәселенің өткірлігі сол - ақынның адам бойындағы кемшіліктерді айтуында ғана емес, оларды түзету жолдарын да көрсетуінде. Ол нұсқаған түзету, қатарға қосу жолдары қазіргі күні тәрбие ісінде қажет болып отырғандығында. Осыған орай атап өтетін тағы бір мәселе, философ ақынның әлеуметтік-тәлімдік пікірлерін өлеңдерімен қоса «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі» секілді басқа да ғылыми шығармаларында қарастыруы. Қамтылған әлеуметтік-тәлімдік ойлардың ауқымдылығына байланысты олар да зерттеудің ғылыми бағдарлылығын айқындай түседі.

Елімізде Шәкәрім мұраларын әр түрлі қырынан танып-білу жұмыстары мен пәнаралық байланыстар тоғысында зерттеулер одан әрі жалғасуда. Жоғарыда атап көрсетілген зерттеулерде әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің осы күні шешімі табылуы тиіс өткір мәселе ретінде қарастырылуы ақын шығармаларындағы әлеуметтік-тәлімдік ойларды жинақтап, олардың өнегесін білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие үрдісіне ендірудің де барынша өзектілігін танытады.

Сөйтіп, Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби, ғылыми мұрасында әлеуметтік-тәлімдік ойларының қайталанбас даралығы мен ғылыми ізденістерде сондай педагогикалық өнегенің практикалық мүмкіндіктерінің қарастырылмауы арасында; Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығының әлеуметтік-тәлімдік мүмкіндігінің молдығы мен оның осы уақытқа дейін білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие үрдісінен жеткілікті дәрежеде орын алмауы арасында; шығармашыл тұлғаның мұрасындағы әлеуметтік-педагогикалық ойлардың өнегесін жас ұрпақ тәрбиесіне қолдануға деген әлеуметтік сұраныстың болуы мен осы сұранысты өтеуге қызмет ететін ғылыми, педагогикалық негізделген оқу-әдістемелік кешеннің жоқтығы арасында қарама-қайшылықтардың бар екені белгілі болды. Бұл қарама-қайшылықтарды жоюдың жолдарын қарастыру зерттеу жұмысының тақырыбын **«Шәкәрім Құдайбердіұлының мұраларындағы әлеуметтік-педагогикалық ойлар»** деп анықтауға мүмкіндік берді.

**Зерттеу нысаны** - Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби, ғылыми мұралары.

**Зерттеу пәні** - Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығындағы әлеуметтік-педагогикалық ойлардың жүйесі.



**Зерттеудің мақсаты** - Шәкәрім Құдайбердіұлының мұраларындағы әлеуметтік-педагогикалық ойлардың ғылыми-теориялық негіздерін айқындау және оны оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану әдістемесін ұсыну .

**Зерттеудің міндеттері:**

- Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойларының қалыптасуына ықпал еткен алғышарттарды педагогикалық тұрғыда жіктеу;
- Шәкәрім Құдайбердіұлы мұраларының педагогикалық-психологиялық құндылықтарын айқындап, әлеуметтік-педагогикалық ойларды жүйелеу;
- Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойларын оқу үрдісіне пайдалану үшін таңдау курстың мазмұны мен әдістемесін ұсыну;
- Шәкәрім Құдайбердіұлының мұраларындағы әлеуметтік-педагогикалық ойларды тәрбие үрдісінде пайдалануға байланысты ғылыми-әдістемелік талдамалар әзірлеу.

**Зерттеудегі жетекші идея** - Шәкәрім Құдайбердіұлының мұраларындағы әлеуметтік-тәлімдік мүмкіндіктерін ғылыми негіздеп, оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану жастар тәрбиесіндегі келеңсіздіктер мен әлеуметтік ауытқулардың алдын алуға септігін тигізеді.

**Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері ретінде** философиядағы диалектиканың тарихы, әлеуметтану мен әлеуметтік психологияның, әлеуметтік-педагогикалық құбылыстар мен жеке адамның арасындағы байланыстар туралы ілім; әлеуметтік ортадағы үрдістерді зерттеудегі іс-әрекеттік, топтық, жүйелілік, жеке тұлғалық және салыстырмалылық, кешенділік тұжырымдары мен олардың объективті тұтастығы, шынайылық, нақтылық, тарихилық негізде қарастырудың философиялық идеялары алынды.

**Зерттеу көздеріне** Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі, шығармашылығы мен қоғамдық іс-әрекетінің әр түрлі аспектілеріне арналған философиялық, тарихи-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, әдебиеттану тұрғысындағы ғылыми зерттеулер мен жекелеген еңбектер; Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы білім беруді дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының «Жастар саясатының тұжырымдамасы», «Халықты әлеуметтік қорғау Заңы», «Мәдениет туралы» заңдары мен тұжырымдамаларындағы әлеуметтік проблемалар мен оны жоюға қатысты пікірлер; оқу-әдістемелік құралдар, тарихи-педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтану, қоғамтану бағытындағы зерттеулер мен ақын мұраларына қатысты жазылған іргелі еңбектер және Шәкәрім Құдайбердіұлының мұралары жатады.

**Зерттеу әдістері:** зерттеу мәселелері бойынша тарихи-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық әдебиеттерге жүйелі талдау, ретроспективті талдау, мәліметтер мен түрлі деректерге ғылыми-теориялық талдау және қорыту, бағалау, алынған нәтижелер мен тұжырымдарды жүйелеп, қорытындылау, сипаттап баяндау әдістері қолданылды. Осы әдістерді қолдану негізінде жасалынған тұжырымдар мен қорытындылардың өзара логикалық байланысы болуы басты назарда ұсталды.

### **Зерттеудің негізгі кезеңдері:**

**Бірінші кезеңде** (2009-2010 жж.) зерттеу жұмысының тақырыбы, өзектілігі, мақсаты мен міндеттері айқындалып, зерттеудің ғылыми аппараты айқындалды, зерттеу мәселесі бойынша мерзімді басылымдармен танысып, әдебиеттану, әлеуметтану, философиялық, тарихи және әлеуметтік психологиялық, педагогикалық тұрғыда ақын мұрасын зерделеген материалдар, диссертациялар мен монографиялар, жекелеген мақалалардан ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты мәліметтер жинақталып, талдау жасалынды. Ақын өлеңдеріндегі әлеуметтік-педагогикалық ойлар жинақталып, оған талдау жасалып, сараптауға негіз болатын әлеуметтік педагогиканың ұстанымдары анықталды.

**Екінші кезеңде** (2011-2012 жж.) Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылық жолы, өскен ортасы мен өмір сүрген тарихи кезеңі, сол дәуірдегі қазақ қоғамының әлеуметтік өміріне талдау жасалып, ақын шығармашылығына ықпал етуші факторлар сараланды; ақын өлеңдеріне негіз болған әлеуметтік ахуал сараланып, олардағы әлеуметтік-педагогикалық ойлар жіктелді және оларды білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарына пайдалану қажеттілігін айқындау мақсатында оқушылар мен оқытушылар арасында сауалнамалық зерттеу жүргізілді (**Қосымша –А, Б**), зерттеудің алғашқы нәтижелері мақалалар мен баяндамалар түрінде жарияланып, сыннан өтті.

**Үшінші кезеңде** (2012-2014 жж.) Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларындағы әлеуметтік-педагогикалық ой-пікірлердің мазмұндық сипаттамасы жасалынып, жіктелді, сол негізде «Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойлары» тақырыбындағы таңдау курсының оқу бағдарламасы, әдістемелік кешені әзірленді. Сонымен бірге «Оқу орындарында әлеуметтік-тәлімдік бағыттағы тәрбие сабағының Шәкәрім мұраларына негізделген ықшам бағдарламасы» тақырыбында орта және жоғары оқу орындарында пайдалануға арналған оқу-әдістемелік таладамалар дайындалып, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ тарих-педагогика, спорт және өнер факультеттері мамандықтарының (**Қосымша –В**) және Түркістан қалалық білім басқармасына қарасты №19 жалпы орта мектептің (**Қосымша–Г**) оқу-тәрбие үдерісіне енгізілді. Зерттеу барысында жинақталған материалдар, зерттеу жұмысының нәтижелері жинақталып, диссертациялық ғылыми жұмыс ретінде рәсімделді.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:**

- Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойларының қалыптасуына ықпал еткен алғышарттар анықталып, педагогикалық тұрғыда жіктелді;

- Шәкәрім Құдайбердіұлы мұраларының педагогикалық-психологиялық құндылықтары айқындалып, оның әлеуметтік-педагогикалық ойлары ғылыми жүйеленді;

- Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойларының өнегесін білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие үрдісіне ендіру үшін «Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойлары» атты таңдау курсының оқу-әдістемелік кешені дайындалып, ұсынылды;

- Шәкәрім Құдайбердіұлының мұраларындағы әлеуметтік-педагогикалық ойлардың өнегесін тәрбие үрдісіне ендіруге байланысты «Оқу орындарында әлеуметтік-тәлімдік бағыттағы тәрбие сабағының Шәкәрім мұраларына негізделген ықшам бағдарламасы» ғылыми-әдістемелік талдамалар әзірленді.

#### **Зерттеудің практикалық мәнділігі :**

- Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойларының қалыптасуына ықпал еткен алғышарттар мен педагогикалық тұрғыда жіктелген нәтижелер Шәкәрімтану бағытындағы зерттеулерді толықтырады;

- Зерттеу жұмысында айқындалған Шәкәрім Құдайбердіұлы мұраларының педагогикалық-психологиялық құндылықтары мен әлеуметтік-педагогикалық ойларының ғылыми жүйеленуі педагогика және әлеуметтану ғылымдарының мазмұнын толықтырады;

- Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойларының өнегесін оқу үрдісіне ендіру үшін «Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойлары» таңдау курсы жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде бәсекелестікке қабілетті, білікті әлеуметтік-педагог кадрларын дайындауда пайдалануға болады;

- «Оқу орындарында әлеуметтік-тәлімдік бағыттағы тәрбие сабағының Шәкәрім мұраларына негізделген ықшам бағдарламасы» атты ғылыми-әдістемелік талдамаларды орта мектептер мен колледждерде мұғалімдер мен оқытушылардың жастармен жүргізетін әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы тәрбие үрдісіне пайдалана алады.

#### **Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:**

1. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларындағы әлеуметтік-тәрбиелік ойлар қайталанбас даралығымен ерекшеленеді және қазіргі кездегі жас ұрпақты әлеуметтендіру ісінде жоғары тиімділік береді.

2. Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық мұраларындағы адамның тұлғалық қалыптасуына кері ықпал ететін надандық, еріншектік, маскүнемдік, нашақорлық, ұрлық, ашушандық, ұрыс-керіс, араздық, алдау, өтірікшілік, қулық, сұмырайлық, мақтан, ел қыдыру, сұрамшақтық, дарақылық, жалқаулық сияқты теріс мінездерді сынай отырып, түзетуге бағытталған ой-пікірлер әлеуметтік-тәлімдік құндылықтар ретінде жастарға оң ықпал етеді.

3. Ұлттық педагогика ғылымының әлеуметтік-педагогика саласында Абай Құнанбаевтың ой-пікірлерін жаңа сапаға көтерген Ш.Құдайбердіұлының ой-пікірлерін кеңестік қоғамдағы тұлғалық мінез-құлықтың типологиясын жіктеуде және бағалауда үлгі ретінде қолдану орынды.

4. Тәуелсіз қоғамдағы жас ұрпақтың жан-жақты жетілген тұлғалық қалыптасуына ықпал жасайтын оқу-тәрбие жүйесінде Ш.Құдайбердіұлының мінез-құлық пен іс-әрекеттің кемшілігі және оны түзетуге қатысты ғылыми жүйеленген әлеуметтік-педагогикалық ой-пікірлері кешенді түрде зерттеліп, оны оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану жоғары тиімділік береді.

**Зерттеу жұмысының дәлелділігі мен негізділігі:** ғылыми жұмыстың мазмұндық құрылымы мен зерттеудің мақсаты, міндеттері логикалық бірізділік және сабақтастық ұстанымдары негізінде жасалынды, Ш.Құдайбердіұлының

шығармашылық мұраларындағы әлеуметтік-педагогикалық ой-пікірлерді жүйелеу және жіктеуде, оларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу жолдарын айқындауда әлеуметтік педагогиканың теориясы мен әдіснамасын және әдістемелік негіздерін қалыптастырған қазіргі заманғы ғалымдар Е.В. Андриенко [3], Н.П. Аникеева [4], Ю.В. Азаров [5], Н.В. Гольцова [6], Л.Б. Шнейдер [7], А.В. Мудрик [8], Ф.А. Мустаева [9], В.Г. Бочарова [10], Л.В. Мардахаев [11] және тағы басқалардың тұжырымдары басшылыққа алынды.

**Зерттеу базасы:** зерттеу жұмысын жүргізу, нәтижелері бойынша таңдау курсты дайындау мен сыннан өткізуге Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті базалық оқу орны болып белгіленді. Зерттеу нәтижелеріне осы оқу орнының «Әлеуметтік педагогика», «Педагогика және психология», «Бастауыш мектеп» кафедраларымен тығыз бірлікте қол жетті.

#### **Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу мен ендіру:**

Диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі қағидалары мен материалдары: «Абай мен Шәкәрім өлеңдеріндегі әлеуметтік-тәлімдік ойлардың сабақтастығы» (XXI ғасыр зерттеушісі» тақырыбындағы магистранттар мен докторанттардың республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы 153-159. Алматы 2011); «Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» шығармасындағы әлеуметтік, психологиялық мәселелер» (Ер Едіге және Алтын Орда мемлекеті тұсындағы билер институтының маңыздылығы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы 341-347. Түркістан 2011); «Социальные и психологические проблемы в произведении Шакарима Кудайбердиулы «Три ясности» (VIII Международная научно-практическая конференция 41-44 стр. Прага 2012); «Социально-воспитательное значение труда Шакарима Кудайбердиулы «Три ясности» («Наука и инновация-2012» VIII Международная научно-практическая конференция 59-61 стр. Прземисл (Польша) 2012) атты ғылыми мақалалар жарық көрді.

Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылымды бақылау Комитеті тарапынан белгіленген республикалық басылымдарда: «Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар ілімінің» әлеуметтік-тәлімдік мәні» (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Хабаршы» ғылыми журналы 98-102 бб. №4(28) Алматы 2010); «Ш.Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен алғышарттар» (Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ «Хабаршы» ғылыми журналы, 170-176 бб. №1, Түркістан 2011); «Шәкәрім Құдайбердіұлы мұралары арқылы студенттердің әлеуметтік-педагогикалық күзіреттілігін қалыптастыру мәселелері» («Білім әлемінде» журналы 18-20 бб. №2, Алматы 2011); «Шәкәрім Құдайберді мұрасындағы мінез-құлықтың әлеуметтік мәселелері» («Білім әлемінде» журналы 7-11 бб. №3, Алматы 2011) тақырыптармен мақалалар жарық көрді.

#### **Диссертацияның құрылымы:**

Диссертация кіріспеден, үш негізгі тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

**Кіріспе бөлімде** зерттеудің өзектілігі дәлелденіп, зерттеудің алдына қойған мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, жетекші идеялары және ғылыми жаңалықтары және т.б. ғылыми аппарат айқындалған.

**«Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-тәлімдік ойларын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері және оның қалыптасуының алғышарттары»** атты бірінші тарауда Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-тәлімдік ойларының қалыптасуына ықпал еткен алғышарттар айқындалып, Шәкәрім Құдайбердіұлы мұраларының әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық аспектілері талдау жасалды. Ақынның көзқарасындағы әлеуметтік мәселелер педагогикалық және психологиялық тұрғыдан сараланып, жүйеленді.

**«Шәкәрім Құдайбердіұлы мұрасының әлеуметтік тәлімдік ойларының әлеуметтік-педагогикалық бағдарлары мен жүйесі»** атты екінші тарауда ақынның көзқарасындағы әлеуметтік-педагогикалық ойлары жүйеленіп, оның бүгінгі қоғамдағы орны мен мәні айқындалды. Сонымен қатар, Шәкәрімнің мұралары талданып, ондағы әлеуметтік-педагогикалық көзқарастары салыстырмалы сипатталды. Шәкәрім мен ұлы ғұламалар әл-Фараби, Ж.Баласағұн және Қ.А.Ясауи мұраларындағы ой сабақтастығы дәлелденіп көрсетілді.

**«Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-тәлімдік мұрасын оқу-тәрбие үрдісіне ендіру»** деп аталатын үшінші тарауда Білім беру жүйесіне енгізілетін «Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік педагогикалық ойлары» таңдау курсының мазмұны мен әдістемесі баяндалып, оны пайдаланудың жолдары көрсетілді. Сонымен қатар, Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойларын тәрбие үрдісіне ендірудің жолдары ұсынылады. Зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер кестелермен және арнайы диаграммалармен рәсімделді.

**Қорытынды** бөлімде зерттеу нәтижелері бойынша жүйеленген ой-пікірлер қорытындыланып, тұжырымдалды және ғылыми ұсыныстар берілді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде** тақырып бойынша жарық көрген 167 ғылыми әдебиеттердің тізімі көрсетілді.

## **I ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘЛІМДІК ОЙЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## 1.1 Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-тәлімдік ойларын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері

Зерттеу жұмысымызда ақын поэзиясы мен ғылыми еңбектерін әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда талдау нысанына алғанды жөн көрдік. Осы орайда ақынның шығармашылық мұрасы әр қырынан қарастырылып, зерттелуінің тарихнамасына арнайы тоқталу қажеттігі туындайды.

Ш.Құдайбердіұлының шығармаларындағы әлеуметтік-тәлімдік ойлардың мәнділігін алғашқылардың бірі болып таныған ғалымдар мен әдебиетшілер А.Байтұрсынов [12], Ә.Бөкейханов [13], Ж.Аймаутов [14], М.Жұмабаев [15], М.Дулатов [16], С.Мұқанов [17], Ш.Әлжанов [18], Т.Тәжібаевтардың [19] еңбектерінде ақынның өлеңдері мен ғылыми мұраларының мазмұнына әр түрлі ғылым салалары бойынша талдау жасалынып, олардың тәлім-тәрбиелік, танымдық маңызын айқындауға назар аударылған. Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы әлеуметтік-тәлімдік ойларды талдап, іріктеп алу және жіктеу, топтастыру, саластырмалауда негізге алатын қағидалар мен ұстанымдарды саралауда қалыптасқан зерттеу әдіснамасына сай оның шығармашылық мұрасын зерттеуді халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілерімен, сол сияқты ортағасырлық дана ойшылдар Әбу Наср әл-Фарабидің [20], Жүсіп Баласағұни [21], Махмуд Қашқаридің [22] жазба ескерткіштерімен, ақын-жыраулар мұраларының әлеуметтік-танымдық өнегесімен сабақтастыра зерттеудің маңызы ерекше.

Зерттеуге алып отырған мәселе, Шәкәрім өлеңдеріндегі әлеуметтік-педагогикалық ой-пікірлері болуы себепті ақын шығармашылығындағы мәселенің осы тұсына қатысты қазіргі заман ғалымдары, ақын-жазушыларының философиялық, тарихи, әдеби тағы басқа зерттеулеріндегі қалыптасқан ойлар мен тұжырымдар да тарихнамалық талдауды қажет етеді.

Атап айтсақ, ақын шығармаларының философиялық тұстарын Аманжол Айжан [23], Ғарифолла Есім [24], Әубәкір Жандос [25], А.Н.Леонтьев [26] және т.б. ғалымдар Шәкәрім Құдайбердіұлы мұраларының әлеуметтік ортаны танудағы мүмкіндіктерін арнайы қарастырды. Сол сияқты ақын ой-пікірлерінің танымдық және тәрбиелік мағынасын ашып көрсетуде зерттеулер жүргізген әдебиеттанушы, тілтанушы ғалымдар М.Әуезов [27], Қ.Мұхаметханов [28], Х.Сүйіншәлиев [29], З.Ахметов [30], Қ.Өмірәлиев [31], М.Мырзахметов [32], М.Әліпханның [33] т.б. зерттеулерін атауға болады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының педагогикалық және психологиялық ой-пікірлері мен оларды оқу-тәрбие үрдісіне ендіру бағытында Қ.Жарықбаев [34], С.Қалиев [35], педагогикалық мәнін, ақын шығармаларындағы әлеуметтік тәрбиеге қатысты тұстарын оқу-тәрбие үрдісіне ендіру мәселелерін І.Р.Халитова [36], Ш.Құдайбердиев пен Абай Құнанбаев шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ойлардағы сабақтастық мәселелерін Н.Сұлтанова [37] зерттеген. Дегенмен, тарихнамалық талдау көрсеткендей, аталмыш зерттеулерде философ, ақын Ш.Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ой-пікірлерінің өнегелік мүмкіндіктері арнайы қарастырылмағандығына көз жеткіздік.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы әлеуметтік-педагогикалық ойларды іріктеп алу үшін алдымен осы мәселенің әдіснамалық қағидалары ретінде қарастырылатын басты бағыттарды айқындап алу қажеттігі туындайды.

Осы орайда біз бірқатар Отандық ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, ғылыми-әдіснамалық ілімдерді басшылыққа аламыз. Солардың қатарында қазақстандық ғалым А.А.Молдажанова өзінің зерттеу жұмысында педагогикалық әдіснамаға жан-жақты салыстырмалы сипаттама беріп, олардың тәжірибеде қолданысы бойынша деңгейлерін көрсетеді [38]. Онда философиялық әдіснамалық, жалпығылымдық, нақты ғылымдық, технологиялық деңгейлердің қолданылу міндеттеріне сипаттама беріп, өзара арақатынасын айқындап береді. Бұл әдіснамалық деңгейлердің арасында белгілі бір өзара байланыстылық бар. Осыған орай біз тарихи педагогикалық үрдістердің мәселелерін қарастырғанда философия ғылымының заңдылықтарын басшылыққа аламыз. Ал, ғалым А.А.Бейсенбаева бұл философиялық заңдылықтарды пайдаланудың жолдарын, оның педагогикалық мәселелерді шешудегі тиімділігі туралы, философиялық, педагогикалық және басқа да ғылымдар арасындағы әдіснамалық байланыстылықты өзінің зерттеуінде айқындап көрсетеді [39, 76 б.]. Онда ғалым табиғаттағы, қоғамдағы және адам ойлауындағы барлық үрдістерге ортақ *себеп-салдар* заңдылығын, жалпы дүние дамуының *қозғалыс* заңдылығын, диалектикалық дамудың негізгі заңы *санның сапаға* айналу заңдылығын, дамудың мәнін, жалпы тенденциясын анықтайтын диалектиканың *терістеуді терістеу* заңдылығын, барлық ақиқат шындық дүние құбылыстарында орын алатын *қарама-қайшылықтардың бірлігі* заңдылығын педагогикалық үрдістерде әдіснамалық негізде басшылыққа алып отыруды ұсынады.

Ал, біздің зерттеу жағдайымызда Ш.Құдайбердіұлының мұраларындағы әлеуметтік-педагогикалық идеяларын зерделеуде ғылымдардың интеграциялық бірлігін ескерген жөн. Себебі, ақын мұраларының көптеген аспектілерін тек педагогика ғылымы ғана емес, сонымен қатар басқа да бірнеше ғылымдар зерттейді. Олардың қатарына философия, психология, әдебиет, тарих ғылымдарын жатқызуға болады.

Осы орайда тарихи-педагогикалық зерттеулердің тәжірибесі өткен тарих баспалдақтарындағы әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің дәл бүгінгі күнгі өзектілігі айқындалып, қазіргі таңдағы тәрбиенің күре тамырына айналып отырғандығын көруге болады. Сондықтан, біз зерттеу нысанына алып отырған Ш.Құдайбердіұлының мұраларындағы әлеуметтік педагогикалық ойларына бүгінгі күннің сұранысы бойынша талдау жасаймыз

Педагогикалық үрдістер мен тарихи құбылыстарды бірізгілікте қарастыру олардың уақыт кеңістігінде сабақтастығын көруге, даму динамикасын айқындауға мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, бұл құбылыстардың ықпалының нәтижесі ретінде түпкі салдарын шамалай отырып болашақты болжау мүмкін болады. Сондықтан Ш.Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық көзқарастарын бүгінгі күнгі құбылыстармен қатар қарастырып отыру бізге ақын өсиеттерінің өміршеңдігі мен сұранысын салыстыруға және

айқындауға мүмкіндік жасайды. Осылайша педагогика тарихы мен бүгінгі заман педагогикасын бір-бірінен бөлек қарастырмай, керісінше, оларды бір-бірінен бөліп алғысыз сабақтастықта, бірлікте, тұтастықта қарастыру біздің зерттеуімізден орын алады.

Тарихи-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы тұтас тарихи педагогикалық үрдістердің, соның ішінде тарихи тұлғалардың педагогикалық мұраларын зерделеуді және объективті ғылыми-тарихи тұрғыдан зерттеуді талап етеді. Ғылыми-әдіснаманың ерекшеліктері мен даму тенденцияларын ескере отырып, Ш.Құдайбердіұлы мұраларын зерттеуде бүгінгі күнде елімізде және әлемдік ғылым тәжірибесінде қолданылып жүрген бірқатар әдіснамалық-теориялық білімдер мен ұстанымдарға және әдістер жүйесіне сүйенуді қажет деп ойлаймыз. Ол үшін ең бастысы ақын мұраларындағы әлеуметтік-педагогикалық идеяларының бүгінгі күн үшін құндылықтарын көрсетуде жалпығылымдық әдіс ретінде диалектикалық әдісті пайдалану орынды. Ол тарихи-педагогикалық шындықты яғни әлеуметтік ортадағы жастар тәрбиесінің дамуын, оған алғышарт ретінде ықпал еткен факторлары мен педагогикалық шарттарын, механизмдерін, әдіс-тәсілдерін зерттеудің нәтижелерінің дәлелділігі мен объективтілігін қамтамасыз ететін тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, диалектикалық әдіс зерттеу барысында көптеген басқа да әдістер тобын пайдалануға мүмкіндік жасайды. Атап айтқанда мұнда тек педагогикалық әдістер ғана емес, психологиялық, социологиялық, тарих ғылымы саласындағы әдістерді пайдалану мүмкін болады. Соның нәтижесінде, әлеуметтік-тарихи кезеңнің тарихи-педагогикалық үрдісіндегі не құбылыстағы көзқарастардың өткені мен бүгінгі күнгі жағдайы арасындағы байланысты, оның даму динамикасын бақылауға алуды талап етеді.

Сондықтан, біз зерттеу жұмысымызда бірқатар әдіснамалық ұстанымдарды іріктеп алуды жөн көрдік. Солардың бірі *әдіснамалық келіс* - алға қойылған зерттеу міндеттерін шешудің негізгі жолы. Ол бұл шешімдердің бағыты мен стратегиясын ашып береді. Сондықтан біз Ш.Құдайбердіұлының мұраларындағы әлеуметтік-педагогикалық идеяларының жүйесін *тұлғалық, құрылымдық-жүйелілік, тарихилық, тұтастық, кешенділік* тұрғысынан қарастыруға талпындық.

*Кешенділік* бұл, *жүйелілік* келістің іс-әрекеттегі көрінісі [40, 31 б] [31, 31 б.]. Олар міндетті түрде қиылысады, өйткені, зерттеу мәселесін кешенді, тұтастықта қарастыру оларды жүйелі зерделеуден тыс болуы мүмкін емес. Осы тұста ғалым Ф.К.Казарян жүйелілік және кешенді келістер педагогикалық немесе тарихи педагогикалық құбылысты басқарудың біртұтас формасы ретінде өзара диалектикалық байланыста болады деп тұжырым жасайды [41]. Жүйелілік, кешенділік келістердің негізінде *тұтастық* келіс келіп шығады. Өйткені, зерттеу мәселесін педагогикалық және тарихи-педагогикалық аспектіде қарастыра отырып, ондағы тәрбиелік іс-әрекеттер нәтижесінің бағасын тұтас қарастырғанда анық байқай аламыз. Әсіресе, адам тәрбиесі, оның тұлғалық қалыптасуы оның іс-әрекеттері бөлшектеп емес тұтастықта ұйымдастырғанда және оның тұлғалық қасиеттері белгілі бір бағытта ғана емес, тұтастықта



калыптасқанда нәтиже дұрыс әрі жоғары болмақ. Осы тұста біз зерттеуімізге алып отырған мәселелерді қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан, діни сенім-нанымдары мен олардың әлеуметтік ортадағы іс-әрекеттерінің сипаты тұрғысынан тұтас бірлікте қарастырғанда ғана зерттеу міндеттерімізді шешуде нақты шындыққа қол жеткіземіз. Сондықтан, біз Ш.Құдайбердіұлы еңбектерін тарихи-педагогикалық тұрғысында айқындай отырып, жүйелі, біртұтас, кешенді қарастыруға талпындық.

Кез-келген педагогикалық зерттеу жұмыстарында кеңінен әрі маңызды орынды иеленетін келіс тәрбиенің тұлғалылығы тұрғысынан қарастырылуы болып келеді. Өйткені, барлық тәрбие үрдісінің, тіпті білім беру мәселесінің өзі адам тәрбиесіндегі оның тұлғалық қалыптасуына бағытталады. Ш.Құдайбердіұлының мұраларындағы әлеуметтік-педагогикалық ойларының өзі тұлғаның қоғамға енуі мен бәсекелестік заманда өз орнын табуға жол сілтеуді, бағдар беруді көздейді.

Өйткені, тұлға тәрбиесіндегі түйінді әлеуметтік мәселелерді шешу тұлғаның бойындағы тұлғалық мінез-құлықтың ауытқуы мен қалыптылығы (норма) арасындағы айырмашылықты ажыратып алу – зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін белгілеп, нәтижелерді болжамдауды нақтылайды. Осыған орай Э.Дюркгеймнің [42] теориялық-әдіснамалық еңбегінде әлеуметтік ауытқу қоғамдық құбылыс ретінде қарастырылған тұжырымдарын негізге алдық. Ал әлеуметтік қалыптылық туралы ілім және әлеуметтік бақылау мәселелесімен қоса қалыптылық институты мен оның құрылымдарын Т.Парсонс [43] жүйелеген. П.Уорсли [44] абсолютті қалыптылық пен мәдени қалыптылық арасындағы байланыстардың, қалыптылық пен ауытқу арасындағы айырмашылықты ұжымдық мінез-құлықты анықтаудың әлеуметтік теориясын, девианттылық пен оны әлеуметтік бақылауды Н.Дж. Смелзер [45]; әлеуметтік теориядағы ауытқу мен қалыптылықтың биопсихологиялық жақтарын З.Фрейд [46] пен Ч.Ломброзо [47], ал Э.Берн [48], Э.Шостром [49] отбасы тәрбиесінің әлеуметтік-педагогикалық тұстарын зерттеп, ғылыми тұжырымдар жасаған.

Белгілі психолог ғалымдар Л.С.Выготский [50], П.Гальперин [51], Г.М.Андереева [52], З.Фрейд [46], Э.Шостром [49], Б.М.Теплов [53], В.Д.Небылицин [54] адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің бала кезден дамуы мен қалыптасуы, ерекшеліктері және оған білім, тәрбие арқылы ықпал ету мәселелерін қарастырған.

Мәселенің зерттелу деңгейі ретінде әлеуметтік-педагогикалық мәселелерге қатысты Отанымызда бірқатар зерттеулер қолға алынған, солардың арасында З.У.Кенесаринаның [55] АҚШ-тағы әлеуметтік жұмыстар мен салыстырмалы зерттеуі, жастар арасындағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар жайлы А.Н.Тесленконың [56], әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері мен әлеуметтік-педагог мамандарды даярлауға арналған І.Р.Халитованың [57], Қ.Т.Атемованың [58], Ғ.Қабекеновтың [59], Е.З.Батталхановтың [60], Б.С.Халыкованың [61] және А.К.Жалмухамедованың [62] т.б. ғалымдардың зерттеулерін айтуға болады.

Әлеуметтік-педагогикалық әрекеттердің қалыптасуына тарихи шолу жасасақ, әлеуметтік педагогика ұғымы алғаш рет XIX ғ. ортасында неміс педагогі Адольф Дистервег тарапынан ұсынылған, бірақ ресми түрде бұл ұғым XX ғ. бас кезінде ғана қолданыла бастады. Әлеуметтік педагогика XX ғасырдың 80 жылдары пайда болып практикаға ендіріле бастаған. Бұл ілім біздің елімізде әлі жас болғандықтан толық, жан-жақты зерттеліп, қорытындылар жасалған жоқ.

Әлеуметтік педагогика жайлы ғалымдар арасында түрліше пікірлер қалыптасқан, мысалы, бірқатар ғалымдар әлеуметтік педагогика, бұл – мінез-құлық, жүріс-тұрысында оғаштығы бар балалар, жастар мен ересек адамдарды түзету, қайта тәрбиелеу, қатарға қосу туралы ілім; сонымен бірге әлеуметтік педагогика қандай да бір күйзелісті ахуалға душар болған адамдарға көмек беруді қарастырады дейді.

Барлық адам дүниеге келген сәттен бастап әлеуметтендіруді бастан кешеді, сондықтан кез-келген адам, бала, жастар мен жас өспірімдер әлеуметтенуге ұшырайды деген де пікірлер бар. Осыларды ескере келе әлеуметтік педагогика мен әлеуметтендіруге анықтамалар берілген.

Әлеуметтік педагогика И.А.Липскийдің пікірінше, адам мен әлеуметтік ортаның өзара ықпалдастығын үйлестіру және жас буынды соған даярлау теориясы мен практикасы жайлы ғылым болып саналады. Мұндай жағдайда әлеуметтік педагогика пәні заңдылықтар, қарама-қайшылықтар, ұстанымдар мен әлеуметтік ортадағы осы ықпалдастықты үйлестіру әдістері болып саналады [63].

Әлеуметтік педагогиканы А.В.Мудрик [8] тәрбиені, тұлғаны әлеуметтендіру арқылы жүзеге асыруды зерттейтін ғылым, балалардың жас ерекшеліктері, әлеуметтік санатына қарамастан арнайы мекемелерде, басқа да оқу-тәрбие орындарында және әртүрлі қызмет мекемелерінде іске асыруды танып біледі - деп пайымдайды. Осы саланы зерттеуші ғалым В.А.Никитина [64] әлеуметтік педагогика адамды әлеуметтендіру және қатарға қосуды білім және тәрбиелеу құралдары арқылы реттеу, жүзеге асыру үрдістерін, нәтижелерінің теориясы мен практикасын танып, біледі деген.

Бұл тұжырымды Л.В.Мардахаев: «әлеуметтік педагогика - бұл әртүрлі жас кезеңдеріндегі, түрліше ортадағы адамдардың әлеуметтік пробелмаларын танып-білу» деп жаңа қырынан пайымдайды [11]. Сондай-ақ, М.А.Галагузова [65], Г.Н.Штинов [66] т.б. ғалымдардың да әлеуметтік педагогика жайлы тұжырымдары бар. Алайда бұлардың барлығы да әлеуметтік педагогика - тұлғаны әлеуметтендіру, қатарға қосу жайлы ілім дей келе, сонымен бірге жас кезеңдеріндегі психофизиологиялық өзгерістерге, тұрмыс жағдайларына байланысты не болмаса белгілі бір себептермен ауытқуға, күйзеліске душар болған тұлғаларды әлеуметтік ортаға қайтару немесе қатарға қосу туралы ғылым деп таныған ортақ ұстанымда болды.

Соңғы жылдарда қазақстанда да әлеуметтік-педагогикалық мәселелер көпшілікті толғандырып, бұл саладағы ғылыми тұжырымдар көпшілік назарына ұсынылып жүр. Осы тұста ғалым Қ.Т.Атемованың «Әлеуметтік педагогика» оқулығында жастарды әлеуметтендіру үрдісінің бүгінгі ғылыми теориялары

қазақ халқының тарихи қалыптасуындағы әлеуметтендіру тәжірибелерімен ұштастырылып сипатталады [58]. Онда ғалым әлеуметтік педагогиканың бастаулары халықтық педагогикада жатқандығын халқымыздың салт-дәстүрлері мен ұлы тұлғалары мұраларындағы өсиеттері негізінде байланыстыра түсіндіреді. Тұлғаны әлеуметтендіру идеяларын ұлы ғұламалар әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Қ.А.Ясауи және т.б. ғұламалар еңбектерімен ұштастырып, адам тәрбиесін жүзеге асыру оның әлеуметтік ортасын қалыптастырумен байланысты екендігін тұжырымдайды.

Осы тұста қазақ зиялыларының бірі М.Жұмабаевтың мынадай сөзін: «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспауы керек, олар баланы өзінен да күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым күрделі де талабы жоғары болатынын ұмытпағаны жөн» деген тұжырымды ойын тәрбиешілер есіне салады [15]. Осы тұста М.Жұмабаев пен Шәкәрім көзқарастары өзара сабақтастық тауып отырады. Бұдан келіп шығатын қорытынды ойды «*әлеуметтік тәрбие* деп баланың немесе тұлғаның әлеуметтенуіне қажетті қоғамдық маңызды қасиеттерді қалыптастыруға мақсатты бағытталған процесті түсінеміз. Тұтас алғанда, тәрбие индивидті қоғамның бір мүшесі ретінде сипаттайтын жеке адамның қасиеттерін қалыптастыруға бағытталады. Әрбір ата-ананың немесе тәрбиешінің бала тәрбиелеудегі әрекеті қоғамның талаптарынан келіп шығады» деп қорытады.

Осындай ойды жалғастырушы тағы бір қазақстандық жас ғалым Ғ.Қабекенов өзінің диссертациялық жұмысын ересектер әлеуметтенуіндегі білім алу қажеттілігінің түрткілері мен сипаттарына арнаған [59]. Онда ересектер әрекетіндегі қоғамның ықпалы нәтижесінде үздіксіз білім алу жағдайында қоғам сұраныстарына бейімделу үрдісінің заманауи талаптарын дәлелдеп көрсетеді.

Әлеуметтік педагогика ғылым ретінде, белгілі себептермен күрделі ахуалдарға ұшыраған балалар мен жастарды, ересек адамдарды қатарға қосу, түзету, емдеу арқылы әлеуметтік ортаға қайтару т.б. ел қатарлы күн көретін ахуалға жеткізуді көздейтін іс-әрекетті танып-білу, оның жаңа жолдарын табуды көздейді.

Әлеуметтік педагогика оқу пәні ретінде болашақ мамандардың тұлғалық қалыптасуымен бірге оларды теориялық білім, практикалық біліктермен де қамтамасыз етеді. Демек, әлеуметтік педагогиканың мақсаты - тұлға және қоғамды әлеуметтік даму шарттарымен, мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету, әлеуметтік құбылыстарды, үрдістерді ой елегінен өткізіп, қажетті білім, біліктермен қаруландыру. Әлеуметтік педагогика ғылым ретінде тұлға бойындағы, қоғамдағы әлеуметтік педагогикалық құбылыстарды танып, білу арқылы мынадай мәселелерді шешеді:

- тұлғаны әлеуметтендіру үрдісін және оның шарттарын айқындайды;
- әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің құрылымын айқындап, кәсіби күзіреттілікті, оған дайындығын, кәсіби шеберліктерін шыңдауға бағдарлайды.

Нақтылап айтқанда, әлеуметтік педагогика - тұлға дамуының заңдылықтарын, оның байланыстарын, жеке және әлеуметтік үрдістердің өзара байланысын, сол арқылы өзара үндестік табу жолдарын қарастыруды көздейді. Әлеуметтік педагогиканың нысаны – адамның қоғаммен байланысын тәртіпке келтіру, табысты әлеуметтік дамуды қажетсінетін балалар, жастар және басқа да адамдар.

Қоғам дамыған сайын ондағы жастар мен балалар, ересек адамдардың өмірінде жақсы жағдайлар мен теріс ықпал ететін ахуалдар да сан және сапа жағынан түрліше көрініс беруде. Осындай құбылыстарға адамның төзімділігін қалыптастыру әлеуметтік педагогиканың атқаратын қызметінің бірі.

Жер бетіндегі адам өмірінің саналуан бағыттылығы, оның өмір сүру әрекетінің әр түрлі формаларын, күн көрудің түрліше тәсілдерін меңгеруіне алып келді. Осындай өмір сүру тәсілдері мен формаларын адам қаншалықты көп меңгерсе, тәжірибесі де соншалықты молая түседі, ол өз кезегінде өмірінің, іс-қимылының мәнділігін де арттыра түседі. Өмір сүріп, күн көрудің формаларына мыналарды жатқызуға болады: тұлғаның әлеуметтік ортамен араласа алуы, өмір сүру салты, кәсіптік бағдары не болмаса күн көріс тәсілі, өз мүмкіндіктерін мамандығында жүзеге асыруы, әйел және еркек, ата-ана ретіндегі рөлін атқаруы, өз Отанының азаматы, тұлға ретінде өзін саналы пайымдауы, рухани мүмкіндіктерін жүзеге асыруы және т.б. Бұлар адамның жер бетіндегі өмірінің маңызы. Өз мүмкіндіктерін іске асырудың құралдары адамдармен қарым-қатынасы, ынтымақтастығы. Адам өзін адам ретінде саналы қабылдауы үшін басқа адамдармен мәміледе болуы шарт.

Кез-келген іс-әрекет, тұлғаның басқаларға болған мәмілесінде өзгелердің және көпшіліктің мүддесін көздеген күнде ғана мәнді болмақ. Бұл оның өзінің де игілікті өмір сүруі үшін қажет. Себебі, қазақ жерінде өмір сүрген ойшыл ғұламалардың ортақ пікірі: өзің жақсы өмір сүруің үшін, төңірегіндегілер де жақсы күн көргенін ойла дегенге саяды. Бұл, ізгілікті емес деп танылып отырған осы ғасырда руханилыққа табан тірейтін озық ой, игі пікір.

Адамдардың тек өзінің жеке басының ғана мүддесін көздеуі, сол үшін басқалардың жай-күйін ескермей байлық, дүние–мүлік жинауға ұмтылуы тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуы мен қалыптасуына кері ықпал етіп, мешеулікке соқтырады. Әлеуметтік педагогика ғылым және практика ретінде қазіргі кезде бүкіл әлемге қажет болып отыр. Өйткені, бұл қоғамдағы тәлім-тәрбие практикасының заманауи талаптарына, оның өзекті мәселелерін шешуге септігін тигізетін аса ұрымтал сала екені көрінеді.

Тірі жанды адам етіп тәрбиелеу барлық жағынан алып қарағанда, мысалы, рухани әлемі, дене бітімі, әлеуметтік себептермен, ол өмір сүрген ортаның өмір салтымен де байланысты. Демек, әлеуметтік педагогиканың зерттеу нысаны – адамдар қауымы мен адамның табиғаты. Осы негізде құрылған әлеуметтік педагогика адамның бойындағы кертартпа, теріс, нашар қылықтарды жойып, жақсы, істерге ынталандыру мәселелерін қамтиды. Әлеуметтік педагогиканы зерттеуші ғалымдар В.Г.Бочарова [10], С.А.Беличева [67], М.А.Галагузова [65],

И.А.Липский [63], Л.В.Мардахаев [11], А.В.Мудрик [8], Ф.Р.Мустаева [9] және т.б. осыған орай өз анықтамаларын беруге ұмтылған.

Әлеуметтік педагогиканың жалпы мәселелерін зерттеген отандық ғалымдар Л.Керімов [68] қиқар бала мәселесін, К.Қ.Құнантаева [69] әйелдерге білім беру мен тәрбиелеу мен мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын, І.Р.Халитова әлеуметтік педагогтарды даярлау мәселесін [70], З.Ж.Жаназарова отбасымен әлеуметтік жұмыс туралы [71], А.Н.Тесленко [56] жастарды әлеуметтендіру мен Қазақстандағы осы мәселенің теориялық дамуын зерттеген және З.У.Кенесаринаның [55] АҚШ-тағы әлеуметтік қызмет және оның Қазақстандағы мәселелерін зерттеген жекелеген еңбектері бар.

Ресейлік әлеуметтанушылар мен әлеуметтік педагогикалық мәселелерді зерттеушілер А.В.Мудрик [8], Н.В.Гольцова [6], Ю.В.Василькова [72], Ф.А.Мустаевалардың [8] еңбектеріне сүйене отырып, қоғамда не болмаса жекелеген адамдардың басында кездесетін әлеуметтік кері мәселелерді негізінен төмендегідей етіп топтастыруға болады:

- отбасы тәрбиесіндегі кемшіліктерден туындайтын жекелеген адамдардың басындағы мәселелері;
- оқыту мен тәрбиелеудегі жеткіліксіздіктер мен келеңсіздіктерден туындайтын әлеуметтік-педагогикалық мәселелер;
- табиғи апаттар және ғылым мен техника жетістіктерін дұрыс пайдаланбау салдарынан туындаған әлеуметтік мәселелер;
- туа біткен және жүре пайда болған денсаулыққа қатысты медициналық, әлеуметтік және педагогикалық мәселелер;
- қоғам және әлеуметтік ортадағы қарым-қатынастың қателіктерінен не теріс әсерінен, адамдар арасында туындайтын әлеуметтік-педагогикалық мәселелер;
- экономикалық және экологиялық ахуалдың әсерінен пайда болатын жеке тұлға не топтарда туындайтын әлеуметтік-педагогикалық мәселелер.

Әлеуметтік педагогиканың тарихы осы мәселелердің туындауы мен олардың жеке адам, топ не болмаса бүкіл бір қоғамға болған теріс ықпалын, әлеуметтік - педагогикалық проблемалардың келіп шығу тегін, оларды жою үшін болған адамзат қауымының іс-әрекетін тарихи-педагогикалық, әлеуметтік философиялық тұрғыда қарастыру олардың алдын алу, болдырмау, егер туындай қалса кең таралуына жол бермеу және оларды жою жолдарын қарастыруға септігін тигізу тәжірибелерін қарастырып келеді.

Шәкәрімнің адам, қоғам, дін мәселелеріне ерекше назар аударғандығын алғаш тілге тиек еткен Әлихан Бөкейханов болды. Ол қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелеріне қатысты Шәкәрім пікірлерін қуаттады. Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Қалқаман-Мамыр» поэмалары жөнінде жазған және творчестволық лабораториясына жоғары баға беретін Ә.Бөкейхановтың сын мақалаларындағы ой-тұжырымдарын шәкәрімтанудың бастауы ретінде қарастыруға болады [13].

Шәкәрім поэзиясының әлеуметтік қажеттілігін айта келе, М.Әуезов пен Ж.Аймауытов «Абайдан соңғы ақындар» мақаласында: «Шәкәрім, көбінесе,

өлеңі халыққа ұғымды болуын көздейді және өлеңі арқылы халықтың ақылын да тәрбие қылып жетілдіргісі келеді ... мінді, кемшілікті, айтқанда жерлеп, шенеп, оңдырмайтын Шәкәрім өлеңінде шанышпа, ащылық бар» [14] деген. Сонымен қатар, сараң билерді, әділетсіз басшыларды сынға алады, «Ей, көп халық», «Адамшылық», «Кәрілік туралы», «Жастық туралы», «Ашу мен ынсап», «Мақтау мен сөгіс», «Мінеу мен күндеу» т.б. өлеңдерінде көрініс тапқан [73].

Ғұлама ақын, қарапайым халықтың ауыр да қараңғы өміріне немқұрайдылықпен қарай алмады. Жоқшылық пен аш-жалаңаштыққа душар болған ауыл кедейлерінің тұрмыс-тіршілігінің соншалықты ауыр екенін өз шығармаларында бейнелеген. Ертедегі грек ойшылдары Платон, Сократ, Аристотельден бастап, Батыс Европа мен Шығыстың ғұлама білімпаздарының еңбектерінен сусындай жүріп, ақыл-ойын дамытып, қиялы шарықтаған, сонымен қоса, орыстың өздерінен бұрынғы ағартушы ойшылдарының, соның ішінде Л.Н.Толстой мен Қ.Д.Ушинский т.б шығармаларымен танысып, көзқарастарын, идеяларын көп оқып, оны зерттеп жалғастыра білгендігі аңғарылады.

Шәкәрім шығармаларының әлеуметтік–тәлімдік мәні де осында. Өйткені, Шәкәрім Құдайбердиев өлеңдері арқылы кемшілікті көрсетумен қоса оны түзету жағын да ескерген. Ол адалдықты, әділдікті, шындықты, адамгершілікті айта келе, жастарды білімге, өнерге шақырады.

Өткен ғасырдың 60-жылдары ұлттық интеллигенция өкілдері саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған Шәкәрім Құдайбердиевтің шығармашылығын түбегейлі зерттеу мәселесін көтерді. Жазушылар Одағының, мәдениет, баспасөз орындары мамандарының қатысуымен 1964 ж. Әдебиет және өнер институтының жанындағы Ғылыми Үйлестіру кеңесінде өткен жиында бірнеше ғалымдар сөз сөйлеген, сөйтіп, 1969 жылдан бастап Қайым Мұқаметханұлы Шәкәрім шығармашылығын зерттеуге кірісті.

Қазақ әдебиетінде шәкәрімтанудың негізін салып, іргетасын қалаған Ә.Бөкейханов [12], А.Байтұрсынов [13] сияқты ойшыл қайраткерлері Шәкәрімнің Абайдан кейін қазақ поэзиясын жаңа сатыға көтеруші екендігін жан-жақты дәлелдеп, ақын поэзиясының ерекшеліктерін, дүниетанымының күрделігін анықтады. Әлихан Бөкейханов Шәкәрімнің адам, қоғам, дін мәселелеріне ерекше назар аударғандығын алғаш тілге тиек еткен. Қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелеріне қатысты Шәкәрім пікірлерін қуаттайтын Ә.Бөкейханов «Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі», «Қалқаман-Мамыр» поэмалары жөнінде жазған сын мақалаларында Шәкәрімнің творчестволық лабораториясына жоғары баға беретін ой-тұжырымдарын шәкәрімтанудың бастауы ретінде қарастыруға болады.

Әдеби процесті зерттеуде кейінгі ғалымдарға үлгі болған Ахмет Байтұрсыновтың Абай шығармашылығы жөнінде жазылған «Қазақтың бас ақыны» мақаласындағы: «Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды ылақпай түп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс берер» [13] деген пікірінің шәкәрімтанушыларға да тікелей қатысты екендігі ақиқат. Себебі, Шәкәрім ақын Абай дәстүрін бірден-бір жалғастырушы, тек жалғастырып қана қоймай, оны түрлентіп түлету арқылы

жаңа сапаға көтерген ұлы тұлға. Белгілі абайтанушы Қайым Мұхаметқанов бұл жөнінде: «Қазір әдебиетіміздің тарихында орны ойсырап тұрған, елге ежелден белгілі болған ақын, жазушыларымызды еске алғанда, ең алдымен Шәкәрімді атауымыз орынды деп білемін. Өйткені, ол Абайдың нағыз мұрагерлерінің бірі, бірі болғанда бірегейі», - деп ой түйіндеген [74].

Шәкәрімнің ақындық тұлғасын бізге алғаш рет танытқан ақын-С.Торайғыров. Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт шығармаларында әр қырынан ашылатын тақырыптар, әсіресе, оқу-білімді насихаттау, адалдықты паш ету сияқты ұлттық рух тұнып тұр. «Қазақтың екі ұлы перзентінің сырттай танысуы «Айқап» журналымен тікелей байланысты. Ұлт қамын ойлаған Ш.Құдайбердіұлы мен С.Торайғыров «Қазақ» газеті арқылы түйдектелген түйінді ойларын оқырманмен бөлісіп, келелі проблемаларды бүкпесіз батыл талқыға, көптің назарына дер кезінде ұсынып, қалың жұртшылықтың үнемі ілтипатында болды» [75] деген зерттеуші ғалым А.Еспембетовтің пікірінен қос классиктің баспасөз арқылы бірін-бірі тануы, қазақ ұлтының аласапыран уақытта мұң-мұқтажын, отарлық езгіден құтқару керектігін сезініп, олардың жүзбе-жүз танысып, араларында үзілмеген сыйластық, қаяусыз достық, шексіз сүйіспеншілік болғандығын аңғарамыз.

XX ғасырдың басында Шәкәрімнің жарыққа шыққан шығармаларына айырықша назар аударып, баспа бетінде пікір білдіріп отырған Әлихан Бөкейханов екендігі еңбекте нақты көрсетілді. Ш.Құдайбердіұлы мен Ә.Бөкейхановтың бір-бірімен таныстығы 1900 жылдан басталса керек. Олардың рухани қарым-қатынаста болғандығын Семей қаласында кездесіп тұрғандықтарын кейбір саяси мәселелерге байланысты хат жазысып, пікір алысып отырғандықтары жайлы ғалымдардың дәлелді дәйектері бар. «Түрік, қырғыз қазақ һәм хандар шежіресі» жайында жазған мақаласына пікірін айтып жазған мақаласында Ә.Бөкейханов Шәкәрім мұрасын бүкіл халықтың тануы керектігіне мән бере отырып, оны насихаттау керектігін жете түсінген. Демек, аталған халық зиялыларынан басқа елге қамқор, зерек ойлы азаматтар да Шәкәрім шығармаларына дер кезінде үн қосып, өз ойларын білдіріп, құнды еңбектер екендігін бағалап отырған.

Шәкәрім шығармаларын танытуда көп еңбек сіңірген ғалым-жазушы-М.Мағауин. Шәкәрім есімі жаладан арылмай, қасиетті қазынасы қыл бұғауда байлаулы жатқанда Ленинградтан «Поэты Казахстана» [76] атты жинақ шығарып, оған Р.Рождественскийдің аудармасымен Шәкәрімнің 14 өлеңін енгізіп, ондағы мақаласында ғалым оның ұлттық әдебиетіміздегі салмағын саралап берді.

Дегенмен, Шәкәрімнің шығармашылық мұрасының жан-жақты зерттелуі ҚКП ОК бюросының 1987 ж. желтоқсандағы қаулысымен Ш.Құдайбердиевтің шығармашылық мұрасын зерттеу жөнінде комиссия құрылып, нәтижесінде 1988 ж. сәуірінде «Шәкәрімнің әдеби творчестволық мұрасы жөнінде» қаулы қабылдануымен басталды. Осы қаулыда «шәкәрімнің творчесвосы идеялық-тақырыптық мазмұнының ауқымдылығымен, әсерлі де көркемдік қуатының молдығымен ерекшеленеді. XIX-XX ғ. Басындағы Қазақ әдебиетінен ерекше

орын алатын оның творчестволық мұрасы мол да маңызды» [77] деген баға берілді. Осы қаулыдан кейін мерзімді басылым беттерінде Ш.Елеуеновтің [78], М.Базарбаевтың [79], Р.Бердібаевтың [80-81] «Қазақстан мұғалімі», «Лениншіл жас» газеттеріндегі, Х.Сүйіншалиевтің [82], Т.Жұртбаевтың [83] «Жұлдыз» журналындағы мақаласы мен зерттеуі, Ө.Күмісбаевтың [84], А.Қыраубаеваның [85], Б.Әбдіғазизұлының [86] тың зерттеулері, Ш.Сәтбаеваның [87-88] Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысында, «Социалистік Қазақстан», М.Мағауиннің [89-93] «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Білім және еңбек», тамыз, қазан айларындағы «Жұлдыз» журналдарында және М.Мырзахметовтің [94], Р.Нұрғалиевтің [95] «Арай», «Заря» жуналдарында жарияланған мақалаларда ақын шығармаларының идеялық, мазмұндық ерекшеліктерін айта келіп ондағы көтерілген әлеуметтік мәселелер мен халықтың тұрмысы, қоғам және ондағы құбылыстардың адам өміріне ықпалы жайлы атқанын да көрсете кеткен.

Кейін 1988 ж. Ж.Бектұров «Ақын мен жауыз» атты балладасын жазды. Мұхтар Мағауин «Абайдың ақын інісі» деген тақырыпта мақаласын жариялап, Шәкәрімнің шығармашылық өмірбаянын халыққа алғаш танытушылардың бірі болды. Өмірі, шығармашылығы жайлы мәліметтерімен қоса ақынның «Жолсыз жаза яки кез болған іс» поэмасын да халыққа ұсынды.

Ақын Ә.Тәжібаев пен ғалым Ш.Қ.Сәтбаева Шәкәрімнің 1989 ж. баспа бетін көрген шығармалар жинағына жазған алғы сөзінде «Шәкәрім ақын мұрасын зерделеуде бірінші мән беріп қарайтын мәселе - Шәкәрім шығармаларының өз бойына сол кезеңнің күрделі мәселелері мен қарама-қайшылықтарын жинақтағандығы, себебі Ш.Құдайбердіұлы өмірінің көлемді бөлігі күрделі тарихи оқиғалармен сәйкес келеді. Олар - 1905-1907 жж. революция, столыпиндік реформа, бірінші дүниежүзілік соғыс, Қазақстандағы 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс, Ақпан және Қазан төңкерістері, азамат соғысы, Кеңес үкіметінің орнауы, ұжымдастыру. Міне, халық өміріндегі осыншалықты қайшылықты саяси-әлеуметтік өзгерістер ақын шығармашылығына әсер етпей қалған жоқ» [96] деп жазды. Мұнда ақын өмірінің бүкіл кезеңдері мен ондағы саяси әлеуметтік ахуал сипатталған.

Ғалым Ш.Қ.Сәтбаева 1990 ж. «Құдайбердиев Шәкәрім» кітабында «...Айна - сәуле, сөз өнері - өмір сәулесі, суреттемесі деген ғылыми-философиялық, эстетикалық көзқарасқа меңзейді, негізгі мазмұн - қазақ болмысы, қазақ өмірі деп таниды» деген. Сондай-ақ ғалым, Ш.Құдайбердіұлының өскен ортасы, көрген тәрбиесі, Абай мен Шәкәрім арасындағы ұстаз бен шәкірт сипатындағы қарым-қатынасы, Шәкәрімнің орыс әдебиетімен, сол арқылы батыс еуропалық әдебиетпен танысуы, ақынның орыс достары, Ф.Достоевскиймен хат алысуы, лирикалық туындылары, ақынның сопылық поэзияға қатыстылығы, поэмалары туралы ой-тұжырымдары және т.б. мәселелер талданған.

1990 ж. ғалым Х.Сүйіншәлиев [29] құрастыруымен «Рауан» баспасынан Шәкәрім Құдайбердиевтің әлеуметтік, ағартушылық, ақылгөйлік сипаттағы өлеңдері және «Ләйлі-Мәжнүн», «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» атты эпикалық поэмаларын жариялайды.



Шәкәрімнің шығармашылығындағы философиялық толғамдар туралы еңбектерді белгілі абайтанушы Ғарифолла Есім бірсыпыра мақалалар жариялады. Шәкәрім Құдайбердіұлының 140 жылдық мерейтойына арнап ғалым Ғарифолла Есім ойшыл ақынның бес сұрағына жауап беруді қолға алады. «Абай» журналында өз ізденген жауаптарын жариялаған.

Шәкәрімнің мұрасын зерттеуді педагогикалық қырынан алғашқылардың бірі болып қарастырған А.Құдиярова [97] «Шәкәрім - педагог, ғалым, ағартушы» мақаласында ақынның педагогикалық, ағартушылық көзқарастарының, шығармашылық мұрасының ұлттық және жалпы адамзаттық тегін талдай келе оның педагогика саласындағы ерекшеліктер ретінде мыналар көрсетіледі:

1. Қазақ халық педагогикасы.
2. Үйелмендегі тәлім-тәрбие әдістері. Абай сабақтары.
3. Шығыс классиктерінің ағартушы-педагогикалық идеялары.
4. Европа мәдениеті, ғылым, әдебиет қайраткерлерінің гуманистік ой-пікірлері.
5. Л.Толстойдың жеке адам қулығын жетілдіру ілімі.

Жазушы Мұзафар Әлімбаев [98] «Мәнді нақыл - әрлі ақыл» мақаласында Ш.Құдайбердіұлының поэтикалық шығармаларындағы нақылдар жайлы айта келіп Шәкәрім қажы сияқты кемеңгерлеріміздің кемел ойларын, келісті нақылдарын, ақылиясын терейік, балаларымызға өнеге етіп ұсынайық, бүкіл халқымызға таратайық, қала берді қара жердің бетіндегі халықтар тіліне аудартып, насихаттайық. Сонда елдігіміздің туы биіктей түседі деген еді. Бұл тұжырымдар да Шәкәрімнің педагогикалық ой-пікірлерін жүйелеуге бағытталған алғашқы қадамдардың бірі еді.

Зерттеуші Г.Әбдірәсілова [99] «Шәкәрімнің дүниетаным ерекшеліктері» тақырыбындағы мақаласында Шәкәрімнің философиялық дүниетанымы тарихи, саяси-әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты халқымыздың ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басындағы рухани даму дәрежесін көрсетеді. Солай бола тұра осы халықтың арнайы оқу орнында оқымаған, жүйелі білім алмаған Шәкәрім тәрізді өкілінің өздігінен ізденіп, оқып-үйреніп жасаған бірегей философиялық ой-тұжырымы, ойшыл ақынның даналығын байқатады және оны алғашқы ұлттық философиялық жүйе деп көрсетеді.

Зерттеуші ғалым Д.Кішібеков [100] «Шәкәрім - философ» мақаласында Шәкәрім Құдайбердіұлы дарынды ақын ғана емес, терең ойшыл, ғылымға берілген, танымдық дүниесі жоғары, ұдайы ізденіс үстінде өткен философ ғалым болғанын атап кетеді.

Шәкәрімнің осы «Үш анық» еңбегін ғалым Т.Кәкішев [101] құрылымы және қозғалған мәселелері жағынан үш бөлімге бөледі. Біріншісі- дүниені ғылыми тұрғыдан түсіну, ғылыми тұжырымдар жасау. Екіншісі- магнетизмге, телепатияға сену. Бұл бөлімде де Шәкәрім Батыс елдері авторларының көтерген мәселелерін өзінше талдау арқылы топшылайды. Үшіншісі - рух, жан, ұждан туралы пікірлер. Сөйтіп, Шәкәрімнің «Үш анық» деп отырғаны мына мәселелер деп көрсетеді: біріншісі- затшылдық, дүниені ғылыми жолмен тану, екіншісі -

діни ұғымдар, ғажап жағдайларға сену, үшіншісі - ұждан, нысап, әділет, мейірім деп бөліп, адамдардың моральдық мәселелерін арнайы қозғайды.

Көп ғалымдарды толғандырған осы еңбегі жайлы Р.Бақытжан [102] «Шәкәрімнің үш анығы немесе таным таразысындағы ақиқат» мақаласында және ғалымдар Ж.Алтай, А.Қасабек, Қ.Мұхамбетәлидің [103] «Философия тарихы» деп аталатын оқулықтағы Шәкәрімнің «Үш анығына» байланысты зерттеулерде орын алған кейбір қате пікірлерді келтіреді.

Біріншіден, «...Шәкәрім ешқандай идеализм және материализм деген жолды да, ұғымды да анық деп көрсетпеген.

Екіншіден, Шәкәрім ешқашан ғалам болмысын, адамзат баласын табиғат жаратты деген жоқ, ойшылдың ойынша он сегіз мың ғалам жаратушының күдіретімен жаратылған.

Үшіншіден, Шәкәрім әлемді хаос, кездейсоқтық патшалығы деп түсіндірген жоқ. Керісінше ол дүние ерекше гармонияда, белгілі бір мақсатпен, асқан шеберлікпен жаратылған деп дәлелдеуге тырысып баққан ойшыл.

Төртіншіден, Шәкәрімді дінсіз деп айту - барып тұрған ағаттық болар еді. Шәкәрім тек дінді бұзып теріс насихат жүргізушілерді ғана сынға алған. Сонымен қатар, «Ақын көп өлеңдерінде өмірге материалистік көзқарасын байқатады» деу - қате пікір.

Өйткені, Шәкәрімнің әрбір сөзі тұнып тұрған иман, сыры терең мәнді дүниелер. Жалпы кез-келген өлең өз табиғатында ешқашан материалистік бола алмайды. Шәкәрімде үшінші анық деген ұғым жоқ. Онда «Үш анық» қана бар. Шәкәрімнің ойынша, адамның барлық рухани қасиеттері жаннан шығады. Сондықтан адамның жаны өледі ме, жоқ па соны анықтау - «Үш анық» философиялық трактатындағы басты мәселе. Жоғарыда айтылған оқулықтағы Шәкәрімнің дүниетанымына байланысты пікірлер жас ұрпақтың санасына ойшылдың дүниетанымын теріс насихаттап, зиянын тигізіп жатқанын айтып кетуді міндет санап, сол көзқарастармен келіспей, өз ойын тұжырымдайды [101].

Шәкәрімнің өмір сүрудің мәні - адамның өз болмысына, жан дүниесіне үңілуі, өзін тану және жаратушысын тануға ұмтылысы идеясы адам мен қоғам, адам мен жаратушы қарым-қатынастарын терең тануға жол салады. Әлеуметтік педагогикада бұл өсіп келе жатқан жас адамның өзін тануы, сол арқылы басқаларды тануы, жаратушы жайлы ой пікірін реттеуіне мүмкіндік береді. Ғұлама ақынның адам, жаратушы, Алла, жан, рух жайлы пікірлерін жас буындардың дүниетанымын қалыптастыруда пайдалану нәтижелі болары хақ. Өйткені ақынның ой пікірлері терең ғылыми таным мен нанымнан туындаған.

«Шәкәрімнің үш анығы» деген кітабының авторы Досым Омаров бұл шығарма мазмұнында имандылық, жан қасиеті, келесі өмір тәрізді адам өміріне маңызды мәселелерді талқылап, жазады. Ақынның көзқарастары көптеген ғалымдар зерттеулерінің негізгі объектісі болған. Атап айтқанда Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығын А.Амребаев [104], А.Тілеуханова [105], Г.Аюпова [106], З.Ахметова [107], С.Ізтілеуова [108], және т.б. көптеген ғалымдар зерттеген.

Ғалым А.Омаров «Шәкәрімнің өмірбаяны» (2007 ж) атты монографиялық еңбегінде [109] ойшыл ақынның болмысын, өмір сатыларын, әлеуметтік жағдайы мен адамдық қасиеттерін саралайды. Онда XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегіне қатысты көптеген қызғылықты деректер, Абай мен Шәкәрімнің, Шәкәрім мен М.Әуезовтің арақатынасы және үш алыптың өскен, өмір сүрген ортасы жайлы мағлұматтар келтірілген.

Осы мәселені Ж.Қ.Ахметова [110] «Шәкәрім поэзиясындағы ауыз әдебиетінің үлгісі» атты баяндамаларында «Халық мұрасын өз шығармаларына арқау еткен Шәкәрімнің фольклорға қатынасы бірнеше тараптан байқалады. Ең біріншісі- қазақтың төл халық поэзиясының бүкіл көркемдік пен сюжеттік элементтерін шеберлікпен пайдалануы; екіншісі- қазақтан басқа елдің де фольклорлық сюжетін өз шығармасына арқау етуі; үшіншісі- қазақ халқының кейбір мақал-мәтелдері мен шешендік сөздерін жинап, газет, журнал беттеріне бастыруы мен шежіре жазғандығы» - деп жазады.

Ә.А.Тұрышев, А.Қ.Тұрышев «Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп: дәуірі бір тұлғалар, шығармашылық жолдары» [111] атты еңбегінде оларды білім деңгейі жағынан да, ой-өрісі мен дүние танымы жағынан да өзара сабақтастырады. Тұтынған рухани азығы да, өскен ортасы, заманы, дәуірі бір болған, үшеуі қазақ мәдениеті мен шығыс мәдениетін және орыс мәдениетін меңгере отырып халықты ғылым мен білімге ұмтылуға уағыздады. Бұлардың қоршаған ортаны тану, дүниені ұғыну, сезіну, әлеуметтік-экономикалық жағдайды түсінуі оны жырлау, тақырыпты тану жағы, көзқарасы жақын, бойындағы бар рухани байлығын халқына арнады деп жазады.

Белгілі болғандай Шәкәрім бірсыпыра батыс, шығыс әдебиеті үлгілерін қазақ тіліне аудару арқылы қазақ оқырмандарын әлем әдебиетімен таныстырды. Ондағы өмір салтын көрсету арқылы халықты жаңашылдыққа жетеледі. Ж.Қ.Ахметова [112] «Шәкәрім және аңыздар» деген еңбегінде біріншіден, Шәкәрімнің дүниежүзілік әдебиеттің озық ойлы өкілдерінің есімдерін әрдайым құрметтеп, оларды өзінің өлеңдерінде үнемі насихаттап отыруы десек, екіншісі – ақынның Л.Толстой сияқты өз заманының алып шығармашылық байланыста жүргені, үшіншісі - әрі ең маңызды саласы - Шәкәрімнің өзге елдер әдебиетінің озық үлгілерін тәржімалаудағы өлшеусіз еңбегі деп көрсетеді.

Филология ғылымдарының кандидаты А.Сейсекенова [113] «... Қозғауға керек қолқабыс» деген баяндамасында Шәкәрім мен Гете шығармашылығындағы ой, мен сөз, іс-әрекет тұтастығы пікірінің сабақтастығын көрсете келе мыналарды атап өтеді:

1) Шәкәрім де, Гете де өз шығармаларында идеалистік философияны жақтаушылар ретінде әлемді ең бірінші ой жаратты деген идеяны алға тарта отырып, ой мен сөз және іс-әрекеттің бөлінбейтін тұтастығында екендігін айтады;

2) Екі ақын шығармаларында кез-келген қозғалыс ұғымы жан, мән, қуат, ой, сөздің адамнан жоғары болмысқа қатынасы үйлесімді қамтылған дегенді білдіреді;

3) Қозғалыс түсінігі сонымен қатар әлемді оймен, сөзбен, іспен өзгерту, халық игілігі үшін еңбек ету мағынасындағы ағартушылық ойларымен де тұтасатындығына назар аударған.

Екі ақын шығармаларындағы ой мен сөз және іс-әрекет тұтастығы қазіргі психологиялық және әлеуметтік педагогикалық тұрғыдан алып қарағанда күнделікті тұрмыста, кез-келген қызметте, тіпті қарым-қатынаста адамның болмысын көрсететін өлшеуіш десе де болады. Осы үшеуінің бірінің кем болуы, Абай сөзімен айтсақ «жол да жоқ жарым есті жақсы демек». Қатты айтылса да әділ сөз. Осылардың жеткіліксіздігі адам бойындағы ауытқушылыққа болмаса да кемшілікке жатады.

Қазақ топырағында ғұмыр кешіп, артына өшпес сол жауһар мұралар қалдырған ғұламалардың ойлары, еңбектері жөнінде, астарындағы сыр-сипат, мағына жайында тереңірек зерттеу жасаудың маңызы күн өткен сайын арта түсуде. Сондықтан Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығын талдау арқылы дана сырларындағы түйіндерді табуға, тәлім-тәрбие турасындағы ұстанымдарын ғылыми айналымға енгізуге бетбұрыстар басталды. Елімізде соңғы кездері Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мирастары арнайы зерттеу нысанына айналып, ғылыми сала ретінде қалыптасып келеді. Ғалымдар ойшылдың әлеуметтік және тәлім-тәрбие жайлы көзқарастарының негізін анықтауға талпынуда. Мәселен, Ғ.Есім [24] ақынның философиялық көзқарастарын жан-жақты талдап, жүйелеуде көп жұмыстар атқарса, Қ.Жарықбаев, С.Қалиевтер [114] мен А.Құдиярова [115] зерттеулерінде Шәкәрімнің тәлім-тәрбиелік дүниетанымы әртүрлі қырларымен көрініс тапқан. А.Құдиярованың диссертациялық зерттеуі алғаш рет шәкәрімнің педагогикалық көзқарастарын арнайы тақырып етіп қарастыруымен ерекшеленеді. Осы еңбектерді атай отырып, біздің зерттеуімізде Шәкәрімнің әлеуметтік-педагогикалық ой-пікірлері арнайы желі ретінде алғаш рет қарастырылып отырғандығын айтуымыз керек.

Шәкәрім жөнінде жарық көрген әдебиеттерді жан-жақты талдай отырып, оның педагогикалық көзқарасын, ағартушылық қызметін, ақынның даралық ерекшеліктерін танытатын қасиеттерін саралай келе ғылыми жүйеге келтіріп зерттеу және болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесінде кеңінен пайдалану, мектеп мұғалімдеріне бұл бағытта әдістемелік нұсқаулар беру қажеттілігі туындайды.

Шәкәрімнің педагогикалық-ағартушылық және психологиялық көзқарастары туралы айтқанда, ұлы ғұламаның ағартушылық-психологиялық мұрасын зерделеуде белгілі педагогика және психология ғылымдарының тарихын зерттеуші көрнекті ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев пен С.Қалиевтің [114] Шәкәрім Құдайбердиев туралы зерттеу еңбектерін ерекше атауға болады.

Үздіксіз әлеуметтік тәрбие мен білім беру бала-бақшадан бастап, жоғары оқу орындарына дейін белгілі бір ойға негізделіп құрылып, жалғасын тауып отырса, оң нәтиже береді. Біздің алға қойған мақсатымызда осы. Қазіргі заманғы жастар өзінің болашағын өзі жасаушы, өзінің күнделікті алып жүрген білімін ерік-жігері мен шығармашылық белсенділігін іс-әрекеттің белгілі бір түрін меңгеруге жұмылдырып, өмір ағымына икемделе білетін өз болашағына

сеніммен қарайтын жеке тұлға болуы тиіс екені белгілі. Әлеуметтік педагогика тарихындағы ақтандақ парақтарды ақтаруға бағыт алған осынау үрдіс үздіксіз жалғасын тауып, монографиялық зерттеу еңбектерін дүниеге әкелді. Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Базарбаев, Ә.Дербісәлин, М.Дулатов, М.Жұмабаев жөнінде ой толғаған С.Қирабаев [116] т.б еңбектері осынау алып қаламгерлердің шын мәніндегі шығармашылық қуатын айқындап, лайықты бағасын берген зерттеулер болды.

Педагог және психолог ғалымдар мен әлеуметтанушылар зерттеулерінде ауытқулардың себептерін физикалық (дене кемістігіне байланысты) типтегі, психологиялық талдаулар (психоаналитикалық) теориясы, әлеуметтік және мәдениет теориясы негізінде бөліп қарастырады. Осы және басқа да алғашқы ауытқулар, мәдени ауытқулар, девиантты (қылмыс) және делинквентті (қылмысқа жақын) мінездердің пайда болуы себептеріне қатысты зерттеулерге сүйене отырып бұндай келеңсіздіктер мен қылмыс секілді теріс әрекеттерге итермелейтін себептерді З.Фрейд [46], Ч.Ломброзо [47], Э.Кречмер [117], В.Шелдон [118], Э.Дюркгейм [119] секілді ғалымдар зерттеп талдаған. Айталық, З.Фрейд «мәдениетті танымайтын» деген ұғым пайдаланады. Ғалымның осы «мәдениетті танымайтын» деген пікіріне сүйене отырып, мінезінде Шәкәрім айтқан «шولاқ ойлап, шолтаңдап сырттан сынбақ» белгілері көрініс тапқан және бұдан басқа да «арсыз, арам, асығыс, айлакерлік» тағы басқа өз басына да, қоршаған ортаға да зиянды қылықтарды әлеуметтік проблема ретінде қарастыруға болады деген пікірдеміз.

Зерттеуші ғалым Р.Мертон [120], мақсат және оған қол жеткізу жолдарына байланысты адамдардың мінез-құлық типтерін - конформист, жаңашыл, оқшауланушы, бүлікшіл деген типтерге бөледі. Күнделікті өмір сүру нормаларында кездесетін келеңсіздіктер мен тұрақсыздықтар себепті тұлғаның белгілі бір мінез-құлық, жүріс-тұрыс жолын таңдап ала алмауын Э.Дюркгейм аномия немесе норманың жоқтығы деп атаған. Шәкәрім мұндайларды «ку менен сұмды кім жиса – шын мықты сол. Ардан күсіп, арамның біреуі...» -деген.

Бұл типтерді практикада қолдануда жекелеген адамдарда бұлардың таза түрде кездеспейтінін, мысалы, бір адам конформист, біреу бүлікшіл деп ат қойып, айдар тағу өте күрделі. Адамның мінезі мен қылық-жорығында олардың қайсысы басым болса соған байланысты анықталатынын ескеру керек екенін қаперге алу маңызды. Ұзақ жылдар ауқымында адамның мінез-құлық, жүріс-тұрысы мен іс-әрекетіндегі ауытқуларды бағалау және ондай адамның дені сау мен ауру арасында болуы себепті, қайсысына жататындығын, шекарасын бөліп қарастыру мәселесіне ғалымдар бір есептен мән бермеді, екінші бір жағынан оны «сотқарлық» деп қана қарастырды. Кейін келе қоғамдық тәртіп бұзушыларды кейбіреулер психикалық ауру тұрғысынан бағаласа кейбіреулер оны көрмеуге тырысты. Мысалы, мінез-құлықтағы ауытқуларды танып-білетін девиантты психология ғылым ретінде туындағанша «құмар ойындарға» әуестік немесе құмарлыққа берілу, шизофрения мен психозға қарағанда маңызды емес деп танылды.

Сонымен, бұл параграфта біз Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығын зерттеген философия, әдебиет, дін, тарих және педагогика ғылымдары ғалымдарының көзқарастарына талдау жасадық. Олар зерттеулерінің қоғамдық мәні мен өміршеңдігін, өскелең ұрпақ алдындағы сұранысына сипаттама бердік. Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық көзқарасының өзіндік ерекшелігінің болуының себептері бар. Оған әсер еткен факторлар мен алғышарттарын келесі параграфта қарастырамыз.

## **1.2 Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-тәлімдік ойларының қалыптасуына ықпал еткен алғышарттар**

Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір кешкен дәуірі мен сол кездегі қазақ жеріндегі әлеуметтік-экономикалық ахуал жайлы көптеген зерттеуші ғалымдар тарихи, философиялық, саяси тұрғыда айтарлықтай зерттеулер жүргізген. Біз зерттеуге алып отырған Ш.Құдайбердіұлының әлеуметтік–тәлімдік ойларының туындауына ықпал еткен алғышарттары оның өлеңдерінің мазмұны мен көзқарасындағы тұжырымды ойларынан көрінеді. Себебі, ақынның өлеңдерінде айтылған кейбір адамдардың мінез–кұлқы, жүріс-тұрысы, қылық-жорақтарына байланысты әлеуметтік-педагогикалық сипаттамағы көзқарасы сол замандарда да адамдар бойынан көрінетін келеңсіз әрекеттер қоғамдық талаптарды қанағаттандырмағандығынан дерек береді.

Шәкәрім шығармаларындағы адамдардың бойындағы кейбір қисынсыз қылықтар, кері кеткен әдеттерге тоқталсақ, оларды ақын: надан, еріншек, маскүнемдік, нашакорлық, ұрлық, ашушандық, ұрыс- керіс, араздық, алдау, өтірік, кулық, сұмырайлық, мақтан, ел қыдыру, сұрамшақ, дарақы, шабан, бәңгі, тантық, жалқау секілді қасиеттермен байланыстырып сипаттаған. Ақынның әлеуметтік-педагогикалық мұраларының құндылығы жоғарыда аталған қасиеттерді сипаттап қана қоймай, олардан құтылудың немесе түзетудің жолдарын да қарастырғандығында болып отыр.

Шәкәрім және одан бұрынғы, сонымен қатар одан кейінгі ақын-жыраулар, ғұлама ғалымдардың барлығы да өз шығармаларында халықтың әлеуметтік ахуалын жырлап, келеңсіздікті жою немесе тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу және т.б. тәлімдік тұрғыда айтқаны, жазғаны белгілі. Сонымен бірге, қазақ халқының ауыз әдебиеті, ертегі, аңыз, мақал, мәтел, жыр, дастандар, би- шешендердің қалдырған мұраларының барлығы да адам және оның өмірі, балалар мен жастар тәрбиесіне арналған. Олар сынау, мінеу арқылы келеңсіз істерді айқын көрсетіп алады да, одан соң түзету, реттеу, болдырмау туралы ақыл-кеңестер береді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік–тәлімдік ойларына ықпал еткен ахуалдарды қарастыруда оның өмірі мен шығармаларындағы ойларының өзара сабақтастығына мән бердік. Әр нәрсенің даму, қалыптасу жолын кезеңдермен зерделеу, оның ішкі үрдістерін пайымдауға, сол арқылы қажетті тұстарын бөліп алып нақтылап көрсетуге көмектеседі. Сондықтан ғұлама ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының өміріндегі әлеуметтік педагогикалық ойларының

калыптасуына ықпал еткен ахуалдарды, оның шығармаларымен қабыстыра зерделеуге ұмтылды.

Ғұлама ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық өмірі мен ғылыми шығармашылық өмірін кезеңдерге бөлуге оның өзінің «Мұтылғанның өмірі» шығармасының мазмұнында айтылған сипаттамалары мен баяндаулары көмектеседі. Бұл өлеңін ол 1929-1931жж. аралығында жазған.

Шәкәрім он жасқа келгенде мылтық атып, домбыра, гармонь үйреніп, тіпті, бала қиялмен киімді сырлап киіп, сағат пен органға (күй сандыққа) таңырқап қарап, сырын білу үшін ішін бұзып ашып та көреді, телеграмма жайын білуге ұмтылады. Сурет те салады, өз киімін өзі пішіп тігіпті деген де сөз бар.

Он беске толғанда қаршыға, бүркіт ұстап, құс салып, серуенге шығады. Осы тұста ағасы Абайдың өлеңдерін тыңдап, оқып: *«ойым бар өлең айтқандай, ғылымға таман қайтқандай»* деп, ақындық өнерге де ден қояды. Абай інісі Шәкәрімнің бойында туа біткен ақындық қасиеттің бар екенін ескеріп, өз тәрбиесіне алған.

Шәкәрім жиырма жасынан былай қарай, аз да болса ғылым жолына түскенін «Мұтылғанның өмірі» атты өмірбаяндық дастанында былайша баяндайды:

*Жиырмадан өткенде,  
Аз ғана ғылым оқыдым.  
Алғызып кітап шеттен де,  
Көңілге біраз тоқыдым.* [96, 58 б]

Жиырма-жиырма бір жасында жазған өлең-жырларында елдің қотырын қасымай, мұңдарын ескермей, жастарға ғана ұнайтын, солар ғана тыңдайтын «Жастық туралы», «Кәрілік туралы» атты өлеңдер жазады. Абайдың ақындық кітапханасына терең үңіліп, ақыл-кеңесімен шеттен кітаптар алғызып, білмеген, түсінбеген жерлерін сұрап, ғылым жолына енді түсіп келе жатқанда, еріксіз болыстықтың тоқымын жамылады.

Болыс болып сайланған Шәкәрім еріксіз жемтік шоқып, ақындық, ғылым жайы жолына қалып, атақ тағынып, айла жамылып:

*Жиырма мен қырық арасы-  
Жас өмірдің сарасы,  
Бос өткенін қарашы,* [96, 62]-

деп, жиырма жыл өмірін бос өткізгені үшін қатты өкінеді.

Шәкәрім қырық жасқа дейін түрікше біліп, араб, парсы, орысшаны аудармамен ғана оқи білетін-ді. Қырықтан былай қарай адасқан азғын діншілдердің, пәншіл ғалымдар мен философ ойшылдардың жазғандарын оқып, ақылға сыймаған дәлелдерін сынайды.

Өмірінің алғашқы жылдарына берген сипаттамасынан оның *«Тоймаса да ойынға, тағылық бар бойымда, ерекшелік ойымда»* дегені, өзінің көп нәрсеге қабілетті болғанын сезгендігін білдіреді, ол *«он жасыма кірген соң, домбыра, гармонь білген соң, мылтық атып жүрген аңшы боп түстім азапқа»* деген екен [121, 146 б]. Осы кездегі өзінің әр нәрсеге қызығушылығын *«сағат пен орган жүргенін, таңырқап ашып көргемін...телеграм жайын білгемін...»* бір үйден

екінші бір үйге қазыққа ішекті тартып (шекті керіп қадаққа) телеграм сымын жасап көргені, ғылымға, инженерлік іліміне қызығушылығын көрсетеді.

Ертеректегі тарихта аты қалған ғұламалар мен кейінгі ғалымдардың көпшілігінің сурет пен музыка өнеріне еліктегені тарихтан белгілі. Шәкәрім де *«сурет жасап, түр ойдым»* дегені көркем суретке еліктегенін және қол өнеріне де қызыққаны, оны солардың қатарына қосуын меңзейді. Оның өзіне киім тіккені де айтылады зерттеушілер тарапынан. Бұл - психологиядағы бір нәрсеге дарынды, қабілетті адамның көп қырлы болатындығының Шәкәрім бойынан табылған мысалы. Өйткені, ол адамның психофизиологиясы мен өскен ортасы, туа біткен дарыны мен қабілетіне байланысты.

Осы өлеңінде *«Он бесіме келгенде... құс салып жүрдім серуенде... ойым бар өлең айтқандай, ғылымға қарай айтқандай...»* деп ерте ақыл тоқтата бастағанын *«Жиырмадан өткенде аз гана ғылым оқыдым, жолына түстім осының»* [121, 56 б] дегені енді ғылымға бет бұрғанын білдіреді. Жиырмадан қырық жасқа дейінгі аралықтағы бір дәуренін ақын мәнсапқа бой ұрып, ел басқаруға араласқанын және одан елге пайда жоқ болғанын ұғынуын *«Өнерлі, шебер тіл-жақты, алады-деп бұл бақты, еріксіз маған ел жапты, болыстықтың тоқымын»* - деп келтіреді.

Ақын өзі өмірінің осы кезеңін *«Жиырма жыл өткенше, өткіздім сүйтіп өмірін, қырыққа жасым жеткенше»* дегенінен жиырма жастан кейінгі қырық жасқа дейінгі аралықтағы көрген күні, істеген ісінен хабар береді. Ол туралы отыз жас аралығында төрт нашар іске еліктегенін өзі мінеп *«Жуандық тағы, бір қыл құрт, жетім, ерке болып құрт мансапқа мінген мен бір мас»* дегеніндегі «жуан» сөзі бай, шонжарларға қарай айтылған, ал еркелік те бір кемшілік, «құрт» дегені орынсыз қылық, сөзге байланысты айтылатын, мансапқорлық та жақсылық әпермейтін кемшілік. Бұларды өзі сезініп, дер кезінде бас тартқан.

Сөйтіп ғалым, ақынның өмірінің **алғашқа кезеңіне** қырық жасқа дейінгі аралықты жатқызуға болатынын және бұған дәлел, оның өзінің осы *«Мұтылғанның өмірі»* шығармасындағы лебізінен көруге болады, *«Жиырма мен қырық арасы- жас өмірдің сарасы, бос өткенін қарашы»* деп өкінеді ол. Ғалымдықтың бір белгісі «болдым, толдым» демей, тағы да іздене түсуге ұмтылу, үнемі жан дүниесін байытуға ынталы болуы.

Бұл жастар мен балаларды әлеуметтендірудің басты ұстанымы басқаша айтқанда Шәкәрімнің өз басы, өзіне риза болмай өткен өмірін бос кетті-ау деуінің өзі үлгі аларлық іс.

Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниетанымының қалыптасуына әсер еткен, алғашқы ықпал – ұстазы ұлы Абайдың тәрбиесі, сонымен бірге шетелдерге сапарға шығып, Еуропаның Париж, Стамбул сияқты атақты шаһарларын аралауы себепкер болды. Ойшыл ақын сол сапарында аталған қалалардың кітапханаларына кіріп, көне кезеңнен бастап, ХІХ ғасырға дейінгі ғалымдардың еңбектерімен танысты, әр мектептің, әр бағыттың көзқарастарын оқып-білді.

Елге келгеннен кейін Шәкәрімнің қаламынан философиялық, теологиялық сарындағы көлемді трактаттар туындады. «Үш анық», «Мұсылмандық» шарты сияқты дүниелер ойшылдың діни, философиялық танымының жоғары дәрежеде



кеңейгендігін көрсетеді. Осыған орай Д.Досжан Абай мен Шәкәрімнің шығармаларындағы рухани сабақтастықты Абайдың «Адам бол!» дегені Шәкәрімнің «Адам немене?» дегенімен байланысады дей келе олардың рухани үндестігін, екі ақынның да халық жайын ойлап, өркениетке жетуін аңсағынан атап көрсетеді [122].

Жастайынан мұсылмандық тәрбие көрген, Құран, тәпсір, фикһ, хадис ілімдерін ділге тоқыған Шәкәрімнің дүниетанымдық бастаулары Ислам дінінің негізінде қалыптасты. Ол зерделей келгенде, Ислам дінінің қағидаларын, шарттарын өте терең меңгерген теолог ғалымның сипатын танытады. «Мұсылмандық шарты» деп аталатын еңбегінде шарифат шарттарына жүйріктігін көрсетеді, әр айтқан сөзіне, пікіріне дәлел ретінде Құран аяттарынан, пайғамбар хадистерінен сілтеме келтіріп, ұсынған уәждерін нақты дәйектермен шегелеп отырады. Бұл еңбектің діни тіршілігін жандандыруға бет бұрған бүгінгі қоғам үшін мысқалдай маңызы төмендемеген дүние екендігіне дау жоқ.

Осы жерде «Мұсылмандық шарты» сияқты шарифат талаптарының бүгешігесіне дейін талдаған шығарма иесінің «Үш анық» деген туындыны жазудағы көздеген мақсаты не? Шынайы ақиқаттың, кемелдіктің қағидаларын тек діннен іздесе, түпкілікті ойына бөгде сөз, бөтен пікір араластырмай-ақ қойса болмай ма? Және не үшін атеизмге, материализмге немесе дінге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын теорияларға ауқымды орын беріп, оларды жеке-жеке талдап, тексеріп, түп негізіне көз жеткізуге талпынған?» деген сұрақтар туады.

Бұлар болашақ ғұлама (оқымысты) ақынның қалыптасуына ұрымтал ықпал еткен әлеуметтік жақын орта. Басқаша айтқанда, отбасы тәрбиесі және ондағы Абай сынды танымал ғұлама ақынның ықпалы. Бұны ақынның әлеуметтік тәлімдік ойларының қалыптасуына әсері мол өмірінің алғашқы бірінші кезеңіне жатқызуға болады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының сабақ алған мектептерінің бірі халық ауыз әдебиеті болағаны белгілі. Мақал–мәтелдердің ерекшелігі, оларды ғасырлар бойы халық өткен ұзақ өмірдің шежіресі деуге болады. Осыған орай Шәкәрім мақал-мәтел, жұмбақтарды, шешендік сөздерді өз шығармаларына арқау етіп, оның тәлімдік-тәрбиелік танымдық мәнділігін жоғары бағалаған.

Шәкәрім мақал-мәтелдерді пайдаланумен бірге, кезінде өзі жинап, баспаға әзірлеген, олар баласы Ахаттың көшірмелерінде қалған барлығы жүз отыз жеті мақал-мәтелдері бар. Шәкәрім шешендік сөздерге де ерекше мән берген. Қазақ халқының, кейбір мақал-мәтелдері мен шешендік сөздерін жинап, газет-журналдар беттерінде бастырады және шежіре жинайды. Ол жеті жасынан бастап өлең жазуға икемділігін көрсеткен.

Ақын өмірінің **екінші** кезеңінде ол өз өмірі және жақын ортадағы тарихи, саяси, әлеуметтік ахуалдарға назар аударып өй жүгіртіп, биліктен бас тартып ғылымға тереңдете кіріскенін және тапқан ілімін қара сөзбен де, ғылыми тұжырымдармен де, өлең сөзбен де елге жеткізуге ынталы болғанын байқатады.

Шәкәрім өмірінің кезеңдерін айқындауда оны шартты түрде деуге келмейді. Өйткені ол өзінің әр бір көтерілген жаңа сатысын атап өтіп ондағы жеңісі мен табысын жіберген кемшілігін айтып, жазып отырған. Мысалы, «қырыққа келіп

*астым бел, деді бір ой көзіңді аш!»* деп жаңа кезеңнің бастамасын атап кетеді де *«түрікше ғана білуші ем,...перевод оқып жүруші ем, орысша, араб аралас»,* - дейді де ендігі өмірін ғылым, білімге арнағанын, осы жолға мықтап қадам басқанын *«философ-ойшыл жазғанын, сынауға енді бұрдым бас»,* дей келе *«қырықтан соңғы сөзімді, сынап, таны өзімді...жас қырыққа келген соң, бір ой түсті жаңадан»,* - дейді.

Осы кезден бастап адамтану, елтану, қоғам тану, ортаны тану секілді әрекеттерге бас қойып, ізденіске кіріскен. Осы кезден бастап әр түрлі сұрақтарға жауап іздейді. Мысалы, бұны өзі *«жаздым Қазақ айнасын... қазақтың мінін көп қаздым...»*, - дей келе адам, жан, өмір мен өлім туралы ой жүргізіп іздене келе *«Мұтылғанның өмірі»* өлеңінде *«Осы оймен Мекке барғамын, әр түрлі кітап алғамын...»*, - деп жазады [123].

Ғалым, ақынның өмірін зерттеушілер оның осы жолға түсуіне ағасы Абай Құнанбаевтың көп себепші болғанын, ұстазы ретінде жол сілтеп, соның айтуымен Мекке, Париж, Стамбул және т.б. қалаларға барып кітапханаларда отырып, зерттеулерге кіріскенін жазады. Осы кездегі дінтану бағытындағы ізденулері жайлы *«дін шатағын көп көрдім... іздедім таптым анығын, тастадым ескі танығын... талай дінді тексердім... діншілік көбі адас жүр»,* - деп тұжырымдайды. Ақын өмірінің екінші кезеңінде дін мен ғылым арасын ажыратуға байланысты бірқатар еңбектер жазды және басқа да өлеңдер мен дастандар, аудармалар жаратты.

Атап айтсақ, «Шежіре» кітабында «Қазақ айнасы» лирикалық жинағын жариялады. Елден кетуін, оңашада еркін жұмыс істеуге, ғылымға толық кірісуге қажетсінуінен деуге болады, ел туралы ойларын *«елімнен кеттім елсізге, елуден асқан кезімде... ойға оңаша жер керек...»*, - деп келтіреді. Осы жердегі *«Қауымнан қаштым қағылып, Оңаша өмір сағынып, жасымда біткен тағылық»* дегені ақынның жас кезінде-ақ оқшауланғанды ұнатқанын байқатады.

Шәкәрімнің діни фанатизмнен бойын аулақ салуға білімі мен ақылының жеткендігі, ақылға жүгініп, таза ақылдың, ойдың қуатын жүзеге асыруды артық санағаны, шын хақиқатқа көңілін бекітуді мақсат тұтқаны байқалады. Дін қағидаларын ақылға салмайтын, ойланбайтын, «шолақ ойлы» діншілдер ақынның үнемі сын найзасына түйреліп отырған.

Діни наным-сенімдердің адамның ішкі жандүниесіне әсерінің қуатты екендігі ғалымдар тарапынан да күнделікті тұрмыста да дәлелденіп келеді. Шәкәрім «Үш анық» еңбегінде «пәншілдер» мен «діншілдердің» дәлелдеріне байыппен қарай отырып, жан туралы өзінің жаңаша көзқарасын ұсынады. Мұндағы «пәншілдер» - «материалистер» деген мағынаға сәйкес келеді. Яғни заттың ішкі мәнін, сапасын емес, сыртқы көрінісін зерттеу нысанына айналдырған ағым.

Шәкәрімнің құнды еңбектерінің бірі 1911 ж. жарық көрген «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты шығармасы болды. Осыған дейін ақынның «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» поэмалары жеке кітап болып баспадан шыққан болатын. Ол шетел, орыс және шығыс классиктері Бичер-Стоу Гариет, Л.Н.Толстой әңгімелері мен шығыстың классиктері Хафиз және Физули

шығармаларын қазақ тіліне еркін аударған. Ақын шығармаларының толық жинағы 1988 ж. «Жазушы», «Жалын» баспаларынан жарық көрді.

Шәкәрім ислам дінінің қыр-сырларына өте жетік болған, діни сауаттары өте жоғары, бірнеше шығыс тілдерін білген. Шәкәрім қажы Абайдың ақылымен Түркия, Франция елдеріне сапар шегіп, мұсылман елдерін аралап, ондағы хал-ахуалды көзімен көреді. Ел кезудегі мақсаты - жеткілікті білім жинап, сол жиналған қазынаны ел үшін, халық үшін қарыштау болды. Стамбул, Париж кітапханаларында көз майын тауысып, кітап, қолжазба қараған Шәкәрім қажының ибн Араби, әл-Фараби, әл-Ғазали туындыларымен танысып, есепсіз тағылым түйгендігі ақиқат. Әсіресе, Ғазалидің «Дін туралы ілімдердің қайта жандануы» («Ихия'у 'улум әд-Дин») еңбегінде моральдық, мінез-құлық жөнінде кең талдаулар жасалған. Сонымен бірге, ислам әлемінде Хасан әл-Басри, шах Кирманий, әл-Уасити, Сәһл ибн Тустари, Фузайл ибн 'Ияз сынды көркем мінез жөнінде сөз қалдырған даналардың ой-пікірлерімен танысуы Шәкәрімнің дүниетанымы мен көзқарасын байытып, жаңа деңгейге көтерді.

Ғазали пікірлерінің көбісі Абай мен Шәкәрім сыр сөздеріндегі, шығармаларындағы ұстанымдарында жалғасын табады. Ғазалидің пікірінше, адамның болмысы жануарлық сипаттарға толы. Осы жаман қасиеттерімен толассыз күресуі арқылы жаман қасиеттерінен арылуы қажет. Мұндай адам, адами мәртебеге көтеріледі. Сондықтан кейбір жалқау рухты адамдар, нәпсімен күресіп, мінез-құлқын көркемдеу қиын шаруа болғандықтан, қисынсыз сылтауларды желеулетіп, ахлақты өзгертудің мүмкін еместігін айтады.

Ғазали болса, тіпті аса жыртқыш жануарлардың өзін қолға үйрету мүмкіндігін алға тартады, яғни парасатсыз, қауіпті хайуанның кейбір қылықтарын тәрбиелеу мүмкін дейді. Олай болса, бұлардан әлдеқайда жоғары сатыда тұрған парасатты адамның қылығын неге тәрбиелемеске?

Ғазалише, адамдарға жақсы мінез туа бітеді немесе уақытпен келуі мүмкін. Жақсы мінезге кейін ие болғандар, басқаларға еліктеу, тәжірибеге сүйену арқылы немесе тәлім алудың негізінде де үйренулері ықтимал. Мысалы, бір баланың сөзі, қылығы, жомарт, батыр, жұмсақ және т.б. ізгі қасиеттерге толы болуы мүмкін. Екінші бала табиғатынан осы айтылған мінездерге теріс келеді делік. Бірақ бұл бала тәжірибе, тәлім мен тәрбие арқылы осы сипаттарды бойына әбден сіңіре алады.

Көріп отырғанымыздай, Ғазали уағыз бен үгіт-насихаттар арқылы, іс-тәжірибе арқауында кез-келген адамды кемелдікке баулуға болатынын мақұлдайды. Демек, бұған сәйкес ақыл-өсиет, нақыл сипатындағы жырлар, өлеңдер кісінің жүрегіне әсер етіп, ондағы теріс қылықтардың арылуына жәрдемдеседі. Сондықтан әр сөзден көңіл қанағат табатын, көкейдегі сауалдың шешімін тауып, тоят табатын мағына өрістеуі тиіс. Мұны Шәкәрім Құдайбердіұлы да қолдайды: «*Жыр, өлең, насихат сөз, мақал, тақпақ – Тауып айтса дауасыз дерттің емі*», - дейді ойшыл. «Дауасыз дерт» - Шәкәрімнің ұғымында ой мен жүректегі орасан теріс мінездер. Ал, бұдан жазылуға жол табу үшін айтылған ақыл-кеңеске құлақ салып, бойдағы мінді жоюға бар күшін салып кіріскен ләзім деген қағида Шәкәрімнен де, оның ұстазы Абайдан да табылады.

Дерттен сауықтыру жолы тәрбиеде екені ежелден белгілі. «*Жастай берген тәрбие жас қайыңды игендей*» дейді халық даналығы. Бірақ тәрбиенің өзі адам және қоғамның өсіп-өркендеуі жолындағы қалыптасқан ортаға қарай ондағы өзгерістермен үйлесе отырып, жана мәнге ие болады. Солай дегенмен, тәлім қуатының өзегі халықтық сипатынан ажырамауы тиіс.

Қазақ ортасындағы ақын-жыраулардың, жыршылардың мұрат-мүддесінің сыры осы қағидаға сай өрбиді. Шәкәрім қажының «*Бәрін ұмыт балаларға тәлім үйрет, Баулиды балапанын қаршыға да*» [123] деген өлең жолдарынан оның келешек ұрпаққа деген сүйіспеншілігін, соларға тәлім беру жолындағы қайсарлығын, өжеттігін анық сезе аламыз.

Шәкәрім болмысының күрделілігі мен оның қалдырған мұраларының сан салалы сипаты әр түрлі ғылым өкілдерінің назарын аудартып тың ізденістер тудыруда. Яғни ақын шығармашылығының поэзиямен ғана шектелмейтіндігі философиялық тарихи дерек көздері мен ағартушылық педагогикалық көзқарастарының жүйесін кешенді түрде зерттеудің енді қолға алына бастауы заман үрдісінен туған қажеттілік болды.

Сондықтан қазіргі кезеңде Шәкәрім шығармашылығын белсенді зерттеумен әдебиетшілермен қоса, философтар, тарихшылар, педагогика және психология ғылымдарының мамандары айналысуда.

Ақын өмірінің **үшінші** кезеңінде ғылыми тұрғыда жазылған теңдесі жоқ философиялық, тарихи еңбектеріне дайындық немесе материал жинау, оны ой елегінен өткізу, сараптау және талдау, іріктеу жүргізген деуге болады. Өйткені оның керемет туындылары осы өмірінің үшінші кезеңі немесе 60 жастан өткен соң жазылып жарияланған. Бұны ол «*алпыстан жасым асқанша, жетпіске аяқ басқанша... зарладым, жаздым, ұқтырдым...*» деген [122, 152 б]. Ол дін туралы әлем философтарының пікірлерін талдай келе оларды сараптап, өз пікірін батыл білдірген. Осыған орай психологиялық әдебиеттерді оқығаны туралы «жан сыры - деп жазылған, психология деген пән» дейді. Талай кітап оқығанын айтумен «отыз жылдай жиғаным» - деп материал жинаған сәттерін еске алады.

Жасы егде тартқан кездегі төңкеріс, патшаның тақтан кетуінен зор үміт күткен ол «*түзелер деп қазағым, Николай құлап өлген соң*» дей келе, орыстан күткен жақсылықтың келмеске кеткенін ұғынған ақын үмітінің сөнгенін айта келіп, биліктің бірде ақтарға, бірде қызылдарға өткен теке тірес күрестен кейінгі жарқ етіп жанған арам отының жанған бір сәтін «*руссия болса анасы, Қазақ - жап-жас баласы, жетілсін келсе шамасы*» деп орыстағы бар жақсы нәрселерді қазақ үйренсе екен деген ниетін білдіреді [122, 153 б].

Қызылдар мен ақтар арасындағы күрестің ешқайсысының қазаққа жақсылық әкелмегенін, керісінше мал-мүлігін тартып алып, өздерін нахақ айыптап, орынсыз жазаға тартқанын айта келіп сол кездегі қазақ арасындағы ахуалды «*қорқытып ақша, малды алып, арыз айтсаң шамданып, әркімге зиян еткен кез*» деп суреттеп одан кейінгі ахуалды «*қазақтан ұлық сайланды... ақжүрек атын тағынған... көбейді сұм мен сұрқия... қабыл алып өсек сөз...*» - деген.

Шәкәрімнің өз шығармаларын адамды түзетуге арнағанына дәлел болатын өлең шумақтары баршылық, солардың ішінде аталмыш өлеңіндегі «*найзаны тура саламын, аямай мінін аламын*» дегенін айтуға болады.

Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы «Төрт құбыламызды түгелдейік» деген мақаласында Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» еңбегінің кейбір баптарын жариялап, бұл еңбектің жазылу себебін де талдай кетеді. Онда осы еңбектің жазылуына сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайлардың салдары мен орын алған астарлы мәні бар рухани құбылыстарды айтып кетеді. Шәкәрімтанушы ғалым, Б.Әбдіғазизұлы «Ақынның асқақ үні» мақаласында Шәкәрімді «Сырттай ғана саралап, салғырт жырлаушы дәрежесіндегі ақын емес, бар нәрсенің байыбына терең мән беріп, жақсылыққа қуана, кемшілікке егіле зер салып, сондай кеселдердің тамырына балта шабудың жолдарын іздеуші ақын және де осы жолдағы барлық ой-пайымдарын өз поэзиясына нәр қылып құюшы болды», - деп бағалайды. Сонымен қатар, ол Шәкәрімнің өлеңдерін зерттей келе, оларда негізінен **үш ұғым** үнемі нысана етіп отыратындығын айтады. Оның **біріншісі** - *адам*, яғни оның адамгершілік қасиеті және моралы деп көрсетсе, **екіншісі** - *халық* ұғымы, жеке адамдар бойындағы кемшіліктерді әшкерелеп, жақсы қасиеттерді дамыту, **үшіншісі** - *қоғам өмірі*, айналада болып жатқан қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер мен жаңғыруларға сергек көзбен қарай отырып, жүрегінен жарып шыққан әділ пікірін топшылап, уақыт ағымына үн қосуы деп есептейді. Осының өзі әлеуметтік-тәлімдік ойлардың ақын шығармаларының келіп шығу тегінде жатқандығын көрсетеді.

Б.Әбдіғазиев «Шәкәрім поэзиясы және дәуір тынысы» «Шәкәрім әлемі» атты еңбегінде Шәкәрім шығармашылығына негіз болған әдеби дәстүрлердің түп төркініне барлау жасалып, Шәкәрімнің поэзия, проза, көркем аударма саласындағы тақырыптық ерекшеліктеріне де мән бергендігі жан - жақты талданады [124]. Шәкәрім шығармашылығының көркемдік генезисі мен тақырыптық алуандығы және мазмұндық байлығы да қазақтың фольклорлық қазынасы әдеби мұрасына, халықтық поэзияға, жыраулар шығармашылығына негзделген. Халықтың ауыз әдебиетінде көрініс тапқан қоғамдағы әлеуметтік ахуал, адамдардың арасындағы қарым-қатынас дәстүрі мен нормалары соның ішінде оған сәйкес келмейтін тұстары да Шәкәрім шығармаларында орын тепкен.

Ғұлама, ақын, тарихшы әрі жазушы Шәкәрім Құдайбердіұлы ұстазы Абай сынды Шығыс поэзиясынан үлгі алғаны да ғалымдар тарапынан айтылған. Ол шығыс әдебиетінен махабат, ғашықтық құбылыстарын көркем суреттеу тәсілдерін меңгерумен қоса әдеп, әдет, нәзік сыршылдық әдеби дәстүрлерін үйренді.

Ғұлама ақынның мұраларын зерттеуде ғалымдар Шәкәрімнің өзінен бұрынғы әдеби дәстүрлерді төл шығармаларында шебер пайдаланумен немесе құр еліктеумен шектелмей, сол қайнарлардан тапқан асыл маржандарын өз талантының көрігінде шыңдап, оқырманына өз бояуымен әрлеп, көркемдеп ұсыну даралығын ашуға назар аударды. Шәкәрім мен Шығыстың ұлы

шайырларының бірі Сағди шығармаларының арасындағы сюжет алмасу дәстүрінің өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасады.

Шәкәрімнің поэзиясындағы заман, адам, қоғам, уақыт және кеңістік мәселелері, олардың өзара қарым-қатынасы, олардан туындайтын әртүрлі әлеуметтік құбылыстар және оларды бейнелеудегі даналығы мен даралығы сараланған. Шәкәрімге тән ерешелік поэзиясындағы философиялық пайым мен әлеуметтік астарлары зерттеліп келеді.

Ойшыл ақын шығармаларының тәлім–тәрбиелік ойларды өлеңмен беруі оның мазмұнын қазақ ұғымына жақындатты. Көркем сөз бен олардың ұйқасы өлеңнің эстетикалық қуатын арттырса, тағы бір жақтан есте сақтауға жеңіл, әрі қолайлы. Педагогикада белгілі бір әдет, әдеп дағдыларын саналы түрде меңгеру үшін алдымен оны ойға қондыру арқылы бойға сіңіруге болатыны айтылады. Өйткені адам белгілі бір іс қимыл, әдет дағдыларды орындауы үшін оның не үшін қажет екенін және қалай пайдалануға болатынын білуі керек. Өлең түрінде жазылған күнделікті тұрмыс нормалары есте сақтауға қолайлы. Шәкәрім өлеңдерінде ол көркем және әсерлі сөз арқылы ұйқаспен берілген.

Ақын шығармаларын әдебиеттану саласындағы зерттеулермен қатар, философия, тарих, эстетика салаларындағы бірқатар еңбектерді де пайдалану арқылы кешенді пайымдаулар жасалған.

Ш.Құдайбердіұлының әлеуметтік педагогикалық көзқарасындағы ерекше мән беретін аса маңызды мәселесі адамдардың діни көзқарасы мен дінге болған мәмілесі. Адамдардың бір тобы дінге рухани әлемін нығайту, ұғым түсінігін кеңейту үшін еліктесе, енді бір тобы діни сауатының төмендігінен, тұрмыс тауқыметінен құтылу үшін, еңбектенбей жан қинамай жеңіл өмір сүрудің жолын табу үшін еліктейді. Осы мәселелерді шешу үшін Шәкәрім мұрасындағы дін іліміне байланысты тұстарын танып білу әлеуметтік педагогикалық қызметке септігін тигізбек. Осы тұста Шәкәрімнің діни сауаттылықты арттыру бағытындағы тұжырымды ойлары Отандық ғалымдар тарапынан ұйымдастырылып жарық көрген “Шәкәрімтану мәселелері” атты сериялық ғылыми жинақта насихатталып тұрады және бұл Шәкәрімнің мұраларын бір жүйеге келтіруде ерекше маңызды рөл атқарады. Жинақта теология, философия, әдебиеттану, тарих, педагогика, тіл білімі тағы басқа көптеген гуманитарлық бағыттағы жазылған зерттеулер жарық көреді.

Бұл жинақта Шәкәрім шығармашылығын зерттеудің өзекті мәселелері тақырыптағы ғылыми-практикалық конференцияға ұсынылған баяндамалар жинақталған. Жинаққа енген ғылыми еңбектерде, Шәкәрім шығармашылығын кеңінен зерттеп, ақынның өмірі мен шығармашылығы, философиялық көзқарасы, ислам діні, суфизм, поэзия мен стиль және басқалары Шәкәрім шығармасы тұрғысынан қаралып талқыланады. Бесінші том «Вопросы Шакаримоведения» деген атпен орыс тілінде жарық көрді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығын зерттеу мәселелеріне шолу жасай отырып ақынның адам, қоғам, дінтану мәселесі жүйелі түрде жеке зерттелмегенінің куәсі боламыз. Ақын шығармашылығында Адам – Қоғам - Дін мәселелері ең өзекті тақырыптар. Бұл мәселелер оның поэзиясының

дүниетанымдық және идеялық күретапырлары болып табылады. Ақын мақсаты адамды жөндеу, қоғамды түзету және Жаратушыны тану. Осы құндылықтарды поэзиялық сипаттау, талдау, түсіндіру, уағыздау арқылы ақын қазақ халқына дұрыс өмір сүруді үйретуге ұмтылады.

Шәкәрім шығармашылығы мен көзқарасына ықпал еткен орта ғасыр ғұламаларының мазмұнындағы идеялар деп тұжырым жасауға әбден болады. Себебі, ұлы ғұламалар еңбектерінің негізгі арқауы мен мазмұнына Ислам діні талаптарының әсері елеулі ықпал еткендігін жақсы білеміз. Орта ғасыр ғұламалары мен Шәкәрім шығармаларының астары шарифат талаптарымен өзара үндестік тапқан. Шәкәрім көзқарасындағы әлеуметтік-тәлімдік ойлардың қалыптасуына ықпал еткен ғұлама Қ.А.Ясауи.

Қожа Ахмат Ясауи (1103-1228 жж.) орталық азияның аса көрнекті данагөй, ақыл-ой иесі, оның пікірлері құранмен байланыстырылып сипатталады. Жалпы оның басты кредосы: тарихаттың тегін біл, шарифаттың жолын біл, мағрифаттың мәнін біл, ақиқатты ізде - деген басты пікірден тұрады. Осының өзі-ақ, кез-келген адамның өмір жолын Алла тағаланың сызғанымен өткізуге негіз болмақ. Сонда ғана адамзатты надандық, зұлымдық, құмарлық секілді қоршаған әлеуметтік орта мен төңірегіндегі адамдарға да зиянын тигізетін қылықтардан сақтап қалмақ. Қ.А.Ясауи осыны жыр етеді [125]. Бірақ оның басты ерекшелігі Алланың алдында күнәлі болмаудың амалын осы жалған дүниеде ойлау.

Жетесізді ақылы кем немесе ой өрісі таяз шектеулі десек, оның басты белгісі жақсы сөзге құлақ аспау тіпті оған мән бермеу болса, кітап оқитын надандар Яссауидың ақыл - пікірін оқи қалса көп болса, «ой керемет екен» деп таңданады, бірақ одан сабақ алмайды демек, өмірінде ескермейді деген сөз. Бұл туралы оның өзі *«надандарға иесіз сөзім жеңіл хикмет»* дей келе надандықтың үлкен белгісі *«дүние үшін бір-біріне қылмас шафқат»* дей келе олардың қатарына залымдарды жатқызады. Олар ар, ұяты жоқтар *«Залымдарда ар - ұят жоқ, бізде күнә»* дегені белгілі бір қоғамдағы адамның ахлақи ауытқуларына сол қоғам мүшелерінің барлығы да кіналі дегенге саяды. Өйткені қоршаған әлеуметтік ортаның адамның әлеуметтенуіне ықпалының мол екенін меңзейді.

Менмен – тәкаппар, ешкімді менсінбейтін, өзімшіл, өзінен басқаны көзге ілмейтін, реті келсе басқаларға жамандық істеуден қорықпайтын, өзін басқалардан жоғары санайтындардан аулақ болуды ескерте отырып, осының өзі надандықтың белгісі екенін олардың қаперіне де кірмейтіндігіне қынжылады. Олар реті келсе өзінен бір ісімен артық болған адамды жерден-алып-жерге салуға дайын тұрады. Өйткені ,ондай адамның басты пікірі елге өзін ғана жақсы көрсету, атақты етіп көрсету, білгір көрсету. Шындап келгенде оларды халық сөзімен айтсақ «жетесіз» деуге болады деген тұжырым жасайды.

Көңілі қатты - демек жүрегінде иман жоқ, «иманы бардың ары бар» сондықтан екі сөз ылғи да қатар жүреді. Ал иманы жоқ адамның көңілі қатты, Бұл әлгі діні қаттыдан аулақ емес, сол іспетті, адамға жаны ашымайды, жақын, дос - жарандарының қайғы - қасіретіне ортақ бола алмайды, қуанышын көре алмайды.Ондай адамдардың істеген ісінің сырт көрінісі ғана жақсы, ал ішінде өз пайдасынан басқаны көздемейді. Діл азар(тіл азар емес)- жан - дүниесі азып,

тозған, немесе ауытқуға ұшыраған, қоғамдық ортада өзін ұстауынан немесе жүріс-тұрысынан бастап, істеген ісі, ой санасы барлығы бұзылған. Азғындаған, сондықтан адам баласына қарсы ең нашар істерге еш ойланбастан бере береді. Қазіргі біздің қоғамда осындай азғындық күнен- күнге арта түсуде, Сондықтан оның қыр - сырын танып, қарсы тұруда осы ғұламалардың көзқарасын негізге алған жөн.

*Діні қатты халайықтан қаиштым міне...  
Менменсінген халайықтан қаиштым міне...  
Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый,...  
Ділім қатты, тілім ащы, өзім залым...  
Сүндет емес кәпірге де берсе азар,  
Көңілі қатты, діл азардан құдай безер...  
Екі жүзді арсыздар пасықпенен жүреді...  
Жанға сенбес арамдардан қорқып жылар Қожа Ахмет...*

Қожа Ахмет Яссауи мұрасынан адамдардың мінез-құлқындағы қатігездік пен мейірімсіздік, олар туралы теріс көзқарас Шәкәрім көзқарасының қалыптасуына негіз болғандығын аңғарамыз. Олардың әлеуметтік маңыздылығы діні қатты, менмендік немесе өзімшілдік, дүниеқоңыз, пасық, тілі ашшы, ділі қатты, залым, көңлі қатты, азған-азар, екі жүзді, арсыз, арам деген секілді адамның ішкі жан дүниесі, сезімі мен санасы, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына байланысты сөздерді табамыз. Бұл сөздердің әр қайсысының астарында кейбір адамдардың жан-дүниесіндегі, психикасындағы ауытқулар жайлы айтылады. Олардың әлеуметтік мәнге ие болатын себебі, сондай адамдар өзімен араласқан басқаларға зиянды. Олардың жан-дүниесіне, ар, намысына, адамдық қадір-қасиетіне нұқсан келтіреді.

Шәкәрім шығармашылығындағы әлеуметтік-тәлімдік көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен тағы бір ғұлама Ж.Баласағұн мұрасының мазмұны болды.

Ғұламаның әлеуметтік-педагогикалық ойларының бастылары мынадай төрт нәрсеге келіп тіреледі: ауру, білімсіздік, ашу, жалған сөйлеу.

*Біраз нәрсе жат боп көзге ілінер,  
Оны істеген адам өзі бүлінер.  
Соның бірі-өтірік сөз, жалған тіл,  
Енді бірі-сөзден шықпай қалған біл!  
Тағы бірі: іздеп ішсе шарапты,  
Зая кеткен барлық өмір-харап-ты.  
Енді бірі-жөнсіз іс пен жат қылық,  
Мұндай әдет көрген емес шат қылып.  
Және бірі- пасық қылық, әрине,  
От тұтатып бықсытатын әр үйде.  
Сосын бірі - ызғарлы тіл сөгетін,*

*Адам өліп осы тілден шөгетін-* деп келтірілген осы жолдарда адамның мінез-құлқындағы жаман қылықтар - өтірік сөз болса, тағы бірі - басқа біреулердің айтқанына көніп, айдауына жүретін, өзіне сенімсіз адамдардың



қылығы, шарап ішу, жөнсіз іс, жат қылық, пасықтық, ызғарлы тіл немесе тілі ащы адамдар, бұлардың барлығы адамның мінез-құлқын бұзады, миына немесе психикасына теріс әсер етеді. Оны ақын *«тағдыр тантып, бұдан ми ашиды, мінезі айнып, содан көңіл шошиды»* - деп келтірілген өлең жолдары арқылы сипаттап теріс қылықтардың зияны да міне осында дегенді айтады [1].

Әлеуметтік педагогика қарастыратын мәселелердің бірі қараусыз қалған не болмаса әлеуметтік, табиғи келеңсіздіктер мен апат салдарынан сырқаттанып қалған, кейбір келеңсіздіктер салдарынан мүгедек болып қалған қарттар. Осыған орай осы әлеуметтік педагогика ілімінде қарттық мәселесі де өзіндік орын алған. Онда адамның жас ерекшеліктеріне қарай мінез-құлқының өзгеруі, денсаулығының бұзылуы, жалғыздыққа душар болуы секілді мәселелер қарастырылады.

Түрік дәуірі ғұламалары мен хандық дәуіріндегі ақын, жыраулар мұрасындағы адамның мінезіне қатысты пікірлер жалпы алғанда «жаман, жақсы» деген жалпылама сөзбен білдірген. Ғұлама Ж.Баласағұн да осы анықтаманы пайдаланып жаман адамның белгілерін: жаман адам байыса да жарымайды, жиған малын қатып ұстайды, ар-ұяттан безген, дабырамен іс істейді, қиянатқа жақын екенін айтумен қоса жақсылыққа қол жеткізу жолдарын да көрсетеді.

Әлеуметтік педагогиканың әр түрлі келеңсіздіктерге душар болған адамдарға көрсететін көмегі қайырым, мейірімге байланысты екені белгілі. Ғұлама бұл туралы ол «ей падишам, мейірімге бас ұрғын... қыл халыққа әділ істі тұрарлық» деп насихаттап, бұл дүниеде жақсылық істер істеуден артық ешнәрсе жоқ екенін дәріптейді. Бала тәрбиесі түрік дәуірі даналарының қай-қайсысын да толғандырған: бала бұзылмасын, оның жақсы-жаман болмағы ата-анадан, тура жолға түсір *«елге берсін, білімі мен өнерін... жөні түзу болып өссін... іске жарап теріп жесін үлесін... ұста қатаң: бос жүрмесін сандалып, болса тәртіпті бала өседі сомдалып жас кезінде білім берсең... өсе келе қолы жетер талайға...»* қызмет қылсын, жалқау болмасын, мінезі дұрыс, таза, ерте тұрып, кеш жатсын, *Құдіретті аяласын, жаман жардан алыс жүріп, ізгілік істе, денсаулығын сақтасын* - деген. Мұндай тұжырымды ойлар Ш.Құдайбердіұлы мұраларынан да нықтап орын алған.

Қайырымдылық істер әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың маңызды бір саласы болғандықтан бұл ретте ғұламаның *«...ашты тойдыр, жалаңашты бүтінде... басқа бейнет, аздыратын адамды, артық жиган мал»*, - дей келе одан адамның рухы байымайды дегенді айтқысы келед дегенді айтқысы келеді.

Қазіргі кезде елімізде батыс елдерінің психологиялық кеңестеріне қызығушылық танытып, соны іздеп тауып тұрмыста пайдаланып жүргендер жеткілікті. Бірақ адамның жан дүниесін, ақыл-ойын сауықтыру, дене ауруларын сауықтыруда ем болатын алдымен рухын емдейтін пікірлер осы заманнан әлде қашан бұрын Орталық Азия ғұламалары тарапынан айтылып, тұрмыста пайдаланып, сынақтан өтіп бізге келіп жеткенін осы түрік ғұламаларының еңбектерінен - ақ көруге болады. Тек басты мәселе, орыс тілді қауымның бұларды білмегендігі мен білуге ұмтылмауынан болып отыр. Мысалы, жоғарыда

ғұлама Жүсіп Балсағұн адамдардың жан дүниесінде кездесетін кеселдерді сипаттай келе оларды емдеу жолдарын да көрсетеді: «*көтер көңілін дос-жаранның... араласпа екі түрлі кісімен - бірі арызқой, өсек сөздің үздігі, бірі екі жүзді... бұл өмірдің қуанышын тілесең... еш кісіні жәбірleme... тілесең ұзақ өмір... сақ бол, әкел нан мен тұзыңды*», - деп жүрекке жылы сөз айт, қадірлі болғың келсе өзің қадірле, мінез-құлқыңды түзе деген секілді рухы, психикасын сауықтыратын істер істеу керек дегенді айтады. Солардың бірі өткендегі жаман істерді ұмыту, жақсы адамдармен араласу, денсаулықты қадағалап, нашар әдеттерден сақтану деген секілді көптеген пікірлер білдіреді. Шәкәрімнің көзқарасындағы мұндай ізгілікті ойларның негізін қалап ұялатқан ұлы ғұламалар мұраларындағы ойлары мен тұжырымдар болғаны анық.

Қорытындылай келе, Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-тәлімдік ойларының қалыптасуына ықпал еткен *алғышарттарды* төмендегідей деп тұжырымдауымызға болады:

1. Шәкәрімнің жас кезінен көкейіне түйгені мен білімге, ғылымға деген ұмтылысы. Туған ел, өскен ортасының ықпалы және атасы Құнанбайдың тәлім-тәрбиесі мен еңбекке деген құштарлығы. Сол арқылы қоғамдық санасының қалыптасуы.

2. Оқу, ғылымға ден қойып философиялық, психологиялық, тарихи және басқа да әдеби шығармаларды оқып, үйренуі мен шығыс, батыс, қазақ халқының әдебиетін танып-білуі;

3. Немере ағасы қазақтың ұлы ақыны - Абайдың тәрбиесі, ғылым-білімге жетелеуі, ақыл-кеңестері.

4. Әр елдерге, мемлекеттерге жасаған сапарлары. Ғылым ошақтары болған елдер кітапханасында болып тәжірибе жинақтауы. Сол арқылы туындыларының, өлең-жырларының дүниеге келуі.

5. Орта ғасыр ғұламалары мұраларынан сусындап өсуі, олар еңбектерінен әлеуметтік-тәлімдік ой түйгендігі.

6. Ислам дінінің ықпалы. Құран қағидаларына сай әлеуметтік ортадағы құбылыстарға мән беруі.

Осылардың барлығы Шәкәрімнің тәлім-тәрбиелік идеяларының бастау көзі ретінде танылады. Шәкәрім бұл мәселені үнемі назарда ұстап, өрнекті өлеңдерінің үзілмес арқауына айналдырып отырған.

## **ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ МҰРАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘЛІМДІК ОЙЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ МЕН ЖҮЙЕСІ**

### **2.1 Шәкәрім Құдайбердіұлы мұраларының әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық талдау аспектілері**

Әлеуметтік педагогика - белгілі бір себептердің салдарынан психикасы, дене бітімі зақымдалған, ауытқуларға душар болған, не болмаса созылмалы, туа біткен дертке шалдыққан адамдарға көмек қолын созып, қатарға қосу немесе әлеуметтендіруді ғылыми-педагогикалық және психологиялық заңдылықтарға сәйкес жүзеге асырудың теориясы мен практикасын қарастыратын ғылым.

Мұндай көмекке мінезінде кедергілері бар адамдар да зәру болып жатады. Өйткені, әл-Фараби «нашар мінез - рухани ауру» деген. Халқымыз «ашуы тездің ақылы қысқа» немесе осыған орай «жетесіз» деп ой өрісі тар, әр нәрсеге «өресі» жете бермейтін адамдарды айтса, «көргенсіз» деп тәрбиесі нашар не жеткіліксіз адамдарды айтқан. Оның барлығын белгілі бір дәрежеде кемшілік немесе ауытқу деп санағаны белгілі, өйткені халқымыз «кемшіліксіз адам болмайды», «бес саусақ бірдей емес» деген. Әлеуметтік педагогиканың бір нысаны осындай мінез –құлқында міні бар адамдармен жұмыс жасау жолдарын қарастыру.

Мінез-құлық ауытқулары деп қарастырылатын адамның жүріс-тұрысы, іс-әрекетінің бұзылуы психикалық –психоз, невроз және т.б. ішкі жан дүниесінің, денесі не психикасының ауруға шалдығуынан болатыны белгілі. Бұдан басқа, әлеуметтанушылар мен әлеуметтік педагогтардың ерекше мән беретін бұзылулардың бір түрі «мәдени ауытқулар» ретінде қарастырылады. Бұны ғалымдар психикалық ауытқулар немесе дезадаптациямен байланыстырады. Алайда, ғалым Бочарова бұл мінез–құлық ауытқуларының басты себебі емес екенін айта келе, олар, «әдетте психикасы бұзылған адамдардың барлық қоғамдық талаптарды толық орындайтыны, ал психикасы қалыпты адамдардың қоғамдық нормаларды жиі бұзатын ахуалдар да кездеседі» - деп көрсетеді. Бұның неге бұлай екені әлеуметтанушылар, психологтармен бірге әлеуметтік педагогтарды да қызықтырады. Бұл ретте алдымен «алғашқы ауытқу» және «екінші ауытқу», «мәдени қуатталатын ауытқулар» деген секілді ұғымдар туралы сөз қозғауға тура келеді.

Алғашқы ауытқу дегеніміз - қоғамда қабылданған нормаларға жалпы сәйкес келеді, тұлғаның жекелеген қылықтары онша зиянды емес, ол әлеуметтік тұрғыда девиантты немесе бұзылу ретінде қабылданбайды. Адамның өзіне және қоршаған ортаға бұл кішігірім тентектік, сотқарлық не болмаса әшейінгі қателік ретінде қарастырылады. Бірақ бұлай болуының себебі ретінде - отбасы тәрбиесі не болмаса оқу-тәрбие мекемелерінің жол берген қателігін естен шығарып алуға болмайды. Сонымен қатар, бұндай мінез–құлықтың туындауына қоршаған әлеуметтік орта, тіпті тұлға өмір сүрген қоғамның да ерекше ықпалы бар екенін қаперге алған жөн. Сондай-ақ, кез-келген қоғамдағы тұрақсыздық, не болмаса бір саяси-әлеуметтік, экономикалық құрылымнан екіншісіне өту кезіндегі құбылыстар да осындай мінез-құлықтық ауытқуларға алып келетіні де білгілі.

Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдеріндегі мінез–құлық ауытқулары дәл осы бірінші кезектегі ауытқу түрлеріне жатады. Сонымен қатар, төмендегі мәдени қуатталатын ауытқу түрлерінің де кейбірлері ақын шығармаларынан орын алған. Ақын оларды сипаттаумен бірге түзету жолдарында көрсеткен. Әлеуметтік педагогиканың практикасы үшін Шәкәрім шығармаларының осы тұстары маңызды.

Екінші реттегі ауытқу – қоғамдағы нормалардан ауытқу немесе девианттық қылмыстық мінез–құлық ретінде қабылданатын әрекеттер. Мәдени қуатталатын ауытқулар - әлеуметтік қажетті қылықтар мен сапалардың қуатталып, ерекше көзге шалынуы, мысалы, жастар арасынан жарып шығып, басшылық сапаларын көрсете алатын, тартынбай өзін дәріптеуге ұмтылу, өнердегі озықтығын дәлелдеуге тырысу, шындықты дәлелдеу үшін дау, жанжал, талас-тартыстарға бару т.с.с.

Адамның мінез–құлық көріністеріне қатысты халқымызда бұдан да басқа сөздер мен сөз тіркестері баршылық. Зерттеу барысында шетелдік ғалымдардың берген мінез–құлық сипаттамасының өлшемдеріне қазақ халқының берген сипаттамасы сыймайтыны анықталды. Өйткені, қазақ халқының бай сөздік қоры адамның бойындағы ең кішкене «титімдей-элементарлы» көзге көп шалына бермейтін, бірақ жеке адамның мінез–құлық ерекшеліктерін көрсететін сөздер баршылық. Оларды синоним ретінде қарауға болмайды. Әр сөз өзінше мәнге ие екенін қаперден шығармау керек.

Осы сөздердің әрқайсысының астарында жекелеген адамдардың мінезі, қылығы, жүріс-тұрысы, ақылы, әдеті мен әдебінің көріністері жатады. Қарап отырсақ, ақын өлеңдеріндегі айтқан ойлары осы алғашқы ауытқуларға қатысты болып, олардың барлығы бар және оларды түзету жолдары да келтірілген.

Күнделікті тұрмыста кездесетін көп жағдайда жеке адамның өз басына және қоршаған ортаға да кері әсер етіп, біреудің көңіліне ақау түсірсе, біреудің намысына тиетін, кейде тіпті сол адамның өзіне де зияны тиетін «көргенсіздік», «мәдениетсіздік», «тәртіпсіздік», «арсыз», «кербаққан», «кертартпа» - деп бағаланатын көріністерді осыған жатқызуға болады.

Олардың қатарына сондай-ақ адамдар көп мән бермейтін ұсақ-түйек ұрлық, өтірік, алдамшылық пен қулық, зорлықшылдық пен сұмырайлық, надандық, іштарлық немесе көреалмаушылық деп бағаланатындары да осы алғашқы ауытқуларға кіреді. Бұдан басқа надандық, жалқаулық, еріншектік, өсекшілдік, мақтаншақ, ысырапшылық немесе орынсыз мал (дүние мүлік) шашу, тапқан тергенін орынсыз, пайдасыз жұмсау да халық тарапынан сыналады. Бұларға қарсы жазылған заң жоқ, бірақ көпшілік тарапынан сыналады, мінеледі, сондықтан бұларды психикалық емес мәдени ауытқуларға, басқаша айтқанда алғашқы ауытқуларға жатқызуға болады деген ойдамыз. Ақын Шәкәрім Құдайбердиев өлеңдеріндегі әлеуметтік-тәлімдік пікірлердің міне осыған қатысы бар.

Жоғарыда аталған ғалымдар Дж.Стивенс, Д.Семин, С.Ключниковтер адамдардың бойындағы кейбір қалыптасып қалған мінез–құлық түрлерін **«жеті айдаһар (семь дракон)»** деп белгілеп, оларды тәкаппарлық, шыдамсыздық, қорқақтық, сараңдық немесе сығандық, ашушандық, бірбеткейлік немесе қырсықты, өзін төмен санау деп жіктегенін атап өткенбіз. Дегенмен, сезім мен эмоция құбылыстарының бұлармен ғана шектелмейтінін белгілі.

Ғалымдар бұлардың барлығының тегінде адамның кішкене бала кезінен туындап кейін келе қалыптасып қалған өзіне және басқаларға деген сенімсіздіктен болатынын, бұндай мінездердің кішкене кезінен пайда болуының

басты себебі - оған ата-анасы, не басқа да ересектердің қажетті көңіл бөлмеуі, назар аудармауынан екенін атап көрсетеді. Зерттеуші ғалым Дж. Стивенс олардың әрқайсысын талдай келе жеке-жеке сипаттама бере келіп жақсы және нашар жақтан белгілей отырып басқаларға және адамның өз басына зиянды тұстарын, түзету мүмкіндіктері мен әдістерін де нақтылаған.

Оның пікірі бойынша тәкаппарлықтың бір жақсы жағы және бір нашар жағы бар, мысалы, пандық, мақтаныш сезімінің басымдығы, ал нашар жағы – менменшілдік пен даңғойлық, өзі туралы пікірінің жоғарылығы мен өзін ерекше сыйлауы, өз басын ғана ойлайтын эгоистік пікірі, басқаларды менсінбеуі.

Ғалым атап көрсеткен тағы бір айдаһар - өзін басқалардан төмен санау болса оның жақсы жағы – қарапайымдық, ал нашар жағы өзінің игі қасиеттерін білмеуінен туындайтын өз басын сыйламаушылық, іштей өздерін еш нәрсеге қабілеті жоқ деп ойлауы.

Нашар мінездердің тағы бірі - шыдамсыздық – олар батыр болып келеді, нашар жағы ұстамсыздығы. Ондайлар ұрыншақ келеді, өйткені шыдамсыздығы ойлауға мұршасын келтірмейді, ылғи да бүлдіріп жүреді, артынан өкінішке ұрынады. Бұл бала кезінде ата-анасының не басқа да ересектердің үнемі асықтыруынан болатын мінез.

Өзін-өзі азапқа салып жүретіндер, жанкешті десе де болады. Олар құрбандыққа даяр, ал нашар жағы – қиналуға бейімділігі. Жоқ жерден қиыншылық тауып, азаптанып жүреді.

Сараңдық немесе сығандық. Бұндайларды «шық бермес Шығайбай» - дейді. Жақсы жағы – жоқшылық көрмейді, өзіне қажеттілерді жинап алады да, өлсе де айрылмайды, содан ләззат алады. Нашар жағы - ондайлар тойымсыз, қайырымсыз келеді. Сол себепті жаман істерге де ұрынып қалады.

Өзін жоюға дайын тұру - өзін құрбандыққа шалуға дайын, олар тіпті өзін өлтіруге дейін барады. Бұның көптеген себептері болуы мүмкін. Соның ішінде психикалық ауру мен өмірден көрген теперішін жеңе алмай не ұмыта алмай бір сәттік ұмтылыс кезінде өзін-өзі жойып жіберуі мүмкін.

Бірбеткейлік, қырсықтық - жақсы жағы - тайсалмайтыны және өз дегеніне жетуге барын салатыны, ал нашар жағы - ақымақтыққа дейін баратыны. Олар да ұрыншақ, мінезінің иекемсіздігінен басқалармен тіл табыса алмайды.

Көрсетілген осы жеті негізгі теріс мінездер нәсілі, түрі-түсі, орналасқан мекені т.б. қарамастан жер бетіндегі барлық ұлттар мен халықтардың арасында жекелеген адамдарда кездеседі. Бұл жерде айтылмаған басқа да нашар мінездерді ғалым осылардың әр түрлі модификациясы деген пікірде.

Біз жоғарыда адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрысына қатысты қазақ халқының сөздерін келтірдік. Олардың пайда болуы осындайлардың өмірде сондай мінез-құлық иелерінің болғандығынан. Десек те, бұлар Қазақстандағы әлеуметтік педагогикада әлі зерттеліп, ғылыми сипатталып, топтастырылған жоқ және олар еуропалық сипаттамаларға сәйкес келе бермейді. Дегенмен, біз оны сипаттап келтіруге ұмтылдық.

Келтірілген «жеті айдаһар» сынды ақын атап көрсеткен, ел арасында таралған әлеуметтік педагогикалық мәселелердің түрлерін біз «жетібасты

жылан» деп атадық. Өйткені, бұлардың қазақ арасында да орын алғандығын Шәкәрімнің «Көкіректе толған шер», «Жуандар» деп басталатын және басқа да өлеңдерінен көруге болады. Ақын оларды сипаттаумен қоса әлеуметтік-тәлімдік мәнін де ашып көрсеткен. Ол «жетібасты жылан» ақынның аталған екі өлеңінде « мақтан, атақ іздесең құдайдан без, ардан күсіп арамның біреуі бол» - деп келтірілген. Шәкәрім мұнда мақтан мен арамдықты арсыздықтың белгісі деп көрсетеді. Оның жеті басты жыланға қатысты пікірлерін мына жолдардан көруге болады:

Ұятсыз, әдепсіз салқам,  
Күлгенім бір сенің арқаң,  
Біржақта, қылжақта, әйда!  
Мазак қыл көрінген жанды,  
Өнер қыл қылжақтағанды,

.....  
Жыртақта, бұлғақта, әйда!

.....  
Қалжыңға қосып айт боқтық,  
Осы ғой сәулесі жоқтық.....

Шәкәрім өмір сүрген кездегі кейбір адамдардың мінездерін «Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа» деп басталатын өлеңінде:

Ойда жоқ өнер-білім жол табайын,  
Жалмауға жалықпайда өз маңайын.  
Мұның түбі не болар деген жан жоқ,

Ұрлық, ұрыс, араздық күнде дайын.- дей келе осы өлеңінде «сонша жақсы біледі алдау жайын... Ұрысы ұрлап, қуы алдап, сұмы еліріп... көзі аспанда, көңілі мақтанда...» дегені сол жеті басты жыланның біріне келеді.

Әлеуметтік педагогиканың теориясынан белгілі болғандай, бұл қылықтардың қай-қайсысы да көп рет қайталанып делинквентті мінезге айналуы, одан кейін девиацияға ұрындыруы да ақын көзінен таса қалмаған. Ол «Ашылған көз тұрама бір зат көрмей» деп басталатын өлеңінде:

Дағды қылсаң дап-дайын істің бәрі,  
Адамзат тұра алмайды әдетке ермей...  
Бір рюмкеден басталар маскүнемдік,  
Наша үстінен нашаға өрлей-өрлей...  
Аздан кейін араны ашылады...  
Ойласаң соның бәрі бір құмарлық...

Жын да жын, құмар да жын, мастық та жын...[90, 54 б]-дейді.

Бұл адамды аздырып, азғындататын жеті басты жыланның ең қауіптісі екені қазіргі кезде ғылымда және тұрмыста дәлелденіп отырған шындық. Бұл ақын өмір сүрген дәуірде, сол ортада болған оқиғаларды бақылаудан келіп шыққан, әлеуметтік мәселе туралы ой.

Шәкәрімнің, біз атаған «жетібасты жылан» туралы пікірімізге сәйкес келетін екінші бір ой-тұжырымы «залымдық». Бұл жинақталған ұғым қулық, сұмдық, мақтан, арамдық, бұзақы секілді нашар қылықтардың жиынтығы.

Өйткені, ол «Көкіректе толған шер, көңіл қаяу» деп басталатын өлеңінде «Не шыда, не залым бол - бірін таңда» деп өз пікірін ойтұжырым ретінде қорытады. Енді оны таратсақ, осы өлеңінде былай дейді:

Осы күнде арамның жолдасы мол...

Қу мен сұмды кім жиса – шын мықты сол.

Мақтан атақ іздесең құдайдан без,

Ардан күсіп, арамның біреуі бол...

Қайдағы қу, алдампаз төрге шықты...

Абұйыр жоқ, сана жоқ, ақтан безіп...-деген өлең тармақтарында «арамдық, қу, сұм, мақтан, атакқұмарлық, арсыз, арамдық, алдампаз, санасыз, абыройсыз...» деген сөздер ақынның залымдық туралы пікірін таратады.

Философ, ғалым Шәкәрім Құдайбердіұлының «жеті басты жыланға» сәйкес келетін пікірлері «Қазақтың көп жұмысы не десеңіз» деп басталатын өлеңінде орын тепкен. Олар: ел қыдырмақ, қырын қабақ, өсекшілдік, сұрамшақ, қасарысу, өкпелеу, арсыздық секілді жұмыссыздықтан пайда іздеп ел қыдыру:

Бұл елде басты жұмыс ел қыдырмақ,

Бай ауылға түстеніп пайда қылмақ...

Қайтарында болады қырын қабақ...

Естіп білген сөз бар ма жақсы, жаман...

Біразырақ ақша бер бізге - дейді...

-ол жоқ болса, бір аттың берші майын...

Екеуінің біреуін бермесеңіз,

Қасарысқан бір жолың мен не айтайын...

Бермеген соң сол қонақ өкпеледі...

Әлеуметтік педагогикада аса маңызды, Шәкәрім шығармаларында жете суреттелген осы «жетібасты жыланды» Дж. Стивенстің «жеті айдаһарымен» салыстырмаласақ ол төмендегі кестеде көрініс береді.

**1-кесте. Шәкәрім өлеңдеріндегі «Жеті басты жылан» және Дж.Стивенстің «Жеті айдаһар» туындысындағы адамдардың мінез-құлқына берілген әлеуметтік-тәлімдік сипаттамасы**

Шәкәрім Құдайбердіұлының адамдардың мінез-құлқына берген әлеуметтік-тәлімдік тұжырымдамасы		Дж. Стивенстің адамдардың мінез-құлқына берген тұжырымдамасы	
	Залым, таласшыл, тозған, биікті десе аласа, шағымшыл, қиянатшыл, арамза, айлашыл, Ынсапсыз, кекшіл, ашушаң баянсыз,	Ұстамсыздық, ұрыншақ, шыдамсыздығы ойлауға мұршасын келтірмейді, ылғи да бүлдіріп жүреді ,артынан өкінеді.	1-айдаһар
2-жылан	Тәкаппардың білсеңіз анық жайын, пенде екенін ескермей басқан сайын, алас ұрып аспанға шығып алып, әбден ұмытып алады бір құдайын;	менменшілдік пен даңғойлық, өзі туралы пікірінің жоғарылығы мен өзін ерекше силауы, өз басын ғана ойлайтын эгоистік пікірі, басқаларды менсінбеуі;	2-айдаһар
3-жылан	Жүренің болса, тайғақ,сазیمان сатқан, оқыған ойсыз, жансыз өмір, меңіреу, мисыз	өзін-өзі азапқа салып жүретіндер, жанкешті құрбандыққа даяр, қиналуға бейімділігі, азаптанып жүреді.	3-айдаһар

4-жылан	Көрсө қызар жалмауыз, бәрі алдағыш; ақымақ, айуан, айласы артық, бірін-бірі шұқылап, мейірімсіз, обыр, нәпсісі айуанмен анық теңдес;	Ондайлар тойымсыз, тыйымсыз келеді, сол себепті жаман істерге де ұрынып қалады.	4-айдаһар
5-жылан	Бұл елде басты жұмыс ел қыдырмақ, бай ауылға түстеніп пайда қылмақ, біразырақ ақша бер бізге дейді.	Сезімнің жетегінде кетеді, эмоциясы күшті, арғы-бергіні ойлауға шамасы келмейді, ырықсыз	5-айдаһар
6-жылан	Жала жауып жалмайды, жазасыз қарап тұрғанды;	Олар да ұрыншақ, мінезінің иекемсіздігінен басқалармен тіл табыса алмайды, ақымақтыққа дейін барады	6-айдаһар
7-жылан	Қулыққа толған қойыны, надан, ар сағар, теп-тегіс, қулық пен ұрлық, арамдық	Өзінің игі қасиеттерін білмеуінен туындайтын өз басын сыйламаушылық, іштей өздерін еш еш нәрсеге қабілеті жоқ деп ойлауы.	7-айдаһар

Әрине, жоғарыдағы Шәкәрім Құдайбердіұлының адамдардың мінез-құлқы, жүріс-тұрысына берген әлеуметтік-тәлімдік сипаттамасы Дж.Стивенстің кестесіне толық сәйкес келмейді, өз ерекшеліктері анық байқалады. Бірақ сол жүйеге сәйкес келетін тұстарын жүйелеуге болады.

Шәкәрім адамдардың мінез-құлқындағы кемшіліктер, жеткіліксіздікті көріп сипаттаумен бірге, оларды түзету жолдарын да қарастырған. Ақынның әлеуметтік-тәлімдік ойлары осынысымен құнды.

Бұл жерде біз Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы теріс мінездерді әлеуметтік-тәлімдік күрделі мәселе ретінде талдап өттік. Мұндай мінездер жалпы адамзатқа тән, әрі ол тек Шәкәрім заманында емес, қазіргі кезде де бар, бірақ түр сипаты, аталуы басқаша болуы мүмкін.

Шәкәрім Құдайбердіұлының кейбір шығармаларын философиялық-теологиялық мәселелерге арналған деп бағалап жүрген еңбектерінің түп төркіні психологияға, оның ішінде парапсихологияға қатысты тұстары бар.

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анық» еңбегінде көптеген діни наным-сенімдерге байланысты мәселелерді қарастыра келе «магнитизм, спиритизм, телепатия» сияқты әдістерді келтіреді. Оларды бұл жерде айтудағы себеп, әр қайсысы адамның санасы мен сезімі, ішкі жан дүниесіне, жүйке жүйелері арқылы әсер етіп, оны басқа арнаға салу жолдары болып саналады. Мысалы,



«Магнетизм – бір адамның жанына жанның қуатымен әсер беріп, еріксіз ұйықтатып, сонан өткен бір істі немесе келесіде болатын бір істі сұрап, ғайыптан хабар айтқызады, тағы басқа істер істейді». Ал «Телепатия – тіпті алыстағы тірі адам жаны мен өз жанын хабарластырып, оған ойлағанын істетеді алады». Ойшыл осылардың ішінде «спиритизмге» көп көңіл бөліп, оны алғаш қолданған кім, қай авторлардың спиритизм туралы еңбектері бар, қай жерлерде спириттердің тәжірибелері болғанын кеңінен тарқатып айтады. «Спиритизм (лат. Spiritus – жан, рух») – ХІХ ғасырдың орта тұсында Францияда Аллан Кардек қалыптастырған діни-философиялық мектеп» Спиритизммен айналысатындар медиумдар деп аталады. Олар өздерін рухтардың айтқан нәрселерін адамдарға жеткізушілерміз деп санайды.

Аллан Кардектің «Рухтар кітабы» атты еңбегі Парижде 1863 ж. басылып шыққан. Шығарма төрт кітаптан, сонымен қатар отыз тараудан құралған. Бұл кітапта сол кездегі жан мен рухтың, спиритизмнің бастапқы алғышарттары егжей-тегжейлі баяндалған. Мұнда негізінен жан туралы мыңнан аса сұрақтарға жауап берген. Әрине, Париж қаласына барған сапарында Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл еңбекпен таныс болмауы мүмкін емес, тіпті оны оқымаса да, спиритизмнің өкілдерімен жолығып, сұхбаттасу барысында бұл кітап жайлы мағлұматтарды тереңірек білуі де ғажап емес.

Шәкәрім Құдайбердіұлы осы еңбегінде: «Енді жан туралыға келейік. Жан, менің айтқанымдай, о баста бар болса, денедегі (тәндегі) орны болған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Неге десеңіз, жоғары айтқандай, еш нәрсе жоғалып кетпейді. Тек қана өзгеретін болса, жан белгілі бір түске түсіп, барлықтың ішінде бар болады да жүреді. Мен бұл араға дейін жанның бірінен бірінің артылатын қасиеттерін бөліп айтпай, бәрін де жан деп келдім. Әсілінде, жан әр түрге түседі. Мысалы, эсткия – сезімтал, аңғарғыш жан, мослмудиеритулм – ақылды жан деген тәрізді әртүрлі жан қасиеттері болады. Бұлай болу пішін мен себептерге қарай болады. Дененің (тәннің) әр түске түскені сияқты жан да ауысып отырады және жоғарылайды (бұл бейне дене бітісімен суықты сезіп, тамырына қашқан сияқты)» дейді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы [70, 98 б] «Иманым» атты жинағындағы «Тіршілік, жан туралы...» деген өлеңінде де «Құбылған әлем жарысы – ақылды жанның табысы» деп, мақсатты, ақылды жанның әрекетімен дүниеде болып жатқан құбылыстарға тоқталады. Жанның психологиялық сипаттамаларын сезімдік жан, ақылды жан деп қазақы дүниетанымға сәйкес түсіндіруі нақты дәлелді де, айқын шыққан. Шәкәрім сөз еткен мәселелердің барлығы да қиындықты талап етпейтін, сау ақылдың тезіне салғанда, өз-өзінен анықталып тұрған шындықтар. Сондықтан шәкірттеріне әрдайым не нәрсені болмасын, ақылдың таразысына салып, сынауды ескертіп отыратын Шәкәрім философтарды, материалистерді сау ақылдың көмегімен әділ сынап, олардың кемшілігін дәл беріп отырады. Тіптен бүтін бір қоғамның адасып, тура жолдан тайып кетуіне бір адамның жеке пікірі, тұжырымы себеп болатындығына күйінеді.

Шәкәрім, ең бастысы, ақыл таразысын жоймау деген қағиданы берік ұстанған. Яғни белгілі бір ойшылдың атағына, беделіне қарап оған мойынсұнбау,

тек таза ақылдың таразысымен өлшеу арқылы жауап табу болғандығын айта кету керек. Бірақ көреген ойшылдың жанның, ақиқаттың барлығын егжей-тегжейлі түсіндіргеніне қарамастан, кейінгі ұрпақ өкілінің материалистік, атеистік арнаға бет алып кеткені мәлім. Бұған, бір жағынан, шындықты айтқан ғұламалардың сөздерінің назардан тыс қалып келгені де себеп болды.

Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегін қорытындылай келгенде, онда терең әлеуметтік, психологиялық мәселелердің қозғалғандығына назар аударамыз. Шәкәрім Батысты, Еуропаны оқып, танып, олардың еңбектеріне, ол елдерде қалыптасып қалған көзқарастарға соққы берген алғашқы ғұлама. Оның аталмыш еңбегі бүгінгі күн тұрғысынан аса қажетті, талдап-талқылауды керек ететін дүние.

Қоғамдық өмірдің қай саласында болмасын, әлеуметтік тәлім-тәрбие мәселесі ең жоғарғы орында тұрады. Ғасырлар бойы қалыптасқан тәлімдік жүйенің бастау көзі – халық даналығы, оны жасаушы тұлғалар. Бұл туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «...Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақыт құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр» [1]-деп, мемлекеттіліктің тұғыры ретінде тәлім-тәрбиені, ал тәрбиенің бастауы ретінде даналықты көрсетіп отыр.

Шәкәрім ұлы Абайдың жақын туысы, немере інісі. Ақындық мектепті де Абайдан өткен. Сол себепті ақынның шығармашылық жолында Абай есімі кеңінен орын алады және ұстазының пікірлерін жалғастырады.

Ғұлама ғалым, ерекше дарын иесі ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының «Иманым», «Үш анық» сынды басқа да діни наным-сенімге байланысты шығармаларын танып-білу, өз бағыт-бағдарын анықтай алмай, кімнің ұрпағы, қандай сенім иесі болуы керек екенін ұғына алмай жүрген дүбара жастар мен балаларға қажет-ақ. Аталмыш еңбектерде сенім не үшін қажет және ол қандай болуы керек деген секілді басқа да маңызды сұрақтарға жауап береді.

Ғұламаның жеке басына тән ерекше қасиетін көрсететін терең философиялық еңбегі – «Үш анық» еңбегі мектепте «Адам мен қоғам» пәнінен «ХІХ ғ.бас кезіндегі қазақ ойшылдары» деген тарауды өткенде оқытылады. Шәкәрімге дейін қазақ халқында белгілі философиялық дәстүр, данышпандыққа баулу мектебі болмағанын, алғаш осындай мектептің есігін ашқан, арнаулы дүниетанымдылық еңбек қалдырған Шәкәрім екені белгілі.

Осы ретте, ғалым Н.Сұлтанова [128] Шәкәрім шығармашылығындағы тәлім-тәрбиелік бағыттарды төмендегідей көрсеткен:

1. Білім-ғылымға қатысты ақыл-ой тәрбиесі;
2. Адамгершілік тәрбиесі;
3. Эстетикалық тәрбие;
4. Еңбек, экология тәрбиелері;
5. Отбасы тәрбиесі

Ол ретімен жүйелеп, олардың әрқайсысына өлеңдерден мысалдар келтіреді. Бұлайша жекелеп, шағындатып зеттеу, ақынның шығармашылығын жас буындарды тәрбиелеуде пайдалану үшін қолайлы, әрі істі жеңілдетеді. Әрине

олардың барлығын ғалым өзі айтқан «Ар ілімінің» төңірегінде топтастыра қарастыруға да болады. Онда бұл күрделене түседі әрі ересек жастағылармен жұмыста пайдалы.

Тәрбиедегі мақсат: дербес адамның мінез - құлқын жөнге келтіріп, өзіне, қоғамға пайдалы істерге жетелеу. Сол арқылы қоғамға, қоршаған ортаға, табиғатқа деген қатынасын өзгертіп, таным- сезімін реттеу, тәрбиелеу, қатарға қосу.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар ілімінің» қажеттілігі дәуір алмасқан сайын барынша сезіліп, адам мен қоғамның қатынасын түзейтін, шектен шыққан моральдық ағаттықтардан құтқаратын жол ретінде таныла бастады. Ең бастысы, «Ар ілімінің» кез-келген уақыттың сұранысын толығымен қанағаттандыра алатын, адамды тоқыраудан құтқарып, кемелдікке жеткізетін қуатты әлеуметтік-педагогикалық потенциалын түйсінетін уақыт жетті.

Оған себеп, бір жағынан, Шәкәрім Құдайбердіұлының өз өмірінен түйген сырларын, пайым түйсігі мен ұғынып санаға салғанын басы бүтін келешек ұрпаққа бағыштағандығында, болашақ жастардан үміт күтетіндігінде, алдағы кезеңді көкірек көзімен болжап, соған сай, жаман әдеттердің құрығынан босатып алар амалдар мен шаралар жасап кеткендігіне байланысты болса, екінші жағынан, оның мұраларының кешегі кеңестік сүзгіден аман өтіп, тәуелсіздікке қол жеткізген заманда бізбен қауышуы болып отыр.

Ендігі мәселе, ғұлама ақынның еңбектерін жастар мен балалардың, Еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеп, дамытып, адам ретінде қалыптастыруда пайдалану жолдарын тауып, ғылыми тұрғыда дәлелдеу арқылы амал, әдістерін ұсыну. Ұлы ақынның «Иманым» атты еңбегі кісіні имандылыққа, адамгершілікке, мінез-құлықты түзетуге, (ахлаққа), тәлім-тәрбиеге баулитын жинағынан басқа, «Үш анық» атты теософиялық трактатына, «Мұсылмандық шарты» атты еңбегіне, сонымен қатар қара сөздеріне бүгін ғана қол жеткіздік. Бұл шығармалардың барлығында да әлеуметтік және тәлімдік ойлар мен пікірлер кеңінен қамтылып, рухани ілімнің осы саладағы жеткен жетістіктері, қыруар тәжірибесі сараланады.

Жастайынан мұсылманшылық тәрбие алып, ұстазы Абайдың мектебінен өткен Шәкәрімнің тәрбие төңірегіндегі көзқарастары Абайдың пайымдарымен, тұжырымдарымен сабақтасып, ортақ өрбиді. Абай кез-келген жаманшылық пен қиянат батпағына батқан пендені «толық адам» санатына қосуға болады, ол үлкен еңбек пен терді қажет етеді деген бағытта толғай отырып: *«Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»* [129], - деп үзілді-кесілді түйіндейді. Жалпы христиандық санамен әлеуметтік негізі қалыптасқан Батыс әлемінде, сонымен қатар кейбір Шығыс халықтарында «адам қандай мінезбен дүниеге келсе, сол мінезбен қалады. Туа бітті қалыптасқан мінез-құлық өзгеріссіз сол күйінде тұрады» деген ұшқары ой кең таралған.

Шәкәрім шығармаларында ардан тайған адамдардың «мінін түзеп, ащы тілмен дерттен емдеуге» серт еткен тұлға екендігі айқын танылады. *«Найзаны тура саламын. Аямай мінін аламын. Енді қайда барамын. Тап орынды ғаріп бас»*

[68, 125 б] деп жазған өлеңдері қатарынан білеміз. Сонымен қатар елді жақсылыққа бұруды, «нәпсіден арылтып», «рух билейтін кезге» жеткізуді парызы деп білген ақын «Адамдық борыш, ар үшін, Барша адамзат қамы үшін, Серт бергем еңбек етем деп, Алдағы атар таң үшін» [68, 133-134 бб.] десе, енді бір сөзінде: *«Ақ жүрек пен таза ақыл, Қылсаң адал еңбек, Бәрінен де сол мақұл, Артқыға жол бермек. Арсыздардың түкке тұрмай, Арам ойы жойылып, Аяғында хақиқатты бұл үшеуі жеңбек»* [68, 215 б] деп тебіренеді. Бұл ақылды сөздердің астарында ел-жұртты азаптан арылтып, нәпсінің теріс қасиеттерінен ада қылып, ар үстемдік құратын шаққа жетелеуді меңзейтін арманның ізі жатыр.

Әлеуметтік педагогиканың басты мәселесі де осы «Адам өмірін қалай түзетуге болады? Адам қайткенде тату тұра алады?...»-деген сауалдардың жауабын тауып, оны жас ұрпақтың бойына дарыту. Өйткені, Шәкәрім айтқандай, «Өмірдің өзі – тіршілік таласы», осы таласта ендігі жастар «мен ғана болайын» емес, «бәріміз бірге болайық» деген пікірді іс жүзінде негізге алуы әбзал. Қазақ халқының ұлттық ерекшелігі де осында. Демек, «Бізше, адам өмірін түзетуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде осы үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ». Өйткені, «Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады. Ал, арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді, және істемейді.»-деген еді Шәкәрім [131, 87 б].

Шәкәрім, сонымен қатар, осы ұғымдарға қарсы тұратын «зиянды, жау нәрселер, әдеттерді» атап көрсетеді: «Олар: нәпсі, өзімшілдік, мақтан. Бұлардан ұшы-қиыры жоқ жаман әдеттер туа бермек. Мысалы, зорлық, алдау, мансапқорлық, малқұмарлық, рахымсыздық, мейірімсіздік, қанішерлік, тағы тағылар». Осы жаман әдеттерден қалай құтылу керек деген сауалға Шәкәрім, қоғамдық-әлеуметтік дәрежеде жауап береді. Яғни, қандай нақты істер керек деген мәңгілік сұраққа ақын былай дейді: «Ең алдымен, барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу керек. Ол үшін көптің қалауымен әкімшілік басына арлы, ақылды адамдарды қойып, сол адамдардың бұйрығы, ақылы бойынша туған, туашақ адамдарды, жастарды қазына қарауына алуға заң шығаруға керек те, ол заңды бұзғандарды жазалау керек. Оларға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет» - деген[131, 90 б].

Ғұлама ақынның аталмыш ұсыныстары жастар мен балалар арасындағы әлеуметтік-педагогикалық қызметте есқататын ұрымтал мәнге ие. Оның қуат алар көзі қайдан келді, адамгершілік, арлылық ұстанымдарының қалыптасу жолы қалай өрбіді деген сұраққа жауап береді.

Шәкәрім өлеңдерінің психологиялық астарлары, оның өз басының сол кездегі әлеуметтік ахуалдан туындаған ішкі жандүние серпілістерінен хабар береді. А.Е.Жүнісбекқызы оның психологиялық портретін сомдауға тырысқандығын «Шәкәрімнің белсенді қимыл-әрекеті оның мінез-құлқынан, ниеті мен бағыт-бағдарынан, ұстанымынан айқын көрінеді. Осылайша, тұлғаның ішкі жан-дүниесінің сыры, даралық ерекшеліктері сыртқа айқын айшықталып тұр. Жалпы мінез тұлғаны толық сипаттай алмайды, дегенмен оның қасиеттерін, бағыттылығы мен еркін, интелектік және эмоциялық сапаларын, темпераментін

айқындайтын психологиялық ерекшеліктерінің күрделі жүйесін құрайды» [132, 25 б].

Ғұлама ақынның өмір жолын зерттеуші ғалымдар оның араб, парсы, түрік, татар, орыс тілдерін білгендігін айта келіп осының өзі оның шығармашылығына септігін тигізгенін, шығармаларын талдап зерттеу арқылы дәлелдеген. Бұдан басқа ол зергерлік, киім тігу, ат әбзалдары ер- тұрман жасауды да білгенін деректер арқылы көрсеткен. Шәкәрімнің шығармаларының ақын Абай мұраларының идеяларын жалғастырушы ретінде зерттей келе Қ.Мұхаметханов оны әрі лирик, әрі эпик ақын, прозаик, ол композитор және музыкант, орыс және шығыс классиктерімен қазақ оқушыларын таныстырған шебер аудармашы, ол терең ойшыл әрі бармағынан мөрі тамған сегіз қырлы өнерпаз – үлкен мәдени қайраткер –деп сипаттама береді. Сонымен қатар оның жан– жақты қабілетін көрсететін тағы бір тұсы музыка аспаптарында ойнауы мен өзінің ән шығарғандығы да асқан дарын иесі екенін көрсетеді [133-135].

Ақынның психологиялық портреті жайлы айта келе А.Е.Жүнісбекқызы

«Шәкәрім қабілетіндегі дарындылық пен талант үйлесімділік тауып, оның данышпандық қасиетін айғақтап тұр. Данышпандық қасиет – бұл адамның ақыл-ойы мен іс-әрекетінің ең жоғары дәрежеге жетуі. Демек, данышпан адамның іс-әрекет нәтижелері қоғамның тарихи дамуында өшпес із қалдырады. Шәкәрім осындай адамдар қатарындағы, еліміздің біртуар перзенті. Бүгінгі күні ақынның осы бір өзіндік қасиеттері оның тұлғасын, адами қасиеттерін, сипатын, қалдырған рухани мұраларын халық игілігіне жаратып, тәлімі мен тағылымы мол өнегеге айналдырып отыр» [132, 27 б]–деп жазады. Осы мақаласында ол «Байқасаңыз Шәкәрім - күрделі мінездің иесі. Ал ондай мінездің иесі күрделі ой үстінде, белсенді істердің жетегінде жүреді, басқаның ойына келмеген құбылыс иесі болып таныла түспекші» [132, 28 б]–деп сипаттама береді.

Халқымызда адам күйзелген, торыққан шақта «әлем тарылды, жер–көкке сыймадым» деген секілді сөздің мәтелі бар. Сол секілді Шәкәрім де елге сыймай, төңірегендігі ахуалға қарсылығын білдіре алмай, білдірсе де оған құлақ асатын адам болмай, даналықтан жалғыздық азабын тартқан. Сондықтан елден кетіп, жалғыз өзі қала сыртына орналасқан. Сондағы ақынның жан күйзелісінен айтқаны «қауымнан қаштым қағылып, оңаша өмір сағынып», даналардың бәрі жалғыз деген осы болар. Ол:

Кім жалғыз бұл жалғанда – есті жалғыз

Мұңдасар болмаған соң бір сыңары.

Жалтаңдап жалғыз Абай өткен жоқ па

Қазақтан табылды ма соның пары? [68, 102 б] дегенді айтқанда осындай психологиялық ахуалды меңзегені рас.

Психологияда адамның жаны қиналып, санасы ойға толып, күйзеліске толып тасыған кезде осы эмоция әр түрлі мәнде көрініс беретіні айтылады. Біреуде ол ашу, ыза, кек қайнатса, біреуде ол ішкі күйзеліске әкеліп көзден жас не ауыздан сөз, не болмаса ән, өлең саз түрінде сыртқа шығатыны белгілі болған. Бұл көріністер адамның ақыл–парасаты, туа біткен мінез ерекшеліктері мен өзін басқара білуіне байланысты болатын көрінеді. Шәкәрімде ол өлең, ән не болмаса

прозалық шығарма түрінде сыртқа теуіп шыққан. Жалпы оның өлеңдері психологиялық толғаныстарға толы. Мысалы ол:

Үйіріліп көкейіне ұйып жатсын,

Тазартып жүрек кірін жуып жатсын.

Қаңсыған шөл даланы қанықтырып,

Жыр тасып дариядай құйып жатсын –деп, адамның өлең арқылы жүрегі, ішкі әлемінің тазаратындығына меңзейді [68, 109 б].

Шәкәрімнің «Жаз шығып жаманшылық жоғалғанда» –деп басталатын өлеңінде адамның басындағы ой–арманды табиғат құбылыстарымен байланыстыра келе әр шумақтың соңында «арманда» сөзін келтіріп, адамның арманының таусылмайтынын «көз тойып, көңіл толмақ пендеде жоқ» және әр адам орынды нәрсені армандау арқылы жақсылыққа жететініне жаңсайды, мысалы, айлақеске еп, кәріптерге ас, әйелдерге еркін өмір, патшалардың көзі тоймай арманда, «кек қуған кер, ызақор күншілдерге...дұшпанының қаны арманда» –дей келе «талап қылса табылар соның бәрі» –деп жол нұсқайды да өлең соңында қазақта бұрыннан бар ең жаман кім деген де ол «өзі білмеген, білгеннің тілін алмаған» нағыз ақымақ дегенін келтіріп ең арманда қалатын адам ол «өзі білмес, білгеннің тілін алмас, – анық ойлап қарасам, – әне арманда» деп тұжырымдайды [68, 106].

Ақын «жас өтті тынымсыз» өлеңінде жастарға жол нұсқайды:

Ғылым бір кенің ғой,

Ауырсаң, емің ғой.

Бәріңе жетеді,

Таусылмас көлің ғой [68, 114].

Ақынның бұл өлеңдерінен адамның мінез –құлқы, ой–санасы, сезімі мен ішкі жандүниесіндегі кейбір оғаштықтарды сынау, мінеу арқылы оны түзету қажеттігін де айта кеткені, оның шығармаларының әлеуметтік– педагогикалық қызметке тигізетін септігін анық байқауға болады. Мысалы, «Жаз шығып жаманшылық жоғалғанда», «Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа», «Ашу мен ынсап», «Анық пен танық», «Мақтау мен сөгіс», «Көкіректе толған шер», «Қалжыңшыл, қылжақбас», «Піскен мен шикі» секілді басқа да өлеңдерінде адамның бойындағы келеңсіздіктерді айта келіп, оларды түзету жолдарын да көрсетеді. Әлеуметтік педагогикалық қызмет үшін ақын шығармаларының осы тұсы маңызды. Кестеде ақын өлеңдеріндегі әлеуметтік педагогикалық пікірлерге қатысты үзінділер алынған өлеңдері көрсетілді.

Ақын өлеңдерін іріктеп іріктеп ала отырып, адамның теріс мінездері жайлы ойларын жүйелеп, оны түзету туралы пікірлерін де топтастырдық. Өлеңдерінен алынған үзінділерден әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді іріктеп, оған төмендегі кестеде көрсетілгендей салыстырмалы талдау жасадық.

## **2-кесте Шәкәрімнің әлеуметтік–тәлімдік пікірлерге қатысты өлеңдерінен үзінділер**

Шәкәрімнің өлеңі	Өлеңнен үзінділер	Ондағы әлеуметтік педагогикалық мәселелер
1.Жаз шығып жаманшылық жоғалғанда	Айлақеске алдайтын еп арманда, тамақсыз табысы жоқ кәріптерге, жалғыз күнгі қарынның тоғы арманда; Жалаңашқа киімнің жоғы арманда, тоңғанға отын менен шок арманда;	Арман әлеуметтік педагогикадағы адамның болашағын анықтайтын маңызды санаттардың бірі.
2.Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа	Ұрлық, ұрыс, араздық күнде дайын; ұрысы ұрлап, қуы алдап, сұмы еліріп; көзі аспанда, көңілі матанда боп;	Ұрыс, араздық қоғам тыныштығын бұзатын, жеке адамды торығуға алып келетін күрделі мәселе. Оны түзету, реттеу қажет
3.Ашу мен ынсап	Мінін айтып қазушы ем,түзетпек боп елімді:үмітсіздік дендеді,қадірі мол танықтың, елді сөк те жаманда деп ұрысты ашуым; еріншек, тағы келді салпылдап;өз мазанды аласың,ел саңырау надан ғой;түзу істі бұрыс деп,	Адамның кемшілігін анықтау арқылы оларды түзету жолдарын әлеуметтік педагогикалық жұмыс.
4.Анық пен танық	Қазақта жоқ, ақылмен ой бекітпек,...Аз ойланса қазақтың басы қатып,..Арам оймен ар сатып, үзіп, жұлмақ... шолақ ойлап, шолтандап, сырттансымақ... арсыз, арам, асығыс, айлакерлік;	Не дұрыс, не бұрыс екенін пайымдамай, біреуді алдау, арбау, қулық не айламен басқаларға зиянын тигізеді.
5.Ер қоспақ пен сөз сөйлемек	Біреу сөйлер басында батыр шығып, жеп жіберере кісіміп жерге тығып. Ер жүректі еркекке жолыққанда, Ыржаң қағып жалынып кетеді ығып, Қалжыңдасып отырып ыза болып, көзі аларып, күресін адырайтар; өршіл жігіт дегенге айта салып, аузы басы қан болып шыға келер;	Өзімшіл, өр көкірек, мықтылардың алдында төменшіктеп, әлсіздерді басынады. Ашушаң, қылжақбас, ойсыз.
6.Ашылған көз тұрама бір зат көрмей	Дағды қылсаң дап дайын істің бәрі, адамзат тұра алмайды әдетке ермей; Бір рюмкеден басталар маскүнемдік,наша үстінен нашаға өрлей, өрлей; аздан кейін араны ашылады,..жын да жын, құмар да жын, мастық та жын;	Маскүнемдікке, нашақорлыққа қарсы; құмарлық қалай пайда болатынын пайымдайды.
7.Мақтау мен сөгіс	Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды, бабын таппай мінгенді қылар жынды...талап деген ындынмен ентелемек...талаптың алты түрлі бар ноқтасы: ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық; алтауының ішінде ынсап әділ...Ынсап деген аспайды, кем қылмайды;	Адам мінезіндегі мақтаншақтық, талапсызға қарсы: ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық – осыларға үйрену, әлеуметтену жолы.
8.Көкіректе толған шер,	Ермейсің деп елім жау, досым баяу...бір өзіңе сыйындым бір құдай ау, Осы күнде арамның жолдасы мол,қу мен сұмды кім жиса-шын мықты сол. мақтан, атақ іздесең құдайдан без, ардан күсіп арамның біреуі бол...	Қулық, сұмдық, мақтан секілді мінездер әлеуметтік педагогиканың нысаны. Осыларды түзету-

	Бар сүйеніш үміті бір құдайда.	әлеуметтендіру болып табылады.
9.Бір Аллаға сыйынып арам өлмес	Құдайсыз қу қолынан істе келмес,..бейілін бекем буған белі сынбас...ел бұзса да адалдық өзгерілмес. Адамзат өзін–өзі сынау керек...не шыда, не залым бол бірін таңда, әйтеуір ақылын тап ерте қамда.	Сенім, әлеуметтік педагогикалық жұмыстың аса маңызды көмекшісі. Сол арқылы әлеуметтендіру шараларының тиімділігі артады.
10.Қалжыңшыл, қылжақбас	Жайдары күлдіргіш қалқам, ұятсыз, әдепсіз салқам... ыржақта, қылжақта, айда!өнер қыл қылжақтағанды... жыртақта, бұлғақта, айда! аласың аузынан жырып... ит болып өтесің оңбай, жырқылда, тырқылда, айда!	Қазақ жек көретін қылықтар.Бұл әлеуметтік педагогикада түзетуге жататын қылықтар.
11.Насихат	Білген ердің бол шәкірті, білмегенді қыл шәкірт,үйренуге қылма намыс, үйретуге болма кер.өнерінді құр шірітпе, орнына анық жұсамай, тотыға тіл үйретілсе, сөзі адам - адам, өзі –құс, т.с.с.	Ел қатарлы күн көріп, өмі сүргісі келген адам, үйренуге, білуге құмарлық танытады, үйренуге намыстанбайды;
12.Псікен мен шикі	Дүниенің ащы, тұщы дәмін татпай,... Не қылды байқадың ба піскен адам, қор болар үйде отырып өскен адам. Қиялап қиын жерде сол озады, -көп жер көріп, басына іс түскен адам.	Қиыншылық көрген адамның тәжірибесі молая түседі, ол ойлауға, еңбектенуге бейімделеді;
13.Мен қорқамын, қорқамын	Ашу менен ызаға, толы емеспін ортамын; қызыл тіл отқа салар, кекшіл аямай қауып алар; тұтпа ашудың құйрығын,	Ашу, кек сақтау әлеуметтік педагогикалық мәселе, оны болдырмау үшін адам өзін бсқаруды үйренуі тиіс;
14.Адам немене?	Алдаусыз адам өмірін түзетерлік, әділет, ынсап, мейірім бар ма адамда? көрсе қызар, жалмауыз бәрі алдағыш, көп адамның қылығын барлағанда. Тамам жұрыт өзін–өзі «мен» деседі, Өзгелерді жатырқап «сен» деседі. «Біз» дейтұғын бір елді таба алмайсың.	Әлеуметтік – педагогикалық мәселе ретінде түзетуді қажетсінеді;

Бұл кестеде берілген өлеңдерден ақынның әлеуметтік-педагогикалық ойларының әлеуметтік-педагогика теорияларымен астасып жататындығын көреміз.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының әлеуметтік-тәлімдік маңызы адамды кемелдік дәрежесіне жеткізуге деген арман мен ниетпен сабақтасып жатқан, бүгінгі күн талаптарымен үндесіп, жалғасын тауып отырған маңызды пікір.

Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектерін, шығармаларын қарастыра отырып, оның адамды, қоғамды түзетудегі іс-әрекеттерін былайша топтастыруға болады:



Біріншіден, ойшыл шығармашылығындағы әлеуметтік-тәлімдік мәселелер негізінен ардан безген, бұзылған, адамдықтан шыққандарды «Ар ілімі» [136] арқылы тәрбиелеуге, тура жолға бұруды көксейді.

Екіншіден, тәлім-тәрбиені дұрыс, жүйелі қалыптастыра отырып, әділеттілік, арлылық салтанат құратын, кемел заманға жетуге үндейді.

Үшіншіден, келешек жастардың адаспауына, адамгершілікті, имандылықты жүректеріне берік ұстап, ешкімнің хақысын жемеуге, адал еңбек етуге насихаттайды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы «Ар ілімі» қағидалары барынша тереңдікке, сырға құрылған. Олардың мән-маңызын ашып, зерттеп-зерделеу арқылы халқымыздың тәлім-тәрбиелік дүниетанымын ашуға мүмкіндігіміз бар.

## **2.2 Шәкәрім Құдайбердіұлының мұраларындағы әлеуметтік-тәлімдік ойлар**

XXI ғасырға аяқ басқан Қазақстан күрделі тарихи бетбұрыстар мен қоғамдық жаңғырулар тұсында тұр. Дамудың тарихи жаңа кезеңі қоғамының барлық саласындағы уақыт тудырған күрделі әлеуметтік өзгерістермен айқындалады. Тәуелсіздікке ие болған жылдар ішінде Қазақстан мемлекеті жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, өзгермелі әлеуметтік жағдайда жаңа Қазақстандық қоғам дүниеге келді.

Тек тәуелсіздік пен егемендік жағдайында ғұлама ойшылдардың ізгілікті көзқарастары, қазақтың дәстүрлі дүниетанымы туралы бүкпесіз айтуға, айтып қана қоймай жүйелі түрде зерттеуге халқымыздың бай рухани мұрасын игере отырып ұлттық өзіндік сананы қалыптастыруға, аянбай қызмет еткен жеке тұлғалар болған. Сол себепті біз диссертациялық жұмысымызда Шәкәрім Құдайбердіұлының педагогикалық көзқарастары, шығармаларындағы әлеуметтік пікірлер сабақтастықты, ұлттық тәлім-тәрбие тұрғысында қарастыруды мақсат ете отырып, ғалымның бүкіл мұрасын зерттеу объектісінің аясын тұтас қамтуға тырыстық.

Кез-келген іс-әрекет, тұлғаның басқаларға болған мәмілесінде өзгелердің және көпшіліктің мүддесін көздеген күнде ғана мәнді болмақ. Бұл оның өзінің де игілікті өмір сүруі үшін қажет. Себебі, қазақ жерінде өмір сүрген ойшыл ғұламалардың ортақ пікірі: өзің жақсы өмір сүруің үшін, төңірегіндегілер де жақсы күн көргенін ойла дегенге саяды.

Адамдардың тек өзінің жеке басының ғана мүддесін көздеуі, сол үшін басқалардың жай-күйін ескермей байлық, дүние –мүлік жинауға ұмтылуы тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуы мен қалыптасуына кері ықпал етіп мешеулікке соқтырады.

Әлеуметтік педагогикада қоршаған ортадағы тұрақтылық пен қарым-қатынас нормаларына қайшы келетін жекелеген адамдардың мінез-құлқы мен іс-

әрекеті, сол адамның басындағы күрделі мәселе ретінде қарастырылады. Өйткені, басқаларға зиянды әрекеттер көп жағдайда адамның өз басына да кедергілер туындатады, қарым-қатынасын күрделендіреді. Кейде тіпті қауіпті болуы да тұрмыста көптеп кездетін жағдай.

Мінез-құлық ауытқулары деп қарастырылатын адамның жүріс-тұрысы, іс-әрекетінің бұзылуы психикалық –психоз, невроз т.б. ішкі жандүниесінің, тәні не психикасының ауруға шалдығуынан болатыны белгілі. Бұдан басқа, әлеуметтанушылар мен әлеуметтік педагогтардың ерекше мән беретін бұзылулардың бір түрі мәдени ауытқулар ретінде қарастырылады. Бұны олар психикалық ауытқулар немесе дезадаптациямен байланыстырады. Алайда бұл мінез –құлық ауытқуларының басты себебі емес екенін айта келе ғалымдар, «әдетте психикасы бұзылған адамдардың барлық қоғамдық талаптарды толық орындайтыны, ал психикасы қалыпты адамдардың қоғамдық жіті нормаларды бұзатын ахуалдар да кездеседі» [33-37] деп көрсетеді. Бұның неге бұлай екені әлеуметтанушылар, психологтармен әлеуметтік педагогтарды да қызықтырады.

Заман ілгері жылжып, адамзат санасы неғұрлым биікке иек артқан сайын оның алдындағы міндеттердің де мәртебесі биіктеп, ауқымы кеңейіп, мәні күрделене түспек. Халқымыздың ұлттық мақтанышына айналған тұлғаның әлеуметтік және педагогикалық көзқарастарына тоқталып, оларды біріктіретін ортақ күш бар екендігін: біріншіден, олардың бәрі де қазақ еліндегі ағартушылық кемелденген дәуірінің жемісі болатын, екіншіден, ғұламаның негізгі ой-арманы елін, халқын жетілдіру, сауатын ашу, басқа халықтармен терезесін тең ету еді.

Шәкәрімнің ағартушылық-педагогикалық көзқарасы туралы айтқанда, оның өлеңдері мен поэмаларын, ғылыми еңбектері мен аудармаларындағы тәлім-тәрбие мәселелеріне назар салу маңызды.

Адам санасына сіңіп, бойына тазалық пен инабаттылық дарытатын көркем шығармалардың тәрбиелік мәні зор. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, егемен ел болған заманда туған халқымен қайта қауышқан алыптарымыздың бірі Шәкәрімнің шығармаларын оқыту, оқытып қана қоймай, терең сырлы құпиясын ашып, оның адамдық, азаматтық құқық жайында жазған өлеңдеріне талдау жасау мектеп мұғалімдеріне зор міндет жүктейді. Жас ұрпақты адамгершілік биік мұраттарға, адалдық пен ақылдылық, парасаттылық пен азаматтыққа үндейтін Шәкәрім шығармалары бүгінгі күні жоғары және орта оқу орындарында оқытыла бастады.

Шәкәрімнің «Кісіге адамшылық неге керек?» өлеңінде адамдық пен айуандық бір-бірімен бетпе-бет келіп, адамдық қасиеттің орны белгіленеді.

Кісіге адамшылық неге керек,  
Адамдық өзге айуаннан артық демек.

.....

Ит талаған төбеттей қалай дейсің,  
Аямай әлі келгенді жұлып жеген жемек, - деп оқырманға ой тастайды, пікір сұрайды.

Мейірім жақсы, зұлымдық жаман дейсің,  
Қасқырлыққа қайтасың құр дөңгелеп,

Жаны ашып, жәрдем қылмай өткен адам,  
Өсіп, өніп құлаған бір бәйтерек, [68, 16 б]- деп өзі өлеңінде адамды адам ететін, адалдық пен азаматтыққа жеткізетін амалды, түрлі жолдарды іздестіреді. Адамның түзу жолда жүруіне, ар тазалығы мен жан тазалығына ақылдың үнемі көшбастаушысы болып отыруын қалайды.

Білімділер сөз жазып зарлағанда,  
Ой кезіп, жердің жүзін шарлағанда,  
Алдаусыз адам өмірін түзетерлік,

Әділет, ынсап, мейірім бар ма адамда [68, 24 б], - деп толғанып, өз заманының, қоғамын сынап, адам бойындағы жағымсыз мінез-құлықтарға жиіркене қарайды, басқаларды да жиіркендіртеді.

Ұлы ақынның бұл өлеңдері жақсылық, әділдік, азаматтық сезім, ар-ұят өзін-өзі бағалау, қамқорлық, қарапайымдылық, кішіпейілділік сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының азаматтық рухты жоғары көтеретін, эстетикалық сезімге баулитын өлеңдерінің бірі – «Насихат». Бұл өлеңнің идеясы тұнып тұрған өсиет, ақыл мен нақыл. Ақын жастарға өнер, ғылымға жету жолдардарын көрсетіп, оқуға шақырды.

Сен ғылымға болсаң ынтық, бұл сезімді әбден ұқ,  
Білгеніңнің жақсысын қыл, білмегенді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті, білмегенді қыл шәкірт,

Үйренуге қылма намыс, үйретуге болма кер [70, 24 б], - деген жолдарында ғылым мен білім, адамдық пен азаматтыққа жеткізетін бірден-бір құрал екенін айтып, шәкірттік пен ұстаздық арасын айшықтап көрсетеді. Шәкәрімнің оқу-білімге, өнерге, еңбекке, биік гуманизм, адамгершілік идеясына көзқарасы үнемі Абаймен үндес келіп отырады.

Қай ғылымды білсеңіз де қазір оны елге жәй,

Құры ішінде кеткенше пайдалансын өзгелер,-

деп ғылым мен білімнің көпке ортақ байлық екенін түсіндірді [68, 54 б].

«Піскен мен шикі» [90, 25-28 б] мысал өлеңі ақынның замандасы, педагог-жазушы Ыбырай Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесімен төркіндес, тәрбиелік мән-мағынасы ұқсас.

Шәкәрім поэзиясының биік тұғыры – гуманизм, туған халқына деген махаббат, жан мен тән тазалығы екенін айтып, ұрпақ санасына сіңіру – көкірегі ояу, сезімі сергек, зерделі жастық парызы. Шәкәрім еңбек тәрбиесіне ерекше мән бере келіп, өз шығармаларында еңбекті адам бойындағы қасиеттердің ең керектісі деп түсінеді. Еңбектің тек жеке адам өмірінде ғана емес, бүкіл адамзат дамуындағы тарихи маңызына көз жеткізе білді.

Жалпы, адам өмірін осылайша жас ерекшеліктеріне қарай кезең-кезеңге бөліп сипаттау қазақ поэзиясында ертеден келе жатқан дәстүр. Жастық қызығын дәріптеген ақын адам өмірінің осы екі кезеңін шендестірумен шектелмейді, бертін келе ұлғайған жастың өзіндік мәні бар екенін насихат қылды.

Әрине, балаң білсе қадіріңді,

Орындап екі айтқызбай әміріңді.

Жасыңнан жаның сырлас жарың болса,

Қыл өткізбей білетін тамырыңды [90, 34 б], - деп, адамның егде тартқан тұсында баланың, жардың қызметіне ерекше мән береді, оның тәлімдік-тәрбиелік тұстарына ерекше көңіл бөледі.

Шәкәрімнің «Ар іліміндегі» шынайы қағида болып есептелінетін тәлім-тәрбие идеясының бастауы тереңнен тамыр тартады.

Жалпы, ақын діндегі адамгершілік, тәлім-тәрбие, мораль тақырыбына терең мән бере отырып, барлық діндердің ортақ күдіреті – «Жаратушы-Құдай» мәселесін биік қойды. Бұл тұрғыда ақын дүниежүзілік жалпы адамзаттың даму тарихын білгенін көруге болады. Адамның жан-дүниесі, көңіл-күйі, ниет-мақсаты жаратушыны сүюге бағытталса, сонда ғана адам шын ләззаттың, шын махаббаттың шуағына шомылады. Шәкәрім танымындағы «Жаратушы», «жар», «хақиқат», «шын» деген сөздер «Құдай» ұғымын береді. Бірақ қолжазбадағы «Құдай», «Тәңір», «Алла» деген сөздер бұрмаланып, алғашқы жинақта «Адам», «Табиғат», «Құлағым», «Осындай», «Баста», «Әмбе» деген сөздермен ауыстырылып берілген. Бұл қателік ақынның кейін жарыққа шыққан «Иманым» кітабында ғана түзетіліп берілді. Жалпы бұл жинақ сопылық поэзия өкілі Қожа Хафиздің тоғыз ғазалының Шәкәрім аудармасымен берілуімен құнды.

Жаңа таңдау жолын қалаған мемлекетіміз өркениетке ұмтылғаны жақсы. Алайда өзгелерден, басқа мемлекеттерден ерекшелену үшін ондағы ұлттық тәрбиенің мәні бөлек. Егер ұлттық таныммен ерекшеленсек, бізге қызығатын, тәжірибе алмасатын ел қатары көбейе түспек. Ал жоғарыда сөз еткен кереғар көріністерді ғұламаларымыздың ойына жүгіне отырып жойғанымыз абзал. Өз мұрамыз, ғұламаларымызды алғаш игеріп барып қана өзгелерге жүгінсек, ол да біздің жетістігіміз. Жанымыз сонда тұрақты. Сонда біз қазір жан-жақтан тықпалап жатқан шетелдік тұжырымдарды білдірмей қылғытып қояр едік. Сырттан келген мамандар мен ғалымдар біздің ежелгі шығыстық танымымызды сезініп, жақсы жақтарын өзгеше қабылдар еді. Өзге жанды байытқан тән әрдайым ұтатынын түсінер едік. Біздің жан қазақ жаны, ата-баба рухы арқылы тұрақ таппақ. Күресте жеңіп шықпақ. Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы жан мен тән мәселесі осыны көздейді.

«Адам өмірін қалай түзетуге болады? Адам қайткенде тату тұра алады?...» Өйткені, Шәкәрім айтқандай, «Өмірдің өзі – тіршілік таласы». Демек, «Бізше, адам өмірін түзетуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – *адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл* болуға керек. Дүниеде осы үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ». Өйткені, «Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады. Ал, арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді, және істемейді.»

Шәкәрім халықты адал еңбек етуге, ешкімнің обалына қалмауға және әділеттік, шындық жолында аянбай қызмет етуге шақырады. Шәкәрімнің артына мұра етіп қалдырған өсиет өлеңдерінен біз халық педагогикасындағы қазақ халқының «Талапты жанға нұр жауар» деген даналық сөзінің мәнін ұғына аламыз. Ақын қоғамдағы әрбір азамат өз ісіне адал да жауапты болып, өзгелерге мейіріммен түсіне қараса және қызмет бабын пайдаланып жемқорлыққа жол

берілмесе, сол қоғамның теріс қылықтар мен жағымсыз құбылыстардан тазартатынын айтады.

Дана Абайды қазақ халқының рухани ұстазы ретінде тануымыз ұлы ақанның өз мұрасы ғана емес, сонымен бірге әлемдік көркем ойдың алтын қазынасына айналған тарихи тұлға ретінде Шәкәрімнің әлеуметтік-педагогикалық идеялары арқылы жүзеге асты.

Шәкәрім Құдайбердіұлының ғұлама Абай Құнанбаевтың шәкірті екені айтылып келеді. Өйткені олардың дүниеге, өмірге, адам болмысы мен ой-санасына болған пікірлерінде сабақтастық бар. Шәкәрім ұстазы Абайдың ойларын тереңдетіп, жалғастырып, дамытып отырған.

Абай қазақ поэзиясына бірінші болып пейзажды енгізіп, табиғатты өлеңдерінде жеке кейіпкер етіп көрсетіп, адам мен табиғат мәселесін көтерген. Бірінші дүниежүзілік соғыстың куәгері болған Шәкәрім экологиялық тәрбие негіздерін салып, адам құлқы және табиғат, табиғатты сақтауға ғалымдардың жауапкершілігі туралы ойларын жариялаған.

Абай мен Шәкәрімнің қызметтерінде үндестік мол, екеуі де ағартушылық қызмет атқарған, әділ шешімдер қабылдаған. Екі алып та ғылым, білім жолына түскен, әдебиетпен шұғылданған. Ел тану, жер тану ортақ арман болған. Абай қазақтың өзіне дейінгі өнерін су жаңа соны арнаға салып, өз кезіндегі өнер атаулының тың биігі сыншыл реализм шоқтығына өрлетіп әкеткен болса, Шәкәрім Абайдың алғашқы ғұмырнамашысы, жалпы шыншылдық пен шынайылық атаулының жуыр арада асу бермес шыңы болып қала бермек.

Ш.Құдайбердіұлы Абайға дана, данышпан ретінде де өз ортасынан бөлініп кеп, дара тоғысады да дәстүрін жалғастырып, ілгері дамытады. Ш.Құдайбердіұлы – екінші Абай деген дәйектеменің бірін-бірі қайталау емес, бірінің ойын бірі жалғастырып, толықтырып отырады, міне, ұлы ғұламалардың шығармаларындағы сабақтастығы да осында екендігін анықтадық.

Абайдың қай ойларын дамытса да Шәкәрім оны міндетті түрде педагогика саласына, білім беру жүйесіне алып келеді. Адам баласының еңбекке, кәсіпке үйрету және оның еңбегін өнімді, жемісті ету - адамзат қоғамы тарихымен бірге жасасып келе жатқан тәрбие нысанасы.

Халық педагогикасының тәлім-тәрбиелік негізінің көздер мақсаты-өзінің бай табиғатына сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, отбасы, ауыл-аймақтың, Отанның, Қазақстан Республикасының арнамысын қорғауға және тағы басқа ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Кішіпейілділік, сыпайылық, ата-ананы құрметтеу үлкенді сыйлау халықтық тәрбиеден ерекше орын алған.

Дүниежүзі ғалымдары да бұл мәселені жете зерттеген. Атап айтқанда, E.Erikson [139], W.Okon [140], L.Pye [141], Д.Равич [142] тағы басқалары оқытудың дәстүрлі ұстанымдарына сәйкес өткен заман мәдениетін жүйелеп академиялық дәрістер жиынтығын қалыптастырудың маңызды деп түсінген. Ал П.Блум [143], А.Маслау[144], T.Nowika[145], R.Comer [146] секілді ғалымдар білім берудің тиімді үлгісін қолданған. Н.Хмель [147], В.Якунин [148] сияқты ғалымдарға салсақ, оқыту мен тәрбие беру үрдісінің өзегі - баланың психикасына

әсер етуде. Бұл педагогикалық идеяны Ш.Құдайбердіұлынан басқа Н.Ахатұлы [149], А.М.Амребаев [98], Ә.Т.Табылдиев [150] сынды ғалымдар дамытқан. Оладың ішінен педагогика ғылымдарының докторлары: Г.Н.Вольковтың «Чуваш халқының этнопедогогикасы» [151], В.Ф.Афанасьевтың «Қиыр Шығыс және Сібір халықтарының этнопедогогикасы» [152], сондай-ақ университеттің доценті З.М.Тамбиеванның «Бүгінгі жастарды тәриелуде халық педагогикасы дәстүрінің маңызды» [153] сияқты монографияларды атап көрстуге болады. Бұл еңбектерде Қиыр Шығыс және Сібір, кавказдық тау халықтарының бала тәрбиелеудегі халықтық принциптері мен дәстүрлері ауыз әдебиет туындыларына сүйеніп зерттелген.

Абайдың ақындық мектебінің көш басында жүретін, бас шәкірті Шәкәрімнің өзгеге емес, өзін де сын көзімен қарап, қазақтың да, өзінің де көп мінін қазып жазған тұсы, осы қырық жасынан басталады. Әсіресе, «Қазақ неткен жан?», «Дінім қалай, жаным не, жоғалам ба өлгенде?» немесе «Әлемді кім жаратқан?» т.б. қазақ арасында, қала берді, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Шығыс пен Батыстың өзінде анық шешімін таппаған, әр-түрлі ой-жотамен дәлел айтып, қарысқан діншіл молдалар мен пәншілдердің қате пікірлерін тексеру мақсатында Меккеге екі рет 1905-1906 жылдары сапарға шығады.

Параходпен ай жүріп жолда,  
Әр елде кез келіп молда.  
Он үш күн боп Стамболда,  
Керек кітап табылғаны-ай! [90, 63 б]- деп,

Меккеге барар жолда он үш күн Стамбол қаласының бай кітапханасында отырып, өз сұрақтарының жауабына қатысты іздеген кітабының табылғанына балаша қуанады. Қандай кітап екенін ашып айтпағанымен: «Жылым - қой, жұлдызым - июль» атты өлеңінің аяғында «Неден бармын? Не қылған жөн? Жоғала ма жан өлген соң?»- деуіне қарағанда, ақынды қатты толғандырып жүрген жан сыры туралы жазылған кітап болса керек.

Ресейде 1917 ж. ақпан айында Николай патша тақтан құлап, орнына Уақытша Өкімет орнаған тұста, «Қазақ халқы құлдықтан босады»- деп, қуанғандардың қатарында, әрине, Шәкәрім де болды. Осыған байланысты «Бостандық таңы жарқырап», «Бостандық таңы атты» деген өлеңдер де жазған. Орыс патшалығы тұсында қазақ халқы ата-бабаларының аманат етіп қалдырған жерінен, ділі мен дінінен, еркін өмірінен және елдігінен ажырап бара жатқанын сезген ойлы ақын:

Бостандық таң атты, қазағым, көріңдер,  
Арғы ие басшының соңынан еріңдер. [68 ,45 б]  
немесе:

Ұмтылып, ерікті ел болып қалыңдар![68, 48 б] деген ұранды сөздермен қазақтың көзін ашып оянуға шақырады. Жасы алпысқа келген қарт ақын бостандықтың туын көргенімен, қазақ үшін осы шыққан күн қалай болар екен деген күдікті ойға қалған. Ендігі үміті қазақтың оқыған жастарында болды. Шәкәрім қазақ даласында өтіп жатқан саяси оқиғалардан да шет қалмайды. 1917

ж. қазан айында Ресейде екінші рет большевиктердің ұйымдастырған төңкерісі нәтижесінде жаңа кеңес өкіметі орнайды. Осы тұста да, Шәкәрімнің 1917 ж. 14 қарашада Семей уездік Земстволық жиынына депутат болып сайланғаны туралы ресми құжаттар сақталған (Семипалатинский ЦЦНИ,

ф-37, 0-01, д-5). Сонымен қатар Шәкәрімнің өзі:

Семейді ақтар меңгеріп,

Қазаққа соттық жол беріп,

Сыртынан сайлап жөн көріп...[68, 74 б]-

деп, Алаш азаматтары сыртынан сот сайлағаны жөнінде дерек берсе, Ахат: «1918 жылы мен орыс оқытушысынан оқиын деп, Семейге бардым. Совет өкіметі қазаққа соттықты берген жоқ. Мұндағы Алаш азаматтары облыстық соттың бастығы етіп, сырттан әкейді сайлаған» [154] деп, жоғарыдағы деректі өз естелігінде толықтыра түседі. Алашорда үкіметінің Шәкәрім қажыны сырттай халық соты сайлағаны жөнінде де архивтік құжаттар (қор 37 тізбе-1, іс-7) Семейдегі жаңа тарихи құжаттар орталығынан табылды.

Шәкәрім қажының елден елсізге кетіп, жалғыз ғұмыр сүрген жаралы жанын түсінбеген молдалар «кәпір» десе, көп ел «алжыды» деп, жаңа заманның жастары «бай», «жуан» деп сыртынан неше түрлі мін тағады. Сонда да ар мен ұжданға берік ақын:

Сақтамаймын жанға кек,

Не десе де сыртымнан.

«Міндеген аузың мынау»,-

Қан ағызса ұртымнан,[90, 78 б]-

деп, халқына бар махаббатын аша түседі.

Ойлап қарасақ, бұл адам халық үшін, жалпы адам баласы үшін туған. Сондықтан ел қамын ойлаған. Азаматтық борышымды елге істеген еңбегіммен ақтасам деген мақсатта болған. Осыны көкसेген. Соны жасынан арман еткен адам. Ақын өмірінің ең мағыналы етіп өткізген тұсы қырық жастан соңғы отыз жылым деп біледі. Елу бес жыл жиған рухани мол мұрасын, қорытқан ой-пікірлерін жаңа буын, жас ұрпаққа аманат етіп қалдырған.

Көрмесе де көзімді,

Білмесе де өзімді.

Кейінгі жандар қабылдар,

Айтылған түзу сөзімді [90.52 б]-

деп, ойлы жастардан дәлелмен айтқан жүйелі ой-пікірлерін қабылдар деп үміт етеді.

Өткен ғасыр қазақ халқының тағдырына сын болған, ұлт ретінде сақталып қалу-қалмауы таразыға түскен ғасыр болды. Халық үшін қайғы жеген қайраткер тұлғалар түгел «халық жауына» айналып, атылды, асылды, қорлық-зорлықтың түр-түрін көрді. Ұлт үшін, ең алдымен, бас көтерер арда азаматтардың қажеттігі айдай ақиқат болса, кеңес өкіметі арыстарды қынадай қырып, ел болып еңсе тіктеуге мұрша бермеді. Сөз ұстаған кемеңгерлерден, топ бастаған даналардан, дін ұстаған ишан-молдалардан айрылған соң, «ұлттық сана-сезім», «ұлттық тәрбие», «Елдік сана», ұлттық рухтан тамтық қалмай, рухани болмысымыздан

жырақтап қалдық. Бұл аталған сипаттардың барлығы біздің нағыз қалпымызды, келбетімізді, басқа халықтардан ерекшелігімізді көрсететін дербес қасиетіміз еді. Өткен тарих пен келешекті толықтай бағамдап, жоғалтқан асыл құндылықтарымызды түгендеуге біз тәуелсіздік алған кезеңнен бері ғана қол жеткізіп отырмыз.

Шәкәрім поэзиясының тақырыптық ауқымдылығын, идеялық тереңдігін, мазмұнының кеңдігін, әлеуметтік қажеттілігін атап көрсеткен М.Әуезовпен Ж.Аймауытовтың қазақ әдебиетінің даму процесіне арналған «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында: «Осы күнгі ақындардың ішіндегі Абайға өлеңінің сыртымен болмаса да, ішкі мағынасымен еліктеген кісі - Шәкәрім. Мінді, кемшілікті, айтқанда жерлеп, шенеп, ондырмайтын Шәкәрім өлеңінде ащылық бар» [5, 45-52] деп, Шәкәрім поэзиясының реалистік сипатына баға берілген. А.Байтұрсынов та Шәкәрім поэзиясында өтірік әсерлеу, утопизм жоқ екендігін тілге тиек етеді. Шәкәрім кейіпкерлері қарапайым адамдар арасында жүріп өздерінің ерлігін, білімділігін, мәдениетін көрсете білген дара адамдар. Ахмет Байтұрсынов мұндай жырларды «әуезе жыр» дей келіп: «әуезе жырлар» тікелей тарихи оқиға шеңберін қатаң ұстамайды, жыр шығарушының қиялы еркін болады. Бірақ, жыр шығарушы адамды орынсыз көркейте, көтере бермейді» дей келіп: «Әуезе жыр» мысалдары Мұқамбетжанның «Топжарғаны», Шәкәрімнің «Жолсыз жазасы», «Қалқаман-Мамыры», Мағжанның «Батыр Баяны» сияқты сөздер» [3, 19]-деп ой түйеді.

Қазіргі кезде қазақ халқының ұлы ойшылдарының шығармаларындағы әлеуметтік-педагогикалық көзқарастарды зерттеп-зерделеудің қажеттілігі туындап отыр. Бұл әсіресе егемен мемлекетіміздің жастары үшін таптырмайтын білім бастауына айналды. Себебі бұрынғы өмір сүрген ғұламалардың туындыларында тек қана өз кезіндегі ғана емес, сонымен қатар келешек заманның мәселелері де қамтылған. Білім мен ғылымға толығымен бет бұрған, ұрпақ тәрбиесіне белсене кіріскен бүгінгі кезеңде даналардың мәнді тұжырымдарын кәдеге жарату алға қойған мақсаттарымызға жетудің кепілі болмақ. Қазақ топырағында өркен жайған тәрбие үрдістерінің негізін салғандар әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауиден басталып, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы идеялары арқылы жалғасын тауып отырды.

Солардың ішінде Шәкәрім Құдайбердіұлының тәлім-тәрбиеге қатысты идеяларын еліміздің даму жолындағы ізденістеріне тұғыр ететін уақыт келді. Өйткені ол, ең алдымен, өзі өмір кешкен тұстағы әлемдік деңгейде болып жатқан ғылыми-техникалық жаңалықтардың мәнін, сыр-сипатын анықтап, болашақ жастардың ғылым-білімнен үлес алуын аманат еткен. Кемеңгердің өз замандастарынан озық тұрғандығын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті студенттерімен кездесуінде: «Қазіргі бәсеке заманында қажыр-қайратың, ынта-жігерің, тынымсыз ізденісің болмаса, көштен қалу оп-оңай. Данышпан ақын Шәкәрім бабаларың «Құбылған әлем жарысы. Ақылды жанның табысы» деп бекер айтпаған. Ендеше жастарға жүктелетін міндет те үлкен» [1] деп, Шәкәрім Құдайбердіұлының пікірін келтіруі дәлелдей түседі.



Шәкәрім еңбектеріне бойлаған сайын бүгінгі ұрпақ ұлы ойшылдың білімге шақырған ұранды үнін ғана емес, оның адамзатты тәрбиелеу саласындағы даналық ақылын терең меңгеріп, нұсқаған тағылымдарындағы теориялық ой-пікірлерге қаныға түседі. Оның педагогика ғылымының дидактика саласына қатысты пікірлері де ұшан-теңіз екендігіне көзіңіз жетіп, өнеге алар тұстары баршылық. Шәкәрім шығармаларының ішкі сырларын терең де, жан-жақты білу үшін жалпылама айтумен ғана шектелмей, ол ұсынған ойларды педагогикалық-психологиялық тұрғыдан өте байыпты да байсалды аңғара білу қажет. Өйткені, Шәкәрім дидактиканың басты принциптері мен ғылымды меңгеру тәсілдерін және оны игерудің амалдарын даналықпен дәл нұсқап, педагогикалық-психологиялық негіздерін терең аша білген [155].

Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық идеялары туралы сөз қозғамас бұрын, оның дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен негізгі жайттарды талдап, маңызды шындыққа көз жеткізуіміз қажет. Негізінде дүниетанымның, көзқарастың қалыптасуы адамның тал бесігінен жер бесігіне дейінгі аралықта толассыз жүретін өте күрделі процесс. Жеке тұлға санатына жеткен әр адам өзінің дүниетанымдық бастауларын ғасырлар бойы жинақталған білім, тәрбие тәжірибесі арқылы игеруі мүмкін. Немесе әлеуметтік-қоғамдық өмірде адамның көзқарасын мүлдем өзгертіп, оның мәдени-рухани тұрғыдан қайта түлеуіне әсер ететін субъективті себептер де болуы ықтимал. Сонымен қатар оның тынымсыз ізденісінің, еңбегінің нәтижесінде меңгеретін шынайы ақиқаттың да болмағы ләзім. Сол сияқты Шәкәрім Құдайбердіұлының адами тұрғыдан жетілуіне, тәлім-тәрбие жөніндегі ой-пікірінің жинақталуын жүзеге асырған жағдайлар болған. Шәкәрім жастайынан өзін-өзі тәрбиелей білген. Оның өмірлік ұстанымы ешкімге қиянат қылмау, бөгде адамға жаманшылық жасамау, мейлі жан-жануар, жәндіктерге болсын, зәбір көрсетпеу. Яғни адамшылықты, арды бұзатын барлық теріс қылықтардан тыйылуға ерте бастан кіріскен. Ол жас кезінде өзі басынан кешірген жағдайды үнемі есіне алып, ұдайы сол ісінен сабақ алып отырған. Шәкәрім жеті жасқа келгенде, әкесі Құдайберді қайтыс болып, үйіне жан-жақтан көңіл айтып, кісілер жан-жақтан келіп жатады. Бала Шәкәрім сол сәтте сай ішіне ойнауға кетеді. Ойнап отырып, ирелендеп бара жатқан жұлдыз құртын езіп өлтіріп тастайды да, кейін оған жаны ашып қатты өкініп жылайды. Ең алғашқы өлеңі «Өлтірдің онан таптың қандай пайда?» деген атпен осылайша дүниеге келеді. Бұл оқиғаның ақын есінде мәңгі-бақи қалғандығын баласы Ахаттың әкесіне қатысты естеліктерінде кездесетіндігіне қарап топшылауға болады. Өмірінде одан кейін жан-жануар, жәндік атаулыға қиянат жасамауға серт бергендігі оның тырнақалды туындысынан аңғарылады. Жетім қалған баланың ой-санасында атасы Құнанбайдың, өз анасы Ботантайдың берген тәрбиесі мәңгілік із қалдырады.

Ақынның көптеген өлеңдеріндегі ел түзеуге, халық түзеуге деген сарындар оның көп жыл сарылған еңбегінің нәтижесі. «Адамнан артық жәндік жаралмаған...» атты өлеңі ақынның сыни қайраткерлігінің толысып, қоғам тәрбиесіне деген көзқарасының жетілгендігіне айғақ бола алады. Ол айналадағы

жандардың қиянатшыл, екіжүзділік, мейірімсіз қасиеттерін көріп, басқалар үшін бұл мінездің қандай зиян тигізетінін ойлап қынжылады.

«Әрине, балаң білсе қадірінді, Орындап екі айтқызбай әмірінді. Жасыңнан жаның сырлас жарың болса, Қыл өткізбей білетін тамырыңды», - деп, адамның егде тартқан тұсында баланың, жардың қызметіне ерекше мән береді, оның тәлімдік-тәрбиелік тұстарына ерекше көңіл бөледі.

Ақын ойын өзін ұлы ұстазы Абайдың толық адам ұстанымымен сабақтастырып оны дамыта түседі. Шәкәрімнің он үш шумақтан тұратын «Талап пен ақыл» атты өлеңі бар. Осы өлеңнің ең соңғы шумағынан мынадай жолдарды оқимыз: *«Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан, анық төмен болмай ма хайуаннан. Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса, өлген артық дүниені былғағаннан!»* Бұл-адамдық болмысқа тән қасиет. Ақын осы тұжырымға бірден келе қоймайды. Алдымен олардың әрбірінің мән-мағынасын ашады. Тарата түсіндіреді. Өлеңнің аты «Талап пен ақыл» болғандықтан, алдымен талаптан бастап, оны былайша сипаттайды:

Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды,

Бабын таппай мінгенді қылар жынды [90, 37 б]-деп Шәкәрім талапты жүйрік тұлпарға балай отырып, оның бап-ыңғайын табуды жөн көреді. Талаптанудың да орны болмақ, ойсыз талап опық жегізуі мүмкін. Сондықтан талаптың қасына ақылды қосады. Талап-албырт. «Талап деген ындынмен ентелемек», бірақ оған тоқтау салатын ақыл болмақ. Талап шапса ақылға мініп алып, Жақсы, жаман бәріне бірдей салып, ойға алғанды орындау ниетінде талап пен ақыл тоғысуы керек. Сонда ғана бір нәтиже шығады. Себебі «анық ақыл адымын аштырмайды». Әр адамға салып ойланып істеген адам мақсатына жетеді. онда ақыл деген не болмақ? «Тапқыш ой ғой ақылдың мағынасы» - дейді Шәкәрім. Ақыл мен ойды қатар қояды. Ойсыз адам көп нәрсені парықтай алмауы да мүмкін. Осы екі қасиет қатар жүрсе кісілік кемелдене түседі. Бұлардың ұясы «Түбі – жүрек, болады мида басы». Көп нәрсе жүрек әмірімен болатыны мәлім. Сонымен қандай жағдайда талап керек, талапсыз ешнәрсе болмайды. Осы идеяға ұқсастық кейіпте «Талаптың мініп тұлпарын, Тас қияға өрледім», демей ме Абай. Белгілі бір мақсат жолында талапсыз табыс болмайды. Адамды мұратқа бастайтын жол-талпыну, талаптану емес пе? Демек, талап жоқ адамда әрекет жоқ, алайда орынсыз іске ұрынып қалмау үшін ақын «талаптың алты түрлі ноктасын» атап көрсетеді. Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық-талапқа алты түрлі нокта тақтық. Талап – тұлпардың тізгінін тарту үшін алдымен ынсапты атайды. «Алтауының ішінде ынсап әділ» болғандықтан қалғандарының тізгінін ынсапқа ұстатады. Мұның себебі: «Ынсап деген аспайды, келе қоймайды, Орын таппай ол, сірә, қозғалмайды» деп түсіндіреді. Ынсап бар жерде әр нәрсені байыппен бағамдау бар екенін байқаймыз.

Шәкәрім «Алты ноктаның» әрқайсысына талдау жасай отырып, олардың ерекшеліктерін, ашып берді. Ынсаптан кейін екінші кезекте рахымды айтады. «Рахым жақсы көреді аяғанды». Адамгершілігі мол, рухани бай адамның иі жұмсақ болады. Ол адамды аяйды. Бұл-біреудің көңілін қалдырғысы келмейтін рахымға тән. Рахым бар жерде мейірімділік бар. Адамға құрметтеу-ата дәстүр.

Рахым жақсы көреді аяғанды, Адамға қаттылықты ойға алмайды. «Адамға қаттылықты ойға алмау» яғни қатыгездік істемеу адами асыл қасиеттердің қатарынан орын алмақ. Олай болса рахым да әр адамның бойында табылуы тиіс.

Бұдан кейін Шәкәрім ар мен намысқа назар аударады. Арлы адамның жамандыққа баруы мүмкін емес. «Тірі адамның ардан аяулы жері бар ма?»-деген Абай тұжырымына жүгінсек, ар сақтау-адамдықтың бір қағидасы. Өйткені «ар-адамның қоры» (Ж.Баласағұн). Ақын адамгершілік, ізгілік қағидаларын терең толғап, ақындық мұратының бір қайнар көзіне айналдырған.

Ар демек-адамшылық намыс деген.

Арық кетпес жағыңа қарыс деген,

«Мал жанымның садағасы, жан-арымның садағасы»-дейтін мақал осындайда айтылса керек.

Шәкәрім ардан кейін намысшылдықтың күншіллікке ұласпауын ескерте келіп, намысты да адамға қажет жақсы қасиет қатарына қояды, Егер адам ел намысын, ер намысын қорғай алмаса азаматтың беделі төмендемек. Көп қатарынан қалмау, алдына қойған мақсатқа жету әр адамның намыстылығына байланысты. Бірақ ойға алғанды орындау-біреудің аяғынан шалу емес. «Алмай өс алдыңғының аяғынан» деп, қызғаншақ-іштарлық, өзімшілдіктен биік тұрып, намысты жібермеуге үндейді.

Шәкәрім ұятты сақтауды да парыз санайды. Ұят жоқ жерде адамгершілік те болмайды. Жаман істердің көбі ұятсыздықтан болады. «Орынсызды істеуге өлгенше ұял». Ұят сол-аулақта ұял көрегендей-ақ, Ұрлаған малың шығып бергендей-ақ. Ұяттың мәні өкінбейтін іс істеу, «Ар ұят тұрған жерде әдеп те тұрады. Адамнан ұят кетсе, арсыз болады». Өмірдегі орныңды біліп, әр қадамыңды абайлап басуға сенімді серік-ұят. Ұяттан аттау жаман адамдарға тән. Халық ондайларды ұнатпаған. «Ұятсыз адам иттен де жаман». Ұят бар жерде адамгершіліктен айрылып қаламын деген күдік болмаса керек. Ақынның ақыл-ерік тізгінін ұятпен байланысты қарауы орынды. Халық педагогикасымен ақын ойы сабақтасады. Ол адалдық-адамгершілікті жырлайды. Мұндай поэзия халыққа, бүкіл адамзатқа қажет.

Енді ақын сабыр туралы не айтады?

«Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген халықтың дана сөзі бар. Осы орайда Шәкәрім:

Сабыр деген-әр іске шыдамдылық,

Қатты керек адамға бұл бір қылық [70, 44 б],-дей отырып, адамға тән қажеттіліктің бірі сабыр екен. Сабырды адамгершілік қасиетпен байланыстырады. Қандай жағдай болса да сабыр сақтай білген адамның ісі оңына келетінін, мұратына жететінін айтады. Сондықтан сабыр-шыдам адам бойынан табылуы қажет. Сабырсыз ұстамсыз адам-ұшқалақтыққа жол ашады. Оның түбі ұятқа қалдыруы мүмкін. Ендеше ол жақсы мінезге жат қылық. Сабырлы болу адамдардың бәрінен табыла бермеуі мүмкін. Шәкәрімнің «Қолы жетпей талай жан ізденеді, осыдан көп шығады адамшылық» [70, 45 б] деген

сөзі осы ойды аңғартатындай. Шәкәрім сабырынан соң сақтық туралы ой өрбітеді.

Сақтық деген әрқашан байқап жүрмек,

Пайда ма не залал ма ескерілмек.

Көргенім естігенін есепке алса,

Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек [70, 46 б],-деген жолдарда да көп мән бар. «Сақтық деген әрқашан байқап жүрмек». Сонда нені байқайды? Сақтық та бүкіл өмір-тіршілікке қатысты. Өмірде даңғыл жол жоқ. Оның күңгейі мен көлеңкесі қатар жүретіні мәлім. Онда Шәкәрім айтқандай байқап жүру қажет. Сақтық-адаспаудың, жамандыққа ұрынып қалмаудың жолы. «Салақта сақтық жоқ» деген де бос сөз емес. Салақтың талғамсыз, парықсыздыққа апаруы мүмкін. Шәкәрімнің «Көргенін, естігенін есепке алса»-деген сөзі осындайға айтылған болса керек.

Шәкәрім өзінің ұстазы Абайдың адам деген атқа лайық болу үшін ұсынған бес асыл іс (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым) қағидасын сегізге жеткізеді. Ол: «Ойменен, талаппенен болды сегіз, айтылмай енді қалды неменеміз?» деп бір сәт сауал қойып алады да өзі жауап қайтарды. *«Өзге жақсы мінездің бәрі-дағы шығады осылардан түгел деңіз»*. Ақын бұдан кейін жоғарыдағы айтылған адамдық қадір-қасиеттердің бәрін бір шумақ өлең жолдарына жинақтайды. «Дүниені былғамаудың» бір амалы адамгершілік мұраттарды қалыптастыру деген түйінге келеді.

Шәкәрім-көптеген өлеңдерінде адамдық атқа дақ түсіретін кеселді құбылыстарды аша отырып, гуманистік идеяларды тынбай жырлаған ақын оның «Талап пен ақыл», «Көңіл», «Өкінішті өмір», «Аурусыз жанға айла жоқ», «Шаранамен туып едің» т.б. өлеңдерінде кісілік-тектілік шарттарын әр қырынан бейнелеп адам деген атты ардақтауға, соған лайық болуға үндеді. Қат-қабат сырға толы қазақ халқының Абайдан кейінгі айбынды асқарларының бірі-Ш.Құдайбердіұлы. Оның әлеуметтік тәлімдік ойларының қазынасы қыртыс-қатпар, қалың, ойы терең, түрі бай. Нәпсі мәселесі Шәкәрім шығармашылығында басты ұғымдардың бірі болып табылады. Бұл қазаққа сіңісті болып кеткен сөзді төркіні арабтың нафс (жан) деген сөзі. Белгілі ислам ғұламасы Абу Хамид әл Ғазали нәпсіні үшке бөледі: жануарлық, адамдық және жоғарғы, ұлық. Бірінші жан - «ашу мен тілек күшін жинайды», ол адам бойындағы бүкіл жаман қасиеттердің басын құрайды, сондықтан да онымен күресу қажет. Екінші және үшінші жан-адамның ішкі жоғарғы бастауларының көрінісі.

Шәкәрімнің қазақ мәдениетінде нәпсінің табиғатын толымды түрде бірнеше рет ашып көрсететін және онымен қалай күресуге болатынын айтатын әйгілі сыр сөзі бар. Әрі қарай ыждақатты талдау нысанына айналдыру үшін сол өлеңнің толық мәтінін келтірелік:

«Бас көзімен қарасаң, нәпсі-жалған,

Бір сұлу қыз сықылды жұрт таңдаған.

Анық ақыл сөзімен қарағанда,

Өзің берер қалыңға ол қызды алған.

Қылықты қыз сияқты көрінсе де,

Өлшеусіз сансыз байдан жесір қалған.  
Күнінде қызыл гүлдей жүз күлсе де,  
Сырт айналса, жүрекке жалын салған.  
Бас алуға жаралған бір жәдігөй,  
Өткір қылыш секілді уға малған.  
Өлмей адам осыдан құтыларма,  
Неге қылып жүргеміз өлімді арман?  
Нәпсі үйінде байлаулы ынсап жатыр,  
Мұның емін, тегінде, сол аша алған.  
Сопысынып, ақсынып әуре болмай,  
Ер болсаң, босатып ал сол зынданнан.  
Ақыл, ғылым әр-түрлі айтса-дағы,

Жиыны осы сөзбен аяқталған» [70]-дейді. Бұл өлеңдегі ең бірінші көзге ұрып тұрған нәпсінің табиғаты. Бірақ оның жалғандығы бас көзімен қарағанда ашылмайды, ол «сұлу қыз сықылды». Көзді арбап, көздің жауын алып адамның есін шығарады. Адам еріксіз нәпсінің алдауына душар болады, торына түседі. Шәкәрім бұл жерде жоғарыда келтірілген нәпсінің қай түрін айтып отыр? Әлбетте, біріншісін, жануарлық нәпсіні. Ойшыл бұл нәспіні кейде құмарлық нысанынан басқа ешнәрсе көрмей қалады. Қашан енді құмарлығының құмары өтелгенше тыным таппайды. Өтелген сәтте құмарлық нысанына көңілі суып, жерініп шыға келеді. Сол кезде адамның өзегін өкініш табы өртейді. Шәкәрімше айтсақ, «сырт айналса, жүрекке жалын салған. Жиыны осы сөзбен аяқталған» [26] дейді. Бұл өлеңдегі ең бірінші көзге ұрып тұрған нәпсінің табиғаты. Бірақ оның жалғандығы бас көзімен қарағанда ашылмайды, ол «сұлу қыз сықылды». Көзді арбап, көздің жауын алып адамның есін шығарады. Адам еріксіз нәпсінің алдауына душар болады, торына түседі. Шәкәрім бұл жерде жоғарыда келтірілген нәпсінің қай түрін айтып отыр? Әлбетте, біріншісін, жануарлық нәпсіні. Ойшыл бұл нәспіні кейде құмарлық нысанынан басқа ешнәрсе көрмей қалады. Қашан енді құмарлығының құмары өтелгенше тыным таппайды. Өтелген сәтте құмарлық нысанына көңілі суып, жерініп шыға келеді. Сол кезде адамның өзегін өкініш табы өртейді. Шәкәрімше айтсақ, «сырт айналса, жүрекке жалын салған». Осындай сегіз қырлы-шежіре, шешен, ақын, философ және табиғаттанушы тұлғалардың бірегейіне Ш.Құдайбердіұлы бабамыздың болмысы куә.

Шәкәрім әлемнің ой толғамдарының негізгі өзегі адамзат қоғамы мен қоса келе жатқан классикалық үштіктік адам-қоғам-табиғат үйлесімі. Ол тіршілік тұғыры осы үштік арасындағы араласым, сыйласым, жарасым, сәйкесім тұтастығымен қалыптасатындығына кәміл сенеді. Мұны біз төмендегідей өлең жолдарынан байқаймыз:

Кетті, келді, толды, семді,  
Өзгелеңді бұл ғалам.  
Туды, өлді, жанды, сөнді,  
Өршіп енді қайтадан.  
Дөңгелеткен, өңгелеткен,

Түк білімсіз күш пе екен?  
Тіпті мінсіз, кемшіліксіз,  
Есті қылған іс пе екен?  
Жан деген не мүлде өле ме,  
Шын жоғалып сөне ме?  
жөндеп, жоғары өрлеп,

Тағы мен деп келе ме? [70]. Көріп отырсыздар ол өмірдегі материалдық қозғалыстың бірлігі, толассыз, бір - біріне алмасып отыратын заттық және рухани құбылыстардың дамуы ретінде қарастырады. Осы ойды автор келесі бір өлеңінде:

Шымды жерде көресіз қара топырақ,  
Шіріген шөп тозаңнан болған құрақ.  
Егер оған дым тиіп, күн жылытса,  
Жан кіріп, шөп шығады, гүл жапырақ.  
Өлген шөптің гүлі еді тозған тозаң,  
Онған тағы не шықты басқа бірақ.  
Әлемде жоғалатын ешбір зат жоқ,  
Өзгеріп түрленеді, олай, шырақ [70] деп дамытады.

Қазақ ұғымына адамгершілік ұғымымен астарлас келетін моральдық атаулардың бірегейі – кісілік ұғымы. Халқымыз: «Адам болар баланың кісімінен ісі бар, адам болмас баланың кісіменен несі бар» деп, тәрбиелі адамның үлгі – өнегесін жоғары бағалап, жастарға «Жарлы болсаң да, арлы бол»деп талап қойған еді Абай. Қазақ дәстүрі бойынша үлкенді сыйлау, құрметтеу, оның кісілігінен тәлім алу-әрбір жастың парызы. Үлкен кісінің алдымен қия өтпеу, оған сәлем беру, төрден орын беріп құрметтеу, көңіліне қарау- атадан балаға ауысқан тамаша дәстүр. Кісі өзін сыйлата білу үшін өзінің кісілік дәрежесін биікке көтеріп, адамгершілік көрсете білуге тиіс, олай етпесе, халық оны «кісі емес» деп сыйламайды.

Шәкәрім «алдымда Абай марқұм болған соң, содан ғибрат алып, мен де адамшылықтың, адалдықтың жолын қуғаным жөн деп басымды шытырман шақтан ерте босатып алып, білім жолына түстім... өз бетімен ізденіп, оқып білгендерден сұрап, барлық өмірімізді жазумен өткіздім, өз мақтанышым үшін жазғаным жоқ... кейінгілер үлгі алып, өнеге үйренсін дедім» [72] деп, білімді алу оны уйрету мақсатын көздеді. «Білімсіз, ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған білім өнерлерін адал еңбек пен жаратылыстың мол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын нәрсе жоқ. Сол тапқан байлықты барша адам баласының керегіне пайдасына жарата білу керек» [72] дейді.

«Мұғалімнің өмірі» деген дастаны арқылы ол ой дамытып ғұламалыққа жету үшін әрбір адам өмірге жауапкершілікпен қарап, талпынып, ыждағаттанып, ықылас қоя еңбек етіп, өздігінен білім алуға ұмтылу керек екенін өз өмірінен мысалдап баяндайды, халықтың мәдениетін өркендету үшін әрбір ақ ниетті адам оқуға ұмтылып, білім алуға міндетті деп, ол шын пейілімен, бар ықыласымен ұмтылса, білімге деген қызығушылығын арттыра білсе, әрбір талапкер өздігінен білім алып та ғылыми мақсаттарына жете алатынын дәлелдеп көрсетеді.

«Сөзбен де, өлеңменен де сабақ беріп,

Алсын деп керектісін өзі теріп» [72] деп, ғұлама ақын өз шығармаларымен ұлағатты ұстаздық мақсаттарын орындады. Ол өнер-білімді дамытып, халықтың мәдениетін өркендету үшін қазақ жастарына батыс, шығыс елдерінің ең өркениетті өнегелерін үйретуді мақсат етеді. Ол баланы тәрбиелеуде жалпы адамзаттық мақсат-мүдделері алға тартып, тәлім –тәрбие ғылымының әлемдік мәніне зор көңіл бөлді. Әсіресе, адамгершілік, ақыл –ой, еңбек, патриоттық тәрбиелеуге көп көңіл бөлген ақын бұл тақырыптарға арнап шығармалар жазып, ұлттық тәрбиеге көп еңбек сіңірді.

Әлеуметтік педагогиканың тәлім-тәрбиелік негізгі көздерінің мақсаты – ғұламаның бай табиғатына сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке өнер білім машықтарын меңгеруге, ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Кішіпейділік, сыпайылық ата –ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау әлеуметтік педагогика элементтерінің баға жетпес құндылықтарының бір бөлігі. Қазіргі өтпелі кезеңде ұлттық мәдениет пен рухани мұраны халқымыздың қажетіне жаратып, ХХІ ғасырға қадам басқан салауатты қазақ халқының өркениет шыңына жетеріне күмән жоқ. Сондықтан ұлттық тәлім –тәрбие, адамгершілік туралы теориялық және әдіснамалық мәселелерін тереңірек зерттеу бүкіл әлемнің ең басты міндеті.

«Шәкәрім өз өмірін өзі жазып кеткен адам» [19] деген Қайым Мұхаметханов. Мысалы: «...Ер жеткен соң сол кісіден, яғни Абайдан тағлым алып, әртүрлі кітаптарды оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін іздедім» деген екен Шәкәрім тек жалпы білім беру ғана емес, сөз өнеріне жетіліп, ақындық мұратын айқындау жағынан да оның Абай әсерінде болғаны анық.

Шәкәрім терең ойға құрылған, күмістей жарқын жырлар жазуды мақсат тұтқан. Кейде ол Абай шығарған өлең өлшемдерін, ұйқастарын қолданып жырлайды. Ақын аға идеяларын уағыздайды. Әділдік адамгершілік, мәдениет, оқу–білім ұрандарын жырлайды. Айтып уағыздап қана қоймай, халықты жақсылыққа үндеп, ар-ұят сақтауға, қайырымдылық жасауға тырысады. Атадан қалған мұраны мирас қылып, ағадан үйренген асқан даналықты жолдас етіп, өмірінің саналы биігіне көтеріле береді.

Білім молайған сайын ақын түсініктері де тереңдейді. Ғылым, білімге сенім артып, соған сүйенеді. Шәкәрім оқу, өнер-білімді уағыздай отырып, оған да сын көзбен қарау керектігін айтады. Шын ғылым, нағыз ғылым болады, соны тап та содан айырылма, ол дүниені бұзатын жалған ғылымнан, залым оқымыстыдан аулақ бол деп кеңес береді.

Дүниені түзетуші

Һәм бұзушы - бір ғалым

Әрі залым, әрі ғалым

Ел түбіне сол жетер, - деп бүгінгі ғылымда өз деңгейінде игерген адамның қоғамға тигізер пайдасы мол болатынын, ал ғылымды игергенімен адами тұрғыда қатігез болса, онда адамзат қоғамына зиян келтіретінін айтады. Мұндай ойлары қоғамның дәл бүгінгі әлеуметтік жағдайында өзектілігін тауып тұр.

Ғылым, өнер жолына түскен, өнеге айтар адамға ақының қоятын өз талаптары бар. Оны ақын былайша береді:

Күн сықылды көпке білдір,  
Шықты ма күн, батты ма?  
Ай сықылды айтып ұқтыр,  
Қанша ғұмыр өткенін...  
Саусағының сусыны бол,  
Су сықылды сұп-суық.  
Бірақ ондай болма салқын,  
Ел көңілін қалдырып  
Жел сықылды желпі жұрттың  
Шаршағанын, талғанын...  
Жоқ па үйің, болма құйын  
Қылма жаман амалын  
Жер сықылды пайдалы бол, пайда алсын ел сенен  
Сен бұлттай боп көлеңке,

Мезгілімен бер жауын.[70] - деп бүгінгі жастар тәрбиесінде ел қамы үшін өмір сүрудің әлеуметтендіру мақсаты екендігін меңзейді. Адам қалыптасуының барлық аспектілері қоғам сұранысын қанағаттандыратын қасиеттерді қалыптастыруға бағытталатынын айтады.

«Талап пен ақыл» өлеңінде :

Тапқыш ой ғой ақылдың мағынасы ,  
Түбі – жүрек, мида басы...  
Ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық,

Талапқа алты түрлі нокта тақтық..., -деген өлеңінде Шәкәрім де жастардың әуес болар қырсықтарын сынайды. Жастар бойынан көрініс беретін «ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық» - әуес болар алты қасиет деп көрсетеді. Шәкәрімнің бар өмірі мен нысанасы, ақындық арнасы, азамттықарының арқауы «Адамдық борышын» -өлеңінен айқын көрінеді.

Адамдық борышың-  
Халқыңа еңбек қыл.  
Ақ жолдан айнымай,  
Ар сақта, оны біл.  
Талаптан да білімнен де өнер үйрен  
Білімсіз, Өнерсіз болады ақыл тұл.  
Мақтауға салынба,  
Мансаптың тағы үшін  
Нәпсіңе билетпе, басыңның бағы үшін.  
Өміріңді сары қып өлгеніңше,  
Жоба тап, жол көрсет,  
Келешек қамы үшін  
Қайтадан қайырылып,  
Қауымға келмейсің,  
Барыңды нәріңді тірлікке бергейсің,  
Ғибрат артыңа із қалдырсаң,



Шын бақыт, осыны ұқ, мәңгілік өлмейсің деп бұл өмірдегі адамның ең негізгі ұстанымдары болар қасиеттерді сілтейді. Бүгінгі күнгі өз қамы үшін ғана өмір сүрудің мағынасыз екендігін, артында із қалдыруда мақсат етудің дұрыстығын ескертеді. Ақынның мұндай пайымы қоғамдағы әлеуметтік ортаның ықпалы, материалдық құндылықтардың үстем болып, рухани құндылықтардың елеусіздігін аңғарғаннан, насихаттау ниетінен туындаған болса керек.

Шәкәрімнің шығармаларында ерекше сипатта жалғасын тауып, бүгінде өзектілігі артып отырған тағы бір әлеуметтік-тәлімдік көзқарасы

«Кім жүрер тіршілікте көңіл бермей,

Байқамас фәнидің мінін көрмей,

Міні қайда екенін біле алмассың,

Терең ойдың телміріп соңына ермей» [90]-деп ой түйген өлең қатары біліммен келетін терең ой ғана бұл әлеуметтік ортада өмір сүру бағдарымыздың дұрыс жолын табуға мүмкіндік береді дегенді айтқысы келеді. Сонымен қатар,

«Жұқпайды екен айтқан сөз,

Ғылымы жоқ наданға .

Көкірегінде болса көз,

Жұғар сондай адамға.

Ондай адам қазақтан

Кеп туса осы заманға ,

Босар еді-ау азаптан

Қазақ шығып самалға» [68] - деп бүгінгі әлеуметтік ортадағы тәртіпсіздік мен надандық көріністердің бәрі де оқымағандықтың салдары екендігін айтады. Бұл шындығында да жастардың аз оқитындығын, рухани-интеллектуалдық тұрғыдан дамуға көңілді бөлмеуін, мұндай жағдайдың дәрежелікке, мәдениетсіздікке алып келетінін ескертеді.

Өскен ортадан алған тәлім-тәрбие, Шәкәрімнің бүкіл болашағына жол ашты. Шәкәрімнің тарихи-философиялық санасының қалыптасуына Абай мектебі тікелей ықпал жасады. Бұл мектеп Шәкәрімді болашақ ойшыл ретінде тәрбиеледі. Нәтижеде, Шәкәрім дүниетанымында жаңаша бітім болмыс қалыптасады.

Тән көретін бастағы көз,

Байқамайды жан сырын.

Көр де ақылға сал деген сөз,

Көз керек қой ойларлық.

Ақиқатты дәл көруге

Жан көретін көз керек

Бас көзімен сенделуге

Бізде рұқсат жоқ шырақ! [68]

Шәкәрімнің бұндай тамаша толғамынан оның Абаймен қаншалықты үндес келетінін, терең философиялық мәнге ие ойды аңғару қиын емес.

Шәкәрім өз ұстазында кездесетін, өзіне дейін қазақ мәдениетінде ұшыраспайтын құбылыстарды дамытқан әйгілі «Үш анық» мазмұны бойынша

ғылыми-ағартушылық бағыттағы баяндама іспеттес. Абай ой-пікірлер генераторы болса, Шәкәрім сол ойларды логикалық түрде аяқтап, дидактикалық түрде өңдеп оқушыларға жеткізген шәкірті. Ақынының 21 жасында жазған «Жастарға» деген бағдарлық өлеңі мен «Мұтылғанның өмірі» деген дастаны жастарды әлеуметтік ортаға тәрбиелеуде орны ерекше туынды. Онда ақын данышпандылыққа, білім дамытып ғұламалыққа жету үшін әрбір адам өмірге жауапкершілікпен қарап, талпынып, ыждағаттанып ықылас қоя еңбек етіп, өздігінен білім алуға ұмтылу керек екендігін мысалдармен баяндайды, халықтың мәдениетін өркендету үшін әрбір ақниетті адам оқуға ұмтылып, білім алуға міндетті деп, шын пейілмен, бар ықыласымен ұмтылса, білімге деген қызығушылығын арттыра білсе, әрбір талапкер өздігінен білім алып та, ғылыми мақсаттарға жете алатынын дәлелдеп көрсетеді. Бұл әсіресе бүгінгі ХХІ ғасыр талабы.

Ұлы ойшыл, дарынды ғалым Шәкәрім қазақ халқының мәдениетін дамытудың кілті – білімде, тәрбиеде, өнерде деп насихаттаумен қатар, өзі де білім алу жолдарын көрсетіп, тәрбие беру тәсілдерін үйретіп, өнерден өнегесін көрсете білді. Жастарды қоғамда орнын табудың бірден-бір жолы қашанда білімділік екендігін дәлелдеді.

Шәкәрімнің тәрбиелік тағлым оның даналығында, ал даналығы оның данышпандық ойлары мен парасатты сөздерінде, парасаттылығы-оның ағартушылық ой – түйіндерінде, ал ұстаздық ұлағатының асқар белесі-адам және ел тәрбиесінде деп білеміз.

Шәкәрім Құдайбердіұлының педагогикалық көзқарастары ұлттық педагогиканың қалыптасуына зор ықпалын тигізген құбылыс болды. Оның түрлі жанрда жазылған еңбектерін гуманистік және адамгершілік мұраттары, демократиялық ағартушылық идеялары уағыздаған мұра деп бағалау керек. Шәкәрімнің әлеуметтік-педагогикалық ойларында өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық көріністері, ақыл–ой ізденістері, талғамды тұжырымдары із қалдырды. Ол қазақ қоғамының рухани өсуіне көмектесуді, жастарды ғылым–білім, өнерге баулуды мұрат тұтты.

Шәкәрімнің педагогикалық идеясының негізгі өзегі адам болып табылады. «Адамның мәні – оның дүниені танып білуінде-ол тек адамға ғана тән нәрсе» дейді. Сонымен қатар, Шәкәрім бүгінгі күні адамдар бойынан көрініс бермейтін көптеген қасиеттерді айтып, оларға түсінік береді. Әлеуметтік-тәлімдік көзқарасында ақын баланың іс-әрекет сипаты оның психологиясымен байланысты екендігін айтады.

Жанның ең негізгі қажет ететіні-ұждан. «Адамның ынсап, әділет, мейірім үшеуін мұсылманша айтқанда, ұждан дейді. Шәкәрім ар-ұжданы адамгершілік этикалық жағынан ғана емес, оны әлекметтік-педагогикалық категория ретінде әлем құрылымының негізі болатын субстанция ретінде жоғары қарастырған. Шәкәрім адамның рухани өсуіне мықты тірек болатын үш анықты айтады. Адам ұжданға сай арлы өмір сүруі керек деп, Шәкәрім адамдарды осыған шақырған.

Шәкәрім адам танымының мүмкіндігінің ерекше назар аударма келе:

Ақыл құсы адаспай аспандаса,

Әлемде нәрсе болмас көзден таса.  
Жеті көк жерден оңай басқыш болып,  
Борышқа қол жетеді қармаласа.  
Жанның бәрі мендей жар табар еді,

Терең ой , сау ақылмен шамаласа [70]-деп жырлайды. Мұнда ақын саналық, белсенділік, өздік әдеттерін дамыту принципі: бұл принцип адам бойында борыш, ар-ождан, талғам мәдениеті, мінез-құлықтың, адамгершілік қадір-қасиетінің, өмірлік бағытының үйлесімді дамуының қажеттілігін қамтыды, тәрбиеленушілерін осы игі қасиеттерге бағыттайды.

«Ашу мен ынсап», «Шаруа мен ысырап», «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым», «Мен бір тілсіз көлікпін», «Біреудің мінін кешірсең», «Сөз жазып, өлең өлшемек» деген сияқты өлеңдерде ақын негізінен заман толғаныстарын, көңілдің күйлерін, өмір философиясын қозғайды.

Бүгінгі таңда әлеуметтік ортада жастар тәрбиесінің бір бөлігін діни танымдар мен іс-әрекеттер құрайды. Ақын мұраларында бұл мәселелерде назардан тыс қалмаған.

Шәкәрімнің қазақ рухани өміріндегі жаңаша болмысы оның дінге деген көзқарсын тамаша жеткізген. Наным сенім қағидалары шектеулі шеңберді Шәкәрімнің пікірінше айтар болсақ, дүние қуып, пайда іздеген, алдау-арбаумен күн өткізген молда «мешітте мың жыл тұрса да» бейіштің есігінен сығалай алмақ емес. Ақын ұғымында бар кінә иманын малға айырбастаған молдада ғана жатқан жоқ. Бұл күнде Алланың аяты да, пайғамбардың хадисі де бұзылған. Бұған кінәлі бірді-екілі адам емес, бүкіл қауым. Және де дін бұзған ізгі уағыз, қасиетті кітап жолынан жауған жалғыз Мұхаммед үмбеті ғана емес. «Таурат» теріс түсіндіріледі, Зәрдөштің өсиеті ұмытылған, Будданың ілімі жаңсақ ұғылып, Айсаның айтқандары бұрмаланған. «Бұл күнде дұрыс иман жоқ, Шатақ дін нәпсі тыйған жоқ, Ақылы саудың ойына Алдамшы діндер сыйған жоқ». Сонда қандай жолдарды таңдауымыз керек? Ақиқат жолы! - дейді ақын. Бұл – бәріміз құмарланып, бәріміз мұрат тұтатын шын асыл жар, айнымас серік адастырмас жол басшы. Ал ақиқатқа жетудің амалы–осы заманғы оқу-өнерді игеру. Жоқтың орнын толтыратын, жеке адамды ғана емес, тұтас халықтарды бақытқа бөлейтін-ғылым-білім ғана. Шәкәрім қазақ қоғамындағы кемшіліктерді, қазақ халқының басындағы ауыр халді ең алдымен осы Еуропа өнер-ғылымынан кеңде қалу нәтижесі деп есептейді, жер жүзі жабылғанда білім жаққа, Қазақ жүр құмарланып құр атаққа» күн өткен сайын кері кетіп, елдіктен, кісіліктен айрылып барады.

Шәкәрім қазақ халқының сол тұстағы тұрмыс–ахуалын, жай-күйін нақты байыптайды, өмір сүретін аумағын кеңейте, айқындай түседі. Қуы алдап, сұмы еліріп, байы басқамын ғана күйттеген, игі жақсылары партияшылдық, дау-дамай қуған елдің бүгінгі күні тым сұрықсыз. Батыстан оқу-ғылымының, өнер - білімінің махрұм жұрттың тура жолға түсер, оңалар түрі көрінбейді.

«Ойда жоқ өнер біліп жол табайын,  
Жалмауға жалықпайды өз маңдайын.  
Мұның түбі не болар деген жан жоқ,

Ұлық, ұрыс, араздық күнде дайын», - дейді төңірегiнен түңілген жан. Бұл бүгiнде де қоғамда қоғамда өршiп тұрған әлеуметтік проблема деуге болады. Сол кездiң өзiнде ақын әлеуметтік ортаның тәлімдік әсерiне көңілі толмай өз көзқарасын осылай бiлдiрген.

Сөйте тұра, заманды өзгертпесе де, адамды түзеуге күш салған Шәкәрімде сүйектен өтер ащы сөзiн, ақиқат сырын айта отырып, туған халқын бақытқа жеткiзер амал iздейдi. «Қазағым, кам ойлан,- Сенде адам едiң ғой!» - деп зар шеккенде ұғынар жолы - ағартушылық. Ғылым жұрттың бәрiн сусындатар шалқар көл, халықты бақытқа, байлыққа бөлер таусылмас кен, рухани дерт атаулының бәрiн аластайтын, елге қуат, күш беретiн дәру. Күнбағыс халықтарын қуат - құдiретке жеткiзген ғылым және бiлiмдi игеруi. Сол сықылды қазақ халқы да ғылым-бiлiмдi игеруi тиiс. Ғылым - бiлiмсiз өркениеттi елдермен терезенi теңестiру мүмкiн еместiгiн айтып, «ғылым–бiлiмдi игеру үшiн жас балаларды жаңаша оқыту қажет»-дейдi. Ақынның бұл идеясын қазақ халқының : «Малға кедей болса, жетiлерсiң, ғылымға кедей болсаң өкiнерсiң» деген нақыл сөзi растайды. Осылайша ақын бүгiнгi заманның талабы бiлiм алуға талпыну, сол арқылы бәсекеге қабiлеттi тұлға ретiнде қалыптасу екендiгiн жастар есiне салады. Ақынның жаңаша оқыту деп отырғаны, әлемдiк бiлiм беру үрдісiне ену керектiгiн меңзегенi. Қазiргi демократиялық тәуелсiз мемлекетiмiздiң жастары әлемдiк бiлiм беру стандартымен бiлiм алуда. Жоғары оқу орындарында кредиттік технология жүйесiмен оқытылып, студенттердiң бiлiм деңгейi кредиттік баллдық жүйе бойынша бағалануда.

Шәкәрімнің мейiрiмi мен зорлық, әдiлет пен зұлымдық, ғылым мен мораль, адам мен заман туралы толғаныстары екi ғасыр шегiндегi қазақ қоғамдық ойының марқайған қалпын, бүкiл Түркістан өңiрiндегi алдыңғы қатарлы, биік өресiн айғақтаса керек. Бұл кезде қазақ әдебиетi дiн шырмауы ескiлiк көлеңкесi, ел iшiндегi кертартпа құбылыстар сияқты аса мәндi, бiрақ кезеңдiк тақырыптарды еркiн игерiп, бүкiл адамзаттық мәселелерге, әлемдiк тақырыптарға бiр жола ден қойған едi. Бұл тараптағы Абай салған жол кеңейе, даңғылдана түскен болатын. Сондықтан да Шәкәрімнің азаматтық лирикасы тек қазақ қана емес, қазiргi советтік шығыс халықтарының поэзиясындағы, туыстас тағдырлас жұрттардың барлығының рухани даму тарихындағы өзгеше құбылыс деп бағалануы ләзiм.

Шәкәрімнің бұл реттегi сырлары мен толғаныстарын өмiрiнің соңына қарата жазылған, ел iшiнде бүгiнге дейiн өз әуенiмен айтылатын ең көркем туындыларының бiрiн нақты түйiндесе керек.

«Қайран  
Қайғысыз, камсыз күндерiм,  
Сайран,  
Сауықты рахат түндерiм ,  
Сендерден не пайда?  
Асқан  
Алпыстан мынау жасымыз,  
Қашқан

Шалдықтан ғаріп басымыз, қаласың қай сайда!?» [68].

Тіршілік мұраты - осы шектеулі ғұмырды мағыналы, мәнді етіп өткізу. Сен адамдық жолынан шықпасаң, ұрпағың да өз кезегінде артына тағылым тастамақ. Өмірдің өтуі, тіршіліктің сарқылуы туралы мұнды сарын о дүние сұлбасы, ахирет жайынан мүлде аулақ сипатта. Құдайдың бірлігіне пайғамбардың хақтығына күмән келтірмеген Шәкәрім адамның артында ең үлкен қазына-игі іс, ең үлкен мұра ұрпақ жалғастығы деп танығанын көреміз. Бұл ақынның өмір кешуі, өнер мұраты туралы толғаған көптеген өлеңдерінің негізгі арқауы болып табылады.

Ақын «Өкінішті өмір» атты өлеңінде ел ішінде мақтан сүйіп, дау қуып партияласумен жұрттың шырқын бұзып жүрген жандарды өткір мысқыл, ащы тілмен шаншып «ез, еріншек, қоғалақ, шабан болсаң, не мақтаншақ, дарақы болсаң, қайда барып оңасың, сенің хайуаннан қай жерің артық» деп шенейді. Мұны да бүгінгі саяси әлемдегі көш басшы тұлғалардың ең алдымен халық игілігі үшін еңбек етуі әлеуметтік мәселелермен байланысты деп ұққан. «Насихат» атты өлеңінде өмірдің тұтқасы - өнер мен білімде ғана. Өнерлі озады, білімді ғаламды билейді, ғылым таусылмас кен, сол кенді жас күйінде үйреніп, игеріп бақ дей келе, білімді адамдар ел билігіне келуін қалайды. Ол үшін жастайынан балаларды білімге құштар етіп тәрбиелеу керектігін ескертеді. Әйтсе де, бүгінгі заманның еліктіріп әкетуші, жолдан тайдырып жастарды жақсыға емес, жаманға үйір етер ортадан бойын аулақ алып, оқу-білім ғана болашағын жарқын етерін ескертеді. Оны:

Оқуыңда өнер үйрен тек жүрсең де,  
Ақы алмай, тамақ қана жеп жүрсең де.  
Өнер білсең-он күнде жүзді аласың,  
Басында пайда алмай-ақ көп жүрсең де...  
Жастарым, құмар болма көрінгенге,  
Жас күнде бойды үйретпе ерінгенге.  
Ғылым тап жас күнінде буын қатпай,  
Басында байқамассың дәмін татпай.  
Менің көрген жайымды сендер білсең,

Ғылым үшін жүрер ең тыным таппай, [70]-деп жырлайды.сөйтіп, өз өмірін жастарға өнеге етіп, ғылым жолының аса қиындығын, жасында ерлікпен өмірді өткізіп алып, есейе келе оны іздеп, бүкіл дүниені шарлап, өмір азабын кешуіне ағасы Абай сияқты өкінішін білдіреді.

Шәкәрімнің әлеуметтік-педагогикалық көзқарастарының ерекшелігі – ол адамның ішкі рухани дүниесіне ерекше көңіл бөліп, қоғамдық процестерді адамды әлеуметтендіруге оң ықпал етуші ортаға айналдыруға тырысты.

Шәкәрім әрбір қоғамдық қатынастардан адамды, оның мәнін іздеді. Адамның адамдық мәніне сәйкес келмегенде оларды сынға алып отырады. Бірақ Шәкәрім қоғамдағы саяси әлеуметтік жағдай, қоғамдық ортаны адамдандыруға мүмкіндік туғыза алмады. Бұл ойшылдың қалыптасқан қоғамдық қатынастарды жатсынуына себеп болды. Қоғамдық қатынастар адамнан жоғары тұрған кезде жатсыну басталған еді.

Шәкәрім ендігі жерде қазаққа өз мәдениетін сақтап қалу үшін халықтың санасын ояту қажет деп білді.

Ұры, қары, қу, сұмның жан жолдасы.

Қазақ қайтіп ел болар, қарағым-ау?

Бұл ұзамай құриды, сөздің расы.

Николайдың иісі осы елде тұр,

Оңдырмайды сәулесіз өңкей масыл [90] деп жырлайды. Шәкәрімнің ойынша сол кездегі қоғамдық ортаны түзету үшін алдымен адамға түзету қажет. Ақ патша үкіметі ұстанған саясат, Шәкәрімнің ойынша ондай мүмкіндікті қанағаттандырмайды. Ендігі мақсат рухани еркіндікке жету. Ол үшін адамның еркіндігін көксеген қоғам орнату қажет. Патша үкіметін құлатқан соң орнаған кеңес үкіметінің де адамға деген көзқарасы түзелудің орынына тіптен сорақыланды. Шәкәрімнің кеңес үкіметі кезеңіндегі шығармашылығы мен оған деген көзқарасы туралы мәселе өз алдына бөлек тақырып.

Қоғамдық өмірде Шәкәрім үнемі адамды ең басты қойып, оның бақыты мен болмысын әрқашанда негізгі мәселе ретінде қарастырады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының педагогикалық пікірлері әр кезде жол-жөнекей сөз еткен адамның жан сыры, психология туралы айтқандарымен орайласып жатады. Мәселен, ақынның психологияға байланысты көзқарасын «Анық пен танық «Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарттар» т.б. шығармаларынан кездестіреміз. Бұларды ғұлама адамдарға сыртқы дүниенің, қоршаған табиғаттың жұмбақ сырын ұқ, танып-біл, оның елеусіз байлығын мұратыңа, қажетіңе жарат, бұл үшін Жаратқан адамға ми берді, білу, нану, ұғыну, тану - бәрі ақыл ісі, олар мидан шығады деп тұжырым жасайды.

«Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,

Мұрын, иіс, тіл дәмнен хабар бермек.

Бесеуінен мидағы ой хабар алып,

Жақсы, жаман әр істі сол тексермек» [68]-дей келе ми қызметі адамның сезім мүшелерінің әрекеті арқылы іске асады, ойға алған істі жүзеге асыру, адамның әділетті, әділетсіз болуы, ізгілікті қууы немесе жауыздық жолға түсуі ақыл мен жүректің ісі, сондықтан әр нәрсені сарапқа салып, байыбына барып, терең ойлап, топшылап ақылмен іс қылу адамдықтың басты парызы дейді. Шәкәрім өзінің пәлсапалық сипаттағы ой-пікірлерін әрмен қарай жалғастырып, жер жүзінде неше түрлі халық бар, бәрі-бәрі де жаратылыстың ішкі сырын ұғып білуге ынтық, бірі «дүниені жаратушы тәңірі-күн» тіршілік күн нұрынан жаралды десе, енді бірі «құдай жоқ» деп жар салады, үшінші көп құдайға табынса, төртіншісі міне құдай деп суретке табынып, ойын он саққа жүгіртеді, осының бәрі дүние сырын білуге ұмытушылық, «нағыз тәңірі жолы-қиянатсыз ақ жүрекпен адал еңбек ету», деп ой түйіндейді. Ақын «Тәңірі мен жан» деген өлеңінде туу, өсу, өлу сондай-ақ өлген жанның топыраққа, өсімдікке нәр болып тіршілікке қайта айналып келуі табиғи құбылыс, бар зат мүлдем жоғалып кетпейді, жоқтан бар пайда болмайды, тек заттың, құбылыстың түрі ғана өзгереді, жан мен тәннің байланысын:

Тіпті кетпес еш жоғалып,

Байқасаңыз барша жан.

Тағы дене тауып алып,

Тағы өседі қайтадан.

Түрлі жанда дене түрлеп,

Өзгеріп тұр бұл ғалам.

Жоғалатын нәрсе жоқ деп,

Айтты ғылым байқаған [70] - деп бүгінгі күнгі орта мен құбылыстардың өзгеріп, құбылып тұратындығы да адам тәрбиесін қалыптастырар фактор екендігін суреттейді.

Жоғарыдан Шәкәрім мұралары мен оның астарындағы көзқарастарын жүйелеп, талдай отырып, ғұламаның шығармаларындағы әлеуметтік-педагогикалық ойлар жүйесін төмендегі 3 - кестеден көруге болады.

### 3-кесте. Шәкәрімнің өлеңдеріндегі адам бойындағы әлеуметтік педагогикалық мәселелер мен оны түзету туралы ойлары

Шәкәрім шығармаларындағы әлеуметтік тәлімдік мәселелер жүйесі	Әлеуметтік педагогикалық сипаттамасы	Шәкәрім шығармаларындағы теріс қылықтарды түзету пікірлері
1. Айлақеске еп, ұрыға жүйрік ат арманда;	Еңбектеніп жанын қинамай, әп-сәтте көп дүниеге ие болу үшін	Талап қылса табылар соның бәрі
2. Ұрлық, араздық, алдау, мақтан,	Өз басының ғана пайдасын күйттегендер	Бақ қайда қиынсыз, бос тілек сыйымсыз;
3. Үмітсіздік, жалығу шаршау, айырмайды арасын бұлдыр менен танықтың, ашу, надандық, ей еріншек қара жүз, мақтанға болып мәз,	Білімсіздік пен ойсыздық үмітсіздікке соқтырады, ол жан күйзелісі;	Рақым, ұят, ар қайда қрауынды жинап ал; сабыр айтты... мені ұстауға шыдай көр, сөйтіп жұмса қайратты, Ынсабыңа хабар бер; болмас іске егеспе; құлағы мен көзін аш, оқу оқыт, ғылым жай
4. Ой жоқ, нәпсі ұнатса болғаны, арам ой, арын сату, шолақ ойлап, арсыз, арам, айлакер,	Ойсыздықтан туындайтын мінез, іс әрекеттегі келеңсіздіктер.	Білу нану, ұнату, ақыл ісі, ой ұнатса ғаділетті жүрек қозғалады;
5. Жеп жіберер, ыржаң қағып ығысып, ыза болып, асы арам, өршіл, айта салып;	Адамдардың мінезін атқа салатын ертоқыммен салыстырмалап келтіреді;	Көзге сұлу, өзі онды, байлау, мақтау болмайды сөздерінде; оғаш, оғат, оқыра, сызаты жоқ;
6. Маскүнемдік, ұрлық, жаман әдет, дағды, құмарлық, нашақорлық, араны ашылады.	Жаман әдет пен дағдылар маскүнемдік, нашақорлық құмарлықтан басталады.	Дағды қылсаң дап дайын істің бәрі, адамзат тұра алмайды әдетке ермей; ерте сақтан әр іске әдеттенбей, ой құмар, өлең құмар, малға құмар мөлшерден аспасын

7.Қуану, жабырқау, елірме дуана; мақстан, өнері жоқ өсекшіл, ел жамандар, өтірік, дос, дұшпан;	Орынды қуаныш жанға азық; үш түрлі мақтау: дос мақтайды, дұшпан мақтайды, ел мақтайды	Өзіңнен ілгерілер сүйсінерлік, жол тап тағы ақылды солай айда;
8.Талап тұлпар сынды бабын таппаса қылар жынды, ындын мен талап ентелетеді; оырнсызға ұмтылу;	Талапты реттейтін алты қисын бар:ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық;	Осыларға сипаттама бере келе бәрінің билігін ынсапқа беру керек дейді;
9.Қастық, көңіл қаяу, жау, дос, арамның жолдасы мол, қу мен сұм мықты; арамдық, алдампаз, абұйырсыз, санасыз, сырласы, жақыны жоқ,	Адалдықтың жолы қатты, әділ болуы қиын, сырласар жақын болмауы да күйзеліске соқтырады	Бір өзіңе сыйындым бар құдай ау; бар сүйеніш үміті бір құдайда;
10.Қолынан іс келмес, бәле, залым, бұзақы, өнері жоқ, бірін бірі талайды	Қолынан іс келмейтін адам күн көріс үшін қулыққа барады, күні үшін біреуді қорлау; бұзақы елдің шырқын бұзады; өнерсіз болған соң бекершіліктен таласып, тартысып күн көреді.	Бір Аллаға сыйынған арам өлмес; адамзат өзін – өзі сынау керек, тазалық, әділдікті ұнау керек, тура жолдан мойын бұрмай, ақтан көрген бәліге шыдау керек
11.Ұятсыз, әдепсіз, салқам, ыржақ, қылжақ, жыртақтау, бұлғақтау, есер, мазақтау, соқтығу,	Қазақ жек көретін, ақылсыз ақымақтардың қылығы, оны санасыз депте сынайды халық	Адам өзін ұстауға үйрену, ересектердің айтқанын тыңдау;
12.Өкініш, шын надан, хайла етер, шын залым, ақылы жоқ, аламан, өнерінді құр шірітпе, орнына анық жұмсамай, наданға ұқтырам деп ойлама;	Ғылымның жақсы жағын айта келіп ол залымдардың қолына түссе елге, жерге зиян; ғалымға міндет білгенін үйрету. Жақсылыққа пайдалану.	Білмегенді біле бер, үйрену қылма намыс, үйретуге болма кер, білмегенде үйреніп, білгенді қылса сол есті, босқа аламын- ол ол білімнің ісі емес, жылы болсын сөзіңіз бен ісіңіз, жер сықылды пайдалы бол, пайдалансын ел сенен.
13.Кедей бала іскер, пысық, бай баласы босалаң, баяу, шикі; еріншек, білмеу, қорлық,	Өмір тәжірибесі бар адам мен ол жоқ адамның мүшкіл халы;	Дүниенің ащы, тұщы дәмін татпай; не қылды псікен адам, қор болар үйде отырып өскен адам;
14.Ашу, ыза, кекшілдік, тіл отқа салар, құтырып, абройды ұмытып;	Кекшілдік түзетуді қажетсінетін әлеуметтік педагогикалық мәселе; өзін ұстай алмау, байқамай сөлеу аброй әпермейді.	Ыза менен ашуға, толы емес ортамын, тұтпа ашудың құйрығын, таза ақылды жүйрігім;
15.Алдау, көрсе қызар, жалмауыз, алдағыш, ақымақ, айуан, әлсіз, ұру, зұлымдық. Адам нәпсісі айунмен анық теңдес.	Бұлардың барлығы адамның бойындағы кемшіліктердің көрсеткіші.	Кей-кейде түзелейк кел деседі; Адам өмірін түзетерлік, әділет, ынсап, мейірім, өнерпаз білімді елдің мінезі



		осы, аяау, жәрдем, махабат калмаған ба? Ар түзейтін бір ғылым табылмаса, зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес; жас баланы ұрғанмен шырылдатып, ойы толмай тұрғанда ақыл енбес;
--	--	---

Шәкәрім шығармаларындағы әлеуметтік тәлімдік мәселелер жүйесі, әлеуметтік педагогика түзетуге жатқызылған адамдардың мінез-құлықты, жүріс-тұрысына байланысты жинақтап келтірілді. Олар:

1. Айлақеске еп, ұрыға жүйрік ат арманда;
2. Ұрлық, араздық, алдау, мақтан,
3. Үмітсіздік, жалығу шаршау, айырмайды арасын бұлдыр менен танықтың, ашу, надандық, ей еріншек қара жүз, мақтанға болып мәз,
4. Ой жоқ, нәпсі ұнатса болғаны, арам ой, арын сату, шолақ ойлап, арсыз, арам, айлакер,
5. Жеп жіберер, ыржаң қағып ығысып, ыза болып, асы арам, өршіл, айта салып;
6. Маскүнемдік, ұрлық, жаман әдет, дағды, құмарлық, нашақорлық, араны ашылады.
7. Қуану, жабырқау, елірме дуана; мақстан, өнері жоқ өсекшіл, ел жамандар, өтірік, дос, дұшпан;
8. Талап тұлпар сынды бабын таппаса қылар жынды, ындын мен талап ентелетеді; оырнсызға ұмтылу;
9. Қастық, көңіл қаяу, жау, дос, арамның жолдасы мол, қу мен сұм мықты; арамдық, алдампаз, абұйырсыз, санасыз, сырласы, жақыны жоқ,
10. Қолынан іс келмес, бәле, залым, бұзақы, өнері жоқ, бірін бірі талайды
11. Ұятсыз, әдепсіз, салқам, ыржақ, қылжақ, жыртақтау, бұлғақтау, есер, жырқылдау, мазақтау, соқтығу,
12. Өкініш, шын надан, хайла етер, шын залым, ақылы жоқ, аламан, өнерінді құр шірітпе, орнына анық жұмсамай, наданға ұқтырам деп ойлама;
13. Кедей бала іскер, пысық, бай баласы босалаң, баяу, шикі; еріншек, білмеу, қорлық,
14. Ашу, ыза, кекшілдік, тіл отқа салар, құтырып, абройды ұмытып;
15. Алдау, көрсе қызар, алдағыш, ақымақ, әлсіз, зұлымдық.

Зерттеуге алып отырған мәселенің аса маңыздысы ғұлама, ғалым, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиясындағы біз айқындаған әлеуметтік – тәлімдік ойларын әлеуметтендіру практикасында пайдалану тиімді нәтиже береді деген пікірдеміз. Себебі:

– ақын өз ойларын тілге жеңіл, ойға орамды әрі, нақты сөздермен жазған. Бұл есте сақтап, жаттап алу үшін қолайлы. Психологиядағы бір нәрсені адамның бойына сіңіріп әдетке айналдыру үшін, алдымен оны сол адам білуі керек; олардан соң оны іштей қайталап, санасына сіңіріп, көңіліне түйсігіне орнықтыруы тиіс – деген қағидаға сай келеді;

- Шәкәрім өлеңдері адамның өз бойындағы теріс әрекеттен құтылу үшін адам алдымен оның нашар әдет екенін мойындауына көмектеседі;
- Ақын шығармаларындағы мінез –құлыққа байланысты пікірлер дәлелді, ұғынықты әрі сенімді. Оны оқыған адам өз әрекетін ақын сөздерімен салыстырмалап дұрыс не бұрысын айқындай алады;
- Қандай да бір нашар әрекеттер мен мінез, әдептің кез-келгенін түзету жолдарын ақын атап көрсеткен, әрі олар өлең шумақтары болғандықтан жылдам есте сақтап, қажет кезде еске түсіріп, ескерсе болады.

Осы және басқа да ақынның поэтикалық шығармаларының мүмкіндіктерін жастар мен балаларды әлеуметтендіру шараларында кеңінен пайдалануға болады. Бұл шаралар нәтижелі болуы үшін жүйелілік, бірізділік, жас екеркшеліктерін ескеру, жеке мүмкіндіктерін ескеру секілді басқа да ұстанымдарды негізге алу ұтымды болмақ.

Келтірілген 4-кестеде Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары әлеуметтендіру қызметінде пайдалану мүмкіндіктерінің бірі келтірілді.

#### **4-кесте Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары әлеуметтендіру қызметінде пайдалану мүмкіндіктері.**

Әлеуметтендіру бағыттары	Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары	Әлеуметтік-педагогикалық қызметте
Білім беру арқылы әлеуметтендіру пікірлері	«Қазағым қам ойлан, сенде адам едің ғой», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін», «Талап пен ақыл», «жер жүзі жабылғанда ғалым жаққа.....», «Насихат» т.б	Мектеп бағдарламасына енген шығармаларын оқыту үрдісінде, оқу- білімнің адам өміріндегі маңызын ақын шығармалары арқылы ұғындыру
Адамға ізгілікті мәміле арқылы әлеуметтендіру	«Ашу мен ынсап», «Мақтау мен сөгіс», «Өмір», «Шыңнан өзге құдай жоқ», «Кісіге адамшылық неге керек?» т.б	Түзету мен қатарға қосу, қайта тәрбиелеу істерінде адамгершілік ұстанымдарын негізге алу.
Көркемдікті сезініп түйсіну арқылы әлеуметтендіру	«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Бостандық таңы атты», «Адамдық борышың - халқыңа еңбек қыл» т.б	Әлеуметтік-педагогикалық қызметте көркемдіктен әсерлену сезімдерін қозғау арқылы әлеуметтендіру
Еңбектенудің әлеуметтенуге ықпалын пайдалану арқылы әлеуметтендіру.	«Адам немене?», «Епті тышқан», « Қош жұртым», «Жаз келер, қысты күнгі қысым өтіп», «Бояулы суыр», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене» т.б	Ақыл - ой еңбегі мен дене еңбегінің адам өмірі үшін бірдей маңды екенін ұғындыру арқылы әлеуметтендіру
Қоршаған табиғый органдың әлеуметтендіруде-гі мүмкіндіктерін пайдалану.	«Көкорайғажаз келер», «Хайун мен ақымақтар», «Бояулы суыр», «Қаншыр мен бөдене», «Ақылшы торғай», «Бәйшешек бақшасы», «Әбден толып жарық ай».	Қоршаған табиғи ортаның адам өмірі үшін маңыздылығын ұғындырып, оны аялау, арттыруға бейімдеу.
Құрбы, дос, туысқандық	«Достыңыз зор», «Ей көп халық, көп халық», «Серігім жалғыз Әупіш	Адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың

мәмілелердің әлеуметтендіруде-гі мүмкіндіктеріне байланысты.	қасымдағы», «Жиырма үй менің күшін».	қоғамдық маңызын ашып көрсету
Отбасы және оның әлеуметтенудегі маңызын ұтымды пайдалану.	«Абай..өткен соң өзіме айтқан...», «Шаранамен туып едің», «Қатындар жас баласын күтеді», «Анадан алғаш туғанымда»,	Отбасының әлеуметтендіру/әлеуметтену дегі мүмкіндіктерін пайдалану жолдарын қарастыру
Өзін тану, өзін-өзі жетілдіру, тәрбиелеудегі ізденістерде	«Ашу мен ынсап», «Анық пен танық», «Мақтау мен сөгіс», «бір Аллаға сыйынған арам өлмес», «Өлген көңіл ындынсыз өмір».	Өзін-өзі тану арқылы бойындағы жағымды қасиеттерді дамыту, нашарларын жоюға ынталы болуына ықпал ету
Адам өміріндегі әр жас кезеңдерінің өзіндік ерекшеліктерін танып- білу	«Көңіл», «Жиырма үш жасымда», «Жастық туралы», «Кәрілік туралы», «Өзіме», т.б	Әр жас кезеңдерінің құндылық тұстарын ажырата білуге үйрету, және оның пайдалы жасқтарын көрсету.

Шәкәрімнің әлеуметтік–тәлімдік ойларын қандай да бір себептермен қиыншылықтарға душар болған жеке адам, топ, көпшілік тәрбиесінде пайдалану, оларды тіршілікке, шынайы өмірге төзіммен қарауға, көнбістікке үйретеді. Әлеуметтендіру әлеуметтенуді жалпы барлық балалар мен жастарды өмір сүріп еңбектенуге, оқып білім алуға бейімдеу-деп санайтын болсақ онда бұл мектептегі оқыту үрдісінде, сабақтан тыс жұмыстарда, отбасында т.б. ортада жүзеге асады. Әлеуметтендіру бұл – бір жақтан, қоғамдық ортада өмір сүріп, еңбектену қағидаларына бойсыну болса екінші бір жақтан, адамның бойындағы құпия мүмкіндіктерін ашып, оны пайдаланып, жағдай жасау.

Осы тұрғыдан алып қарағанда ғұлама ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын әлеуметтендіру қазметінде пайдалану арқылы тұлғаның, қазақ мәтел сөзімен айтсақ «жақсысын асырып, жаманын жасыру» балалар мен жастардың санасына әсер ету арқылы адамдық сезімдерін ояту, нәтижесінде ізгі істерге жетелеу. Сонымен бірге ақын мұралары балалар мен жастардың өзін тану арқылы бойындағы мінін түзету, пайдалы қасиеттерін дамытып, қабілеттерін өзінің бас пайдасына жарату, сол арқылы басқаларға да жақсылық жасауға ынталандырады. Бұл ретте әлеуметтік педагог ақын мұраларын жете меңгерген күнде ғана оны қажетіне жарата алады.

Шәкәрім «Мақтау мен сөгіс»- деген жоғарыда үзінді келтірген осы өлеңінде:

Алдыңғының соқпағын артқы түзер,

Ғылым деген нәрсе емес күдер үзер.

Мінін алып, міндіге мінсіз қосып,

Бұрынғыны жаңартып, жастар түзер...[68, 83 б] деп «ғылым» сөзін ауызға алуы осы екі ғұламаның да ғылымды ең игі іс ретінде тануы және жастарды, жалпы қазақты оқу, білім, ғылым арқылы әлеуметтік проблемаларды шешуге болатынын ескертеді.

Шәкәрім, ойшыл ретінде адамның санасы, табиғат құбылысы, қоғамдық құбылыстарды үздіксіз және олардың әрқайсысында үнемі өзгеріс болып тұратынын заңдылық ретінде қабылдаған. Ол осы құбылыстарды әлеуметтік руханилық санаттар деңгейінде бағалайды. Қарапайым құбылыстардың халықтың моралдық келбетіне, қоғамның рухани ахуалына, соның ішінде жекелеген адамдардың ой-санасында өшпес іздер қалдыратындығын көрсетеді.

Ғұлама ақын Шәкәрім сол кездегі адамдардың мінез-құлқы, жүріс-тұрысындағы келеңсіздіктерді айтумен қатар оларды түзету, болдырмау жолдарын да көрсеткен. Оның «Жас өтті тынымсыз»-деген өлеңінен мынадай пайдалы пікір көрінеді:

Ғылым бір кенің ғой,  
Ауырсаң емің ғой!  
Бәріңе жетеді,

Таусылмас көлің ғой...[70] деп надандықтан, қиындықтан, бос қиялдан, бекер жүргеннен гөрі ғылым іздеп, оқып, өнер үйреніп әркім-ақ жол тауып кетерін өлеңмен, ұйқас сөздермен көрсетеді. Бұдан басқа ол «Ашу мен ынсап» өлеңінде:

Сабыр келді аяндап,  
«Жарамас,-деп,- сасуың»-  
Бәріне де хабар бер,  
Рақым, ұят, ар қайда?  
Қаруыңды жиып ал....  
Ал ақылдас бәрі бар,

Ынсап деген кәрің де...дей келе «біз тұрғанда арамның дәм бола ма нәрінде» [90] - деп – сабыр, рақым, ұят, ар, ынсап- ұғымдары адамның санасынан орын теуіп, іс-әрекетінде байқалса барлығын жеңуге болатынына нандырады.

Шәкәрім де шығыс пен батыс мәдениетіне, данышпан ғұлама А.С.Пушкин, Л.Н.Толстой, М.Ю.Лермонтов т.б. таланттарын бірдей сыйлап, қадір тұтып оқыған өз азаматтарын солардан үйренуге, қазақ жастарын білім-ғылымға, мәдениетке үндегенде үлгі ретінде ұсынды:

Білсе егер Салтыков пен Толстойын,  
Сезсе олардың айтылған терең ойын.  
Гоголь мен Пушкиндерден ғибрат алса,  
Қазақтың бөлер еді-ау нұрға бойын.  
Лермонтов, Некрасовтай ақындарын,  
Өнеге етсе солардың мақұлдарын.  
Өзімшіл, надандықтан көзі ашылып,  
Аңғарар адал жолға жақындарын. [70]

Шәкәрім өнер-білімді насихаттай отырып, сын көзбен қарау керектігін айтады. Шын ғылым, нағыз ғылым болады, соны тапта содан айырылма, бұл дүниені бұзатын жалған ғылымнан, залым оқымыстыдан аулақ бол деп кеңес береді.

Абай артында із қалдырмаған адамның өлісі не, тірісі не десе, Шәкәрім бұл ұғымның шеңберін кеңейтіп, тірісінде өзгеге жақсылық іс қалдырмаған адам бұл дүниеге келмегенмен бірдей деп пайымдайды

Абай өлеңдері мен қара сөздерінде адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, көрсеқызарлық, ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді еске сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды.

Әрбір айтқан сөзіне тоқталып, мұқият зер салып тағы да бір ой көзімен оқып шығатын болсақ, кішкене ғана ой-тұжырымнан қаншама мағлұмат алуға болады. Жан мәселесін зерттегенде Шәкәрім Абай ойын одан әрі қарай жалғастырады.

Басында жан мен дене екі басқа,  
Жан шыдап тұра алмайды қозғалмасқа.

Дене сауыт сықылды жанның орны,  
Оған да күту керек бұзылмасқа.

Жан құмары – істемек, біліп алмақ,  
Бөгет болса береді дене салмақ.

Асыл іздеп асылды аласұрар,  
Амал бар ма денесіз қайда бармақ?

Жан талпынар талайды көрмек үшін  
Әр сырын дүниенің білмек үшін.

Дене байғұс салмақ боп баса берер,  
Жаралған ғой түбінде өлмек үшін. [68]

Шәкәрім дүниетанымында жаңаша бітім болмысты сомдайды.

Тән көретін бастағы көз

Байқамайды жан сырын.

Көр де ақылға сал деген сөз.

Көз керек қой ойлырақ.

Шәкәрімнің бұндай тамаша толғамынан оның Абаймен қаншалықты үндес келетінін, терең философиялық мәнге ие ойды аңғару қиын емес.

**Ой көзі**, көкіректегі **көңіл көзі** туралы мәселе Абай мен Шәкәрімді толғандырған, жан құмары жайындағы ортақ сұрақ, философиялық дүниетанымды айқындап тұрған айтулы мәселе, бұл – **ортақ жалғастық**.

Шәкәрім адам бойындағы кемшілікті өте ащы тілмен өткір сынайды. Бір ғана мысал:

Жалқау тірі болғанмен өлгенге есеп,

Білімнің кеселі жоқ мұнан кесек.

Білімсіз, әрекетсіз, еріншекті

Күнакәр да болмаспыз өлі десек

Абай тәрізді Шәкәрім де әлеуметтік кемшіліктерден арылудың жолын іздеді. Халыққа білім алуды, ғылым іздеуді, озық мәдениетті үйренуді уағыздады.

Бар еңбегін, шын тілегін

Салса адалдық жолына

Алып білім, төгіп нұрын,

Түссе адамның соңына  
Еңбекпенен, өрнекпенен  
Өнер ойға тоқылса.

Жайнар көңіл, қайнар өмір,  
Ар ілімі оқылса [149].

Шәкәрім, ертелі-кеш ермек іздеп, елтең-селтеңмен күн өткізіп жүргендерді сынайды, олардың осы қылығына күйзеледі. Өнер қуып, білім іздеп, еңбек етпегеніне налиды. Халық және оның тұрмысы, күнкөрісі жайлы көп ойланады, ел ішіндегі таусылмас талас-тартыс, ырың-жырың, дау-дамай жанына маза бермейді, санасын санға, ойын онға бөледі:

Көрінгенге көз сүзбей күнін көріп,  
Қазақ қашан ел болар, Құдайым-ай!.. – деп, күңірене күрсінеді.

Біздің халқымыз қара бастың қамынан аса алмайтын тоғышар, мешеу наданды тәрбиелеп шығаруды мақсат етіп қойған емес. Дала қара домалағының ұстанымы біреу ғана болған: «Ауылыңда болса аузыңа тиеді, еліңде болса ернің тиеді». Бабаларымыздан қалған ертегі, дастан, жыр һәм хиссалардағы батырлар мен жомарттар баланың «Ержеткенде менде осылардай болам» дейтін арманына айналды. Дүние есігін түріп ашқан жаңа заман иесі өмірге келгенде жаңа ақпараттарға аса зәру болып туады.

Шәкәрім ата тілімен сипаттасақ:  
Баяғыда жас бала едің сен,  
Ойың бұзылмаған, көңіл!  
Періштеден таза едің сен,  
Қиянат қылмаған, көңіл!  
Ата-Анаң мархабатың -  
Бояусыз нұр, кәрәматың.  
Жоғары ғарыштан затың,  
Анық шын бұл маған көңіл. [90,55]

Бала педагогикасы – осы таза дәптерді ізгі ниетпен, адамгершілікпен, ар-ұятпен толтыру, міне, осы ұлы мақсат. Сондықтан қазақ салиқалы азаматты көкірегі ояу, терең ойлы жан деп есептеген.

Шәкәрім атамыз адам болу мен бала тәрбиесін біртұтастандыра қарастырады. «Бұлақ басынан тұнады» демекші данышпан тар құрсақ пен тал бесік тәрбиесін кемелдікке жетудің кілті деп біледі. Өз сөзімен айтсақ:

Пайдасыз құмарлық та мақтан-дағы,  
Ерте бойға жуытпа сақтан-дағы.  
Үйір қылып алған соң құтылу жоқ,  
Бейне түлкі боласың қақпандағы.[70]

«Ертерек кедейліктің алдынан шық, төбесі көрінген соң қиын болар» деген Шал ақынның мұңымен үндес әулие атамыз сыр сөздерінде ерте қимылдағанның есебі толық болатынын ескертеді. Олардың кейбіріне сөзімді растау үшін тоқталып өтейін.

Тәңірі жолы ақ жүрек,

Сайтан деген – қиянат.  
Ақ жүректі ертерек,  
Ескер-дағы қыл әдет...[68, 87 б]  
немесе:

«Араққа ақыл, мастыққа ой билетпек,  
Оңай емес ертерек ойланбаса.  
Тәкаппар, өзімшілді құдай ұрар  
Ақылына бас имей шалқақтаса» [70, 26 б] дейді.

Адам баласы жаратылысқа қарап өзін-өзі тануы тиіс. Өнер-білім – ақылдың азығы. Ал, ақыл – рухты кемелдендіруші. Өзен ағысынан, өскен ағаштан, толған айдан, домалаған тастан ғибрат алмаса даму кенжелейді. Бұл дегенің жаңғақты шағып жемей, бітеудей жұтып, арт жағынан бітеудей тастағанмен бірдей.

Пән менен дін деп қор болар,  
Ойында өзі зор болар.  
Ноқтадан басын ала алмас,  
Жетекшіл айуан сол болар,  
Ақылға анық жүгінбес, [90, 59б] –

деп Шәкәрім атамыз осындай «еңбегі еш, тұзы сор» болғандарды айтады.

Жоғарыда тұжырымдалған Шәкәрім мұраларының астары бүгінгі күнгі әлеуметтік мәселелерді толықтай қамтитындығын көрсетті. өмірдің әрбір белестері мен жағдаяттарын сай келетін мәселелер өз жауабын тапқандай. Тарихи қалыптасу сатысындағы әлеуметтік-педагогикалық ойлар мен Шәкәрім көзқарасы бүгінде өзектілігін жоймай сұранысы артып тұр.

### **3 ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘЛІМДІК МҰРАСЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНЕ ЕНДІРУ**

#### **3.1 Білім беру жүйесіне енгізілетін «Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойлары» тандау курсының мазмұны мен әдістемесі**

Әлеуметтік педагогика ғылымның жаңа саласы болғандықтан, онда әлі зерттеуін күтіп тұрған мәселелер баршылық. Соның бірі әлеуметтік педагогиканың тарихына байланысты. Қазақ халқының бүкіл ауыз әдебиеті, жазба әдебиетінің халыққа қызмет ететін тұсы, ондағы әлеуметтік тәлімдік ойларды сараптап, іріктеп, жүйелеп күнделікті жұмыс практикасына ендіру. Біздің бұл жұмысымыз осыған орай орындалған.

Зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттеріне байланысты бұл жерде, бірінші тарауда жасалған жұмыстың нәтижесін практикаға ендіру мәселесі қарастырылады. Осыған орай бірқатар мәселелердің шешімін әрі қарай іздестіре отырып, ақын өлеңдерін болашақ әлеуметтік педагог, педагог мамандарды даярлауда пайдалану мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Ғалым Зәки Ахметов [155] мақаласында Шәкәрімнің ұлы гуманист, кеменгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі екендігін айта келіп, өлеңдеріне талдау береді және ондағы тәлімдік тұстарын қарастыра кетеді. Мысалы, «Жастарға» өлеңінің негізгі пікірі - жастарды Абайдың жолымен жүруге үндеу, Абайдың арман-мұраттарын, білім-ғылым үйренуді, адал еңбек етуді, адамгершілікті, әділдікті өмір жолында ұстану, надандыққа, жалқаулыққа, алауыздыққа жол бермеу, сөйтіп «пендешілікке» қарсы тұру. Бұл жерде пендешілік деп, адамның өз жайын ғана күйттеп кетіп төңірегіндегілерге мән бермеу, басқаша айтқанда өзімшілдікке берілу. Мұндай қылық әлеуметтік педагогикада теріс бағаланатын, жастарды бойын одан аулақ салуға бейімдеу көзделеді.

Осы тұрғыдан алып қарағанда Абайдың ақыл туралы айтқанын ары қарай дамыта келе Шәкәрім ұстазының ақыл жайлы ой-толғанысын дәріптей түседі, ол «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр» деген өлеңінде сол нұрды, ақылдың керемет күш-қуатын адам жақсы іске ғана емес, сонымен қатар күнкөріс үшін, пайда үшін зұлымдық пен алдап арбауға да жұмсайтынын тереңдете түседі. Әлеуметтік педагогиканың мәні де осы, адал еңбек, ақ көңіл, мейірім бар жерде ғана таза ақыл болады, яғни адал ниетпен ақылға билетіп, ешкімге қиянат қылмай істелген іс адамды мұратқа жеткізеді деген ойды астардың санасына сіңіру.

Ғұлама, ақын «Тау бойындағы ой» [70, 69 б] деген өлеңінде дөңгеленген жердің күнді айналып жүретінін көзбен көру арқылы емес, ойлау, топшылау арқылы анықталғанын айта отырып «Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние?» деген және басқа да өлеңінде Шәкәрім дүниеде таңғаларлық нәрсе өте көп, дей келе



оның барлығында қисын, заңдылық бар екенін айта келіп, «себебі толымдының ісі толық» дейді. «Боларға ұмтыл, болмасқа қанағат қыл» дей отырып, әр адам өз қабілетін дұрыс бағалай біліп, өзінің қолынан келетін істі атқаруға ұмтылуы қажет екенін, өмірдегі нақтылы жағдайды, мүмкіндікті айқын түсіне біліп, өзінің қолынан келетін істі атқаруға ұмтылуы қажет екенін, өмірдегі нақтылы жағдайды, мүмкіндікті айқын түсіне біліп, соған орай әрекет қылғанда ғана адамның ісінің ілгері болатынын ұғындырады.

Бұл жердегі басты әлеуметтік- тәлімдік ой, адамның өз мүмкіндігін тани алуы мен оны іс жүзінде пайдалана алуы және әлемдік заңдылықтың күнделікті тұрмыста да орын алатыны.

Ежелден келе жатқан жазылмаған бір қағида бар «өмірде не көрсең де, әрқашан адамның өзі себепші» демек жамандық көрсе де, жақсылық көрсе де ең алдымен адам өзі кінәлі. Олай болса жақсы, жаманды біреуден көру санасыздық не жетесіздік. Адам өзінің әр ісіне сын көзбен қарап, өмірді, тұрмысты саналы қабылдау, әр нәрсені ой елегінен өткізуге үйренсе, әр нәрсенің себеп-салдарын анық танып, біле алады. Сонда ол өз ісінің сәтсіздігін өзгеден көрмей, нақтылы жағдайды дұрыс бағалап, жақсыдан өнеге, жаманнан сабақ алады деген үлкен ғибраттылық мәні бар түйінді ой қорытады. Шәкәрім «Ескі ақындық» атты өлеңінде бұрынғы жырау, жыршылардың, суырып салма ақындардың шеберлігін, өнерпаздық өнегесін бағалай өзінің де солардың пікірлерін жалғастырушы екеніне мән береді.

Шәкәрімнің 150 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген «Шәкәрімнің сырлы сөзі» [156] атты кітабында С.Ізтілеуова ақынның әрбір өлеңінің тақырыбын ашуға тырысып, көтерген негізгі мәселелерін қозғайды. Ол ақын поэзиясында кездесетін «шын нұр», «шын асық», «таза ой», «таза жан», «тәтті тіл», «от жүрек», «терең ой», «тозған ой», «ақыл», «нұр», «жар», тағы басқа көптеген сөздер мен сөз тіркестерінің мазмұнын ашып көрсетеді.

Әлеуметтік педагогиканың басты қызметі әлеуметтендіру болса, мұнда діни наным, сенімдердің ықпалын пайдалану, шетелдерде, соның ішінде Ресейде, АҚШ та басқа да елдерде ерекше ғылыми сипатта жолға қойылған. Осы сала бізде кенжелеуде. Осының салдарынан болса керек, көптеген жастардың әр түрлі ағымдармен ұлтымызға жат діндерге кіріп кетуі орын алуда. Бұл тұлғаның ұлтымызға деген құрметін кемітеді, сонымен қатар ел бірлігіне, мемлекет тұтастығына тигізетін зиянды жақтары бар.

Діннің осындай қуатты күшін белгендіктен болса керек, Абай, Шәкәрім сынды басқа да тұлғаларымыз ол туралы көп айтқан. Енді соны практикада пайдалануымыз керек. Бұл ретте Шәкәрім ұстазы Абайдың Алланы сүй, әділетті сүй, адамзаттың бәрін сүй деген ойларын жалғастыра келе «Алла сүю», «Құдай сүю», «Жаратушы сүю» үлгісін жаңаша мәнде, практикаға жақындата көтерді. Сонымен қатар Шәкәрім адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуын, өзін-өзі тану мәселесін де көтерді және төл әдебиетіміздің, бай да мазмұнды қазынасын, шығыс әдебиеті және батыс әдебиетінің озық үлгілерімен астастырып ой мен мазмұн, түр бірлігін сақтай отырып қалыптастырды.

Екі ғұламаның ой-тұжырым сабақтастығы әлеуметтік-педагогикалық қызметте оларды пайдалану мүмкіндігін кеңейте түседі. Себебі, алдымен Абайдың ой айтуы, оны Шәкәрімнің қуаттауы, өзін тану жолындағы ізденісте сана қалыптастыру, оның сезімге ұласуы және іс әрекетте көрініс беруінде дұрыс бағдар ұстануыға көмектеседі.

Зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауында айтып өткендей Шәкәрім Құдайбердіұлы өз ілімінде ұстазы Абай және одан бұрынғы ақын-жыраулар мұрасы, оның арғы жағында ертедегі қазақ жеріндегі ғұламалардың ойлары мен шығыс ақындарының, батыс ғылымының қайнар көзін тауып, соған негіздей отырып өз пікірін таратады. Ол жан мен тәннің түйіскен тұсын рухани әлеммен байланыстыра келе нәпсіні тыйып, қайырым, мейірім секілді адамгершілік істерге назар аударуды дұрыс деп таниды.

Қожа Ахмет Ясауидің «хәл» ілімі кезінде бүкіл әлемге таралып, түркі-ислам мәдениетінің жаңғыруына, қайта тірілуіне ықпал еткен. Бұл ілімнің басты ұстанымы - адамның өз нәпсісінен толықтай арылып - рухты жеңіске жеткізу, сол арқылы адам жүрегіндегі күллі жақсы қасиеттерді аршып алып, елге, халыққа танытып, қызмет ету. Бұл ретте Қожа Ахмет Ясауи төрт нәрсені адам санасына ұялату қажет деп санайды, олар тарихат немесе тарихты тану, мағрифат немесе білім алу оқу-ағарту, шарифат - өмір сүру заңдарын немесе ережелерін меңгеру, хақиқат, бұның мағынасы өте кең, мысалы, шыншыл болу, шындықты іздеу, шындықты қолдау т.с.с.

Жаратқанға махаббат қылып, адамға сүйіспеншілікті өз бойындағы әсіре қылықтарды тыю, «жүзін сынық», «көңілін жарым» күйде ұстау, күні-түні бір Алланы естен шығармай, адамдарға жақсылық жасауға әзір болу. Осының өзі әлеуметтік педагогиканың басты пікірі. Халқымызда «Құдайдан қорқпағаннан, қорқ!», ондай еш нәрседен қорқпайды, демек әр түрлі нашар істерге бара береді. Сондықтан бұның әлеуметтік-тәлімдік мәні, Алланы тану арқылы жамандықтан аяқ тарту, жақсыға ұмтылу.

Абайда бұл ілім «толық адам», яғни «кемелділік» қағидаларымен бірлікте жаңғырып, ең басты өлшемге «жүректі» қояды. Жүрек – адам денесінің патшасы, «сол жүректен жылылық, достық» деген бұлақша ағып, әлемге тармақшы» деу арқылы діл тазалығына көңіл бөлуге, көңілді бөгде, жаман ойлардан тазартуға бел шеше кірісуге үндейді. Бұл енді жеке адамның әлеуметтеніунуң бір тетігі, өзін тану, өзін-өзі тәрбиелеу, бейімделу т.с.с.

Шәкәрім Құдайбердіұлы осы аталған ілімдерді толықтырып, жаңғыртып, қайтадан қалпына келтіруге аса зор үлесін қосқан. Оның ілімінің әлеуметтік-тәлімдік маңызы адамды кемелділік дәрежесіне жеткізуге деген арман мен ниетпен астасып жатыр деп пікір айтуымызға болады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектерін, шығармаларын қарастыра отырып, оның адамды, қоғамды түзетудегі іс-әрекеттерін былайша топтастыруға болады:

Біріншіден, ойшыл шығармашылығындағы әлеуметтік-тәлімдік мәселелер негізінен ардан безген, бұзылған, адамдықтан шыққандарды «Ар ілімі» арқылы тәрбиелеуге, тура жолға бұруды көксейді.

Екіншіден, тәлім-тәрбиені дұрыс, жүйелі қалыптастыра отырып, әділеттілік, арлылық салтанат құратын, кемел заманға жетуге үндейді.

Үшіншіден, келешек жастардың адаспауына, адамгершілікті, имандылықты жүректеріне берік тұтып, ешкімнің хақысын жемеуге, адал еңбек етуге насихаттайды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы «Ар ілімі» қағидалары барынша тереңдікке, сырға құрылған. Олар адалдық, шындықты іздеу, нәпсіні тыйып, қайырымды істерге бейіл болу, қарыз, парыз ұғымдарын меңгеру және өмір жолында осыны жолдас қылу. Шәкәрім ілімі арқылы болашақ педагог мамандардың әлеуметтік–педагогикалық тынымын байытуға, оларды күнделікті жұмыс практикасында пайдалануға бейімде маңызды.

Шәкәрім халықты бүгінмен ғана өмір сүруге болмайды деп үйретеді, ғұламаның сөзімен айытқанда, өткен қиыншылықтардан сабақ алу арқылы бүгінгі күн мәселелерін шешуге тиістіміз, өткен шақпен бүгінгі шақ келер шақтың мүмкін болатын қиыншылықтарын жеңетін жолды көрсетеді.

Ақынның сан салалы мол еңбегін біз бұл салада айтып жеткізе алмаймыз. Өзі еңбекшіл ақын, адал еңбек адамын шығармаларында мадақтаған, мақтаған. Арамтамақ бай- жуандарды, екі жүзді, арсыз атқамінер қуларды, рухани қанаушы қожа-молдаларды өткір тілімен түйреп әшкерелеген. Сондықтан олар ақынға іштерінен қас болған, көре алмаған. Сыртынан өсек–аяң жүргізген, молдалар оны «кәпір» деген. Ақынның өзі осы ахуал жайлы «Найзаны тура саламын, аямай мінін аламын. Ащы тілімен у тегіс – бәрін қылған маған қас», [68, 84 б] дейді.

Шәкәрімді, бұқара халық ерекше құрметтеп, адамгершілігі зор, адал жүрек ақын қатарлы ардақтаған. Шәкәрімнің қазақ рухани өміріндегі жаңаша болмысы оның дінге көзқарасынан айқын танылады. Әлбетте, Шәкәрім - өз заманының перзенті.

Тәуелсіз ел болып, өткен тарихымызға қайтадан үңіліп, көне мұраларымызды түгендеп, өшкенімізді жандырып, халық арасына шығармаларын зерттеп насихаттауға қол жеткізген уақытта, ақын мұрасына ғылыми негізде талдау қажеттілігі туындады.

Жоғарыда педагогиканы қазақшалап «баланы жетектеу» деген мағына беретұғынын айттық. Алайда, компасын жоғалтқан кемедей баланы қайда, қалай жетектеп баратындығы бұлыңғыр. Шәкәрім атам бұл жайлы:

Қазақтың көзсіз баласын,

Қаңғытып қайда барасың.

Адалды сатып арамға

Адалдап қайтіп аласың? [70,138] –деп қайғырады.

Педагогиканы бала тәрбиесіне жауап беруші ғылым деп есептеу қате. Ол бала тәрбиелемейді, адам тәрбиелейді. Лев Толстой айтады: «Өмірімді жүз қадам деп есептейтін болсам, туғаннан бес жасыма дейін тоқсан тоғыз қадам, бес жастан қазіргі маған дейін бір қадам» деп. Әл-Фараби бұл аса жауапты кезенді он бес жасқа дейін ұзартады. Демек, адам ғұмырының тоқсан тоғыз пайызы

балалық шақ пен жасөспірім кезеңге тікелей қатысты болса, онда педагогиканы неге адамды толықтай қалыптастыратын ғылым демейміз.

Қоғамның басты байлығы адам және оның өмірі болғандықтан, адам баласының бірлікте, тыныштықта, ымырада өмір сүруі – заманның мамыражай болмағына кепіл. Дана қазақ әу бастан баланы осы принциптерге бейімдеп тәрбиелеп келді.

Өзімшіл болма көпті ардақта,  
Адамның бәрі өз халқың [68, 34] - деп

Шәкәрім Құдайбердіұлы айтпақшы, адам баласына риясыз қызмет баланың азамат боп өсуіне ғана емес, елдің бас боп бірігуіне және ұлттың ұйысуына жетекші фактор болды.

Бүгінгі тұтынушы қоғам тек қана жекешілдік, индивидуалистік шарттармен ғана өлшенді. Тек заттай айғақтар ғана байлық ретінде қарастырылды. Шәкәрім ата тілімен айтсақ:

Затшылдық көзін байлады,  
Адастырып айдады  
Жан билемей, тән билеп  
Ақылдың соры қайнады.  
Ғылым деп уды жегізді  
Тәнсіз зат жоқ дегізді.

Дәлелсіз пәнмен перделеп,  
Тапқызбай қойды негізді. [70,134] - деп қоғам дамуында орын алған кертартпа құбылыстарға сипаттама берді.

Затқа табынып, материалдық игіліктерді көбейткен үстіне көбейтіп, тұтынған үстіне тұтына беруді мақсат етіп қойған қоғамда жоғары моральдық принциптерді алдыға қоятын азаматтар қажет. Экономикалық проблемаларды шешсек те, саяси институттарды жетілдірсек те барлық арман-мақсаттардың орындалмайтынына анық көзі жеткен біздер елім деп еміренетін ерлердің тапшылығын анық сезіндік.

Асылында атам заманнан бергі педагогика ғылымы қоғамды нағыз арлы адам ресурсымен қамтамасыз етуі тиіс. Осы ретте қайраткер, данышпан бабамыз адамды әлеуметтендіруде педагогикалық-психологиялық тұрғыда тәрбиелеудің өте тиімді жолдарын бізге мұра етіп қалдырған. Оны Шәкәрім Құдайбердіұлының мына ой-толғамдарынан байқаймыз. Шәкәрім: «Мен жетпіс екі жасқа келгенше өмірде болатын неше алуан қилы оқиғаларға, түрлі жамандық, жақсылыққа кездесіп, солардың көпшілігін, керекті-керексіздерін өзім де істеп, басымнан өткізгендерім көп. «Алдыңда өнегелі көрерің болсын» дегендей, алдымда Абай марқұм болған соң, содан ғибрат алып, «мен де адамдықтың, адалдықтың жолын қуғаным жөн» деп, басымды шытырман шатақтан ерте босатып алып, білім жолына түстім. Негізгі алған білімім болмаса да, өз бетіммен ізденіп, өткен жазушы-ғалымдардың жазғандарын оқып, ойларымен танысып, білгендерден сұрап, өз ойымнан құрап, түрлі әңгімелер жазып, барлық өмірімді жазумен өткіздім. Елу жасқа тақаған соң, оңашада жатып, басқа келген ойлардың барлығын қағазға түсіріп кеттім. Мен солардың

бәрін өз мақтаным үшін жазғамын жоқ, мақтан үшін жазылған, айтылған сөздің құны болмайтынын жақсы білемін. Кейінгілер жарағаннан үлгі алып, өнеге үйренсін дедім. Міне, жетпістен астым, ойым тозбағанмен, денем тозды. Тозған денем ойыма орын болудан қалып барады. Мен оған қарамай әлі де келген ойды жаза бермекпін.

Бұл айтқалы отырған ойымды жекелеп, сұрыптап жазбағаныммен, бұрынғы жазғандарымда кездесіп отырады. Бұл тараудағы ойды басынан аяғына дейін түгел жазып, бәрін талдап, қорытып шығуға бір адамның өмірі керек. Ендігі менің қалған өмірімнің жетпейтіні анық. Дегенмен, сол ойымды қысқаша алдарыңа тартпақпын.

Бұл ойым - басқа келген қиял. Бірақ болмаған іс, құрғақ қысыр кеңес, жай қиял дейтін бір ауру бар. Бұл аурудан құтылу керек. Неге десеңіз, барлық ғылымның өзі қиялдан, ойлаудан туған. Адам осы жаратылыстың бір бөлігі, бұл жаратылыстан, табиғаттан бөлек емес. Сондықтан адамның бұл дүниеде, бұл табиғатта жоқ нәрсені ойлауының өзі мүмкін емес, болуға мүмкін істі ғана ойлай алады - бір. Екінші, сол қиял болмайтын нәрсе деп отырғанымыз - ұлғайтылып, өзгертіліп, ауыстырылып айтылған болашақ болуы мүмкін. Неге десеңіз, бұрын фантазия, қиял деп жүрген ойлар бүгін мүмкін дағдылы іс екенін танып, құтыла аламыз ба? Әрине, қиялдың да шегі бар. Менше, айтқалы отырған ойым болмайтын қиял емес, болуға мүмкін.

Адам өмірін қалай түзеуге болады? Адам қайткенде тату тұра алады? Ойлы, саналы адамдардың ғасырлар бойы миын тыншытпай, өмірін сарп еткен, әлі де сан адамдардың арын қозғап, ойларын тыншытпайтын осы сұрақтар. «Адам өмірін түзейміз» деп сан ғалымдар түрлі ойлар айтып, ол ойларын халыққа таратып, том-том кітаптар жазды. Солардың ойларының мен білетін бастылары: біреулер «адам өмірі жаратқан иесін танумен түзеледі» десе, кейбіреулері «үкімет жойылса, әркім өз бетімен өмір сүрсе - түзеледі» деді. Ал, біреулер «оқу біліммен, халықты ағартумен адам өмірі түзеледі» деді. Біреулері «бай, кедейді теңеумен түзеледі» десе, біреулері «тәрбиемен түзеуге болады» деді. «Өмірдің өзі - тіршілік таласы. Сондықтан адам өмірін жаратылыстың өзі солай жаратқан, бірін-бірі жеп, талап, таласып өмір сүрмек» дегендер де болған.

Біздіңше, бұларды жекедей алғанда ешқайсысы да адам өмірін түзей алмайды. «Адам өзі жаратқан иесін танумен түзеледі» десе, жаратқан иесін танып күнде бес уақыт намазын оқып, Құранды қақпан қып, елді алдап жүретін молда-сопылардың қылықтарын ойлап қараңыз. Үкімет жойылса, адам бет-бетімен кетсе, біреу-біреуге жәрдем етпесе, азулы айуандар жекелеген адамдарды жей берсе, қайтіп өмір сүрмек? Оқу, білім үйренген адам түрлі өнерді білетіні рас. Бірақ ол өнер-білімді қандай іске жұмсайды. Мен көрген адамдар үйренген ғылыммен түрлі қару жасап, улы газдар тауып, басқа адамдарды аң есебінде атып, әлсізді құлданып, жердің бетін адам қанымен бояғаннан басқа бітіргені шамалы. Бұған ең өнерлі, білімдіге саналатын Англия, Америка елдерін қараңыз. Бай мен кедейді теңеу, байдың малын кедейге бөліп беру - кедейді еріншектік, еңбексіз мал табуға дағдыландырып жіберетін жол. «Тәрбиемен түзеуге болады» десе: менің ержеткен төрт ұлым болды. Бұлардың бәрі бір

шешеден, бір әкеден туған, өскен жері, ішкен тамағы, өскен ортасы, алған тәрбиесі - бір. Бірақ біреуі шыдамды, біреуі шыдамсыз, біреуі еңбекке құмар, біреуі жалқау, біреуі мейірімді, біреуі қатал, біреуі ашуланшақ.

Ақырында, «өмір - тіршіліктің таласы, сондықтан адам таласып, бірін-бірі қыруға жаралған» деген ой негізсіз, өйткені барлық зат, оның ішінде адам жаратылыстағыдан өзгеретіні сөзсіз. Ары бар, ақылы бар, мейірімі бар, махаббаты бар адамның бірін-бірі жеп, талап, қырып өсуі мүмкін емес.

Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі - адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ. Әрине, адам оқып, біліп үйренуі қажет. Білімсіз, ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған білім-өнерлерін адал еңбекпен жаратылыстың мол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын нәрсе жоқ. Сол тапқан байлықты барша адам баласының керегіне, пайдасына жарату керек. Ақ жүректің керектігі - мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады. Ал, арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді және істемейді.

Осы үшеуінің басы қосылса, адам жақсы өмір сүріп, бірімен бірі тату тұруында сөз жоқ. Бірақ осы айтылғандарға қарсы, жолдан қосылған, адамның бойында біржола сіңісіп, біте қайнасып қалған күшті, зиянды жау нәрселер, әдеттер де бар. Міне, осы жаман әдеттердің барлығынан адамдар тату тұрып, жайлы өмір сүре алмайды. Олар - нәпсі, өзімшілдік, мақтан. Бұлардан ұшықиыры жоқ жаман әдеттер туа бермек. Мысалы, зорлық, алдау, мансапқорлық, малқұмарлық, рахымсыздық, мейірімсіздік, қанішерлік, тағы тағылар. Бұлай болғанда осы жаман әдеттерден құтылудың айласын іздеу керек.

Ең алдымен барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу керек. Ол үшін көптің қалауымен әкімшілік басына арлы, ақылды адамдарды қойып, сол адамдардың бұйрығы, ақылы бойынша туған, туашақ адамдарды, жастарды қазына қарауына алуға заң шығаруға керек те, ол заңды бұзғандарды жазалау керек. Оларға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет. Жоғарыда айтылған жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат «Ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай» [149] – дейді.

«Балалықты қуып жеткен, тазалыққа қайта жеткен» бабамыз Шәкәрім:

Шала дін мен қате пәннің,

Соңына ерме, шынға ер.

Міні – жаның, міні – тәңірің,

Міні – дінің, міні – иман, [70-165] –

деп, кейінгі жастар үшін анық та қанық мол рухани қазынасын қалдырды.

Қара сөз түрінде, сыр сөз түрінде талып жеткен мұраның бастауы атамыздың «Оятқан мені ерте Шығыс жыры» деп өзі айтпақшы құмда ізі, көкіректе әуені қалған Ұлы Дала ойшылдарының кітапханасы болса керек. Адамзаттың негізгі жолы Тәңірден келген асқақ рух екенін түсінбейінше және

елді сол рухты тәрбиелеу үшін Шәкәрімдей Ұлы данышпан Ұстаздың қажеттілігін түсінбейінше біз педагогика мәселесінде түбегейлі бетбұрыс жасай алмаймыз.

Ақын, философ, ғалым Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойларын болашақ әлеуметтік педагог және педагог мамандарды даярлауда пайдалану үшін, оны жоғары оқу орындарының оқу үрдісіне ендіру қажет. Өйткені онда «Педагогиканың тарихы», «Әлеуметтік педагогиканың тарихы» пәндері оқытылады. Зерттау нәтижесі ретінде практикаға ұсынылып отырған «Шәкәрім Құдайбердіұлының мұрасындағы әлеуметтік-педагогикалық ойлар» таңдаулы курсының мазмұны және оны оқыту әдістемесі ұсынылды. Бұдан басқа мектеп және педагогикалық колледждердің тәрбие үрдісіне ендіру мақсатында жұмыстың 3.2 бөлімінде «Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұралары жастар мен балаларды әлеуметтендіру шараларында» – тақырыбындағы танымдық және тәрбиелік жұмыс мазмұны және мектептегі әлеуметтік педагогикалық жұмысты ұйымдастыруға арналған «Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойлары мектептегі тәрбие жұмыстарында» – тақырыбындағы жұмыс жоспары ұсынылды. Бұлар ақынның әлеуметтік –тәлімдік ойларын тәрбие үрдісіне ендіру бағдарламасы мен оның әдістері, тәсілдері мен формалары қарастырылды.

«Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік- педагогикалық ойлар» таңдаулы курсының мазмұны және оны оқыту әдістемесіне тоқталамыз.

Енді 1 кредит немесе барлығы 45 сағаттық таңдаулы курс мазмұны: 7сағат дәріс, 7 семинарлық сабақ, 15 сағат студенттің ұстазбен өзіндік жұмысы, 15 сағат студенттің өзіндік жұмысы әлеуметтік - педагог мамандығы және жалпы педагог мамандар үшін, мысалы, болашақ физика, химия, т.б.пән мұғалімдері үшін пединституттарда ендірілуі тиіс.

Таңдаулы курсты әлеуметтік педагогтарды даярлауда стандарт бойынша ендіріліп отырған «Әлеуметтік педагогиканың тарихы» пәнін оқытуда кеңінен пайдалануға болады. Сонымен қатар «Педагогиканың тарихы» пәнінде қажетті тұстарын пайдалануға, «Әлеуметтік педагогика» пәнінде, «Жастар арасындағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыс» пәндерінде оқытумен қоса оқушылармен жүргізілетін сабақтан тыс жұмыстарда пайдалануға болады. Ол үшін әрине студенттерді алдын-ала даярлау қажет. Осылардың барлығын ескере келе, арнаулы курстың мақсаты, міндеттері, оны жүзеге асыру жолдарына байланысты өз практикамыздан және зерттеулердің нәтижесінен жинақтаған пікірімізді, пайымдауларымызды айтуды жөн санадық.

Аталмыш таңдаулы курстың мақсаты- болашақ әлеуметтік педагогтарды ақын поэзиясындағы ойларды жұмыс практикасында пайдалануға даярлау. Бұл мақсатты жүзеге асыруда көзделетін міндеттер төмендегідей:

- студенттерді Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік–педагогикалық ойларын тарихи-педагогикалық тұрғыдан талдап, сипаттама беру және іріктеп алу білім, біліктерін қалыптастыру;

- Шәкәрім өлеңдеріндегі әлеуметтік-педагогикалық ойларды жұмыс практикасында пайдалану әдіс-тәсілдері, технологиясына қатысты білім, біліктерін меңгерту;

Осыған орай, алдымен әлеуметтік педагогика жайлы түсінік берумен қатар ақын шағырмаларындағы пікірлердің маңызы ашып көрсетіледі; ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғ. бас кезіндегі қазақ жеріндегі әлеуметтік-экономикалық ахуал және оның ақын шығармашылығына ықпалы; Шәкәрім поэзиясындағы жекелеген адамдардың мінез –кұлқы мен жүріс-тұрысына қатысты әлеуметтік пікірлер; адамдар арасындағы қарым –қатынастың әлеуметтік мәселелерінің ақын поэзиясындағы көріністері; Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі жеке тұлғаның ішкі жан дүниесі мен іс-әрекетіндегі әлеуметтік-тәлімдік мәселелер; Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы әлеуметтік-тәлімдік ойларды сабақтан тыс жұмыстарда пайдалану мәселелері тағы басқалармен қоса Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-тәлімдік ойларын оқу-тәрбие үрдісіне ендіру формалары мен технологиялары қарастырылды.

Таңдау курсы оқыған соң студенттер мыналарды біледі:

- ақын шығармаларында әлеуметтік-педагогикалық ойлардың бар екендігін және оларды талдау тәсілдерін меңгереді;

- ақын шығармалары негізінде адамдардың мінез–кұлқы, жүріс-тұрысы, ой–санасы мен сезіміндегі әлеуметтік-педагогикалық проблемаларды танып-біледі;

- ақын шығармалары негізінде қоғамдағы саяси, экономикалық және т.б. ахуалдардың әлеуметтік-педагогикалық ықпалының маңызын ұғынады;

Мыналарды іс - жүзінде орындай алады:

- өлең және басқа да әдеби мұраларды талдап, әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда сипаттама бере алады;

- Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясын жеке адамдармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыста пайдалана алады;

Бұл жерде таңдаулы курстың бағдарламасы 5-кестеде, Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойлары- арнайы курсы бойынша семинар сабақтары 6-кестеде, Абай Құнанбаевтың әлеуметтік-педагогикалық ойлары - арнайы курсы бойынша студенттің өзіндік жұмысы

7-кестеде, пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі беріліп отыр.

Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы әлеуметтік-тәлімдік ойларды педагогикалық практикада, атап айтсақ, әлеуметтік-тәлімдік жұмыстарды ұйымдастыруда ұтымды қолдануына шарт түзу үшін студенттермен жұмысты төмендегіше ұйымдастыру арқылы бір жақтан олардың өздерінің білімді жете меңгеруіне мүмкіндік туындаса, екіншіден, осы тәсілдерді олардың өз практикасында пайдалануына жағдай туындайды, немесе осы технологияларды меңгереді:

- Баяндама әзірлеу және оны аудитория алдында орындау, белгілі болғандай ол алдын-ала анықталған тақырып төңірегінде әзірленеді.



- Ғылыми жиналыс өткізу – бұл алдын-ала белгіленген тақырыпқа байланысты болумен бірге көп адам қатысуы шарт емес, мысалы, бір топтың өзі де жеткілікті.

- Дөңгелек үстел өткізу - бұл тәсіл кейінгі кезде кең таралған кішігірім топтан кең ауқымды, жүздеген адамдар қатысуына болатын ірі мәселелерді шешуге де арнап өткізуге болатын шара.

- Шығармашылық тапсырмалар орындау – мұнда студенттің өзіндік іс-әрекетіне толық және кең мүмкіндік беріледі.

- Ғылыми проблемалы хабарлама жасау – жұмыс түрінің аты көрсетіп тұрғандай заманымыздың әлеуметтік тәлім-тәрбие және білімге қатысты өзекті мәселелер бойынша жинақтаған материалдарын, білгені мен оқығандарын басқалармен бөлісу.

- Әлеуметтік тәрбиелік жұмыстарға қатысты тақырып анықтап эссе жазу, эссе – белгілі бір бағытта еркін қиялдану түрінде жазылатын шығарма.

- Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы әлеуметтік-тәлімдік ойлар негізінде тәрбиелік жұмыстардың жобасын жасау, осыған орай әр түрлі әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің жолдарын, амалдарын қарастыру студенттерді болашақта мектептегі жұмыстарына бейімдеуде аса маңызды.

#### **5-кесте. Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойлары–таңдау курсының бағдарламасы**

Тақырыптар	Оқу формасы	
	Дәріс	Семинар
1. Қазақ жерінде әлеуметтік–тәлімдік ойлардың туындауы; тарихы мен болашағы	2	2
2. Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік–педагогикалық ойларының алғышарттары	2	2
3. Шәкәрімнің әлеуметтік–тәлімдік ойларының әлеуметтік–психологиялық астарлары	2	3
4. Шәкәрім мұраларындағы адамның мінез–құлық ерекшеліктеріне қатысты ойлары	2	2
5. Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұралары арқылы жастар мен балаларды әлеуметтендіру мәселелері	3	2
6. Шәкәрімнің әлеуметтік–педагогикалық ойларының бүгінгі оқыту мен тәрбиедегі маңызы	2	2
7. Шәкәрім Құдайбердіұлының ойларын әлеуметтік–педагог маман даярлау үрдісіне ендіру жолдары.	2	2
Барлығы :	15	15

**6-кесте «Шәкәрім Құдайбердиевтің әлеуметтік-педагогикалық ойлары» тақырыбында таңдау курсының оқу жоспары**

№	Тақырыптар	Аудиториялық сабақтар		Жұмыс түрлері	
		Дәріс	Семинар	сөзж	сөз
	Қазақ жерінде әлеуметтік–тәлімдік ойлардың туындауы; тарихы мен болашағы	1	1	2	2
	Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік–педагогикалық ойларының алғышарттары	1		3	3
	Шәкәрімнің әлеуметтік–тәлімдік ойларының әлеуметтік–психологиялық астарлары	1	1	2	2
	Шәкәрім мұраларындағы адамның мінез–құлық ерекшеліктеріне қатысты ойлары	1	1	2	2
	Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұралары арқылы жастар мен балаларды әлеуметтендіру мәселелері	2	1	2	2
	Шәкәрімнің әлеуметтік–педагогикалық ойларының бүгінгі оқыту мен тәрбиедегі маңызы	1	1	2	2
	Шәкәрім Құдайбердіұлының ойларын әлеуметтік–педагог маман даярлау үрдісіне ендіру жолдары.	1	1	2	2
	Барлығы :45	8	7	15	15

«Құдайбердіұлының әлеуметтік– педагогикалық ойлары»таңдау курсы бойынша дәріс мазмұнын келтірдік. Таңдаулы курс бойынша тақырыптар мен сол бойынша оқылатын дәрістердің қысқаша мазмұны, қаралатын мәселелер төңірегінде, әдебиеттер тізімі келтірілді.

**1–тақырып. Қазақ жерінде әлеуметтік–тәлімдік ойлардың туындауы; тарихы мен болашағы**

Қаралатын мәселелер:

Әлеуметтік–тәлімдік ойлар ұғымына түсінік; Орхон–Енисей жазбаларындағы–педагогикалық ойлар; Қорқыт ата кітабының әлеуметтік–педагогикалық маңызы; Жүсіп Баласағұни «Құтты білік », әл–Фараби еңбектері мен Қожа Ахмет Йассауи «Хикметлер» т.б.еңбектердегі әлеуметтік-педагогикалық ойлар;

Әдебиеттер:

Айдаров Орхон–Енисей жазбалары. Алматы.- 1992

Қожа Ахмет Йассауи, “Хикметтер”, А, 2000 ж.

Әл-Фараби. Бақытқа жету жайында әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 42 б.

Баласағұн Ж. “Құтты білік” . – Алматы: Жазушы, 1986. – Б.135-137.

Дәріс. Әлеуметтік - тәлімдік ойлар адамның адамға болған қамқорлық сезімінің туындауынан бастау алады десек, ол туралы бізге жеткен алғашқы жазба деректі Орхон Енисей жазбаларынан табамыз. Мұнда Отанға деген сүйіспеншілік пен сатқындық, адамдардың мінез-құлқындағы ауытқулардан бастап қоғамдағы соғыс, көші-қон секілді көріністердің адамдардың әлеуметтік ахуалына және тұрмысына ықпалы, оның салдарынан туындайтын тәлім-тәрбие проблемалары, адамдар арасындағы қарым-қатынас жатады. Өзінбайжан ауыз әдебиетінің көне ескерткіші - атақты батырлық аңыз "Қорқыт ата кітабының" пайда болуы осы кезеңге жатады", - деп жазған.

Белгілі зерттеуші Т.Еңсегенов: "Қорқыт ата кітабын" әзербайжандықтардың меншіктеуіне ешқандай қарсылық етпейміз. Өйткені біріншіден, түркі тілдес халықтарға ортақ мұра; екіншіден, "Қорқыт ата кітабын" классикалық поэзиясының алғашқысы етіп қоя берсін, ерік өздерінде. Бірақ, бұл шығарманы Кавказ жаққа қарай түгел бұрып әкетіп, алғаш сол жақта жасалынған есебінде ой туғызуы онша шындыққа жанаса қоймайды" - дейді. Бұл жайлы жоғарыда ретті тұстарда нақты деректер келтіріп дәлелдедік. "Қорқыт ата кітабының" Сыр бойында туғанын атақты түрколог ғалымдардың бәрі дәлелдеген.

Қорқыт ата кітабындағы басқада аңыздар сол кездегі адамдар арасындағы соғыс әрекеттерінің негізі жерге таласу, байлық үшін бір елді екінші бір елдің жаулап алуы т.б. айтуға болады. Бұндай соғыс әрекеттері жалпы халықтың басына ауыр күндер туғызары соның ішінде халықтың ең әлсіз бөлігі балалар мен қарттардың, әйелдердің қорлық, зорлық көретіні әлеуметтік педагогикадан белгілі. Осындай аңыздар қатарына Қорқыт атадан бізге жеткен мына аңыздарды айтуға болады. Олар: «Салор Қазан үйінің шабылғаны туралы әңгіме» аңызында жауынгершіліктен адамдардың тартқан зардабын «алтын ордаларын шауып, бақытсыздыққа душар болған қыз-келіншектерін ұлардай шулатты... күллі қазынасын тонады... ұлы Ораз бекті үш жүз жігітмен қол- аяғын байлап тұтқындап әкетті» деп сипаттайды.

Қорқыт ата кітабындағы «Қам Бура-Бекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» әңгіменің желісі Бамсы Бәріктің батыр болып өсуі, сол заманның салты бойынша бір өнер көрсетпейінше жігітке ат қойылмайтыны оған қалыңдық таңдағанда «мен орнымнан тұрғанша ол атып жөнелетін, мен қара зор атыма мінгенше ол аттанып кететін, мен жауыма барғанша ол жаудың басын кесіп әкелетін босын- дегенде әкесі оған- сен қалыңдық сұрап отырған жоқсың, өзіңе серік болатын жігіт сұрап отырсың» деген екен. Оғыз заманында жігіттің атқан оғы қайда түссе отауы сонда тігіледі екен. Аңызда салт дәстүрдің орындалуының әлеуметтік маңызы - жастарды сынақтан өткізу, белгілі бір тәртіпке бағынуға бейімдеу болғанын байқаймыз.

Қожа Ахмат Ясауидің (1103-1228 жж.) әлеуметтік-тәлімдік ойлары. Осы аты әлемге әйгілі Орталық азияның аса көрнекті данағөй, ақыл-ой иесінің негізгі пікірін Құранмен байланыстыруы себепті көп жағдайда тәлімдік мәні терең ашылмай келеді. Жалпы оның басты кредосы: тарихаттың тегін біл, шарифаттың жолын біл, мағрифаттың мәнін біл, ақиқатты ізде деген басты пікірден тұрады.

Осының өзі-ақ кезкелген адамның өмір жолын Алла тағаланың сызғаны мен өткізуге негіз болмақ. Сонда ғана адамзаты надандық, зұлымдық, құмарлық секілді т.б.жеке өзіне ғана емес қоршаған әлеуметтік орта мен төңірегіндегі адамдарға да зиянын тигізетін қылықтардан сақтап қалмақ. Қ.А.Ясауи осыны жыр етеді. Бірақ оның басты ерекшелігі Алланың алдында күнәлы болмаудың амалын осы жалған дүние де ойлау.

Жетесізді ақылы кем десек оның басты белгісі жақсы сөзге құлақ аспау тіпті оған мән бермеу болса, кітап оқитын надандар Ясауидың ақыл - пікірін оқи қалса көп болса, «ой керемет екен» деп таңданады, бірақ одан сабақ алмайды демек өмірінде ескермейді деген сөз. Бұл туралы оның өзі «надандарға иесіз сөзім жеңіл хикмет» дей келе надандықтың үлкен белгісі «дүние үшін бір-біріне қылмас шафқат» дей келе олардың қатарына залымдарды жатқызады. Олар ар, ұяты жоқтар «Залымдарда ар - ұят жоқ, бізде күнә» дегені белгілі бір қоғамдағы адамның ахлақи ауытқуларына сол қоғам мүшелерінің барлығы да кінәлі дегенге саяды. Өйткені қоршаған әлеуметтік ортаның адамның әлеуметтенуіне ықпалының мол екеніне жаңсайды.

Жүсіп Баласағұни (XI ғ.), белгілі филолог ғалым Әбжан Құрышжанұлы осы ғұламаның кітаптың 2004 ж. нұсқасында оны Йүсүп Ұлық Хас- хажиб Баласағұни деп келтіреді. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында Жүсіп Хас Хажиб Баласағұни, 1020 жылдар шамасында Жетісу өңірі Баласағұн қаласында дүниеге келген «ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері». Дастанды «хандардың ханы» - Қарахандар әулеті мемлекетінің негізін салушы Сатұқ Қара Бұғра ханға тарту етеді. Осы дастаны үшін оған «хас хажиб» бас уәзір немесе ұлы кеңесші деген лауазым берген.

Жүсіп Баласағұнидің осы шығармасындағы әлеуметтік, педагогикалық, тарихи, философиялық пікірлер Н.Келімбетов, М.Орынбеков сынды ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Ғұламаның әлеуметтік-педагогикалық ойлары бастылары мынадай төрт нәрсеге келіп тіреледі: ауру, білімсіздік, ашу, жалған сөйлеу.

Біраз нәрсе жат боп көзге ілінер,  
Оны істеген адам өзі бүлінер.  
Соның бірі-өтірік сөз, жалған тіл,  
Енді бірі-сөзден шықпай қалған біл!  
Тағы бірі: іздеп ішсе шарапты,  
Зая кеткен барлық өмір-харап-ты.  
Енді бірі-жөнсіз іс пен жат қылық,  
Мұндай әдет көрген емес шат қылып.  
Және бірі- пасық қылық, әрине,  
От тұтатып бықсытатын әр үйде.  
Сосын бірі - ызғарлы тіл сөгетін,

Адам өліп осы тілден шөгетін- келтірілген осы жолдарда адамның мінез-құлқындағы жаман қылықтар - өтірік сөз болса тағы бірі - басқа біреулердің айтқанына көніп, айдауына жүретін, өзіне сенімсіз адамдардың қылығы, шарап ішу, жөнсіз іс, жат қылық, пасықтық, ызғарлы тіл немесе тілі ашты - дейді

халқымыз осындайды - бұларды барлығы адамның мінез - құлқы бұзылады, миына немесе психикасына теріс әсер етеді «тағдыр тантып, бұдан ми ашиды, мінезі айнып, содан көңіл шошиды» келтірілген теріс қылықтардың зияны да міне осында.

Әлеуметтік педагогика қарастыратын мәселелердің бірі қараусыз қалған не болмаса әлеуметтік, табиғи келеңсіздіктер мен апат салдарынан сырқаттанып қалған, кейбір келеңсіздіктер салдарынан мүгедек болып қалған қарттар. Осыған орай осы әлеуметтік педагогика ілімінде қарттық мәселесіде өзіндік орын алған. Онда адамның жас ерекшеліктеріне қарай мінез-құлқының өзгеруі, денсаулығының бұзылуы, жалғыздыққа душар болуы секілді мәселелер қарастырылады.

Түрік дәуірі ғұламалары мен хандық дәуіріндегі ақын, жыраулар мұрасындағы адамның мінезіне қатысты пікірлер жалпы алғанда «жаман, жақсы» деген жалпылама сөзбен білдірілген. Ғұлама Ж.Баласағұни де осы анықтаманы пайдаланып жаман адамның белгілерін: жаман адам байыса да жарымайды, жиған малын қатып ұстайды, ар-ұяттан безген, дабырамен іс істейді, қиянатқа жақын екенін айтумен қоса жақсылыққа қол жеткізу жолдарын да көрсетеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар;

- 1.Әлеуметтік-педагогикалық ойлардың адамзат тарихында дамуы;
- 2.Жеке тұлғалардың әлеуметтік-педагогикалық ойларын жүйелеу;
- 3.Шәкәрім өмір кешкен дәуірге әлеуметтік-тәлімдік сипаттама.

## **2–тақырып. Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік–педагогикалық ойларының алғышарттары**

Қаралатын мәселелер:

Шәкәрім Құдайбердіұлының балалық шағы, Абайдың ақындық мектебі;

Ақынның өзінің ізденісі; Өмірінің кезеңдеріне сипаттама және шығармалары;

Әдебиет:

Әбдіғазиев Б. Шәкәрім Құдайбердиев. Творчестволық өмірбаяны (методикалық нұсқау). – Алматы: Қазақ университеті 1989.

Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық жинақ. -Алматы: «Раритет», 2007.- 257 б.

Ізтілеуова С. Шәкәрім поэзиясындағы тұлға мәселесі. –Алматы, 2000.

Сәтбаева Ш.К. Шәкәрім Құдайбердиев. -Алматы: Ғылым, 1993. 41-52 бб.

Дәріс. Шәкәрім 1858 жылы 24 шілдеде (кейбір деректерде 11 шілдеде) Семей облысы, Шыңғыстауда дүниеге келген.

Хакім Абайдың немере інісі, нақтырақ айтсақ, Құнанбайдың үлкен ұлы Құдайбердінің баласы. Шәкәрімді ата-анасы бес жасында ауыл молдасына оқуға береді. Құдайберді (1829-1866) 37 жасында қайтыс болғанда, Шәкәрім жеті жаста екен. Жастай жетім қалған немересін Құнанбай өз бауырына алып өсірген. Ұстаз-ағасы Абай оның әйгілі ақын болып қалыптасуына бағыт-бағдар беріп, ақындыққа баулып тәрбиелеген. Кейін Шәкәрім өз ұлы Ахатқа айтқан бір

әңгімесінде: «Абай маған өлеңді қалай жазу керек, қандай өлең жазу керектігін айтып, көп-көп кеңес, ақыл беретін. Мені Абай тәрбиеледі. Абай болмағанда, мұндай болуым неғайбыл еді» [163] деп ағасының ұмытылмас қамқорлығын тебірене еске алады.

Жиырма-жиырма бір жасында жазған өлең-жырларында елдің қотырын қасымай, мұндарын ескермей, жастарға ғана ұнайтын, солар ғана тыңдайтын «Жастық туралы», «Кәрілік туралы» атты өлеңдер жазады. Абайдың ақындық кітапханасына терең үңіліп, ақыл-кеңесімен шеттен кітаптар алғызып, білмеген, түсінбеген жерлерін сұрап, ғылым жолына енді түсіп келе жатқанда, еріксіз болыстықтың тоқымын жамылады.

1911 ж. Орынбор қаласында «Шежіре», 1912 ж. Семей қаласы «Жәрдем» баспасынан «Қазақ айнасы» атты лирикалық өлеңдері, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» дастандары көзі тірісінде жеке кітап болып жарық көрді.

Париж, түрік, серкеш, үндістан, араб, башқұрт, қызылбастың (Иран) не білімді ойшылдарымен түрік-ноғай тілмаштары арқылы пікірлесіп, әр тілден аударма сөздіктер арқылы көп шындыққа көз жеткізіп, ойға көп мағлұматтар алады.

Елуден асқан жасында елсіз жерге салған Саятқора деген қыстауға кетіп, жиған-терген материалдарынан ой қорытып, жан сыры, жаратылыс сыры туралы сол ой-танымын бес жыл көз майын тауысып, философиялық ой-толғаныстарын өлеңмен де, қарсөзбен де жазады. Ресейде 1917 ж. ақпан айында Николай патша тақтан құлап, орнына Уақытша өкімет орнаған тұста, «Қазақ халқы құлдықтан босады» деп, қуанғандардың қатарында, әрине, Шәкәрім де болды. «Бостандық таңы жарқырап», «Бостандық таңы атты» деген өлеңдер де жазған. Орыс патшалығы тұсында қазақ халқы ата-бабаларының аманат етіп қалдырған жерінен, ділі мен дінінен, еркін өмірінен және елдігінен ажырап бара жатқанын сезген ойлы ақын ұранды сөздермен қазақтың көзін ашып оянуға шақырады. Шәкәрім қазақ даласында өтіп жатқан саяси оқиғалардан да шет қалмайды. 1917 ж. қазан айында Ресейде екінші рет большевиктердің ұйымдастырған төңкерісі нәтижесінде жаңа Совет өкіметі орнайды. Осы тұста да, Шәкәрімнің 1917 ж. 14 қарашада Семей уездік Земстволық жиынына депутат болып сайланғаны туралы ресми құжаттар сақталған (Семипалатинский ЦЦНИ, ф-37, 0-01, д-5). [3,144-145]

1928 жылы ірі байлар, ақсүйек шонжарлар конфискеленсін деген қаулыдан соң, ақынның өмірі аса бір ауыр халде қайғы-қасіретпен өтті. 1930 жылы 1 ақпанда баласы Ғафур конфискеленіп, кейін ол түрмеде өзін-өзі бауыздап өледі. Баязит пен Ахат та Семей түрмесіне жабылады. Ақпанның 7-сі күні Шәкәрімнің өзін конфискелеп, қамауға алады. Тергеуші Шәкәрімді тергеу барысында кеңес өкіметіне зиянсыз адам екеніне көзі әбден жеткен соң, тұтқыннан босатқан.

1930 ж. елді зорлықпен күштеп, қорқыту, үркіту арқылы жаппай коллективтендіру нәтижесінде мал мүлкінен айырылып, аштыққа ұшырап қырыла бастаған шаруалар бас көтеріп, көтеріліске шығып, қыркүйек айында аудан орталығына шабуыл жасайды. ГПУ бастығы Қарасартов көтерілісті ұйымдастырушы Шәкәрім деп білген.

1931ж. 2 қазан күні Шәкәрім 73 жасында жазықсыз оққа ұшып, қызыл империяның кара жүрек, қанды қол Қарасартов бастаған жазалау отрядының қолынан қаза табады. Жендеттер ақынды атып өлтіргеннен кейін, оның сүйегін елсіз даладағы ескі құр құдыққа апарып көміп тастаған. Ақынға «контрреволюционер», «халық жауы» деген негізсіз саяси жала жабылды.

Шәкәрімді ақтау, оның мол мұрасын қалың елі қазағына жариялау туралы 1958 ж. шешім қабылданды. 1988 ж. ғана Шәкәрім екінші рет толық ақталып, асыл мұраларының тұңғыш жинағы Ә.Тәжібаев, Ш.Сатпаеваның алғы сөзімен баспадан жарық көрді. Шәкәрім шығармаларын: өлеңдері, кара сөз түріндегі мәнді сөздері, дастандар мен аудармалар және философиялық мәндегі шығармалары мен тарихи шығармалар деп топтастыруға болады.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Шәкәрім өмір сүрген әлеуметтік ортаның ерекшеліктері.
2. XIX ғасырдың екінші мен XX ғ. бас кезіндегі әлеуметтік-тарихи ахуал.
3. Сол кездегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің ақын мұрасындағы көрінісі.

### **3–тақырып. Шәкәрімнің әлеуметтік–тәлімдік ойларының әлеуметтік-психологиялық астарлары**

Қаралатын мәселелер: Әлеуметтік педагог, әлеуметтік психолог ғалымдардың ауытқу туралы пікірлері;

Ауытқу түрлерінің сипаттамасы; ауытқу түрлерінің Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы көріністері.

Әдебиет:

1 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. Изд-во 2-е. –М.: Полит Издат, 1977. – 304 с.

2 Лурия А.Р. Язык и сознание. –М., 1979.-С.12-25.

3 Пиаже Ж. Избранные психологические труды. –М., 1994. – 680 с.

4 Халитова І.Р. Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері. Оқу-әдістемелік құрал – Алматы: 2006, - 56б.

5 Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика. Оқулық. –Алматы: 2012, -272 б.

Әлеуметтік педагогика - белгілі бір себептердің салдарынан психикасы, дене бітімі зақымдалған, ауытқуларға душар болған, не болмаса созылмалы, туа біткен дертке шалдыққан адамдарға көмек қолын созып, қатарға қосу немесе әлеуметтендіруді ғылыми-педагогикалық және психологиялық заңдылықтарға сәйкес жүзеге асырудың теориясы мен практикасын қарастыратын ғылым.

Бұндай көмекке мінезінде кедергілері бар адамдар да жатады. Өйткені әл-Фараби «нашар мінез-рухани ауру» деген. Халқымыз «ашуы тездің ақылы қысқа» немесе осыған орай «жетесіз» деп ой өрісі тар, әр нәрсеге «өресі» жете бермейтін адамдарды айтса, «көргенсіз» деп тәрбиесі нашар не жеткіліксіз адамдарды айтқан. Оның барлығын белгілі бір дәрежеде кемшілік немесе ауытқу деп санағаны белгілі, өйткені халқымыз «кемшіліксіз адам болмайды», «бес саусақ бірдей емес» деген. Әлеуметтік педагогиканың бір нысаны осындай мінез –құлқында міні бар адамдармен жұмыс жолдарын қарастыру.

Мінез-құлық ауытқулары деп қарастырылатын адамның жүріс-тұрысы, іс-әрекетінің бұзылуы психикалық – психоз, невроз т.б. ішкі жандүниесінің, денесі не психикасының ауруға шалдығуынан болатыны белгілі. Бұдан басқа, әлеуметтанушылар мен әлеуметтік педагогтардың ерекше мән беретін бұзылулардың бір түрі «мәдени ауытқулар» ретінде қарастырылады. Бұны ғалымдар, психикалық ауытқулар немесе дезадаптациямен байланыстырады. Алайда бұл мінез –құлық ауытқуларының басты себебі емес екенін айта келе олар, «әдетте психикасы бұзылған адамдардың барлық қоғамдық талаптарды толық орындайтыны, ал психикасы қалыпты адамдардың қоғамдық жіті нормаларды бұзатын ахуалдар да кездеседі» [55] - деп көрсетеді.

Халқымызда адамдардың мінездеріне байланысты тентек, сотқар, содыр, бұзық, қу, сұм, алдамшы, өтірікші, өсекші, әпербақан, жындыбас, әумесер, алаңғасар, сұмырай, мақтаншақ, еріншек, өсекші, мал шашпақ-үнемсіздік, мыжың, мылжың, ынжық, ез, есуас, керенау; Санаға қатысты ақымақ, санасыз, ойсыз, жетесіз, ақылсыз, талапсыз, ынтасыз, жігерсіз, ырықтылығының жоғы-салғырт, салақ, олақ, қылжақбас, қалжыңбас, ыржаңдаған, қылмыңдаған, қылжақтаған, көргенсіз, жетесіз деген секілді басқа да сөздер бар.

Адамның мінез-құлық көріністеріне қатысты халқымызда бұдан да басқа сөзер мен сөз тіркестері баршылық. Зерттеу барысында шетелдік ғалымдардың берген сипаттамасына қазақ халқының берген сипаттамасы симайтыны анықталды. Өйткені қазақ халқының бай сөздік қоры адамның бойындағы ең кішкене «титімдей-элементарлы» көзге көп шалына бермейтін бырақ жеке адамның мінез-құлық ерекшеліктерін көрсететін сөздер баршылық. Оларды синоним ретінде қарауға болмайды. Әр сөз өзінше мәнге ие екенін қаперден шығармау керек.

Осы сөздердің әр қасысының астарында жекелеген адамдардың мінезі, қылығы, жүріс-тұрысы, ақылы, әдеті мен әдебінің көріністері жатады. Қарап отырсақ, ақын өлеңдеріндегі айтқан ойлар осы алғашқы ауытқуларға қатысты болып, олардың барлығы бар және оларды түзету жолдары да келтірілген.

Күнделікті тұрмыста кездесетін көпжағдайда жеке адамның өз басына және қоршаған ортаға де кері әсер етіп, біреудің көңіліне ақау түсірсе, біреудің намысына тиетін, кейде тіпті сол адамның өзіне де зияны тиетін «көргенсіздік», «мәдениетсіздік», «тәртіпсіздік», «арсыз», «кербаққан», кертартпа» деп бағаланатын көріністерді осыған жатқызуға болады.

Олардың қатарына сондай-ақ адамдар көп мән бермейтін ұсақ-түйек ұрлық, өтірік, алдамшылық пен қулық, зорлықшылдық пен сұмырайлық, надандық, ішітарлық немесе көреалмаушылық деп бағаланатындары да осы алғашқы ауытқуларға кіреді. Бұдан басқа надандық, жалқаулық, еріншектік, өсекшілдік, мақтаншақ, ысырапшылық немесе орынсыз мал (дүние мүлік) шашу, тапқан тергенін орынсыз, пайдасыз жұмсау да халық тарапынан сыналады. Бұларға қарсы жазылған заң жоқ, бірақ көпшілік тарапынан сыналады, мінеледі, сондықтан бұларды психикалық емес мәдени ауытқуларға басқаша айтқанда алғашқы ауытқуларға жатқызуға болады деген ойдамыз. Шәкәрім өлеңдеріндегі әлеуметтік-тәлімдік пікірлердің - міне осыған қатысы бар.



Педагог және психолог ғалымдармен әлеуметтанушылар зерттеулерінде ауытқулардың себептерін физикалық (дене кемістігіне байланысты) типтегі, психологиялық талдаулар (психоаналитикалық) теориясы, әлеуметтік және мәдениет теориясы негізінде бөліп қарастырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1.Шәкәрім шығармаларындағы мінез-құлық пен жүріс-тұрыс сипаттамалары;
- 2.Ақынның адамның мінез –құлқын сипаттаған өлеңдерінен талдау;
- 3.Ақынның адамның жүріс-тұрысын сипаттаған өлеңдеріне талдау;

#### **4–тақырып. Шәкәрім мұраларындағы адамның мінез–құлық ерекшеліктеріне қатысты ойлары**

Қаралатын мәселелер:

Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдеріндегі адамның бойындағы ауытқу туралы пікірлер; кері мінез түрдерінің сипаттамасы; нашар мінездерді түзету мәселелері;

Әдебиет:

Сәтбаева Ш. Ш. Құдайбердиев. Шығармалары. -Алматы, Жазушы, 1988. - 560-б.

Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құрас. М.Жармұхамедов., С.Дәуітов., (А.Құдайбердиев) -Алматы, Жазушы, 1988.-560б.

Жарықбаев Қ.Б. Развитие психологической мысли в Казахстане. –Киев, 1982.

Дәріс. Әлеуметтік және практикалық психологияны зерттеуші ғалымдар Дж.Стивенс және оның пікірін жалғастырып, практикалық психологияда кеңінен қолданған Д.Семин, С.Ключниковтер адамдардың бойындағы кейбір қалыптасып қалған мінез - құлық түрлерін **«жеті айдаһар (семь дракон)»** деп белгілеп оларды тәкаппарлық, шыдамсыздық, қорқақтық, сараңдық немесе сығандық, ашушандық, бірбеткейлік немесе қырсықты, өзін төмен санау дей келе сезім мен эмоция құбылыстарының бұлармен ғана шектелмейтінін белгілеген. Мысалы, әумесер немесе әңгүдік (взбалмошный) жаңжалшыл немесе әдетте ұрысқақ әпербақан, жоқ жерден қиыншылық тауып өзін-өзі азапқа салып жүретіндер деп басқада кемшіліктерді атап көрсетеді.

Ғалымдар бұлардың барлығының тегінде адамның кішкене бала кезінен туындап кейін келе қалыптасып қалған өзіне және басқаларға деген сенімсіздіктен болатынын, бұндай мінездердің кішкене кезінен пайда болуының басты себебі - оған ата-анасы, не басқа да ерескелдің қажетті көңіл бөлмеуі, назар аудармау екенін атап көрсетеді. Зерттеуші ғалым Дж. Стивенс олардың әр қайсысын талдай келе жеке-жеке сипаттама бере келіп жақсы және нашар жақтан белгілей отырып басқаларға және адамның өз басына зиянды тұстарын, түзету мүмкіндіктері мен әдістерін де нақтылаған.

1.Ез, қорғалақ, шабан, надан, тентек, еріншек: Ниеті арам, тартыншақ, ойы мен ісі баяу, орынсыз ойсыз сөйлейтін, жалқау олақ салақ;жатып ішкен жан тыныш, салдыр салақ;Іздемеген кісіге қайдан келсін,таза киім, жылы орын тәтті

тамақ;егін сал,не сауда қыл, малыңды бақ; қол өнерден пайда қыл үйреніп–ақ; надандықпен біржола қастасалық! наданға өлсектағы бағынбалық;

2.Мақтаншақ, дарақы, алдау, өтірік, қу, сұм Өз бойында жоқты айтады, кішкенеңі ұлғайтып көрсетеді; өзін көрсету үшін орынсыз әрекеттерге бару; өтірк айтып сендіру, жалған айтып пайда өндіру; өз мүддесі үшін басқаларды пайдалану; өз мүддесі үшін біреуге зиян шектіру; Тойымсыз қудан пайда жоқ,мақтан күйлеп, арамнан мал жинасаң,орның дозақ;

Менің биім өзіңнің ақ жүрегің, сөзімді ұқта, дауыңды айт, соған жүгін; мінін айтса шын жақсы кектене ме? Асыл сол–ақыл, білім, бойда барлық; өтірікке өлгенше, шынға өлелік; өтіріктен жалығып өнер тапсақ, біз сонда жетілдік деп мақтаналық;өтірік өсекке еріп сабылмалық!

3.Ұрыс, араздық, ел қыдырмақ, сұрамшақ. Мінез, көзқарас, іс әрекет қайшылықтарынан туындайды; араздық қарым–қатынаста бір біріне риза болмаудан бет көріспей кеті; елірдік, ерегістік, елді жардық; ортамыздан от жағып өрт шығардық; Қой, ұйтпелік өзіміз жарасалық; жаман айла, жат мінез пайда бермес,бойдағы мінімізге қарасалық; жаман әдет тастауға ұнасалық, мына мінез қалай деп сынасалық. Тұп тура бетімізге айтысалық, ашуланбай ақылмен шыдасалық; таза ойлап татулық іс табалық!

4, кедей, момын. Сорлы, бейшара, киім, ас жеткіліксіздігі, момынның көргені қорлық;Көңілі жұмсақ адамның күрмеуін тағдыр шешеді; жалықпай талап етсең, дайын пайда;

5.Өзі білмес, білгеннің тілін алмас, Ең жаман әрекет,Осы қылығынан арманына жете алмай кететін қырсықты мінез; түзету мүмкін емес;білмегенді білуге тырысалық, жалқаулықты көңілден сырысалық;

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1.Адамдар арасындағы қарым –қатынастың бүгінгі проблемалары;
- 2.Олардың ақын шығармаларындағы сипаттамасы;
- 3.Ақынның қарым –қатынас проблемаларын шешу туралы ойлары;

## **5–тақырып. Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұралары арқылы жастар мен балаларды әлеуметтендіру мәселелері**

Қаралатын мәселелер: Әлеуметтендіру және оның ақын шығармаларындағы көрінісі; ақын шығармаларын арқылы әлеуметтендіру бағыттары; ақын шығармаларының ықпалына сипаттама;

Дәріс. Ш.Құдайбердіұлы адамның жан дүниесінің дамып, қалыптасу жолын эволюциялық тұрғыдан түсіндіреді. Осы айтқанымызға оның төмендегі пікірлері жақсы дәлел: «Жәндіктен адам жаралған... Айуаннан өсіп, болдық адам, дейді ол. Сірә, ойшыл ақын ағылшын табиғат зерттеушісі Ч.Дарвиннің ілімімен жақсы таныс болса керек. Ол сондай-ақ жанның сан алуан түрлері болатындығын, қандай жан болса денемен, тәнмен байланыста болатындығын айтады.

Шәкәрім оны міндетті түрде педагогика саласына білім беру жүйесіне алып келеді. Ғұламаның шығармаларындағы әлеуметтік-педагогикалық идеялар жүйесін төмендегі кестеден көруге болады.

1.Әлеуметтендіру бағыттары:Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары Әлеуметтік-педагогикалық қызметте Білім беру арқылы әлеуметтендіру пікірлері. «Қазағым қам ойлан, сенде адам едің ғой», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін», «Талап пен ақыл», «жер жүзі жабылғанда ғалым жаққа...», «Насихат» т.б. Мектеп бағдарламасына енген шығармаларын оқыту үрдісінде, оқу- білімнің адам өміріндегі маңызын ақын шығармалары арқылы ұғындыру

2.Адамға ізгілікті мәміле арқылы әлеуметтендіру «Ашу мен ынсап», «Мақтау мен сөгіс», «Өмір», «Шыңнан өзге құдай жоқ», «Кісіге адамшылық неге керек?» т.б. Түзету мен қатарға қосу, қайта тәрбиелеу істерінде адамгершілік ұстанымдарын негізге алу. Көркемдікті сезініп, түйсіну арқылы әлеуметтендіру. «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Бостандық таңы атты», «Адамдық борышын - халқыңа еңбек қыл» т.б. Әлеуметтік-педагогикалық қызметте көркемдіктен әсерлену сезімдерін қозғау арқылы әлеуметтендіру.

3.Еңбектенудің әлеуметтенуге ықпалын пайдалану арқылы әлеуметтендіру. «Адам немене?», «Епті тышқан», « Қош жұртым», «Жаз келер, қысты күнгі қысым өтіп», «Бояулы суыр», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене», т.б. Ақыл-ой еңбегі мен дене еңбегінің адам өмірі үшін бірдей маңды екенін ұғындыру арқылы әлеуметтендіру

4.Қоршаған табиғый ортаның әлеуметтендірудегі мүмкіндіктерін пайдалану. «Көкорайғажаз келер», «Хайуан мен ақымақтар», «Бояулы суыр», «Қаншыр мен бөдене», «Ақылшы торғай», «Бәйшешек бақшасы», «Әбден толып жарық ай». Қоршаған табиғи ортаның адам өмірі үшін маңыздылығын ұғындырып, оны аялау, арттыруға бейімдеу

5.Құрбы, дос, туыскандық мәмілелердің әлеуметтендірудегі мүмкіндіктеріне байланысты. «Достыңыз зор», «Ей көп халық, көп халық», «Серігім жалғыз Әупіш қасымдағы», «Жйырма үй менің күшің». Адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың қоғамдық маңызын ашып көрсету

6.Отбасы және оның әлеуметтенудегі маңызын ұтымды пайдалану.«Абай..өткен соң өзіме айтқан...», «Шаранамен туып едің», «Қатындар жас баласын күтеді»,«Анадан алғаш туғанымда», отбасының әлеуметтендіру/әлеуметтенудегі мүмкіндіктерін пайдалану жолдарын қарастыру

7.Өзін тану, өзін-өзі жетілдіру, тәрбиелеудегі ізденістерде «Ашу мен ынсап», «Анық пен танық», «Мақтау мен сөгіс», «бір Аллаға сыйынған арам өлмес», «Өлген көңіл ындынсыз өмір». Өзін-өзі тану арқылы бойындағы жағымды қасиеттерді дамыту, нашарларын жоюға ынталы болуына ықпал ету

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1.Адамның ішкі жандүниесі туралы ұғым және оның маңызы;

2.Адамның ішкі жандүниесіне қатысты шығармаларының сипаттамасы мен талдаулар;

3.Ақынның адамның сезімі мен рухани әлемінің әлеуметтік маңызы жайлы пікірлері;

## **6–тақырып. Шәкәрімнің әлеуметтік–педагогикалық ойларының бүгінгі оқыту мен тәрбиедегі маңызы**

Қаралатын мәселелер:

Шәкәрім шығармаларындағы әлумттік педагогикалық ойлар жүйесі; Шәкәрім шығармаларындағы әлеуметтік педагогикалық мәселе ; Әлеуметтік педагогикалық сипаттамасы; Шәкәрім шығармаларындағы түзету туралы пікірлер;

Әдебиет:

Баймұханов Т. Шәкәрімнің әлеуметтік-саяси көзқарастары //Шәкәрім әлемі. - 2006. - №1. -117-121 б.

Сәтбаева Ш. Достық жаршысы (Шәкәрім Құдайбердиевтің туғанына 130 жыл) // Социалистік Қазақстан. – 1988. 29 шілде.6

Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – Алматы: Арыс. – 2000. – 92 б.

Дәріс. Заман талабына сай дамыған, жеке тұлғаны қалыптастыру барысында Шәкәрім мұрасының орны ерекшелене түседі. Бірақ Кеңес дәуірінде Шәкәрім шығармаларының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға көңіл бөлініп, арнайы сөз болған жоқ. Себебі, кеңестік саясатты жүзеге асыруда Шәкәрімнің дүниетанымдық көзқарасы, даралығы, даналығы кедергі болады деп, ақынды қудалап, шығармаларын өртеп, артында қалған мол мұрасын құртып жіберуге барынша әрекет еткені белгілі. Соған орай пән бағдарламаласы мен әдебиет оқулықтарына Шәкәрім еңбектері мүлде енгізілмеді.

Шәкәрім болмысының күрделілігі мен оның қалдырған мұраларының сан салалы сипаты әр түрлі ғылым өкілдерінің назарын аудартып тың ізденістер тудыруда. Яғни ақын шығармашылығының поэзиямен ғана шектелмейтіндігі философиялық тарихи дерек көздері мен ағартушылық педагогикалық көзқарастарының жүйесін кешенді түрде зерттеудің енді қолға алына бастауы заман үрдісінен туған қажеттілік.

1.Айлакерге еп, ұрыға жүйрік ат арманда; Еңбектеніп жанын қинамай, әп–сәтте көп дүниеге ие болу үшін талап қылса табылар соның бәрі

2.Ұрлық, араздық, алдау, мақтан, Өз басының ғана пайдасын күйттегендер Бақ қайда қиынсыз, бос тілек сыйымсыз;

3.Үмтсіздік, жалығу шаршау, айырмайды арасын бұлдыр менен танықтың, ашу, надандық, ей еріншек кара жүз,мақтанға болып мәз, Білімсіздік пен ойсыздық үмітсіздікке соқтырады, ол жан күйзелісі; Рақым, ұят, ар қайда крауыңды жинап ал; сабыр айтты, мені ұстауға шыдай көр, сөйтіп жұмса қайратты, Ынсабыңа хабар бер; болмас іске егеспе; құлағы мен көзін аш, оқу оқыт, ғылым жай

4.Ой жоқ, нәпсі ұнатса болғаны, арам ой, арын сату, шолақ ойлап, арсыз, арам, айлакер, Ойсыздықтан туындайтын мінез, іс әрекеттегі келеңсіздіктер.Білу нану, ұнату, ақыл ісі, ой ұнатса ғаділетті жүрек қозғалады;

5.Жеп жіберер, ыржаң қағып ығысып, ыза болып, асы арам, өршіл, айта салып; Адамдардың мінезін атқа салатын ертоқыммен салыстырмалап келтіреді; Көзге сұлу, өзі оңды,байлау, мақтау болмайды сөздерінде; оғаш, оғат, оқыра, сызаты жоқ;

6. Маскүнемдік, ұрлық, жаман әдет, дағды, құмарлық, нашақорлық, араны ашылады. Жаман әдет пен дағдылар маскүнемдік, нашақорлық құмарлықтан басталады. Дағды қылсаң дап дайын істің бәрі, адамзат тұра алмайды әдетке ермей; ерте сақтан әр іске әдеттенбей, ой құмар, өлең құмар, малға құмар мөлшерден аспасын

7. Қуану, жабырқау, елірме дуана; мақстан, өнері жоқ өсекшіл, ел жамандар, өтірік, дос, дұшпан; Орынды қуаныш жанға азық; үш түрлі мақтау: дос мақтайды, дұшпан мақтайды, ел мақтайды. Өзіңнен ілгерілер сүйсінерлік, жол тап тағы ақылды солай айда;

8. Талап тұлпар сынды бабын таппаса қылар жынды, ындын мен талап ентелетеді; орынсызға ұмтылу; Талапты реттейтін алты қисын бар: ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық; Осыларға сипаттама бере келе бәрінің билігін ынсапқа беру керек дейді;

9. Қастық, көңіл қаяу, жау, дос, арамның жолдасы мол, қу мен сұм мықты; арамдық, алдампаз, абұйырсыз, санасыз, сырласы, жақыны жоқ, Адалдықтың жолы қатты, әділ болуы қиын, сырласар жақын болмауы да күйзеліске соқтырады. Бір өзіңе сыйындым бар құдай ау; бар сүйеніш үміті бір құдайда;

10. Қолынан іс келмес, бәле, залым, бұзақы, өнері жоқ, бірін бірі талайды. Қолынан іс келмейтін адам күн көріс үшін қулыққа барады, күні үшін біреуді қорлау; бұзақы елдің шырқын бұзады; өнерсіз болған соң бекершіліктен таласып, тартысып күн көреді. Бір Аллаға сыйыңған арам өлмес; адамзат өзін-өзі сынау керек, тазалық, әділдікті ұнау керек, тура жолдан мойын бұрмай, ақтан көрген бәліге шыдау керек

11. Ұятсыз, әдепсіз, салқам, ыржақ, қылжақ, жыртақтау, бұлғақтау, есер, жырқылдау, мазақтау, соқтығу, Қазақ жек көретін, ақылсыз ақымақтардың қылығы, оны санасыз депте сынайды халық. Адам өзін ұстауға үйрену, ересектердің айтқанын тыңдау;

12. Өкініш, шын надан, хайла етер, шын залым, ақылы жоқ, аламан, өнерінді құр шірітпе, орнына анық жұмсамай, наданға ұқтырам деп ойлама; Ғылымның жақсы жағын айта келіп ол залымдардың қолына түссе елге, жерге зиян; ғалымға міндет білгенін үйрету. Жақсылыққа пайдалану. Білмегенді біле бер, үйрену қылма намыс, үйретуге болма кер, білмегенде үйреніп, білгенді қылса сол есті, босқа аламын- ол ол білімнің ісі емес, жылы болсын сөзіңіз бен ісіңіз, жер сықылды пайдалы бол, пайдалансын ел сенен.

13. Кедей бала іскер, пысық, бай баласы босалаң, баяу, шикі; еріншек, білмеу, қорлық. Өмір тәжірибесі бар адам мен ол жоқ адамның мүшкіл халы; Дүниенің ащы, тұщы дәмін татпай; не қылды піскен адам, қор болар үйде отырып өскен адам;

14. Ашу, ыза, кекшілдік, тіл отқа салар, құтырып, абыройды ұмытып; Кекшілдік түзетуді қажетсінетін әлеуметтік педагогикалық мәселе; өзін ұстай алмау, байқамай сөйлеу абырой әпермейді. Ыза менен ашуға, толы емес ортамын, тұтпа ашудың құйрығын, таза ақылды жүйрігім;

15. Алдау, көрсе қызар, жалмауыз, алдағыш, ақымақ, айуан, әлсіз, ұры, зұлымдық. Адам нәпсісі айуанмен анық теңдес. Бұлардың барлығы адамның

бойындағы кемшіліктердің көрсеткіші. Кей-кейде түзелік кел деседі; Адам өмірін түзетерлік, әділет, ынсап, мейірім, өнерпаз білімді елдің мінезі осы, аяу, жәрдем, махабат қалмаған ба? Ар түзейтін бір ғылым табылмаса, зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес; жас баланы ұрғанмен шырылдатып, ойы толмай тұрғанда ақыл енбес;

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Шәкәрім мұраларын тәрбиелік жұмыстарда пайдалану мәселелері;
2. Мұрасын тәрбие жұмыстарында қолдану ерекшеліктері мен ұстанымдары;
3. Ақынның әлеуметтік-педагогикалық ойларын сабақтан тыс жұмыстарда

### **7–тақырып. Шәкәрім Құдайбердіұлының ойларын әлеуметтік–педагог маман даярлау үрдісіне ендіру жолдары.**

Қаралатын мәселелер: Шәкәрімнің әлеуметтік-тәлімдік ойларын оқу-тәрбие үрдісіне ендіру формалары мен технологиялары

Әдебиет:

Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – Алматы: Арыс. – 2000. – 92 б.

Қасымова Р.С. Студенттер арасындағы әлеуметтік қызметті ұйымдастыру: Әдістемелік құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 46б.

Табылдиев Ә.Т. Халық тағлымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 197б.

Дәріс. Жалпы Шәкәрім шығармалары бастауыш сыныптан бастап оқытыла бастайды: ана тілінде «Сен ғылымға», «Бостандық таңы атты», «Бір кесе меруерт» әңгімесі, «Жас келер», «Еріншек», «Жолама кулар маңайға», «Адамдық борышың» өлеңдері оқытылады. Осы оқытылатын өлеңдерді негізге ала отырып, осы сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу үйірмесін ұйымдастырған өте оңды әрі пайдалы. Себебі, сәтті шығарма, сәтті оқылса, тыңдаушысының жүрегінен жол тауып, санасына ой салады. Оқушы шығармадан ләззат алады.

Сабақтан тыс жұмыстарда оқушылармен әлеуметтік педагог ақын шығармаларындағы кері мінездерден мысал келтіре отырып оқушылармен бірге танымдық тәрбиелік сағаттар ұйымдастырады. Онда мына мәселелер қарастырылады:

1. Шәкәрім – Абай мектебінің шәкірті. Шәкәрімнің өміріндегі Абай ағасының ықпалы және ақын шығармашылығына әсер еткен қазақ ғұламалары, шетелдік ақын жазушылар жайлы түсінік қалыптастыру

Шәкірім өлеңдері арқылы өзін-өзі тану. Адамның өзін тануына әсер ететін өлеңдерін талдау арқылы оқушылардың өзіне назар аударуына ықпал ету.

2. Құмар ойындардың зияны. Балаларға «Құмарлық» деген не? Оның пайда, зиянын ұғындыру.

3. Шәкәрім нашар әдеттерге қарсы. Маскүнемдік, шылым шегу, нашақорлықтың рухани зардабы және адам ағзасына зиянын талдау.

4. Адам болу - борышың. Адамның ең жоғары құндылық екенін ұғындыру

5. Адам және ол өмір сүретін орта

Табиғи және әлеуметтік ортаның маңызын ақын шығармалары арқылы түсіндіру

Мектептегі жоғары сынып оқушыларымен Шәкәрімтану сабақтарын ұйымдастыру, алдымен оларды ғұлама ғалым және ақын шығармашылығы мен оны білудің маңызын ұғындырса, тағы бір жақтан олардың бойындағы теріс әрекеттерді болдырмау, алдын алу үшін маңызды. Осыған орай жүргізілетін шараларға тоқталамыз:

1. Ш.Құдайбердіұлының әлеуметтік-тәлімдік ой-пікірлеріне кіріспе
2. Ерік, жігер дегеніміз не? Оның әлеуметтенудегі маңызы
3. Әлеуметтенуге ықпал ететін орта
4. Шәкәрімнің “Ар ғылымы” немесе әлеуметтік қолдау
5. Шәкәрімнің ізгілікті адамгершілік ойлары-қатарға қосу шараларында
6. Өнер мен білім үйренудің әлеуметтендірудегі маңызы
7. Табиғи ортаның әлеуметтік педагогикалық қызметке көмегі
8. Білім, оқу, ғылым әлеуметтендіру құралы ретінде
9. Достық қарым- қатынастың әлеуметтік-педагогикалық қызметке тигізетін септігі

10. Махаббат (түрлері) сезімі әлеуметтік-педагогикалық қызметте.

11. Киім әдебіне үйрету-әлеуметтену құралы ретінде

12. Шәкәрімнің ақыл туралы ойларын әлеуметтік-педагогикалық қызметте пайдалану

13. Шәкәрімнің жүрек туралы ойлары, сезім тәрбиесінде

14. «Арамды судай сіміріп» - өлеңін әлеуметтендіруде пайдалану

15. Құмар ойындардың зияны

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ақын мұрасын мінез-құлық тәрбиесінде қолдану технологиясы;

2. Қарым-қатынас тәрбиесінде пайдалану технологиялары;

3. Іс әрекетте ақын шығармаларындағы пікірлерді қолдануға үйрету технологиялары;

### ***Семинар сабағын ұйымдастыру әдістемесі.***

Дәрістерден соң семинар сабақтарында студенттердің алған білімі бекітіледі, практикалық маңызы ашылып, іс жүзінде қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Осыған байланысты төменде бірқатар әдістер мен технологияларды келтіреміз. Бірақ та олармен шектеліп қалуға болмайтынын ескертеміз.

1. Семинар сабаған дөңгелек үстел түрінде өткізу – бұл тәсіл кейінгі кезде кең таралған кіші-гірім топтан кең көлемді, жүздеген адамдар қатысатын, ірі мәселелерді шешуге де арнап өткізіледі. Мұнда белгілі бір өзекті мәселеге арналған тақырып төңірегінде қатысушылар алдын-ала әзірленген мәтін бойынша өз пікірлерін білдіреді және осы мәселе төңірегіндегі пікірталас, пікірсайыстарға қатысып, өзінің көзқарасын дәлелдеуге ұмтылады.

Дөңгелек үстел нәтижесінде мәселені шешудің жолдары көрсетілуі мүмкін. не болмаса заманалық өзекті мәселенің бетін ашып, оның сипатын айқындауға мүмкіндік беріледі. Бұған қатысушыларға қойылатын шарт –

белсенділік, өз пікірін мәдениетті түрде дәлелдеу, және пікірін нақты дәлелдермен дәйектеп отыру.

2.Семианр сабағында берілген тапсырма бойынша ғылыми-педагогикалық кітаптарды талдап, оның мазмұнына не болмаса кейбір тақырыптарына пікір жазу- мұнда білім көздеріне сипаттама беру, оның маңыздылығын, бүгінгі күн проблемаларын шешуге тигізетін есптігін., ғылыми теориядағы алатын орнын, практикалық мәнін көрсету қажет. Пікір жазу барысында кітаптың аса маңызды тұстарын белгілеп көрсету, сілтемелер беріп оны талдау секілді істер орындалады. Нәтижеде студенттің, кітап не білім көзі көтеріп отырған мәселеге қатысты ой өрісі дамиды, білмегенін біледі. Ең бастысы педагогикалық көзқарасының қалыптасуына, оның мазмұнды болуына септігін тигізеді.

### 7-кесте «Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойлары» таңдау курсы бойынша семинар сабақтары

Тақырыптар	Қаралатын сұрақтар	Семи нар	Әдебиеттер
1. Әлеуметтік педагогиканың тарихындағы жеке тұлға қазметі мен еңбектерінің алатын орны.	1.Әлеуметтік-педагогикалық ойлардың адамзат тарихында дамуы; 2.Жеке тұлғалардың әлеуметтік-педагогикалық ойлары жүйесі; 3.Шәкәрімнің әлеуметтік-тәлімдік ойларының маңызы;	1	Тесленко А.Н. Социализация молодежи. –Алматы-Астана, 2002. 236 с. Гольцева Н.В. Педагогическая социология. -М., 2006, 215 с. Никитина Н.В. Социальная педагогика. -М., 2002, 236 с. Галагузова Ю.А. Социальная педагогика. -М., 2002, 241с. Загвязинский В.И. Основы социальной педагогики. -М., 2002, 230 с. Зайцев М.П. Основы социальной педагогики. -М.:2003, с. 325 с.
2.XIX ғасырдың соңы мен XX ғ.бас кезіндегі Қазақ жеріндегі әлеуметтік-тарихи, мәдени ахуал және оның Шәкәрім Құдайбердіұлы оның шығармашылығына ықпалы	1.Шәкәрім өмір сүрген әлеуметтік ортаның ерекшеліктері. 2. XIX ғасырдың екінші мен XX ғ. бас кезіндегі әлеуметтік-тарихи ахуал. 3.Сол кездегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің ақын мұрасындағы көрінісі.	1	Сәтбаева Ш.К. Шәкәрім Құдайбердиев. -Алматы: Ғылым, 1993. С. 41-52. Жарикбаев К.Б. Развитие психологической мысли в Казахстане. -Алма-Ата, 1968. Әбдіғазиев Б. Шәкәрім ақын // Түркі дүниесі. – 1995, №106. – Б. 38-39.
3. Жекелеген адамдардың мінез-құлқы мен жүріс-	1.Шәкәрім шығармаларындағы	1	Сәрсембина Ү.Қ. Қазақ интеллегенциясы әлеуметтік-



<p>тұрысына байланысты Шәкәрім поэзиясындағы әлеуметтік-тәлімдік пікірлер.</p>	<p>мінез-құлық пен жүріс-тұрыс сипаттамалары; 2.Ақынның адамның мінез-құлқын сипаттаған өлеңдерінен талдау; 3.Ақынның адамның жүріс-тұрысын сипаттаған өлеңдеріне талдау;</p>		<p>мәдени феномен ретінде. автореф к.д. -Алматы, 2008. Г.М.Андреева. Социальная психология. -М.2008. Д.Майерс. Социальная психология. -СПб «Питер» 2007. Әбеуова И. Әлеуметтік психология. -Алматы, 2006. Н.К.Сұлтанова Абай мен Шәкәрім мұраларындағы педагогикалық сабақтастық. - Семей, 2011</p>
<p>4.Адамдар арасындағы қарым-қатынастың әлеуметтік мәселелері ақын поэзиясында.</p>	<p>1.Адамдар арасындағы қарым - қатынастың бүгінгі проблемалары; 2.Олардың ақын шығармаларындағы сипаттамасы; 3.Ақынның қарым-қатынас проблемаларын шешу туралы ойлары;</p>	1	<p>Мағауин М. Абайдың інісі / Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза. – Ізтілеуова А., Жалын, 1988. – Б.5–24. И.Р.Халитова, Б.Мырзаева Педагогикалық қарым-қатынас -Алматы, 2011 Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. -Алматы: Қазақстан, 1993. – 75б.</p>
<p>5.Шәкәрім өлеңдеріндегі жеке тұлғаның ішкі жан дүниесі мен іс-әрекетіне қатысты әлеуметтік-тәлімдік ойлар.</p>	<p>1.Адамның ішкі жандүниесі туралы ұғым және оның маңызы; 2.Адамның ішкі жандүниесіне қатысты шығармаларының сипаттамасы мен талдаулар; 3.Ақынның адамның сезімі мен рухани әлемінің әлеуметтік маңызы жайлы пікірлері;</p>	1	<p>Ізтілеуова С. Шәкәрім поэзиясындағы тұлға мәселесі. – Алматы.- 2000. Халитова І.Р. Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері. Оқу-әдістемелік құрал –Алматы: 2006, - 56б. Шәкәрімтану мәселелері: сериялық ғылыми жинақ. 1-том. /құраст. Т.Шаңбай. - -Алматы: Раритет, 2007. - 448 б. («Атамекен» сериясы )</p>
<p>6.Шәкәрім Құдайбердиев поэзиясындағы әлеуметтік-тәлімдік ойарды сабақтан тыс жұмыстарда пайдалану мәселелері</p>	<p>1. Шәкәрім мұраларын тәрбиелік жұмыстарда пайдалану мәселелері; 2. Мұрасын тәрбие жұмыстарында қолдану ерекшеліктері мен ұстанымдары; 3.Ақынның әлеуметтік-педагогикалық ойларын сабақтан тыс жұмыстарда пайдалану</p>	1	<p>Баймұханов Т. Шәкәрімнің әлеуметтік-саяси көзқарастары //Шәкәрім әлемі. - 2006. - №1. -117-121 б. Сәтбаева Ш. Достық жаршысы (Шәкәрім Құдайбердиевтің туғанына 130 жыл) //Социалистік Қазақстан. 1988. 29 шілде.6 Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – -Алматы: Арыс. – 2000. – 92 б.</p>

	әдістері мен формалары;		
7. Шәкәрімнің әлеуметтік-тәлімдік ойларын оқу-тәрбие үрдісіне ендіру формалары мен технологиялары	1. Ақын мұрасын мінез-құлық тәрбиесінде қолдану технологиясы; 2. Қарым – қатынас тәрбиесінде пайдалану технологиялары; 3. Іс әрекетте ақын шығармаларындағы пікірлерді қолдануға үйрету технологиялары;	1	Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – Алматы: Арыс. – 2000. – 92 б. Қасымова Р.С. Студенттер арасындағы әлеуметтік қызметті ұйымдастыру: Әдістемелік құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 46б. Табылдиев Ә.Т. Халық тағлымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 197б.
Барлығы		7	

3. Семинар сабағанда студенттер Шәкәрім Құдайбердиев өлеңдері және ондағы әлеуметтік-педагогикалық ойларды практикада пайдалану мәселесі төңірегінде ғылыми-проблемалы хабарлама жасайды. Жұмыс түрінің аталуы айтып тұрғандай заманымыздың тәлім-тәрбие, оқытуға қатысты өзекті мәселелері бойынша жинақтағандарын, білгені мен оқығандарын басқалармен бөлісу. Қойылатын шарт – оқу білімге байланысты ғылыми тұрғыда өз пікірін айту не болмаса туындаған жаңа проблемаларға байланысты ғылыми әдебиеттерге шолу және сол бойынша өз пікірін де білдіруі. Ғылымның соңғы жаңалықтарына сипаттама, техника, өнер, өндіріс және басқа да жаңалықтарға қатысты хабарлама жасау, өз білгенін басқаларға айтып мағлұмат алмасу.

4. Шәкәрім шығармашылығы мен оның өлеңдері жайлы пікірлерге байланысты ғылыми мақала, баяндама, кітап т.б. білім көздеріне әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда талдау беру, жұмыс түрінің өзі көрсетіп тұрғандай, талдауға алып отырған білім көзінің қазіргі кездегі оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешуге тигізетін пайдасы, педагогика ғылымының дамуына қосатын үлесі, оқыту мен тәрбиелелудің теориясы мен практикасына тигізетін септігі, сонымен бірге ондағы жаңалықтар мен кемшіліктерін көре білуі студенттің білім деңгейін, ой өрісін, іс-әрекет ауқымын, ізденісі мен белсенділігін көрсетеді. Ең бастысы сол білім көзіне студенттің берген талдауы арқылы оның өзінің педагогикалық көзқарасының бағыт-бағдарын пайымдауға болады.

5. Шәкәрім Құдайбердиевтің өмірі, шығармашылығы, ондағы әлеуметтік-тәлімдік пікірлерге тиесілі кейбір айғақтарды дәлелдеу. Айғақтар дегеніміз - фактілер. Студенттер, өмірде кездесетін әр түрлі ахуалдар, төтенше жағдайлар, тұрмыс көріністерін әлеуметтік-педагог ретінде бағалап, оларды Шәкәрім өлеңдеріндегі кейбір пікірлермен салыстырмалап, тәлім-тәрбие тұрғысынан жуықтайды. Егер өзі куә болып отырған айғақтарды педагогикалық тұрғыда қисынсыз, тәлім-тәрбиеге, қоғамдық өмірге адамгершілік қағидаларына сәйкес келмейді деп санайтын болса, онда өзінің пікірін педагогиканың ереже-

қағидаларына сүйене отырып, педагог ғалымдардың еңбектерінен сілтемелер келтіре отырып ғылыми тұрғыда дәлелдеуге ұмтылады.

Ал егер өзі куә болған айғақтардың жақсы жақтарын көре білсе және басқалар байқамаған не мән бермеген тұстарын аңғара алса, оны көпшілікке жткізуге не насихаттауға тұрарлық десе бұл пікірін де дәлелдеуі тиіс. Бұндай ой қызметі бір жақтан студенттердің құқытық мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізсе, тағы бір жақтан оның педагог ретінде қалыптасу деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.

6. Проблемалы мәселелерді талдау. Бұл студенттердің санасында нағыз ғалымға тән ойлау жүйесін қалыптастыруға жетелейтін аса тиімді тәсіл. Бұндай мәселелерді талдау түбегейлі ізденістер, арнайы бағытта ой жүргізуге жетелейді. Мәселені Шәкәрім шығармаларымен байланыстырып жұмбақ түрінде құрастыруға да болады.

Қойылатын басты талап – адамдар арасындағы қарым-қатынас, тәрбиелік іс-шаралар, оқушылар арасындағы қарым-қатынас, қоғамдағы кейбір мәселелер, адамдардың іс-әрекеті, отбасы қарым-қатынасы т.б. байланысты болуы керек.

7. Контент - Шәкәрім шығармаларынан алынған белгілі бір мәтінді ғылыми-педагогикалық тұрғыда талдау. Әрине, берілген мәтінді педагогикалық және ғылыми тұрғыда талдау осы салада білгілі беңгейде білімні болуын қажетсіндеі. Демек, студенттердің білімін толықтыруға өз бетінше іздену жұмыстарын жүргізуіне түрткі береді. Жинақтаған білімінен мәтінді талдауға қажеттілерін екшеп алу үшін ой қызметіне қозғау салады. Өлеңдердегі әлеуметтік-педагогикалық пікірлерді талдау барысында белгілі ғалымдардың еңбектеріне сүйену, солар арқылы өз пікірн дәйектемелеу студентті ғылыми негізде ой жүргізуге дағдыландырады.

Бұлармен қоса семинар сабақтарында мынадай тақырыптарда пікір-сайыстар мен пікірталастар өткізілді:

-Шәкәрім мұрасындағы “Еріншектен–салақтық, салақтықтан–надандық” тұжырымының маңызы бар ма?;

-Ақынның «Бойды ашуға билетпе, басынан жаман үйретпе»-тұжырымының қазіргі кездегі маңызы;

«Құмарлық деген бір ит бар,

Жаныңа жау шын ит бар.

Алды–артыңа қаратпас,

Рахымы жоқ тым ит бар» -тұжырымының әлеуметтік педагогикаға қатысы;

-ақынның тәрбие туралы пікірінің әлеуметтік- педагогикалық маңызы;

-сабақ үстінде ақынның әлеуметтік-педагогикалық ойларын пайдалану мүмкіндігі. т.б.

**Өзіндік жұмыс:** студенттердің теориялық білімін тексеру мен қатар алған білім, білік, дағдыларының қаншалықты деңгейде екені көрсетеді. Сонымен қатар өзіндік жұмыстар арқылы бүгінгі студент болашақ әлеуметтік-педагогтың бойында мамандығына тән қасиеттермен қабілеттердің, мысалы, шығармагшылық мүмкіндіктері, әлеуметтік педагогтарға тән әдет,

дағдыларыдың қалыптасқандығының көрсеткіші. Сонымен бірге оны әлеуметтік-тәлімдік іс-шаралардың мазмұнымен де байланыстыра білу маңызды.

Өзіндік жұмысты орындауда студенттер мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) ақын өмірінің маңызды тұстары бойынша анықтама, жазып оған сабақ үсінде ауызша сипаттаулар беруге даярлану;

2) Талдау үшін берілген мақаланы оқып шығып өз пікірін білдіру, ақындық пен әншілік арасындағы байланысты пайымдап ауызекі айтып беру;

3) мақаланы оқып шығып тезис жазу, оны көпшілік алдында қорғау;

4) оқып талдау үшін берілген кітаптарды, тақырыптар бойынша әлеуметтік педагогиканың тарихы мен теориясы тұрғысынан талдау жазып, пікір-сайыс өткізу жоспарын жасау;

5) ақынның «Адам немене», «Ашу мен ынсап» - талдау және өлең мен ән, музыка арасындағы байланыстың сипатын әлеуметтік-педагогика тұрғысынан ашып көрсету;

6) тезис жазып, ауызша түсіндіру; «Махаббат пен құмарлық», «Арман» - өлеңдерінің әлеуметтік-тәрбиелік мәнін пайымдап, эссе жазу;

7) ақын шығармаларын және оған жазылған әндерді әлеуметтік педагогиканың бүгінгі проблемалары тұрғысында талдау;

8) ақын әндері негізінде әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды ұйымдастырудың жаңа технологиясын қолдану жолдарын іздестіру және сипаттамалар жазу т.б жұмыс түрлерін ұсынуға болады.

9) өзіндік жұмыста ақпарат құралдарын пайдалану. Белгілі болғандай ақпарат құралдарына телекөрсету, радио, газет, журнал, кітап т.б. қоса электрондық жабдықтар да кіреді. Сондықтан өзіндік тапсырмаларды мазмұндық анықтауда, тақырыптарды белгілеуде студенттердің ақпарат құралдарындағы мәліметтерді пайдалануына жол ашатындай етіп белгілеу керек. Оларды орындауда студенттер осы ақпарат құралдары арқылы Абай шығармаларына қатысты жаңалықтарды, өзгерістерді т.б. жинақтап заман талабына сай материалдармен танысады.

10) Шәкәрім өлеңдеріндегі әлеуметтік-тәлімдік пікірлерге байланысты эссе жазу. Мұнда студент тәлім-тәрбиеге қатысты өз ойында жүрген пікірлерін толық және жан-жақты ашып көрсетуге мүмкіндік алады. Мұнда шығарма көлемі жағынан шектелмейді. Басты шарт- педагогикалық бағытта эссе жазу үшін жақсы педагогикалық білім мен тіл байлығы және ойын жазбаша жеткізу мүмкіндігі болуы керек.

Келтірілген № 8 кестеде Шәкәрім Құдайбердиевтің әлеуметтік-педагогикалық ойлары-таңдаулы курсы бойынша студенттің өзіндік жұмысының мазмұнын, тапсырмаларды, оларды орындау тәсілдерін, жүзеге асыру түрлерін келтірдік, есеп беру түрлерін қарастырдық.

**8-кесте. «Шәкәрім Құдайбердиевтің әлеуметтік-педагогикалық ойлары» таңдау курсы бойынша студенттің өзіндік жұмысы**

№	Тапсырма түрі	Орындау тәсілі	Өткізу түрі
1.	Әлеуметтік педагогиканың тарихындағы жеке тұлға қазметі мен еңбектерінің алатын орны.	Әлеуметтік педагогиканың тарихына қатысты материалдар жинау; ондағы тарихи тұлғалар жайлы тезистер әзірлеу;	Тезистер мен мериалдар жинағы
2.	Шәкәрім Құдайбердиев туралы жазылған еңбектерді (мақала т.б.) талдап, ішінен әлеуметтік пікірлеріне қатыстыларын іріктеп алу;	Шәкәрімнің әлеуметтік-педагогикалық пікірлеріне қатысты студент жасаған «кейс»; берілген тақырып бойынша реферат; Әлеуметтік педагогикаға қатысты конспектелері;	Реферат, конспект баяндама
3.	Өлеңдерінен іздестіру	Шәкәрім өлеңдеріндегі адамның мінезіне қатысты сөздер мен сөз тіркестерін іріктеп алу және талдау	Баяндама, Сөздік құрастыру және түсініктеме беру
4.	Өлеңдерінен іздестіру	Ақын өлеңдеріндегі адамның жақсы мінездеріне қатысты пікірлерді іріктеп алып, талдау арқылы мағынасын ашып көрсету.	Реферат, Конспект. Эссе
5.	Малға достың мұңы жоқ; Сенбе жұртқа тұрса да; Бір дәурен кемді күнге.	Адамдар арасындағы қарым – қатынас түрлеріне қатысты шумақтарды анықтау және оның әлеуметтік-тәлімдік мәнін ашып көрсету.	Түсініктеме, Баяндама, Мақала, Конспект т.б.
6.	Біреудің кісісі өлсе қаралы ол; Құр айқай бақырған; Өзгеге көңлім тоярыс; Құлақтан кіріп бойды алар т.б.	Ақынның өнер жайлы пікірлеру, соның ішінде ән мен күй, музыкаға қатыстыларын әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда талдау.	Реферат, Конспект, Эссе, Баяндама,
7.	Баяндамалар, Рефераттар, Мақалалар, Эсселер т.б. әзірлеу	Ақын өлеңдеріндегі әлеуметтік-тәлімдік ойларды талдау мақсатында конференция, семинар, пікір-сайыс, пікірталас, Дөңгелек үстел т.б. ұйымдастыру	Курсты оқыған факультеттерде

Шәкәрім мұраларын әлеуметтік-педагогикалық жұмыста пайдалану мәселесіне байланысты оқытушымен студенттің өзіндік жұмысынң мазмұнын анықтауда мектеп оқушыларымен жүргізілетін тәрбиелік, танымдық шараларды негізге алынады. Олар:

- нашақорлыққа қарсы шараларда ақын шығармаларын пайдалану;
- мінез–құлқында ауытқулары бар жекелеген балалармен жұмыс;

- отбасымен жұмыста ақын шығармаларының мүмкіндіктерін ескеру;
  - оқушылар арасында әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарға басқа да оқытушыларды тарту;
  - сынып жетекшілерін оқушылармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарға қатыстыруда ақын шығармалары пайдалануына көмектесу;
- Осыларды ескере отырып оқытушы студентпен жұмыс мазмұнын анықтайды.

### **3.2 Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойларын тәрбие үрдісіне ендіру мәселелері**

Мектеп, орта және жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмыстары олардағы оқу үрдісін ұйымдастыру мен басқарудың құрамды бөлігі болып саналады.

Еліміздің мәдени-рухани қазынасын ту еткен жеке тұлғалардың өмірі мен шығармаларын кеңінен байыптау, олардың кітаптарынан табылған ой маржандарын жас ұрпақ бойына тереңінен сіңіру, өше жаздаған ұлттық сананың негіздерін қалыптастыру - бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналуда.

Елбасының Жолдауымен қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы ұлтымыздың баға жетпес құнды мирастарын жинақтау, бүгінгі өмір келбетіне лайықтап зерттеу, саралау қажеттілігін айқындап берді. Мұның маңыздылығын «...Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманттау - «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болуға тиіс», - деп атап көрсетті [2].

«Осының бір айқын дәлелі Ш.Құдайбердіұлы егемендігіміздің арқасында әдебиетіміздің ақтаңгері болып қайта әдебиет алыптарының қатарына қосылды. Ақынның мол мұрасы жайында ашық айтуға, философиялық ой-дүниелерін зерттеп, қарастыруға, насихаттап жазуға мүмкіндік туып отырғаны да ақиқат».

Мектеп, университеттерде сабақ бермесе де бүкіл өмірін жас ұрпақ тәрбиесі мен халықтың руханилығын жоғары деңгейге көтеруге арнаған Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды бірегей тұлғаның шығармаларындағы әлеуметтік тәрбиелік ойлар осы кездегі жастар мен балаларды әлеуметтендіру ісінде ұтқырлығымен қуатты.

1990 жылдан бастап Білім және ғылым министрлігі жалпы білім беретін мектептің әдебиет пәні бағдарламасына Шәкәрім шығармаларын оқытуды міндеттеді. 1991 жылдан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстары болашақ мектептің оқу-әдістемелік негіздерін қалауға бағыттталып, өзінің тілі, ұлттық рәміздері бар егеменді ел болуымызға байланысты ұлттық рухани қазынамызға оралу, жаңаша ойлау тұрғысынан пәннің бүкіл оқу-әдістемелік жүйесін түбірлі жаңарту мәселесі қолға алынды. Халқымызға қайта оралған көптеген асыл қазыналарымыз, соның ішінде М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытов, М.Дулатов шығармалары толықтай қарастырылып, оларды әдеби білім мазмұнына іріктеп алу ісі жүзеге асырылды.

1991-1992 оқу жылына арналған әдебиет пәнінің өтпелі бағдарламасына Ш.Құдайбердіұлының шығармашылығы алғаш рет енгізілді. Әдеби білім мазмұны жаңаша қайта қаралып жатқан кезең болғанымен бағдарлама авторлары Шәкәрімнің әр сыныпқа лайықтап, көркемдік қуаты жоғары, оқушының жас ерекшелігіне сай келетін лирикалық шығармаларын саралай отырып, таңдап ала білген.

**Осы бағдарламада:** Ш.Құдайбердіұлының VI сыныпта «Адамдық борышың» өлеңі берілсе, VIII сыныпта «Жолама құлар маңайға», «Жасымнан жетік білдім» өлеңдерін оқытуға екі сағат бөлінген. X сыныпта «Жастарға», «Дүние мен өмір», «Ашу мен ынсап», «Бай мен кедей», «Бостандық туы жарқырап», «Ажалсыз әскер», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Жапанда жалғыз жатып елден безіп» және «Еңлік-Кебек» поэмасын оқытуға барлығы сегіз сағат бөлінген. Ш.Құдайбердіұлының шығармаларын жанрлық алуан түрлілігі, тақырыптық ауқымның кеңдігі, идеялық мазмұнының байлығы, көркемдік әсерлігі қарастырыла отырып, «Қалқаман-Мамыр» поэмасы, «Жастарға», «Анық пен танық», «Бай мен қонақ», «Бостандық таңы атты», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» өлеңдері және А.С.Пушкиннен Шәкәрімнің аудармасы «Дубровский», «Бәйшешек бақшасы», «Шын бақыттың айнасы» қара сөздері берілген.

VII сыныпта ақынның айтайын деген өзекті ойы байлық, бақ еңбекте, қанағатта, риясыз адал болуда екендігін оқушыға саналы түрде меңгерту болса, қосымша оқуға «Епті тышқан» өлеңін оқыта отырып, адамның жағымсыз жат қылықтарынан аулақ болуына оқушылардың бой алдырмауына жол сілтейді. Оқушылардың орта буын сыныптарында алған әдеби білімі жоғарғы сыныптарда күрделене түседі. Мұны X сыныпта арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығындағы Шәкәрім Құдайбердіұлына арналған тараудан көруге болады. «Тумақ, өлмек – тағдырдың қазасы», «Мен адамның таппаймын өнерлігін», «Біреудің мінін кешірсең», «Ей көп халық, көп халық», «Жасымнан жетік білдім», «Елге көнсем, ақ жолдан адасамын», «Анадан алғаш туғанымда», «Жуандар», «Бай мен қонақ», «Өмір», «Бостандық таңы атты», «Насихат», «Патшалар сансыз шығын қылды» өлеңдері және «Еңлік-Кебек», «Ләйлі- Мәжнүн» поэмалары оқытуға бөлінген жеті сағатты қамтиды. Мектептегі жоғарғы буын – әдеби білім берудегі шешуші кезең. Оқушыларға қаншама уақыт халқынан қол үзіп қалған Шәкәрім шығармаларын кеңінен оқытуға байланысты Т.Ақшолоқов, Ә.Дайырова, С.Қалиев, Ә.Қанафиндердің құрастыруымен 1992 жылы «Қазақ әдебиеті хрестоматиясы» жарық көрді. Бұл оқу құралы X-XI сыныптарға арналған қазақ әдебиеті хрестоматияларын толықтыру ретінде ұсынылды. Біздің нысан Шәкәрім шығармаларын оқыту болғандықтан, Шәкәрімге қатысты тұстарын ғана қарастырамыз. «Жастарға», «Ашу мен ынсап», «Шын сырым», «Бай мен кедей», «Бостандық таңы атты», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Ажалсыз әскер», «Сен ғылымға», «Ақындарға», «Жасымнан жетік білдім», «Қазақтың жаманы болмас», «Мал жимақ», «Қалқаман-Мамыр», «Ләйлі-Мәжнүн» шығармалары енгізілген. Шәкәрім шығармалары негізінде оқушыға әдеби білім беру тұрғысынан ақын өлеңдерінің енгізілгендігі әдебиет оқулықтарының сапалық деңгейінің қаншалықты екендігіне тікелей қатысты. Оқушының

Шәкәрім шығармаларын мектеп оқулығы көлемінде ғана танылып білу, ақынның суреткерлік құпияларын мәнді де мағыналы, терең меңгеру үшін «Қазақ әдебиеті хрестоматиясына» енген еңбектерінің құндылығы ерекше.

VI сыныпта берілген «Адамдық борышың» өлеңі ой-санасы енді-енді толыққанды жетіліп келе жатқан жасөпірім оқушыға зор ықпалын тигізері анық. Қазіргі біздің қоғамымыз үшін ақын шығармасында берілген «Адам» деген ұғымды биік ұстап, «Азамат» болып қалыптасу идеясы жеке тұлғаның жан-жақты өсіп, қалыптасуында нағыз тәрбие құралы болып табылады. Шәкәрім санамалап, атап көрсеткен «халқына еңбек ету», «ақ жолдан айнымау», «ар сақтау», «білім мен өнерді үйрену», «мансаптың тағы үшін мақтанға салынбау», «келешек қамы үшін жол көрсету», т.б. ұлағатқа, өнегеге толы адамға тән қасиеттерді оқып отырған жас жеткіншек әр ұғым-қасиетті ойлана отыра, меңгеріп, оның байыбына жетуге тырысары анық. Үйде де, мектепте де осындай тәрбие алған бала болашақта елінің бетке ұстар, халқына қамқор азаматы болып қалыптасатынына шек келтіруге болмайды.

Саналы, тәрбиелі, білімді ұрпақты қалыптастыру барысында Ш.Құдайбердіұлының шығармаларының орны ерекшелене түседі. Бірақ Кеңес өкіметі кезеңінде Шәкәрім шығармалары оқу орындарында оқытылып, жалпы Шәкәрім жайында сөз қозғалмаған. Себебі, Кеңес үкіметі өзіндік идеяларын іске асыруда Шәкәрімнің дүниетанымдық көзқарасы, даналығы, едергі болады деп, ақынды қудалап, артында қалған қолжазбаларын түгелдей жойып жіберуге барынша күш салған. Сол себепті оқу бағдарламаласы мен мектеп оқулықтарына Шәкәрім шығармалары енгізілмеді. Академик С.Қирабаев өз еңбегінде: «...Ұлт әдебиетіндегі осы идеяның жаңғырып, жаңаша естілуі бүгінгі әдебиеттік көзқарас пен дәстүрдің жаңа байланысын зерттеуге жол ашады. Осы ұлттық дәстүрді қолдап, елдің тәуелсіздігін ту еткен азаматтардың, ақын-жазушыларымыздың көпшілігі кеңес заманында ұлтшыл ретінде қуғындалып, жойылып кеткені белгілі. Солардың шығармашылық жолын терең зерттеп, ой-пікірлерін, көркем образдарын бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерімен үндестіру қажет» [164],- деп жазғаны Шәкәрім шығармаларын зерттеп, оны болашақ ұрпақтардың қанына сіңіру жолында еңбек етуге түрткі болды.

Адамдардың бір-біріне деген шынайы қарым-қатынас негізі оны сол ортада дұрыс ұстап жүріп-тұруына ықпал ететін мінезге байланысты болады. «Мінез» қасиеттерін таным әрекеті арқылы қарастыру Шәкәрімнің бірнеше өлеңдерінде көрініс тапқан.

Мысалы, «Жастарға» деген өлеңіне адам бойындағы жақсы қасиеттерді талдап көрсету туралы тапсырма берілгенде оқушылардың ерекше бір қызығушылықпен орындағаны байқалады. Нәтижесінде оқушының логикалық ойлау қабілеті артады, зейіні тұрақталады, арманы ұшталады, өзін-өзі тануға, өзіне сын көзбен қарауға үйренеді. Сөйтіп, оқушы бойында сана қалыптасып, өзіндік пікірін, көзқарасын айтуға дағдыланады. Адам бойындағы жағымды, жақсы қасиеттерді оқушы төмендегі кестедегідей қорытындыланды.



## Сурет-1. шәкәрім мұраларындағы әлеуметтендіру идеяларының жүйесі



Қазіргі таңда, біз көп жағдайда жақсы жерге жұмысқа тұрып, жақсы өмір сүру үшін ғана білім алуға ұмтыламыз. Бұл жайында Ы.Алтынсарин: «Шәкірттердің саналылығына барынша әсер етіп, олардың кейін паракор болып кетпеуі үшін бар күшіммен тырысудамын...» [165] деген, яғни бұл проблема әр кезде де қоғамда орын алып келеді. Адамзатқа білім – халқына адал еңбек ету үшін, өнер үйрену үшін қажет. Адал еңбек етсе ғана өнері өрісті, жемісті болмақ. Үйренген өнер-ғылымын күллі адамзаттың пайдасына жұмсауға арнаған адамды нағыз толыққанды адам деп атауға болады. Ол үшін барлық адам адал еңбек ету керек. Еңбек ету, өнер-білім үйрену үшін «Ар ілімін» игеріп, түсінген дұрыс. Ол туралы Шәкәрім атамыз: «Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздейді...» - дейді. Шәкәрім өзінің жазып кеткен шығармаларының кейінгі ұрпаққа өшпес қазына боларына сенімді болған. Бүкіл еңбегін өзінің бас пайдасы үшін емес, бүкіл Қазақ елінің болашағына алаңдап жазғанын көреміз: «...мұнымды бұл күндегілер алмағанмен, келешекте таппай қоймайды. Анық ақиқат біржола көміліп қалмайды...» [93]. Бүкіл шығыс пен батыс ғұламаларының еңбектеріне сусындаған ойшыл, қазақ ұлтынан шыққан ұлы тұлғалардың еңбектері өз елін ғана емес, бүкіл әлемді өрге жетелейтінін дәлелдеді десек болады.

Оқу орнында білім алмаса да келешек ұрпаққа теңдесі жоқ асыл дүние: «Ар ілімін» жасап кеткен. Бірақ қазіргі таңда осы ғұламаларымыздың айтқан асыл сөздерін дұрыс бағалай алмай келеміз. Ғылым-білім мен тәрбиенің бастауы

Шәкәрім атамыздың сөздерін дұрыс түсініп, терең үңіле алмағандықтан биікке самғай алмай, қанатымыздың жиі талуы сондықтан да болар. Жас ұрпақтың тәрбиелі, саналы болуы үшін ата-ана тәрбиесімен қатар, оқушының мектептегі алған білімі де аса маңызды болып отыр. Ұяда алған тәрбиесі бір болғанмен адамның мінезі әр түрлі болады. Шәкәрім атамыз оны өскен жері, ішкен тамағы, өскен ортасы, алған тәрбиесі бір болса да мінездің әртүрлі болатындығын айтқан. «Ары бар, ақылы бар, мейірімі бар, махаббаты бар адамның бірін-бірі жеп, талап, өсуі мүмкін емес. Адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ».

Шәкәрім атамыздың баға жетпес еңбектерімен сусындаған ұрпақтың болашағы жарық болары хақ. Тек жақсы баға алу үшін, бірер өлеңін ғана жаттаса оның түкке пайдасы болмайды. Ұстаздың ұғындыруымен шығарманың мағынасына мән беріп, жете түсінбеген оқушы оған немқұрайлы қарайды. Ол үшін ұстаз бен шәкірт тығыз байланыста болып, көп ізденуі керек. Қазақ халқының ежелден бергі келе жатқан салт-дәстүрін, тарихын, ұлы даналарымыздың бізге қалдырған еңбектерінен білуімізге болады. Мұны оқушыларға жете таныстыру біздің парызымыз. «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» деген ойды әрбір шәкірттің бойына сіңіре білуіміз қажет.

Ақыл деген денеге егулі дән,

Суғарылса оған да кіреді жан.

Ақылдың өсіп-өніп, зораймағы

Көрген-білген нәрседен ғибрат алған, –

деп, Шәкәрім де нақты жауап берген. Шәкәрім:

Ақылды сол – ынсап пен ар сақтайды,

Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды,

Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,

Жаны үшін адамшылық ар сатпайды [90, 92], – деуі арқылы бізге таңдау жасатып тұр.

«Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары жастар мен балаларды әлеуметтендіру шараларында» тақырыбындағы әлеуметтік тәрбиелік іс-шаралар бағдарламасы жалпы білім беретін мектептің IX-XI сынып оқушыларымен жүргізілетін әлеуметтендіру жұмыстарына арналған.

Мектептегі тәрбие сағатын жүйелі түрде жүргізудің қажеттігі күн санап артып келеді.

Мәселен «Мен-адаммын», «Адамгершілік сабақтары» сияқты үлгі бағдарламаларын айтуға болады. 3 аманға сай тәлім-тәрбиенің бастау көзі ретінде ғұлама Ш.Құдайбердіұлының идеяларын, пікірлерін алуымыз керектігін Президентіміз Н.Назарбаев «Қазіргі бәсеке заманында қажыр-қайратың, ынта-жігерің, тынымсыз ізденісің болмаса, көштен қалу оп-оңай» [1] - деп өз пікірін келтіруі дәлелдей түседі.

Шәкәрімнің өнер-білім, ғылым үйрену мәселесін ақын халықтың биік адамгершілік мақсат-мұраттарымен байланыстыра қарайды. Гуманист ақын адамгершілік, әділеттілік, махаббат, адал еңбек ете білу, талаптылық, жігерлілік

секілді қасиеттерді үлгі тұтады. Бұл қасиеттер рахымдылық, имандылық арқылы жетілетінін атап айтады.

Мектеп оқушыларына Абай, Шәкәрім сынды ақын, ғалым, ғұламалардың еңбектерінің адам өміріне тигізер пайдасы баршылық екендігін барынша ұғындыру керек. Оларды оқып үйренуге алдымен ынта, одан соң талап және уақыт қажет.

Мектеп не істей алады? деген сауалға келсек, оның мүмкіндігі мол. Алдымен Шәкәрім шығармаларының ойы терең, тілі күрделі болуы себепті оларды жоғары сыныптарда арнайы ұйымдастырылған Шәкәрімтану курстарында жүзеге асыруға болады.

Бастауыш және жеткіншек жастағы балалар үшін маңызды пікірлерін тәрбие сағаттары мен әдебиеттік оқу тапсырмаларында ұйымдастыру мүмкіндігі бар. Тәрбие сағаттарының мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Соған сәйкес біз төменде Шәкәрімтану курсының бағдарламасы мен жеткіншек жастағы балалар мен бастауыш сынып оқушыларына арналған тәрбие сағаттарының жоспарын ұсынамыз.

Бұл жерде туындап отырған осы күні ұстаздар, ғалымдар мен ата-аналарды алаңдатып отырған бір өте күрделі мәселе, балалардың интернеттегі ойындарға құмарлануы және телекөрсетулердегі келеңсіздіктер. Олар өсіп келе жатқан жас адамның жандүниесін баурап алған десек те болады. Кітап оқитын бала өте аз, жеткіншек жастағы балалардың арасында тіпті жоқтың қасы деуге болады.

Ғұламалардың мұраларын мектеп оқушыларының барлығы сабақтан тыс уақытта оқуы міндеттеледі. Бірақ та балалар Шәкәрім мұраларынан өзіне қажеттісін тауып оқи ала ма?- сондықтан оларға бағыт –бағдар беру қажет. Бұны тәрбие сағаттарында және сабақтан тыс оқулар ұйымдастыруда жүзеге асыруға болады.

Бағдарлама жалпы білім беретін мектептің IX-XI сынып оқушыларымен жүргізілетін тәрбиелік, танымдық шаралардың бағдарламасы ұсынылды.

### **9-кесте Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұралары жастар мен балаларды әлеуметтендіру шараларында**

Р/с	Тәрбие сағаттарының тақырыбы	Сағат саны	Күні айы	Пайдалану үшін әдебиеттер	Жауапты
	Ш.Құдайбердіұлының әлеуметтік-тәлімдік ой-пікірлеріне кіріспе	1		Ш.Құдайбердіұлы.Шығармаларының 3 томдық жинағы.2-том. Алматы, 2008	

				И.Р.Халитова Өлеуметтік педагогиканың теориялық-әдіснамалаық негіздері. -Алматы, 2013.	
	Ерік, жігер дегеніміз не? Оның әлеуметтенудегі маңызы	1		«Адамның еркі қайда деп ақылдан сұрағаным», «Ақылдың жауабы». // Шәкәрім. «Иманым», 295-300 б.	
	Әлеуметтенуге ықпал ететін орта	1		Шәкәрім, «Адамнан артық жәндік жаралмаған» // «Иманым», 10-13-беттер.	
	Шәкәрімнің «Арғылымы» немесе әлеуметтік қолдау	1		Шәкәрім, «Иманым», -Алматы, 2000 ж.	
	Шәкәрімнің ізгілікті адамгершілік ойлары-қатарға қосу шараларында	1		Абай қара сөздері (кез-келген басылымы), Абай, «Шығармалары», -Алматы, 1994.	
	Өнер мен білім үйренудің әлеуметтендірудегі маңызы	1		Шәкәрім, «Адамдық борышын»//	
	Табиғи ортаның әлеуметтік педагогикалық қызметке көмегі	1		Шәкәрім, «Ей жастар қалай дейсің бұл дүние?» // «Иманым», 100-101-беттер; «Күн аязда терезеге»// «Иманым», 162-165-беттер; «Мегаполис», 17-01-2001 г. стр.-18.	
	Білім, оқу, ғылым әлеуметтендіру құралы ретінде	1		Шәкәрім, “Ғылымсыз Адам-хайуан”//”Иманым”, 92 – 94-беттер.	
	Достық қарым-қатынастың әлеуметтік-педагогикалық қызметке тигізетін септігі	1		“Адам досының дiнiнде” (Хадис), Құжаж хикаясы.// Шәкәрім Құдайбердиев “Шығармалары”, -Алматы,-1988 ж, 486-487-беттер.	
0	Махаббат (түрлері) сезімі әлеуметтік-педагогикалық қызметте.	1		Шәкәрім, “Ләйлі-Мәжнүн” (Поэма)// “Шығармалары”, -Алматы,- 1988 ж. 349-399-беттер.	
1	Киім әдебіне үйрету-әлеуметтену құралы ретінде	1		Шәкәрім, «Сәнқойлар» //”Шығармалары”. - Алматы,-1988 ж. 100-бет.; «Адам немене?» // «Шығармалары», А,- 1988 ж. 178-181-беттер. «Сол есті елде киім бар мода деген, керегіне лайық киінбеген»	

2	Шәкәрімнің ақыл Туралы ойларын әлеуметтік-педагогикалық қызметте пайдалану	1		«Тура жолда қайғы тұрмас» // «Иманым», 269-бет, «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр» // «Иманым». 23-бет.	
3	Шәкәрімнің жүрек туралы ойлары, сезім тәрбиесінде	1		Шәкәрім, «Ойлаңыз ақыл білім қайда болмақ» // «Иманым». 211-223бб.; «Жүректе қазына бар бәрі жақсы» // Абай Шығармалары 401-бет.; 7,17-қара сөздері.;	
4	«Арамды судай сіміріп...» –өлеңін әлеуметтендіруде пайдалану	1		“Темекі – дерт”, (Маскүнемдік, шылым шегу, нашақорлықтың рухани зардабы және адам ағзасына зияны)	
5	Құмар ойындардың зияны	1		Шәкәрім, «Құмарлық деген бір ит бар» // «Иманым», 190-192-беттер.; Шәкәрім, «Қайғылының ішінде жанар жалын» // «Иманым», 170-172-беттер.	
	Барлығы	15			

«Кейінгілер сөзімді оқыр. Бірі ұнатар, бірі сынап күлер. Сонда менің зарланумен өткенімді түсінер. Дүниенің рахатына сенім жоқ екенін түсінгелі басымды тауға да, тасқа да ұрып, ғаделет іздеп алқынғанымды білер. Қайран қу дүние, барлық арманымға жеткізбесінді білгем. Әттең! Тағы да әттең! Абай ағам секілденіп «қолымды кеш сермеппін». Ырду-дырдумен, ел ішінің ұсақ-түйегімен, ата жолы деп билікке араласып, алтын уақытымды босқа өткеріппін. Енді амал нешік. Менен кейінгілер қаулап өсіп кел жатқаны ғана көңілге медет. Мен жетпегенге солар жетеді деп үміттенем. Уақытым тарлығынан кейінгі жылдары ойыма келгеннің бәрін, нақ сол сәттегі көңіл-күймен қағаз бетіне түсіре бердім. Оным ала да, құла да шыққан болар. Менің бүгінгі жеткенім осы болды. Ақтығыма, қазағыма адалдығыма, оған жарқын күндер тілегеніме сеніңдер халқым» деп өкінішін де, күйінішін де, үмітін де ақтарыла айтады дана Шәкәрім [136].

Мұхтар Мағауин Ленинград қаласында жариялаған «Поэты Казахстана» деген кітапқа берген алғы сөзінде: «Среди литераторов, окружавших Абай, наиболее плодотворно трудился Шакерим Худайбердиулы. Он оставил после себя значительное наследие, по которому можно судить о тенденциях развития казахской литературы конца XIX и начала XX века. Хорошо владевший арабским, персидским, средневековым тюркским, турецким, русским языками, Шакерим был знаком не только со средневековой тюркской литературой, арабской, персидской классической поэзией, но и русской, а также (через русские переводы) - с западноевропейской литературой. Благотворное влияние Абая как старшего наставника на раннее его творчество, дальнейшие непрерывные самостоятельные поиски, отличное знание фольклора, истории и

этнографии родного народа, поэтический талант определили рождение творений Шакерима, обогативших казахскую поэзию» [161] дейді.

«Міндеу мен күндеу» өлеңіндегі алдыңғылар мен артқылар (кейінгілер), пәленшенің сөзі, әркім, жақсының сөзі, ақылды көп жан өткен, солардың бар сөзі деген ұғымдар жинақы қасиет, типтік образдар тудырады. Алдыңғының соқпағын артқы түзер, Ғылым деген нәрсе емес күдер үзер. Мінін алып, міндіге мінсіз қосып, Бұрынғыны жанартып жастар түзер,- деген [68, 66-б] шумақтан көрінеді. Демек, көрген-білгенін ой елегінен өткізіп, түрлі болжам мен баламалардың, өрнекті, нақышты сөздердің суреттілігімен бейнелей білген Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындығының қуаттылығы осында болар. «Қандай ақынның болсын поэзиясында өзі ғұмыр кешкен кезеңнің сыр-сипаты, ақыл-ойы мен болмыс-бітімі тұжырым табады» - деп қорытады шәкәрімтанушы Б.Әбдіғазиев [166].

Қасқырша жемтік жеуден тартынбайды,  
Итше талап өз елін жырып жемес [167, 173-б].  
Қаңғырып Толстойша өлер дейді,  
Мен болсам Толстойдай арманым жоқ [167, 177-б].  
Қызтеке еді қыз болған,  
Бейне алдамшы сопылар [167, 145-б].

«Жастық туралы» өлеңіндегі:

Айласы жолдас қасқа алып,  
Аң көрген лашын бастанып.

Немесе:

Қуарып мұртың,  
Суалып ұртың,  
Түздегі қу бас жақтанып, деген [167, 30-б]  
Надандар төрт аяқты малға ұқсайды,

Қаңғырған тамақ іздеп аңға ұқсайды.

Өз бетімен табатын өнері жоқ,

Талапсыз өлі сүйек жанға ұқсайды [167, 36-б].

Арыңның болсын өлең айнасындай,

Көрікті көптің ортақ пайдасындай.

Жосылып жатсын артта жортқан жолы,

Арынды асқақ өзеннің арнасындай [167, 140].

Қорыта келе, Егемен еліміздің ертеңі - тәуелсіз демократиялық мемлекетіміздегі жас буын, студент жастар болғандықтан қазақ тарихындағы ұлы тұлғалардың педагогикалық идеяларын және олардың рухани мұраларын жаңа заман талабына сай жаңғырта отырып, зерделей келе, білім беру мекемелерінде оқу тәрбие үрдісіне ендіріп, жастардың санасына ұтымды әсер ету қазіргі таңдағы кезек күттірмес мәселелердің бірі деп есептейміз

Шәкәрім мұралары арқылы мектеп оқушыларын әлеуметтендіру дегеніміз-ғұлама-ақын шығармаларындағы адам өмірін жақсартып, теріс әрекеттерден сақтандыруға, қателіктерін түзетуге септігін тигізетін ойларын іріктеп алып, практикада пайдалану.

Бұл зерттеу жұмысында осыған сәйкес келетін өлеңдеріндегі пікірлерді сараптап, жіктеп, оларды талдап жұмыс практикасында пайдалануға бейімдеу жүзеге асырылды.

Мектептегі тәрбие жұмыстары және әлеуметтік –педагогикалық қызметтің негізгі бағыттары оқушыларды тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу, әлеуметтендіру, қатарға қосу, және қолдау көрсету секілді әлеуметтік педагогикалық шаралардан құралады.

Қайта тәрбиелеу. Әлеуметтік педагогикада қайта тәрбиелеу – мектепте, отбасында күйзеліске ұшыраған балаға (ересек адам) денсаулығын, психикасы мен әлеуметтік көңіл күйін қалыбына келтіруге көмектесу. Бұл ұғымның мәні- бойындағы бар жақсы қасиеттер мен мінез –құлық, жүріс-тұрыс сыртқы факторлардың ықпалымен өзгеріп, нашар жағына қарай ауытқитын болса, соны қайта тәрбиелеу арқылы қалыбына келтіру. Бұл адамның бойындағы жүре пайда болған нашар қылықтарды жою не болмаса тежеуге арнаған тәрбиелік ықпал ету шаралары болып сол арқылы орнына қажеттісін сіңіру, қайта қылыбына келтіру. Әлеуметтік педагогиканың нысаны, белгілі бір себептермен күйзеліске душар болуы салдарынан тұлғаның мінез–құлқында қабылданған нормаларға қайшы келетін белгілердің пайда болуына бұзылуы.

Тұлғаның ел қатарлы өмір сүруіне шарт түзу мақсатында оларды қайта тәрбиелеу шаралары іске асырылады. Қайта тәрбиелеудің нәтижелі болуы тұлғаның тәрбиелік ықпалды саналы қабылдауына байланысты. Тұлға өзі бойындағы теріс мінездрді жоюды, оның орынына жақсысын сіңіруді мақсат етіп саналы қабылдауы маңызды. Әйтпегенде қайта тәрбиелеу іске аспайды. Бұл отбасында, мекетепте не болмаса арнайы мекемелерде педагогикалық ұстанымдар мен тәсілдер, әдістер және технологиялар негізінде болуы істің нәтижелігіне септігін тигізеді.

Әлеуметтендіру. Белгілі бір себептермен күйзеліске душар болған, торығу нәтижесінде қатардан шығып қалған не болмаса саяқтық, оқшаулану секілді қоғамдық ортада өмір сүруіне кедергі болатын мінез-құлқын тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу, қалыбына келтіру арқылы тұлғаны қатарға қосу. Әлеуметтендіру дегеніміз – сана сезімі, психикасы, мінез–құлқына нұқсан келген не болмаса басқаларға ұқсамайтын ерекше қабілетті адамдарды (баланы) қоғамдық ортада толыққанды өмір сүруіне қайтару үшін істелетін жұмыс жүйесі.

Адам туған сәттен бастап әлеуметтендіру ықпалына түседі. Отбасы тәрбиесі, мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының барлығы да оқушыларды әлеуметтендіруге арналған деуге болады. Себебі сол арқылы балалар болашақта қоғамдық ортада қатарынан қалмай өмір сүруге үйренеді, қажетті білім, білік, дағдыларды бойына сіңіреді. Бұл әрекеттерді меңгере алмаған, оқу-тәрбиеге көнбеген балалар арнайы әлеуметтендіру шаралары арқылы әлеуметтендіріледі. Сондықтан әлеуметтендіру, әлеуметтену деген ұғымдар бар.

Әлеуметтік бейімдеу (социальная адаптация). Белгілі бір себептермен өмір сүру салты бұзылуы салдарынан мінез бен ой-санасында кейбір бұзылулар пайда болған жекелеген адамдар мен адамдар тобына психологиялық, медициналық, педагогикалық және материалдық көмек беру, тәрбиелелу және қайта тәрбиелелу

арқылы қоғамдық ортада толыққанды мүше ретінде өмір сүруіне шара түзу. Бұнда шараларға әсіресе қаладан аулақ жерлерде тұрған балалар, не болмаса басқа бір мемлекеттен көшіп келген отбасылардың балалары мұқтаж. Олармен жүргізілетін тіл үйретуден бастап мәдени ортаға бейімделудің барлығы осыған жатады.

Әлеуметтік-педагогикалық түзету (коррекция). Қазіргі кезде арнайы тәрбиелеуді, түзету коррекция) педагогикасы дейтін ұғым кең таралып осыған орай, түзету, жәрдемдесіп көмек беру іс-шаралары кеңінен қолданыла бастады. Жоғары оқу орындарында түзету педагогикасы деген ғылым саласы оқытылуда. Оның мақсаты, адамдарды әлеуметтік ортаға бейімдеп өмір сүруге үйрету, ақыл есі кем, дамуы артта қалған, көмекке мұқтаж немесе барып тұрған тәртіпсіз адамдарды қайтадан тәрбиелеу, оқыту, іс-қимылын реттеу болып саналады. Көбінесе туа біткен мүгедек, мысалы, соқыр, мылқау, кемтар, ақыл-есі кем адамдар мен балалардың өміріне шарт түзіп, арнайы мекемелерге орналастырып, жұмыспен қамтамасыз ету арқылы көмектесу.

Әлеуметтік қатарға қосу(реабилитация.) Белгілі не белгісіз бір себептермен мінезі, сана-сезімі, жүріс-тұрысының қалыптылығы бұзылған балалармен жастар, ересек адамдарды оқыту, тәрбиелелу, қайта тәрбиелелу, психофизиологиялық, медициналық амалдармен қайта қалыбына келтіру.

**10-кесте. Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойлары мектептегі тәрбие жұмыстарында пайдалану**

№	Тәрбие сағаттарының тақырыптары	Мақсаты	Әдістері мен формалары	Ұйымдастырушылар
1	Шәкәрім – Абай мектебінің шәкірті	Шәкәрімнің өміріндегі Абай ағысының ықпалы және ақын ышғармашылығына әсер еткен қазақ ғұламалары, шетелдік ақын жазушылар жайлы түсінік қалыптастыру	Слайд: Абай мен Шәкәрім суреттері мен олардың өлеңдерінен үзінділерге балалар түсініктеме береді. Сұрақ-жауап, сұхбат, миға шабуыл т.б. технологиялар Сәтбаева Ш.К. Шәкәрім Құдайбердиев. Алматы: Ғылым, 1993. С. 41-52. Ш.Құдайбердіұлы шығармаларының 3 томдық жинағы. Алматы, 2008	Сынып жетекші
2	Шәкәрім өлеңдері арқылы өзін-өзі тану	Адамның өзін тануына әсер ететін өлеңдерін талдау арқылы оқушылардың өзіне назар аударуына ықпал ету.	«Міндеу мен күндеу» өлеңі; «Адамның еркі қайда деп ақылдан сұрағаным», «Ақылдың жауабы». Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – Алматы: Арыс. – 2000. 295-300	Әлеуметтік педагог



3	Құмар ойындардың зияны	Балаларға Құмарлық деген не? Оның пайда, зиянын ұғындыру.	Шәкәрім, «Құмарлық деген бір ит бар»// «Иманым», 190-192-беттер.; Шәкәрім, «Қайғылының ішінде жанар жалын»// “Иманым”, 170-172 б	Сынып жетекші
4	Шәкәрім нашар әдеттерге қарсы	Маскүнемдік, шылым шегу, нашақорлықтың рухани зардабы және адам ағзасына зиянын талдау	«Арамды судай сіміріп..»	Әлеуметтік педагог
5	Адам болу-борышың	Адамның ең жоғары құндылық екенін ұғындыру	Шәкәрім, «Иманым», Алматы, 2000 ж. Шәкәрім, «Адамдық борышың» өлеңін талдау	Әлеуметтік педагог
6	Адам және ол өмір сүретін орта	Табиғи және әлеуметтік ортаның маңызын ақын шығармалары арқылы түсіндіру	Шәкәрім, «Адамнан артық жәндік жаралмаған» Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – Алматы: Арыс. – 2000, 10-13б.	Сынып жетекші

Шәкәрім мұралары мен шығармашылық өмірін зерттеуші ғалым М.Әліпхан «Шәкәрім ақын қазақ әдебиетіндегі көп ақынның бірі емес, ол-өзіндік ұстаным, жол, болмысы бар дара тұлға... белгілі бір қаламгер туралы ой айтпақ болғанда, оның өз сөзінен артық тірек, негіз бола қоймас. Ең әуелі Шәкәрім төрт аяғын тең басқан, нық басқан, өзіндік бағыты мен танымы бар ойшыл ақын» дей келе ғұлама ақын Шәкәрімнің шығармаларындағы адамгершілік іліміне бой ұрған. Ақын шығармаларының мүмкіндіктерін айта келіп ғалым Шәкәрім шағырмаларындағы тәрбиелік ойларды әдебиет, философия, тарих ғылымдары тұрғысынан тереңдете қарастырған. Сондай ақ М.Әліпхан, ақын шығармаларының жастар тәрбиесіндегі маңызын атап көрсеткен [168].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Тарихтан белгілі болғандай бағынышты ел, билеушілердің қол астында болуы себепті солар жүргізген саясатпен билігінің тегеурінді ықпалында болады. Ал біреуге бағыныштылық- бұл бас еркіндігінен айрылу. Еркіндіктен айрылу – бұғауға түсу, өз билігінің жоқтығы жекелеген адамдарды әр түрлі

келеңсіздіктерге итермелейді. Сөйтіп жекелеген адамдардан құралатын бүкіл бір қоғам өзгеріске, рухани дағдарысқа түсіп, күйзеліске душар болады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX-ғасырдың бас кезіндегі құқытық кереғарлықтарды қазақтардың әдет-ғұрыптық құқығы, шарифат - мұсылмандық құқық нормалары, және жалпы ресейлік право нормалары қатар қолданылған. Дәстүрлі ішкі жымдастық жойылған, қазақтар өз жерінде өзі кірме болып қалған, рулық-тайпалық тұтастықтан ажырап, ауызбірліктен атымен жүрдай болды. Осылардан келіп туындаған әлеуметтік-тәлімдік мәселелер жеке адам және қоғамда кең таралды. Шәкәрім дәл осы кезеңде өмір сүрді, осыларды білді және оның жеке адамға, жалпы қоғамға тигізетін пайда зиян тұстарын пайымдады.

1. Ғұлама ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық өмірі мен ғылыми шығармашылық өмірін, әлеуметтік тәлімдік ойларының қалыптасуына ықпал еткен алғышарттарын, тарихи кезеңдерімен сәйкестендіре сипаттама беруде оның өзінің өлеңдерімен басқа да әдеби, тарихи, философиялық мұралары көмектеседі. Ақын, ғалымның өмірінің **бірінші кезеңін**, бала кезіндегі өзінің әр нәрсеге қызығушылығы мен Абай сынды ұстазы мен Құнанбай қажы сынды атасы және басқа да қоршаған әлеуметтік ортаның ықпалы деуге болады; **екінші кезеңінде**, әлеуметтік тәлімдік ойларының қалыптасуына қырық жасқа дейінгі аралықты жатқызуға болатынын «болдым, толдым» демей, тапқанына риза болып тоқтап қалмай, тағы да іздене түсуге ұмтылуы. Бұл жастар мен балаларды әлеуметтендірудің басты ұстанымы басқаша айтқанда Шәкәрімнің өз басы, өзіне риза болмай өткен өмірін бос кетті-ау деуінің өзі үлгі аларлық іс. Ақын өмірінің **үшінші** кезеңінде ол өз өмірі және жақын ортадағы тарихи, саяси, әлеуметтік ахуалдарға назар аударып өй жүгіртіп, биліктен бас тартып ғылымға тереңдете кіріскенін және тапқан ілімін қара сөзбенде, ғылыми тұжырымдармен де, өлең сөзбен де елге жеткізуге ынталы болғанын байқатады. Ақын өмірінің **төртінші** кезеңінде ғылыми тұрғыда жазылған теңдесі жоқ философиялық, тарихи, психологиялық шығармаларды оқып, осы іспетті болашақ еңбектеріне дайындық немесе материал жинау, оны ой елегінен өткізу, сараптау және талдау, іріктеу жүргізген деуге болады. Өйткені оның керемет туындылары осы өмірінің үшінші кезеңі немесе 60 жастан өткен соң жазылып жарияланған.

2. Әрине Шәкәрім Құдайбердіұлының адамдардың мінез-құлқы, жүріс-тұрысына берген әлеуметтік-тәлімдік сипаттамасының психологиялық және әлеуметтік педагогикалық астарларын ашып көрсетуде шетелдік психолог және әлеуметтік педагог ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Соның ішінде Дж.Стивенстің кестесіне толық сәйкес келмегенімен кейбір тұстарын негізге алуға болады. Ол бойынша, ақын шығармаларындағы адамның бомысына байланысты пікірлерін «жеті басты жылан» деп алып сипаттама беруге ұмтылды. Олар, сабырсыз, мақтаншақ әрі тәкаппар, қорқақ, көрсе қызар жалмауыз, еріншек, күншыл әрі қу және пысық деп келтіріп берген сипаттамаларды әлеуметтік педагогиканы оқыту барысында пайдалануға болады. Бұл ақын мұраларындағы осы ойлардың астарын ашып көрсетуге септігін тигізеді.

3. Отандық, ресейлік және шетелдік әлеуметтік педагог, әлеуметтік психолог, әлеуметтанушы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып Шәкәрім шығармаларындағы адамдардың мінез құлқы, жүрыс тұрысы, ой санасы мен іс қимылына байланысты жүйелеп, олардың әлеуметтік педагогикалық сипаттамасы және Шәкәрім шығармаларындағы теріс қылықтарды түзету мүмкіндіктеріне байланысты жинақтап келтірілді.

4. Қазіргі жастар өздерінің әлеуметтік жағдайын жақсартуы үшін ақынның мына пікірлерін көңілге тоқып алуы және іс жүзінде орындауы нәтижелі болмақ: Жастық-мастық-деп ойын күлкіге салына бермей, дос-жаран, құрбы-құрдастарына жіті қарап достықты айыра білу; Сөз, өсек-аяң қуғаннан гөрі шаруаның жайын ойла; Тапқан малың адал болуы үшін өзінді алдатпа да, біреуді де алдама; Аздап тапқан тиын тебенінді дереу жұмсап, көзін құртпай, сақтап, қорғай біл; Малдың басы қосылсын десең, арзанға қызығып жұмсай берме; Қолыңа азын -аулақ мал кірсе даурығып, аптықпай соны көбейтуді ойла; Беталды жанға сеніп, көрінгенмен дос болма-қор болмайсың; Сене берме; Дау, жаңжалдан аулақ бол; Біреуді күндеп соңына түспе; т.с.с.

5. Зерттеу жұмысының басты мақсатына Шәкәрім Құдайбердіұлы мұраларындағы әлеуметтік-тәлімдік ойларды айқындап, оларды жұмыс практикасында пайдалану мүмкіндіктеріне қолдану жолдары қарастырылды. Осыған орай «Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойлары»-тақырыбындағы таңдау курсы түзіліп, оны оқытудың әдістемесі жасалды және практикада қолдану ұсынылды. Сонымен қатар ақын шығармаларын әлеуметтендіру жұмыстарында пайдалануға арналған «Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұралары жастар мен балаларды әлеуметтендіру шараларында» бағдарламасы; «Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойлары мектептегі тәрбие жұмыстарында» бағдарламасы мектептегі әлеуметтік педагогтың Шәкәрім шығармаларын пайдалану арқылы тәлім-тәрбиелік іс шаралар ұйымдастыруға арналаған.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі әлеуметтік-педагогикалық ойларды зерттеу нәтижелері мен қорытындыға сүйене отырып мынадай **ұсыныстар** беру мүмкіндігін алдық:

1. Шәкәрім мұраларын мектептегі әлеуметтік педагог мамандар даярлауда пайдалану үшін алдымен оның маңызын, теориялық мәнін, практикалық мүмкіндіктерін әлеуметтік-педагогикалық негізін танып-біру қажет. Сондықтан бүгінгі студент, ертеңгі педагог мамандар үшін ақын поэзиясының әлеуметтік-педагогикалық негіздерін қарастыратын және практикада қолдану әдістері мен технологиясын меңгеруіне шарт түзетін таңдаулы курсы ұйымдастыру қажет.

Ұсынылып отырған таңдау курсы әсіресе болашақ әлеуметтік-педагог мамандар мен мектептегі тәлім-тәрбие жұмыстарымен шұғылданатын оқытушылар үшін қажет. Осы мәселені шешуге арналған «Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік педагогикалық ойлары» тақырыбындағы таңдау курсы (элективті) ұсынылып отыр. Таңдаулы курсты әлеуметтік педагогтарды даярлауда стандарт бойынша ендіріліп отырған «Әлеуметтік педагогиканың тарихы» пәнін оқытуда кеңінен пайдалануға болады. Сонымен қатар

«Педагогиканың тарихы» пәнінде қажетті тұстарын пайдалануға, «Әлеуметтік педагогика» пәнінде, жастар мен балалар, мектеп оқушылары арасындағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыста сабақтан тыс жұмыстарда пайдалануға болады.

2. Орта және жоғары оқу орындарының тәрбие жұмыстарында қазіргі кезде әлеуметтік мәселелерге бағытталған арнайы тәрбиелік жұмыстар өте сирек болса да өткізіліп тұратыны белгілі. Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдеріндегі әлеуметтік-тәлімдік ойлар негізінде тәрбиелік жұмыстар ұйымдастыруда оның әр өлеңін біз жұмысымызда әлеуметтік-тәлімдік мәні бар деп көрсеткен тұстарын пайдалану орынды. Осыған орай диссертацияда орта оқу орындары мен мектепте пайдалануға арналған жалпы білім беретін мектеп оқушыларымен жүргізілетін тәрбиелік, танымдық шаралардың бағдарламасы ұсынылды. Оларды әлеуметтік педагог, сынып жетешілері және басқа да педагогтар пайдалана алады.

Әрине, кең мағыналы, терең ойлы, ауқымды пікірлерді қамтитын Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы әлеуметтік-тәлімдік ойларды толығымен зерттедік деп айта алмаймыз. Сондықтан мынадай ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет:

-Шәкәрім Құдайбердіұлы мұраларындағы әлеуметтік-педагогикалық ойларды оқу-тәрбие үрдісіне ендіру арқылы студенттерде ғылыми-педагогикалық көзқарас қалыптастыру;

-Шәкәрім Құдайбердіұлының мәнді сөздеріндегі әлеуметтік-педагогикалық ойлар;

-Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық ойларын оқу-тәрбие үдерісіне ендіру жолдары т.б. тақырыптарда зерттеулер жүргізуге болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Н.Ә.Назарбаевтың Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайындағы оқытушы, студенттермен кездесуіндегі жасаған баяндамасы.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 ж.

- 3 Байтұрсынов А. Шығармалары. — Алматы: Жазушы, 1988. — 267 б.
- 4 Бөкейханов Ә. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі (1911 жылы басылып шыққан кітап жайлы) // Қазақ, 1913. 28 сәуір №12
- 5 Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар // Абай, 1993. №5. Б. 45-52.
- 6 Жұмабаев М. Педагогика. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 161 б.
- 7 Дулатов М. «Шәкәрім» - «Абай мұрагерлері» жинағы 1995ж
- 8 Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1-бөлім. Ұлтшылдық-байшылдық дәуірі. Қазақстан баспасы, 1932
- 9 Әлжанұлы Ш. Абайдың педагогикалық көзқарастары туралы /Социалды Қазақстан. 1934.30.XII.
- 10 Тәжібаев Т. Жалпы психология. - Алматы. 1986. - 236 б.
- 11 Әл-Фараби. Бақытқа жету жайында әлеуметтік-этикалық трактаттар. — Алматы: Ғылым, 1975. — 42 б.
- 12 Баласағұн Ж. “Құтты білік”. —Алматы: Жазушы, 1986. — Б.135-137.
- 13 Махмұт Қашқари. «Түрік тілінің сөздігі» (Диуани лұғат-ат-түрік): көптомдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. — Алматы: ХАНТ баспасы, 1997, 1-том, 30 бет.
- 14 Аманжол Айжан. «Белые пятна в биографии Шакарима» //Шәкәрім. Ғылыми-танымдық журнал, 2013, №2, 24 б
- 15 Есім Ғ. Мұтылған философиясы //Кітапта Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). — Алматы: Ғалым. — 1996. — Б. 114-120.
- 16 Әубәкір Ж. Шәкәрім: Білмекке құштарлық //Шәкәрім. Ғылыми-танымдық журнал, 2013, №2, 15 б
- 17 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. Изд-во 2-е. — М.: Полит Издат, 1977. — 304 с.
- 18 Әуезов М. Әдебиет тарихы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 240б.
- 19 Мұхаметханов Қ. Бес арыс. — Алматы: Жалын, 1992. —Б.10 – 39.
- 20 Сүйіншалиев Х. Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдері мен поэмалары. - -Алматы., Рауан., 1990. — Б. — 5 – 20 б.
- 21 Ахметов З. Абайдың ақындық тағлымы. -Алматы. 1995.
- 22 Өміралиев Қ. Абайдың нақыл сөздері. -Алматы. 1968
- 23 Мырзахметов М. Хакім ақынның бас шәкірті хақында //«Түркістан газеті», 3 том, 324 б.
- 24 Мақсат Ә. «Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік ілімі» -Алматы, 2013
- 25 Жарықбаев Қ.Б. Жалпы психология. — Алматы: Білім, 1993. — 272 б.
- 26 Қалиев С. Қазақ энциклопедиясының тарихы: (Кеңестік дәуір 1920-1990 жж.) мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. — Алматы: Білім, 1999.- 160б.
- 27 Халитова І.Р. Абай Құнабаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне ендірудің педагогикалық негіздері. — Алматы, 1997. — 200 б.

- 28 Ә.Сұлтанова «Шәкәрімнің қара сөздері жайында бірер сөз» // Шәкәрім дәрістері. III республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 2002 ж
- 29 Дюркгейм Э. «Социология. Ее предмет, метод и назначение» - М, Канон, 1995, 352с
- 30 Парсонс Т. «Структура социального действия» - М.:1937
- 31 Уорсли П. «Когда вострубит труба». -М., 1963.
- 32 Смелзер Н.Дж. «Социология» пер. с англ. – М, Феникс, 1994 – 688 с
- 33 Фрейд З. «Адамзат ақыл-ойының қазынасы» – Таймас баспасы, 2005, 3-том, 254 б
- 34 Чезаре Ломброзо. «Гениальность и помещательство» - Минск, 2000.
- 35 Берн Э. «Трансактный анализ в психотерапии / Пер. с англ. А. Калмыкова и В. Калининко. — М.: Академический Проект, 2006. — 320 с.
- 36 Шостром Э.Терапевтическая психология. — М.: Эксмо, 2002, 624 с.
- 37 Выготский Л.С. Педагогическая психология // Психология: классические труды. -М., 1996.
- 38 Гальперин П.Я. К исследованию интеллектуального развития ребенка // Вопросы психологии. 1969. № 1.
- 39 Андреева Г.М. «Социальная психология». -М., 1980.
- 40 Теплов Б.М. Избр. труды: В 2 т./ Ред.-сост. С.С. Стивенс. Ред. русск. пер. П.К. Анохин, В.А. Артемов. -М., 1985. Т.1.
- 41 Небылицын В.Д. Изучение основных свойств нервной системы и их значение для психологии индивидуальных различий // Вопросы психологии. 1963. № 5.
- 42 Кенесарина, З.У. Американские концепции социализации личности // - Новосибирск: Изд-во ООО «Архивариус-Н», 2004.-144с. 67.
- 43 Тесленко А.Н. «Молодежь Казахстана: социальный портрет поколения» Изд-во Акм.ЦНТИ, 2007. 370 с. (29,9 п.л.).
- 44 Халитова І.Р. Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері. Оқу-әдістемелік құрал – Алматы: 2006, - 56б.
- 45 Батталханов Е.З. «Формирование гуманистического мировоззрения учащейся молодежи как социально-педагогическая проблема» автореф.дис.канд.пед.наук:13.00.01.-Защищена 25.05.02 /. - Караганда, 2002. - 41с.
- 46 Халыкова Б.С. Организационно-технологические основы обучения детей дошкольного возраста с ограниченными возможностями в условиях реабилитационного центра: автореф.дис.на соиск.учен.степ.канд.пед.наук /. - Алматы: [б. и.], 2003. - 30 с. - Б. ц.
- 47 Жалмухамедова А.К. Раннее выявление детей с ограниченными возможностями: проблемы и новые подходы // Дефектология. - 2002. - №6. - С. 78-82. - (За рубежом).-Библиогр.: с.81-82 (20 назв.)
- 48 Андриенко Е. В. Социальная психология: Учеб пособие для студ высш пед учеб заведений.

- 49 Аникеева Н.П. «Социально-психологические проблемы взаимоотношений в группах учащихся и рабочей молодежи»: материалы Всесоюзн. симп. - Минск, 1970. - С..
- 50 Азаров Ю.П. Семейная педагогика. –М. Просвещение, 1993. - 324 с.
- 51 Гольцова Наталья Владимировна Педагогическая социология: учеб. пособие для вузов. Москва: Академический Проект, 2006. - 215, с.
- 52 Шнейдер Л.Б. «Девиантное поведение детей и подростков» Москва: Академический Проект, 2005. - 95, с
- 53 Мудрик А.В. «Социальная педагогика». Учеб. для студ. пед. вузов / Под ред. В.А.Сластенина. - 3-е изд., испр. и доп. - М.: Издательский центр «Академия», 2000. - 200 с
- 54 Мустаева Ф.А. «Основы социальной педагогики» 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Академический проект, 2001. – 416 с
- 55 Бочарова В.Г. Социально-педагогическая парадигма реформирования образования// Педагогическое образование в России, 2010, №1.
- 56 Л.В. Мардахаев, Социально-педагогическая Москва Гардарики, 2005.
- 57 Халитова І.Р. Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері. Оқу-әдістемелік құрал – Алматы: 2006, - 72б.
- 58 Никитина В.А. Социальная педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений // М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000. 272
- 59 Липский И.А. Социальная педагогика: пути развития // Ученые записки: Научно-теоретический сборник. - М.: МГСУ, 1996, с 55-63
- 60 Галагузовой М.А. «Социальная педагогика». Курс лекций / М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000. 416с.
- 61 Штинов Г.Н. Социальная педагогика: учебник для студентов. -Москва, 2008.
- 62 Беличева С.А. Социально-педагогическая диагностика и сопровождение социализации несовершеннолетних, Феникс, 2013, 165 с.
- 63 Керімов Л. «Рухани адамгершілік – тәрбие негізі» ГПНТБ Ресей, 46-49 б., 2009.
- 64 Құнантаева К.Қ. Қазақстанда әйелдердің білім алу мәселесі. // Бастауыш мектеп. - 1999. - №8-9. - Б. 4-6.
- 65 Халитова І.Р. Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері.- Алматы, 2006
- 66 Жаназарова З.Ж. «Социология семьи» учебное пособие -Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 192 с
- 67 Василькова Ю.В. «Социальная педагогика». -Москва. Издательский центр Академия , 2000. 440 с.
- 68 Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, кара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С. Дәуітов, [А.Құдайбердиев]. – Алматы: Жазушы, 1988. – 145б.
- 69 Материалы II международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы развития мировой философии», Астана.14-16 ақпан, 2013 в двух томах, том I 349 с.

- 70 Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – Алматы: Арыс. – 2000.
- 71 Шәкәрім шығармалары // Семей таңы. – 1989. 21 ақпан.
- 72 Елеуқенов Ш. «Қайтып оралған қазына». Шәкәрім ақынның өмірі мен творчествосы жайында // Социалистік Қазақстан. – 1988. 14 сәуір.
- 73 Базарбаев М. Шәкәрім ақын // Жұлдыз. – 1989. №12. – Б. 192-197.
- 74 Бердібаев Р. Шежірелі Шыңғыстау (Шәкәрімнің тойынан соң) // Лениншіл жас. – 1988. 23 тамыз.
- 75 Бердібаев Р. Елеулі рухани олжа // Қазақстан мұғалімі. – 1988. 12 тамыз; Сүйіншалиев Х. Ақынның оралуы // Жұлдыз. – 1988. 23 тамыз.
- 76 Жұртбаев Т. Ақ бостандық туғызған азаматтар (Шәкәрімнің «Әділ мен Марияның бір жылдық өмірі» атты прозалық шығармасы жайында) // Жұлдыз. – 1988. №11, Б.110-111.
- 77 Кумисбаев У. О дастане «Лейла-Меджнун» Шакарима Құдайбердиева. // В книге Казахская и персидско-арабские литературные связи - Алма-Ата: Наука 1989, 136 с.
- 78 Қыраубаева А. Мен сорлы жоққа ғашық болып өттім (Шәкәрімнің Ләйлі–Мәжнүн дастаны) // Кітапта Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері (Ғылыми мақалалар жинағы). Алматы. – 1993. – Б. 33-39.
- 79 Әбдіғазиев Б. Шәкәрім дастандарының дәстүрлі арналары (ақын поэзиясы туралы) // Қазақ ССР ҒА. Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1990, №3. – Б. 41-47.
- 80 Сәтбаева Ш. Бұрын зерттелмеген еңбек // Қазақ ССР ҒА. Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1988. – №3. – Б. 3-20.
- 81 Сәтбаева Ш. Достық жаршысы (Шәкәрім Құдайбердиевтің туғанына 130 жыл) // Социалистік Қазақстан. – 1988. 29 шілде.
- 82 Мағауин М. Шәкәрімнің ақындық желісі // Лениншіл жас. – 1988. 15 сәуір.
- 83 Мағауин М. Шәкәрім Құдайбердиев поэзиясының Семей облысында өтетін күніне орай // Қазақ әдебиеті. – 1988. 15 шілде.
- 84 Мағауин М. Ғаділетті жүрегі бір қозғалған (Ш Құдайбердиевтің туғанына 130 жыл) // Білім мен еңбек. – 1988. №7.
- 85 Мағауин М. Абайдың ақын інісі // Жұлдыз. – 1988 №8. 178 б.
- 86 Мағауин М. Шәкәрімнің шеберлігі // Жұлдыз. – 1988. №10. – Б. 178-185.
- 87 Мырзахметов М. Ақын тойы (Ш Құдайбердиевтің Семей облысындағы күндері) // Қазақ әдебиеті. – 1988. 5 тамыз 13 б.
- 88 Нұрғалиев Р. Шәкәрім Құдайбердиев Ақын, тарихшы, философ, композитор // Арай. – 1989. №6. – Б. 16-18.
- 89 Тәжібаев Ә., Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердиев // Кітапта Құдайбердиев Шәкәрім. Шығармалары Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. - Алматы: Жазушы. – 1988.
- 90 Құдиярова А. «Шәкәрім - педагог, ғалым, ағартушы» // Қазақстан мектебі. 1993. №6. 71-74 бб.
- 91 Мұзафар Әлімбаев Тәрбие туралы әңгімелер. – Алматы: Қазақстан, 1972. – 96б



- 92 Әбдірәсілова Г. «Шәкәрімнің дүниетаным ерекшеліктері» //Ақиқат. 1994. № 6. 85-88 бб.
- 93 Кішібеков Д. «Шәкәрім- философ» //Ақиқат. 1994. №7. 88-91 бб.
- 94 Кәкішев Т. «Шәкәрімтану мәселелері 2 том». –Алматы: Раритет. 158-194 бб.
- 95 Бақытжан Р. «Шәкәрімнің үш анығы немесе таным таразысындағы ақиқат». -Новосибирск : Талер-Пресс, 2007. 198 б.
- 96 Алтай Ж., Қасабек А., Мұхамбетәли Қ. «Философия тарихы» -Алматы: Раритет. 2006. 232-238 бб.
- 97 Амребаев А.М. Мирозрение Шакарима Кудайбердыұлы в культурно-историческом контексте. Дис. канд. ист. наук. –Алматы, 1994. – 158с.
- 98 Тілеуханова А. Шәкәрім шығармаларындағы шеберлік таным бірлігі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. –Алматы, 1995. – 28 б.
- 99 Аюпова Г. Этические наследия Ш. Кудайбердиева в свете казахских литературных связей и традиций. Дисс. на соиск. учен. степ. кандидата филологических наук. – Алматы. – 1997. – С. 25.
- 100 Ахметов, З. Шәкәрім - қазақ әдебиетінің классигі /З.Ахметов//Абай.-2007.- № 4.- 7-12 б.
- 101 Ізтілеуова С. Шәкәрім поэзиясындағы тұлға мәселелері. Автореф – Алматы, 2000.
- 102 Ахметова Ж.Қ. «Шәкәрім және фальклор» //Қазақ тілі мен әдебиеті. № 5-6. 87-93 бб.
- 103 Ә.А.Тұрышев, А.Қ.Тұрышев «Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп: дәуірі бір тұлғалар, шығармашылық жолдары» «V Мәшһүр Жүсіп оқулары» атты халықаралық ғылыми–практикалық конференция материалдары. –2.Т. / Павлодар. – 2006. – Б. 180-194
- 104 Ахметова Ж.Қ. «Шәкәрім және аңыздар» //Ақиқат. 1998. № 11. 87-89 бб.
- 105 Сейсекенова А. «... Қозғауға керек қолқабыс» //Шәкәрім атындағы Семей мем.ун-нің Хабаршысы. 2001. № 2. 59-71 бб.
- 106 Бартольд В.В. «Книга моего деда Коркута» - М-Л. АН СССР. 1962, 65 с
- 107 Марғұлан Ә. «Қорқыт – Қазақ халқының тарихындағы сұлу легенда, ұлы суреттің бірі» Жұлдыздар отбасы» «АҢЫЗ АДАМ" журналы №6 (18) 2011 жыл
- 108 Қоңыратбаев Ә. Қорқыт Ата туралы ақиқат пен аңыз. //Жалын журналы, Алматы,1989.-73-82-б.
- 109 Айдосов А.Х. Қорқытнама. -Алматы: Бастау, 1997. 68 бет.
- 110 Сүйіншәлиев Х. «Қазақ әдебиетінің тарихы», -Алматы., 1997;
- 111 Ыбыраев Ш. «Қорқыт ата» кітабы», -Алматы., 1977;
- 112 Қ.А.Ясауи “Хикметтер”, -Алматы, 2000 ж. (47-ші, 23-ші Хикметтері); Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Иассауи, “Көңілдің айнасы” (Мират-ул Қулуб). Дайындаған: Досай Кенжетай, -Анкара, 2000 ж

- 113 Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. -Алматы: Қайнар, 2001 – 469 б.
- 114 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы: Атамұра, 2005, 190 б.
- 115 Шолтай С. Жүсіп Баласағұн еңбектеріндегі халықтық педагогика мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы - Вестн. КазНУ. Сер. филологическая , 2010,N № 3.-С.405-407 б.
- 116 Егеубай Асқар. Жүсіп Баласағұн "Құтадғу білік" (XI ғ.) // Жұлдыз , 1996,N № 3.-С.170-194 б.
- 117 Орынбеков М. Жүсіп Баласағұн және қоғамдық ой-ағым //Қазақ тарихы, 1995,N №1.-С.21-25
- 118 Кречмер Э.1964; рус. пер. «Строение тела и характер», 2 изд., -М.-Л., 1930, 126 с.
- 119 William H. Sheldon, The varieties of human physique: An introduction to constitutional psychology (New York: Harper & Brothers, 1940).
- 120 Дюркгейм Э.Самоубийство. Социологический этюд. —СПб., 1912.
- 121 Мертон Р. К. Фрагменты из воспоминаний // Социологические исследования. —1992. — № 10. — С. 128—133.
- 122 Дж.Стивенс. Книга «Приручи своих Драконов» // изд-во Питер, 2002, 87 с.
- 123 Дмитрий Семин (психолог), Сергей Ключников («Теория невероятности» «Семь драконов судьбы» / Россия, 2008
- 124 Сергей Ключников. Книга «Путь к себе» Москва 2003, 2-е издание, исправленное и дополненное.
- 125 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясы. Алматы: Рауан, 1994, 74 б
- 126 Құдиярова А.М.Педагогическое воззрения Шакарима Кудайбердиұлы: Дис. канд. пед. наук. – Алматы, 1992. – 134с.
- 127 Сұлтанова Н. «А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, М.Әуезовтің әлеуметтік-қоғамдық идеяларының сабақтастығы» // Қазақстан мектебі. - 2014. - №4 (1060). б.19-20
- 128 Абай. «Абайдың қара сөздері» Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2005.120б.
- 129 Айдаров, Ш. «Әл-Ғазали еңбектеріндегі этика философиясы» // Ақиқат. - 2006. - №5. - Б. 60-63
- 130 Шәкәрім Құдайбердіұлы «Мәнді сөздер» -Алматы, «Жібек жолы баспа үйі» 2007, 87-90 б
- 131 Жүнісбекқызы Е.А. «Шәкәрімнің психологиялық портреті» - Халықаралық ғылыми–практикалық конференция, 2013ж, 25-29 бет.
- 132 Мұхаметханов Қ. Шәкәрім (өмірі мен творчествосы жайында) // Қазақ әдебиеті, 1988. 15 сәуір.
- 133 Орда Г. Шәкәрімтанудың негізін салушы // Шәкәрім әлемі, 2006. №3. 49-53 б.
- 134 Елеуқенов Ш. Қайтып оралған қазына. Шәкәрім ақынның өмірі мен творчествосы жайында» // Социалистік Қазақстан. – 1988. 14 сәуір.

- 135 Мырзагелді Кемел. «Шәкәрімнің ар ілімі» // Астана, 2010.
- 136 Машанов А. «Әл-Фараби және Абай» // Алматы, 1994. 192 б.
- 137 С.Қирабаев «Шындық және шығарма». Мақалалар мен зерттеулер. -Алматы., «Жалын» 1981;
- 138 Erikson.E.Identityand the life Cycle: Psyhological essues.W.Y.1959
- 139 Okon W. Elementy dydaktyki szkoly wyzszeq. Warshava.1971.
- 140 Pye L.Political Culture/ i\International encyclopedia of Sciences7-W.Y.1968., //Политическая культура, теория и национальные модели под.ред. Гаджиева К.С.-М.,1994.-252с.
- 141 Равич Д .Ruans D.G. Characteristics of teachers. Washington.D.C. American Education, 1960.
- 142 Блум Б.С.Human Characterstics and School learning. New York.2001.
- 143 Маслоу А. Самоактуализация // Психология личности /Тест – М., 1982. – 110 с.
- 144 Nowicka T.Rodstawy dydaktyki zawodowej. Warshava.1971.
- 145 Comer R.C. Fundamentals of Abnormal Payo Rology.W.H. Freman Co New York.2001.
- 146 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы, Ғылым. 1998, 320с.
- 147 Якунин В.А. Педагогическая психология. - Москва,1998. 580с.
- 148 Ахатұлы Н. Халықтық педагогика және бала тәрбиесі // Оқжетпес,1992.-№2 – Б- 21.
- 149 Табылдиев .Ә.Т. Халық тағлымы. –Алматы: Қазақ университеті, 1992.– 197б.
- 150 ВолковГ.Н. Чуваш халқының этнопедагогикасы. Чебоксары, 1956, 98 б
- 151 Афанасьев В.Ф.,-Этнопедагогика нерусских народов Сибири и Дальнего Востока –Якутск, 1979, 128 с.
- 152 Тамбиева З.М. Бүгінгі жастарды тәрбиелеуде халық педагогикасы дәстүрінің маңызы. -Алматы, 1998.
- 153 Ерлан Сыдықов. «Алашорда ақсақалы», Егемен Қазақстан, 28.11.2007.
- 154 Зәки Ахметов «Шәкәрім - қазақ әдебиетінің классигі» - «Шәкәрім оқулары» ғылыми-теориялық конференция. -Семей, 2002ж.
- 155 Ізтілеуова С. «Шәкәрімнің сырлы сөзі» - Алматы: Арыс, 2004.- 144 б.
- 156 Досай Кенжетай. «Менің пірім – Иасауи», //Қазақ үні, 01.11.2011ж.
- 157 Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны. //Абай. 1992. №3. – Б.23 – 27.
- 158 Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. — Алматы: Атамұра, 1995.
- 159 Еспенбетов А. «Шәкәрімді тануға ұмтылыс» // Шәкәрім: ғылыми-танымдық журнал.-2006. - №4. - Б.38-45
- 160 Магауин М. Кудайбердиев Шакарим. В кн.: Поэты Казахстана. Серия Библиотека поэта. – Москва: Советский писатель. Отд. Ленинград. 1978.
- 161 Қазақстанның ашық кітапханасы: (<http://ikitap.kz/ru/books/literature>, <http://abai.kz/node/13722>)

- 162 Ердембеков Б.А. Абайдың ақындық мектебі және Шәкәрім // Шәкәрім дәрістері. - Семей, 2002. - 20-21 желтоқсан. - Б.77-79
- 163 Қирабаев С. Қазақ әдебиеті. (XIX-ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басы): жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Қ.Мырзағалиев. - 5-ші бас. - Алматы: Мектеп, 2003. - 272 б.
- 164 «Қазақстан» ұлттық энциклопедия / Бас ред. басқарған Б.Аяғанов. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 2003. – 720 б.
- 165 Әбдіғазиұлы Б. Шәкәрім поэзиясы және дәуір тынысы // Абай. - 2011. - №1. - Б.27-33
- 166 Елеукенов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.6. - Алматы: Қазығұрт, 2012.- 480 б.
- 167 Әліпхан М. Адамгершілік ілімінің негізі - қайырымдылық // Қазақстанның ғылыми әлемі. – 2006. – № 3/4. – 11-17 б.